

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ХРЕСТОМАТИЯ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы
11-сыныбына арналған оқу құралы

Өңделіп, толықтырылған екінші басылымы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2011

УДК 373.167.1(075.3)

ББК 63.3(5Қаз)я72

Қ18

*Құрастырушылар: К.Төлеубаева, Ғ.Кенжебаев,
Ә.Көпекбай, Г.Жексембекова*

Қазақстан тарихы: Хрестоматия: Жалпы білім
Қ18 беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқу құралы /Құраст.: К. Төлеубаева, Ғ.Кенжебаев, Ә.Көпекбай, Г.Жексембекова. — Өнд., толықт. 2-бас. — Алматы: Мектеп, 2011. — 216 б.

ISBN 978—601—293—408—3

Қ $\frac{4306022300-103}{404(05) - 11}$ 27(4) — 11

УДК 373.167.1(075.3)
ББК 63.3(5Қаз)я72

© Төлеубаева К., Кенжебаев Ғ.,
Көпекбай Ә., Жексембекова Г.
(құраст.), 2007

© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2011

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлдіктік құқық-
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—408—3

І тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ

РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАР

1723 жылы Жоңғар ханы Түркістанды басып алды. Жоңғарияға бағынбау үшін Орта жүз бен Кіші жүз халқы сан қиыншылықтарды бастан өткеріп, батысқа қарай жылжуға әрекет жасады. Башқұрттарды ығыстырып, Арал, Каспий теңіздері мен Жайық өзені аралығындағы жерлерге келіп табан тіреді, сөйтіп, олар орыстармен көршілес болып шықты. Ол кезде Кіші жүзде өте қабілетті, бірақ екіжүзді Әбілқайыр хан болды, опасыздығына қарай ол халыққа ықпалын ұзаққа сақтай алмады және өз жоспарларын жүзеге асыра алмады. Кіші жүздің ханы бола отырып, ол Ұлы жүз ханы болып та сайланды, бірақ көп ұзамай тақтан түсті. Аз уақыт ол Түркістанда да хан болып, Хиуаны биледі. Нәдір шах әскерлерінің Хиуаға бет алғанын естіген Әбілқайыр ол тақты да тәрк етті.

Өз бәсекелестерімен күресте тығырыққа тірелген сәтте Әбілқайыр аз ғана жақтастарымен Ресейге бағынуға тілек білдірді. Бұл 1730 жылы еді. Қырғыз (қазақ — *К. Е.*) халқының көпшілігі оның ұсынысын қолдамады, тек біраз айтыстардан соң ғана қырғыздар оны хан ретінде мойындады. Ақыр соңында 1734 жылы (1731—*К. Е.*) ғана келісімге қол қойылып, Әбілқайыр орыс керуендеріне тиіспеуге міндеттенді, ал орыстар өз тарапынан Әбілқайыр ұрпақтарының хан тағына мұрагерлік құқын таныды. Орыстардың қырғыз халқының көңіл күйі мен талап-тілегін түсінбеушіліктен туған осы келісімінің өзі далада орын алған талай бүлікке себепші болды. Келісім бойынша, ханды ертеден келе жатқан еркін сайлау қағидасы жойылды. Яғни, мұндай жағдайда көне ру өкіліне жатпайтын және халық арасында еш беделі жоқ Әбілқайыр ұрпақтары ешқашан да хан тағына отырмас еді....

Қырғыздар арасындағы бас көтерулердің негізгі себептерінің бірі — жаңа тәртіп оларды жылдар бойы жағаласып келе жатқан орыс-казактарының құзырына бағындырады деген хабар болды. Торғай облысының әскери губернаторы үнемі Орынборда тұрса да, Орынбор губернаторына мүлде тәуелсіз еді. Бірақ Орал облысына Орал казактары мекендеген жерлер енгеннен соң, Орал казактарының да атаманы атанды. Алаңдаушылықты Хиуа ханы да қоздыра түсті. Нәтижесінде 1869 және 1870 жылдары дала үлкен толқу үстінде болды. Пошта станциялары қиратылып, жол бойына күзеттер қойылды, саяхатшыларға дейін тұтқынға алынып, біразы өлім жазасына кесілді, қалғандары құлдыққа сатылды.

Даладағы бекіністерде орналасқан шағын орыс гарнизондарына үлкен қауіп төнді. Ақыр соңында, тәртіп қайта қалпына келтірілді. Қазір дала тыныштық жағдайда...¹

Қырғыздар басқа азиялық халықтардан гөрі балаға тән мінезді, барлық жақсылық пен кемшілікті бойына сіңірген табиғат ананың ұлдары іспеттес. Қырғыздарды жақын біле түскен сайын, оларды сүймеу, құрмет тұтпау мүмкін емес. Орта Азияда болған, өмір сүргендердің бәрінің де пікірі қырғыздар өзге тайпалардан (халықтардан — *К.Е.*) осы табиғи тазалығымен ерекше көзге түседі деген тұжырымға саяды...².

Есмагамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде.
Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994. 76—78-бб.

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАР

Ғасыр басындағы қазақ-жоңғар соғысы азаттық үшін күрескен қазақ халқының тарихындағы ең бір елеулі кезең.

Тарих қойнауына үнілсек, 1740 жылдың күзінде Қытаймен бейбіт бітім жасасқан жоңғарлардың қалың қолы Орта жүз қазақтарына тұтқиылдан, жан-жақтан шабуыл жасағаны белгілі. Күтпеген соққыға тап болған, оның үстіне шайқастың алғашқы сәтінде-ақ айбаты айқын Абылай сұлтан қолға түсіп (құжат №3), сарбаздарының қатары

¹ *Скайлер Ю.* Түркістан. Орыс Түркістаны, Қокан, Бұқара және Құлжаға саяхат жазбалары. 1-том. Лондон, 1876. 31, 34, 54-бб.

² Бұл да сонда. 34—38-бб.

селдіреген Әбілмәмбет хан әскерімен Кіші жүз жеріне қарай шегінуге мәжбүр болды.

**Барақ сұлтан мен Жәнібек батырға жоңғарлар шабуыл жасаған жағдайда, сақтық шараларын қолдану мен оларға көмек көрсету туралы Сенаттың Орынбор экспедициясының бастығы
В.А.Урусовқа берген Жарлығынан**

9 тамыз, 1740 жыл.

«... Жоңғар қалмақтарынан ресейлік жаққа ешқандай да нұқсан келтірілмеуі үшін ерекше сақтық жасау керек... Қажет болған жағдайда Барақ сұлтанға, сондай-ақ Жәнібек батырға зеңбірек пен мылтықтан өзге оқ-дәрімен және басқа нәрселермен, мүмкіндігінше, мөлшерлеп қана көмектесу керек».

**Орта жүз ханы Әбілмәмбетке, қажет болған жағдайда,
Орынбордан баспана беру туралы Сенаттың
Орынбор экспедициясының бастығы
В.А.Урусовқа берген Жарлығынан**

18 ақпан, 1741 жыл.

«...Егер Әбілмәмбет хан өзін қорғау үшін қалаға енуді өтінсе, онда оны және жанындағы бірнеше игі жақсыларын өткізіндер, ал әскерлеріне мұндай рақым жасалмасын. Олар қамалға ғана емес, шекарадан да аттап баспасын, мүмкін болса кері, Ор өзенінің ар жағына қайтарылсын».

Сібір губерниялық кеңесінің қазақтардың жоңғар әскерлерінің оңтүстік бөлігін талқандағаны туралы Сыртқы істер коллегиясына берген Рапортынан

2 қыркүйек, 1741 жыл.

«... Өткен жылы (1741—В. М.) күз кезінде Қалдан Серен қазақ жерін жаулап алу үшін үш мың адам жіберген... Қыс ортасында, олардың тілімен Цаган Сар (ақпан) айында Қазақ ордасы мен қалмақтардың сол күші арасында шайқас болды. Осы шайқаста қазақтар қалмақ қолын жеңіп, олардың оң қанатын көп шығынға ұшыратты».

**Ойрат О.Лозаковтың қазақтардың ноян Сыптан ұлыстарын талқандағаны туралы Сібір губерниясы кеңесіне берген
Мәлімдемесінен**

Қараша, 1741 жыл.

«...Өткен (1740) жылы Атағ өз ұлысының бастығы Сыптанға туыс басқа ұлыстарға барып, онда бір түнеп ертеңіне

таңертең өз жеріне келді. Сол кезде Қазақ ордасының иелері көп қол жиып келіп, оның ұлысын талқандап, Атагтың өзін тұтқынға алған».

Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевтің қазақтар мен жоңғарлар арасындағы бейбіт келісімдер туралы Сенатқа жеткізген Мәлімдемесінен

7 маусым, 1742 жыл.

«...Қайсақтардың жоңғар билеушісі Қалдан Серенге Ақшора батыр бастаған елшілер барып, қайтарында жоңғар қалмақтарынан үш адам олармен ере келді. Келгендер қазақтардан өздеріне аманат үшін абырой-атағы барлардан он адамды үй-жайымен және малдарымен, соның ішінде Барақ сұлтанды, Жәнібек батырды және басқа игі жақсылардың балаларынан бір-бір ұлды, сондай-ақ башқұртстандағы бұрынғы қарақшы, бүлікші, мұнда оны қонтайшының ұлы Сұной батыр атап жүрген Қарасақалды беруді өтінді. Осы айтқандарын орындаса, жоңғар билеушісі Қалдан Серен қазақтарға қарсы соғыспайды. Егер бермеген жағдайда, шайқасатын мерзімі мен мекенін жедел хабарласын деп шарт қояды».

2-құжат. ОРЫС ЖАНСЫЗЫНЫҢ ЖАЗБАЛАРЫ

1743 жылғы наурыздың 21-і, 1742—1743 жылдары Әбілқайыр ханның ордасында тұрған прапорщик Муравиннің журналы

Қаңтар айы, 1743 жыл.

Хан ордасы жаңа өріске көшіп қонды. Көші-қон кезінде Әбілқайыр хан менен парсы шахының Астраханға соғыс ашатындығы жөніндегі өсекке сенетін-сенбейтінімді сұрап білді. Бұған мен еш нәрсе дей алмадым. Егер шахтың соғыс ашатындығы рас болса, хан өзіне қарасты қырғыздардың (қазақтардың — *ред.*) басын қосып, шахқа өзінің қарсы шығатынын мәлімдеді. Өйткені бұл шах талай мұсылманның жанын қиған, енді ол әбден астамсып, Ресейге қол көтеріпті-мыс. Біз хабардың өтірік-шындығы жөнінде хабар күтеміз.

Ханның молдасы мына жайттан хабардар етті: ол ханға келіп жүрген қайсыбір қырғыздардың сөз саптауынан оның парсы шахымен соғыспаққа әзірленіп жатқанын аңғарыпты. Олардың кейбіреуінің пікірінше, орыс жағы жеңсе, бұларға жақсы болады-мыс.

Әлгі молда тағы да мынаны айтты: «Ол ханым мен Нұралы сұлтанның өзара әңгімесінен Қожахмет сұлтанды Шыңғыспен алмастырғаннан кейін кепілдікке нағыз хан кіндігінен өрбіген ұлдар берілмейтін болады...».

Молданың маған келіп-кетіп жүргенін байқап қалған хан қатты ашуланып, оны өлтірмекке ниеттенді. Алайда мен араға түсіп, сорлы молданы өлімнен арашалап қалдым. Артынан хан әлгі молданы: «Барып тұрған онбаған адам, сенен естіген әңгіменің бәрін елге жайып жүр», — деп әңгімеледі.

Ақпан айы

Хан мені өзіне шақырып: «Тәулігіне неге екі рет тамақтанасың», — деп сөкті. Өйткені хан Ор қаласында тәулігіне бір-ақ рет нәр сызыпты-мыс, кейде тіпті мүлде аш қалыпты. Сондықтан маған да тәулігіне бір-ақ рет тамақтануға рұқсат етті. Бұрын Гладышевтің де, менің де тамақтануыма тыйым салынбаған-ды.

Хан ордасында жүрген бір түрікмен келіп, хан мен ханымның өзара әңгімесінен: «Хан бұдан былай Орынбор комиссиясының бас командирлерімен жүздескісі келмейтінін, жасының ұлғайған шағында орыстарға барамын деп, бауырларының табасына қалғанын айтыпты. Алда-жалда Орынборға жол түсер шаруа болса, Ералы сұлтанды аттандырмақ ойда. Наурыздың 15-інен мені де кері қайтаруға ниеттенген екен, бірақ қардың қалыңдығынан, аттардың арықтығынан қайтара алмағанына өкінетін тәрізді. Және бұдан былайғы жерде елші ұстағысы келмейтін сияқты, өйткені елшінің ханды күзетіп торуылдағаннан басқа жұмысы жоқ көрінеді».

Хан молдасы түннің бір уағында жасырынып келді. Кезінде мен талап еткен қашқын солдат Леонтий Киршагский Нұралы сұлтанның қолында көрінеді. Хан өз қарауындағы мерген Кәнкі деген қалмақ арқылы Нұралыға қашқынды өлді деген еді. Әлгі қалмақ қашқын солдаттың тірі екенін өз көзімен көріпті. Айыбын мойнына алып, балашағасымен қайтуға құштар екендігін өз құлағымен естіпті, бірақ «құлақ кесті құл» еткісі келген ханның оны қайтармақ ойы жоқ екендігін әлгі қалмақ молдаға айтып беріпті.

Әлгі молда жол-жәнекей өтіп бара жатқан Барақ сұлтанның төлеңгіттері мен қызметшілерінен жоңғар қалмақтарына аттанған майор Миллердің аман-есен жеткендігін, естіпті.

Әбілқайыр хан әлгі «өлтіремін» деп доқ көрсеткен молданы шақырып алып, оған бұрынғы күнәсін кешіретіндігін айтып, бұдан былайғы жерде елшілерге бармауын, Орынбор комиссиясының басшы командирлеріне хат жазбауын, жалпы, Ресей мемлекетіне байланысты ләм-мим демеуін өтініпті, өйтпеген жағдайда оны өлтіруге дейін жаза қолданатынын ескертті.

Кіші жүз ішінде Бүлікшора басқаратын шектілердің Бақтыбай деген батыры төменгі қалмақтарға тиіскелі жатқанын естідім... Хабарды ести сала ханға жеткізіп, қазақтардың бұл қылығын тыюын өтіндім. Өйтпесе Ұлы мәртебелі императрица қаһарына ұшырайсындар, — дедім. Бұған хан, әуелі: «Олар патшаға опасыздық жасаған қалмақтарға соғыс ашады», — деді. Кейіннен хан әлгі Бақтыбай батырға кісі жіберіп, қалмақтарға тимеуді тапсырды.

Наурыз айы

Бұрын Башқұртстанда тұрған Аллаберді деген қазақ, бұдан бірер күн бұрын хан құзырына қарасты қазақтардың бас қосқанын айтты. Батыр сұлтан шекті Қарамырзаны Барақ сұлтанға жұмсап, қалмақтарға бірге аттануды өтініпті. Бірақ Барақ сұлтан бұған көнбепті.

Әбілқайыр хан мені өзіне шақырып алды. Өңгіме арасында ханнан: «Орынбор комиссиясының басшы командирлерімен кезіге алар ма екенмін», — деп сұрадым. «Мұның бәрін тиісті жерге өзім жазып жіберермін», — деді ол.

Бұған қазақтар жағы әуелі елді жинап кенесуі, хабардар ету керектігін, қазір адамдары әр тарапта, біразы орыстар жағында көшіп-қонып жүргендіктен, олардың басын қосып, ақылдаспайынша жауабын бере алмайтынын білдірді.

Жоңғар билеушісі әскерлерінің барлығы бірдей қосындарына оралмаған-ды. Мысалы, сары Мәнжі (Қалдан Сереннің күйеу баласы) бастаған мыңнан астам қол Талас өзені бойында қалған. Олардың әскерлері өткен қыста аң кәсіпшіліктерінде болған қазақтардан біраз адамды қолға түсірген...

Қырғыз-қайсақтар өз өңгімелерінде Ақшораның да, Абылай сұлтанның да қол-аяғының байлауын шешіп, ал Абылайдың бауырын еліне қайтара тұрып, егер Ақшора қасына ерген үш қалмақпен бірге жоңғар билеушісіне қайтып оралып, аманаттарын орындаса, тұтқындағылардың бәрін түгелдей босататынын айтқанын сөз еткен.

Семей бекінісіндегі қазақ саудагерлерінің қазақ билеушілері мен жоңғар феодалдары арасындағы өзара қарым-қатынастары туралы хабарынан

9 наурыз, 1745 жыл.

«...Қырғыз-қайсақ билеушілерінің біразы Бұқара маңында тұрады. Ал сол жерге жақын орналасқан жоңғар қалмақтары олармен жиі кездеседі. Тіпті олармен алыста тұратын қалмақтар да араласады. Бұрын бұлар бір-бірімен сыйыспай, қақтығысып, бірін-бірі тұтқынға алып жататын. Қазір олардың арасында шапқыншылық та, басараздық та байқалмайды. Бес жыл бұрын қалмақ Сыптан әскерімен қырғыз-қайсақтарға барып, олардың билеушісі Абылай сұлтанды көп адамымен қолға түсірген болатын. Екі жылдан кейін оны тұтқындағы көп адамдармен еліне қайтарып, бейбіт қарым-қатынас орнатуы үшін қалмақтардан да адамдар қосып жіберген. Содан бері осы кезге дейін қалмақтармен бейбітшілік орнаған. Олар даладан аң ауласа да, бірлесіп баратын болды. Сол соғыстан адамдарын, қарттарын мен балаларын үшін орнына мінер ат, сауыт-сайман береді. Қазір олар Қалдан Серен қалмақтарымен сыйластық орнатып, бір-біріне келіп-кетіп тұрады».

Ақиқат, 1993. №9. 60—67-бб.

АБЫЛАЙ — ТАРИХИ ТҰЛҒА

Мен ұлы Абылай тұлғасына философиялық тұрғыдан тоқталғым келеді. Иә, тарихты жасаушы халық екендігінде дау жоқ. Бірақ бұл арада «халық» деген сөзді абстрактілі ұғымда қабылдамау керек. Қазақ халқының санасына да Абылай шын мәнінде тарихи тұлға ретінде орнығып қалды. Осы орайда мынадай сұрақ туар еді: «Неліктен Абылай айрықша тұлға болып саналады? Ол туралы қазақ ауыз әдебиетінде, толып жатқан аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда тарихи деректердің мейлінше көп болуының сыры неде?»

Мен Абылай ханның тарихи тұлғасын нақты айқындауға негіз боларлық мына жайларды алдымен айтар едім. Халқымыздың санасында ұлы бейне болып қалыптасуы, оның барлық қазақ жүздерін біріктіре білуіне байланысты болатын. Тәуке ханнан кейін дербес, тәуелсіз Қазақ мемлекетін құруы — Абылайдың тарихи жетістігі болғанына ешкім қарсы дау айта алмаса керек. Ал нақ, осындай

тәуелсіз, дербес мемлекет болу — әр уақытта бар қазақтың асыл арманы болған еді.

Әр кезде қазақтардың барлығы бірдей, әсіресе олардың жүздері, рулары біріге бермеген. Өуелден-ақ алғыр, жауынгер халқымыздың сырт жауларға мықты тойтарыс бере алмай, кейде жеңіліске ұшырауына бірінші себеп болған да осы екенін біз жақсы білеміз. Сондықтан да бар қазақтың басын біріктіріп, шығыс пен батыстағы алпауыт көршілеріне тәуелсіз, біртұтас Қазақ мемлекетін құруға қолы жеткен Абылай — халықтың санасында тарихи тұлға болып орнығып қалған.

Бұл жерде: «Әйткенмен Абылай хан белгілі бір дәрежеде Қытайға да, Ресей империясына да тәуелді болған жоқ па?» — деген сұрақ тууы мүмкін. Мен осыған байланысты мына жағдайларға да тоқтала кеткім келеді. Цин империясы кезіндегі Қытай дәстүрі бойынша өздерімен дипломатиялық қарым-қатынаста болып, хат жазысып тұрған мемлекеттердің бәрі Қытайға тәуелді деп есептеліп келген. Тіпті II Екатерина өзі Қытай императорымен қарым-қатынас хаттарында өзін «біздің қызымыз» деп атағаны үшін Қытай империясына хат жазбайтын болған көрінеді. Осындай дәстүр бойынша Абылай да Қытайға тәуелді болып есептелген. Бірақ шын мәнінде Абылай ханның тұсында Қазақ мемлекеті, Қазақ хандығы, өзінің ішкі де, сыртқы да саясатын ешкімге жалтақтамай дербес жүргізді. Ресей империясымен арадағы қарым-қатынас туралы да осыны айтуға болады.

Иә, Абылай Ресей империясының боданы екенін мойындап, тиісті құжатқа қол қойғаны шындық. Соған қарамастан, ол өз хандығында ішкі-сыртқы саясатты жүргізуде толық дербестігін сақтап қалды. Бір ғана мысал. Ресей патшасы II Екатерина Абылайды хандыққа бекіту, әйтпесе оған әлдебір нұсқаулар беру үшін оны талай рет Петербургке, не Орынборға арнайы шақыртқанын біз қазір жақсы білеміз. Абылай болса бұған селт етпеген. «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ», — деп, ол мәселені келтесінен бір-ақ қайырды.

Әбділдин Ж. Абылай хан. Кенесары.
Алматы: Ғылым, 1993. 35-36-бб.

**ПОДПОЛКОВНИК ГЕКЕНИҢ ОРЫНБОР ӘСКЕРИ
ГУБЕРНАТОРЫНА ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ КӨТЕРІЛІСІ
ТУРАЛЫ БАЯНХАТЫ**

5 қараша, 1837 жыл.

Менің Глиняный форпостынан 27 қазанда жіберген № 6 хабарымнан кейін мен 28-і күні 20 казакты ертіп, Ішкі орданың ханына аттандым да, оның қонысына аман-есен жеттім. Мұнда мен старшын Исатай Тайманұлының тарапынан шабуыл жасалады деп қауіптену себепті, асқан зор абыржушылық пен алаңдаушылыққа душар болдым, ал едәуір тобыр жинаған старшын әрі кеткенде 8 шақырым жерде тұр екен. Менің келуім ханның саны аз, шаршап-шалдыққан және жанынан түңілген жақтастарын сергітіп тастады: мен әскерсіз келіп, елеулі пайдамды тигізе алмасам да, Жәңгір ханның өзі, тегінде, менің келгеніме қатты қуанып қалған тәрізді. Тайманұлы бір кезде ордаға шабуыл жасамақшы болып қорқытып және төңіректі талап-тонап, ханмен келіссөз жүргізіпті, сөйтіп, Жоғары мәртебелі одан халық атынан Қарауылқожа сұлтан мен басқаларын ауыстыруды талап етіпті, екі жақтан да келіссөз жүргізу мен шарт қою үшін адамдар жіберіліпті, ол қазір де жалғастырылып жатыр.

Алынған нұсқауға сәйкес, төртіп бұзушыларға қарсы иландыру және бағыныштылық шараларын қолданғым келіп, мен Тайманұлына Жоғары мәртебелі Сіздің бұйрықтарыңызды білу үшін оның маған келуін талап етіп хат жазып жібердім. Мен бастапқы қағазымда оған, егер ол бастықтардың еркіне бұдан былай да қарсы шыға беретін болса, оны ажал күтіп тұрғанын айттым және қылмыстының қарсыласуы, оның кейіннен аман қалуына ешқандай мүмкіндік қалдырмайтынын ескерттім.

Мен өз хатымды оқып бергенде хан істі өзінің бақылауында тындыруға үміт артып, менен Тайманұлына, әуелі осынша қатты кетпеуімді өтінді. Сондықтан Жоғары мәртебелінің өтінішіне көніп, мен хаттың көшірмесін алып жібердім. Сонымен бірге мен Исатайдың жанындағы старшындар мен рулардың аса құрметті адамдарына хат жазып, шақырдым. Олардың жетеуі ғана келді. Ханның көзінше, мен оларға Жоғары мәртебелінің ашу-ызасын және егер олар ақылға келіп, өздерінің бүлікшілігін қойып, Тайманұлын

тастап кетпесе, оларды күйінішті тағдыр күтіп тұрғанын айттым. Олардың басты сылтаулары мынаған келіп саяды: олар ханға амалсыздан қарсы шығып жүрген көрінеді, өйткені Тайманұлы олардың мүлкіне ие болыпты, балашағаларын тұтқынға алыпты, сөйтіп, олардың өздерін де өзінің соңынан еруге мәжбүр етіп жүрген көрінеді. Ұзақ әңгімелесіп сендіргеннен кейін олар бүлікшілерден қол үзуге уәде беріп кетті. Бірақ олардың уәдені орындағаны әлі естілген жоқ.

Келесі күні мен Тайманұлынан жауап алдым, оның да көшірмесін қоса жіберіп отырмын: ол, көптеген себептерді алға тартып маған келуден бас тартты. Мен оны алдап қолға түсіргім келмейді, сондықтан да Махамбет Өтемісұлының туған інісі Бекмұхаметті жіберіп, оған менің: бағынбайтындармен келіссөз жүргізбекші ниетім жоқ екенін; мен оны ендігі жерде, өзі ойлағандай, тепкі көрген адам емес, қайта бастықтардың еркін тыңдамайтын адам деп санайтынымды, алдағы уақытта оған солай істейтінімді айтуға бұйрық бердім; мені өз халқына тыныштық тілейтін ханның өтініші әлі де тежеп отыр, сондықтан да оның бір-ақ амалы бар, ол — тез арада ақылға келіп, Жоғары мәртебеліні қасарысып, одан сайын ашуландыра бермеу ғана қалады, олай болмаған жағдайда ханның өтініші де оған көмектеспейді және т.т. Бекмұхамет оған бәрін айтқан болса керек, өйткені кейінірек оның (Тайманұлының) Бекмұхаметті қамап қойғанын білдік.

Егер мен басқаша іс-әрекет жасаудың жолын білсем, сөзді, әсіресе уақытты осыншама текке жібермеген болар едім; бірақ шепке жасақпен шығу үшін көп кешікпей қайтып ораламын ғой деп, мен мұнда 20 казакпен ғана келгенмін, ондағы есебім ставкадағы казак командасына сенгенмін, оның ішінде 60-тай ғана Астрахан казактарын пайдалануға болады, қалған бөлігі мүлде еш нәрсеге жарамайтын қалмақтардың бақташы ұрпағынан құралған еді. Егер 60 астрахандыққа 25 оралдық пен маған еріп келген 20 адамды қосса, әрине, орыс жүздігімен және оралдықтардың үш немесе төрт жүздігімен Тайманұлының тобырына шабуыл жасап, оны қуып жіберуге болатын еді; бірақ оның өзін бірінші шабуыл жасағанда қолға түсірудің сәті түспесе, одан пайда жоқ еді, хан қонысын қорғаусыз қалдыруға болмайтындығы себепті, бұл жасақпен оны алысқа қудалау қолайсыз болатын; ал ханның өзі де айтқандай, ол

үшін Исатайдың өзін қолға түсіру немесе әрі қарай қуып тастау мүмкін болмаса, оның бұзақыларымен бірге 80 немесе 10 шақырым жерде тұрғаны бәрібір еді. Онсыз да бұзақыланып біткен тобырдың өшіге түсуіне себеп болатын әлсіз шаралар қолданудан аулақ болу үшін, мен өзімді Горск бекінісінде күтіп отырған 200 казак командасы дереу жолға шығып, маған келсін деп шепке аса қатаң жарлық жібергенді жөн көрдім. Ал подполковник Меркуловқа мен өзімнің келуімді күтпей-ақ Кулагин мен Зеленоваға төртжүздік жасақпен жолға шығып, Теректі құмы алқабына келуге және Тайманұлы мен оны қолдаушылардың сол жердегі ауылдарын басып алуға бұйырдым. Горскіден жасақ келісімен, мен басқаларының бәрінен де ерекшеленіп тұратын ноғай руының қырғыздарын басшылыққа алып төрт жүз ордалықтың көмегімен Тайманұлының тобырына қарсы аттанып, оны қуып таратпақшы және оның өзін қолға түсірмекші ниеттемін. Бірақ бұл істе, тегінде, қару қолданбаса болмайды және Жәңгір хан да олардың табан тіресе қорғанатындығын біледі. Айтпақшы өз сөзімді қарудың күшімен дәлелдейтін болған кезімде, мүмкін болғанынша тағы да иландыру амалын қолданып көремін.

Мен өз ойларымның іске асырылуын тездетуге тырысып, шепке қайтып, Горск жасағын мұнда өзім әкелгім келіп еді, бірақ Тайманұлының алдын ала сезіктеніп қалмауы үшін және оның үстіне, менің ставкада болмауым ендігі жерде ханға да, басқаларға да едәуір қауіпті болар еді деген оймен де кідіріп қалдым. Мен келгеннен кейін Исатайдың бұзақылары талап-тонауын біршама азайтып, осыдан 30 шақырым жерде жатқан ноғайлардың табындарына шабуыл жасаумен ғана шектеліп отырған: мен осындай жағдайда бұл ордалықтарды көмексіз қалдырмау керек, олар адалдығымен және елгезектігімен соған лайық деп санаймын. Жәңгір хан қазіргі жағдайда менен өзін тастап кетпеуді қатты өтінді, бүкіл осы шаралардың сылбырлығынан шыдам таусылып барады, бірақ менің осында болуым пайдасыз еместігін мойындаймын, ал кетіп қалатын болсам, зиянды зардаптары болатыны анық. Сондықтан осы жағдайды ескере отырып, оның тілегімен келісуге тиіспін. Жоғары мәртебеліден мақұлдау табамын ба, білмеймін: менің тілегім — шын жүректен жақсылық істеу, бірақ нақ солай істеп отырмын ба — оны Сіздің ізгі ниетіңіздің шешуіне қалдырамын.

Осы елдегі барлық оқиғаларды мейлінше жақыннан қарағанда, қазіргі жағдайлар мен Орынбордан шығардағы ойлағанымнан әлдеқайда маңызды деп табатынымды жеткізу борышым деп білемін. Ішкі ордадағы тәртіпсіздіктер мен бүліктер аса Жоғары мәртебеліге жеткен және оның қашан, қалай аяқталатынын болжау қиын; бар ойды толқу билеп алған.

Жоғары мәртебелі, Жәңгір ханның маған өтінішінің көшірмесін табыс етіп отырмын; Жоғары мәртебелі ол қазіргі жағдайларды, қайғы-қасіретін ескере отырып, ордада тәртіпсіздіктер аяқталып, тыныштық орнатылғанға дейін мұнда жағдайды ушықтырмай саябырсыту үшін біраз мөлшерде әскер қалдыру, оны ауылдардағы мейлінше көнбейтіндерге жаза қолдануға пайдалану керек болады, бұл шараны, тегінде, Жоғары мәртебелі Сіз де қажет деп санарсыз деп ойлайды. Ал қазір, күмән келтіріп отырылмағанындай, бүлікшілерге қарсы қарудың күшімен әрекет жасауға тиіс болсақ, Тайманұлы қоршаған тобырды толық таратқанға дейін, қазір далада бар жасақтан аталған мақсатқа маған еш нәрсе бөлу мүмкін болмайды. Бұл жағдайда, алыс жатқан ауылдарда қажет болған жағдайда бір-біріне көмек бере алмайтын шағын командалар қалдыру қауіпсіз де болмас еді. Егер тәртіпсіздіктердің аяқталуына дейін десек, бұл шараны қолдану мерзімі жақын болып көрінбесе де, Жоғары мәртебелі Сіздің бұл жөніндегі алдын ала нұсқауларыңызды күні бұрын сұрауға батылым барып отыр.

Тайманұлы өз ордасымен ставканың басқа жағына көшіп кетті және одан 20 шақырым, ноғайлықтардың ауылдарына жақын жерде отыр. Ханға берілген бұл қырғыздардың бір бөлігі ставкада: сөйтіп, ол бұларды өз ауылдарына жібермей отыр, бірақ жыртқыштар мал айдап өкетпекші немесе шабуыл жасамақшы болса, оларға жол бермеу үшін күшті тосқауылдар қойған. Мен осында келгеннен кейін өз адамдарымен кейбір сұлтандар келді. Байбақты руының сұлтаны Шоқа жуырда 200 адам ертіп келді. Хан қонысы қоршауға алынған жер сияқты: бөрі қаруланған, бөрі сақ. Ал оның бер жағында ханның есебінен, кейбіреулері үй ішімен тұрып жатқан осы меймандар оған мейлінше қымбатқа түсуде және оған едәуір салмақ түсіруде.

Үшінші күні Теректі құмынан келетін жолға қойылған бақылаушы тосқауылдар сол жерден Исатайға келе жатқан екі қырғызды тұтқынға алды. Олардың біреуі Исатайдың жанындағы басты адамдардың бірі — старшынның ұлы Сарт Еділов. Олардың екеуіне де кісен салып, казематта ұстауға бұйрық берілді.

Кейін батыл қимыл жасау мүмкіндігі туатын болса, мен реті келген кезді қалт жібермеймін және сонда өзімнің не істегенімнің бәрі жөнінде Жоғары мәртебелі Сізге құрметпен жеткізіп тұратын боламын.

Подполковник *Геке*

XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары
(1771—1867 жж.). Құжаттар мен материалдар. 280—283-бб.

**СЫРДАРИЯ ШЕБІНІҢ ҚОЛБАСШЫСЫ ГЕНЕРАЛ-МАЙОР
ДАНЗАСТЫҢ ОРЫНБОР ЖЕКЕ КОРПУСЫНЫҢ КОМАНДИРИНЕ
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОҚАН ХАНЫНА ҚАРСЫ КӨТЕРІЛІСІ
ТУРАЛЫ БАЯНХАТЫНАН**

7 маусым, 1858 жыл.

Сарай кеңесшісі Осмоловский наурыз айында Ташкент әміршісі Мырза Ахметтің қоқандықтардан, сондай-ақ қырғыздардан жинаған 3000 әскерімен Әулиеата бекінісіне келіп, осында көшіп-қонып жүрген қырғыз билерін шақырғанын және бұрынғыдай, алымға қой ғана емес, сонымен қатар түйе, жылқы және ірі қара да тағайындағанын хабарлады. Билер өз ауылдарына барып, қырғыздарға Ташкент әміршісінің бұйрығын хабарлаған кезде қырғыздар оған бағынудан бас тартты. Мырза Ахмет әр руға, әр бөлімшеге өз зекетшілерін жіберіп, оларға 100 және 200 адамнан тұратын қол берген; бұл зекетшілердің әбден құтырылғаны сонша, күйеуге беруге рұқсат етілген әрбір бойжеткен қыз үшін бір ділдөдан алым тағайындапты... Бұл жүгенсіздіктер, ақырында қырғыздардың шыдамын тауысып, олар әуелі Ташкент әміршісінің бауыры Мырза биді, Мәжүсіп молданы, бесжүздік бастығын және басқа зекетшілерді өлтіріп, содан кейін Алатау тауларындағы барлық қырғыздар, атап айтқанда, қанжығалылар, көкұлылар, көтеншілер, дулаттар, бестаңбалылар және қырғыз руының қырғыздары бүлік шығарып, Әулиеатаға және Шолақ, Ақсақата, Тоқпақ, Шелек сияқты басқа да көршілес бекі-

ністерге келіпті де, Ташкент әміршісін бекініске тығылуға мәжбүр етіпті.

Мамыр айының басында түркістандық қырғыздар*, қоңыраттар, наймандар, қыпшақтар, арғындар қоқандықтарға қарсы бас көтерген. Қоңыраттар өздерінің арасында көшіп жүрген сұлтандардың біреуі — Жапекенді, тіпті өздерінің ханы етіп тағайындапты. Осының бәріне қарамастан, Түркістан қырғыздары Түркістан бегі Мырза Ниязға қарсы батыл әрекет жасамаған, керісінше осы кезге дейін Ташкент әміршісін орнынан алып, орнына оны (Мырза Ниязды) қойғымыз келеді деп сендіруде. Мұның себебі көтеріліс басталғанға дейін қырғыздардың Түркістанға намаз оқу үшін келген құрметті билерін Түркістан бегі ізгі ниеттілікті сылтауратып ұстап қалғандығында еді. Олар — қоңыраттың билері Құныс датқа мен Ақсақ датқа және қыпшақ биі Тобақабыл болатын.

Осыны пайдаланған Мырза Нияз әулие Әзірет сұлтан мазарының сақтаушылары — қожалардың бастықтары шейх-ислам мен Накиб-иманның көмегімен оларды көндіруге жақын қалған еді, бірақ қырғыздар Мырза Нияздың өздерін мүлдем бағындыруға шара қолданып отырғанын көріп, олар қайтадан ашуланып, 15-і күні Түркістанды қоршап алды. 17 мамырда зеңбіректен бірнеше рет жаудырылған оқтан үш адам өліп, Мырза Нияз бекіністен шығып, әрі бірсыпыра қырғызды қолға түсіріп үлгерді. Осы абыржушылықты пайдаланған бек Ташөз-башы басқарған 80 адамды Жаңақорғандағы гарнизонды күшейту үшін жіберіп, Жаңақорған бегі Қожабекке ақырына дейін қорғануға бұйрық берді.

Осы сәтсіз шабуылдан кейін көп қырғыздардың еңсесі түсіп кетті, бірақ 25-і күні Ташкент түбінен көшіп келген, қоқан иеліктеріндегі Кіші ордаға жататын рулар — рамандандармен және шеркештермен қайтадан күшейіп, Түркістанға қарсы тағы да қуатты қимыл көрсетті.

30 мамырда кешкісін Алатау тауларынан келген, Осмоловский мырзаның мәлімет жинау үшін жіберген қырғыздары — қоңырат, қыпшақ, найман және арғын руларының барлық қырғыздары Жүлектен жүз шақырым жердегі

*Түркістан қырғыздары (қара қырғыздар) мен қазақтар бірігіп, қоқан феодалдарына қарсы шыққан. Мәтін бойынша қазақ рулары — қыпшақ, арғын, найман және басқалар тізіп келтірілген — (*Құраст.*)

Қаратау тауына жиналып кеңескеннен кейін екі топқа бөлініп, Түркістан мен Жаңақорғанды қоршамақшы болып ұйғарғанын хабарлады. Олар барлық бөгеттерді бұзып, бекіністі суға батырып, Түркістанды 28 мамырда алмақшы екен.

Қоңыраттар бестаңбалылардың Созақ және Шолақ бекіністерін алып, Ташкент әміршісі Мырза Ахметтің өзін қолға түсіргені жөнінде хабар алды. 30 мамыр күні таңертең алынған хабарларға қарағанда, 1853 жылы 24 тамызда Құмсауыт түбінде жеңіліс тапқан Сабдан қожа Ташкентке келіп, нұсқау арқылы қырғыздарға кешірім жасап, өздерінің бұрынғы қоныстарында қайтадан тыныш және жай-барақат көшіп жүре беруге шақырыпты. Қырғыздар бұл нұсқауға жауап бергісі келмеген, бірақ олардың ұзақ соғыс жүргізуге құралдары жоқ болғандықтан, олардың Түркістанды алғанына күмән бар, оны азық-түлік жетіспеген жағдайда ғана істей алады, демек, қырғыздардың қайтадан қоқан билігіне көніп, бағынуы әбден ықтимал...

Менің осы бұрынғы хабарларымнан Жоғары мәртебелі Сіз біздің Орта Азия шектерін қоршап алу мақсатымен Шығысқа қарай ілгері басу үшін саяси жағынан мейлінше қолайлы жағдайда екенімізді көре аласыз, бірақ өкінішке қарай, біз төрт жыл тұрып қалуымыз салдарынан өзір емеспіз. Сондықтан да қандай әрекет болса да қажетіне қарай белгісіз уақытқа кейін қалдырыла тұруға тиіс, осы уақыт аралығында қоқандықтардың қиын жағдайы, әсіресе қазіргі ханның өлуіне байланысты күрт өзгеруі мүмкін, ал ол хан көрі, өз гаремінде тұрады және халық пен бектер құрметтегенмен, олар оған онша бағына бермейді.

Қазіргі кезде оқ шығармай алуымызға болатын нәрсені уақыт өте келе біздің қан төгіп алуға тиіс болуымыз әбден мүмкін... .

Қол қойған генерал-майор

Данзас

XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары
(1771—1867 жж.). Құжаттар мен материалдар. 440—442-бб.

Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА МҮШЕЛЕРІНЕ АШЫҚ ХАТЫ

23 қаңтар, 1914 жыл.

Қоныстандыру басқармасы қырғыз даласындағы қазыналық жерлерді «барлық әлеуметтік топтағы» адамдарға:

жері аз кінөздар Кочубейлерге, Касаткин-Ростовскийлерге, граф Медемдер мен басқаларға тек үлестіріп беруді ғана емес, сондай-ақ қырғыз халқын «православиелік-христиан діні нанымдарын қабылдауға» әзірлеуді де ойластырып отыр.

Басқарма жұмысын жүргізушілердің қырғыздарға егіншілік нормасын беріп және орталық өкімет органдарының нақты нұсқауларын орындай отырып, басшылыққа алатын құжаты мына тұрғыда:

Торғай-Орал ауданындағы қоныстандыру ісінің меңгерушісіне

Қасиетті синод үстіміздегі жылғы 5(26) сәуірдегі №3067 ұйғарымы бойынша мыналар қажет деп тапты: қырғыздар қоныстандырылатын жерлердегі жерге орналастыру жұмыстары кезінде мұсылман қырғыздар, православиелік қырғыздар орыс шаруаларымен бірге қоныстандырған кезде, мұсылман қырғыздар саны сол жердің православиелік халқының жартысынан аспауы керек, өйткені өздерінің шаруашылық тұрмысы мен қажеттеріне қатысты барлық мәселелерді шешкен кезде православиелік адамдардың бұратаналар алдында басымдығы болуы шарт. Қасиетті синодтың пікірі бойынша, аталған шаралар арқылы Дала облыстары мен Түркістан өлкесінің қырғыз халқы православиелік-христиан дінін қабылдауға жақындатылуы мүмкін.

Жерге орналастыру және егіншілік бас басқармасы осыны хабарлай отырып, өзге нанымдағылар арасында православиені тарату және нығайту мақсатында да, осы жолмен Дала облыстарының байырғы халқын орыс мемлекеттілігі мен орыс мәдениетіне тез арада жақындату және оларды толық орыстандыру себепті де қырғыздарды орыс тұрғындарымен бірге қоныстандыру қажеттігін жақтаған пікір айтты.

Жоғары мәртебелі Сізге тиісті өкімдер үшін осыны хабарлаймын. Қол қойылуға тиісті түпнұсқа.

Шағын аудандардың меңгерушілері мен шаруалар бастықтары мырзаларға.

Орал облысы әскери губернаторының православиеліктер мен мұсылмандарды бірге орналастыру туралы үстіміздегі жылғы 12 маусымдағы №11400 хабарламасының осы көшірмесі Жоғары мәртебелі Сізге басшылыққа алу және орындау үшін жіберіліп отыр.

№9373. 27 маусым, 1912 жыл.

Қоныстандыру ісінің меңгерушісі үшін
Хатшының міндетін атқарушы

Константинов
Н. Арсеньев

1905 жылғы 17 сәуірдегі Жоғары дәрежелі Жарлықтан* кейін қасиетті синод басқа діндегілердің ісіне, 5 млн қырғыз халқының шаруашылық өміріне қысым жасау түрінде өзінің араласуы қажет деп табады, ал Жерге орналастыру және

*Дін ұстану туралы жарлық айтылып отыр.

егіншілік бас басқармасы 1904 жылғы 12 желтоқсандағы Жоғары дәрежелі Жарлықтан¹ кейін жергілікті өкімшілік пен қоныстандыру басқармасының қызметкерлеріне қасиетті синодтың ұйғарымын орындауды ұсынады.

Қырғыз жеріне көз тігуші кінәздар мен графтар арасынан шыққан шенеуніктердің күш салуы арқасында, «3 маусымдағы Заң»² бізді Мемлекеттік Дума мінбесінен қорғану құқығынан айырды. Депутат мырзалар келтірілген құжатта заңдардың өрескел бұзылғаны айқын екеніне назар аударады және депутаттар Мемлекеттік Дума құру туралы Ереженің 35 және 58-баптарын пайдаланады деп сенемін.

I Мемлекеттік Дума мүшесі *Әлихан Бөкейханов*

«Речь» газеті. 1914, 23 қаңтар.

Қазақстандағы 1907—1914 жж. жұмысшы және аграрлық қозғалыс. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, 1957.

ОРАЛ ОБЛЫСЫ ӘСКЕРИ ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ ҚАРАШЫҒАНАҚ БОЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ПАТША ӨКІМШІЛІГІ ШЕНЕУНИКТЕРІНЕ ҚАРСЫЛАСУЫ ТУРАЛЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ХАБАРЫ

Өте құпия

11 маусым, 1908 жыл.

Өткен мамыр айы ішінде маған сеніп тапсырылған облыс халқының көңіл күйін Қарашығанақ болысы қырғыздарының тарапынан қазірдің өзінде бөлу жоспарланып қойылған жер телімдерінде жер өлшеу жұмыстарын жүргізушіге кейбір қарсы әрекет жасалуы бұзды.

Мен атаған оқиға айтарлықтай ушықпағанмен және жергілікті шаруалар бастығы тыныштық пен тәртіпті дереу қалпына келтіргенімен, қырғыз даласындағы жер бөлу жұмыстарының бұдан былайғы барысында мен үкімет қолданған жұмыстардың тыныш жүргізілуіне қырғыздардың оларға тікелей мүдделі топтары тарапынан бірлі-жарым қарсы әрекеттердің қайталанып қана қоймай, сонымен қатар неғұрлым ірі тәртіпсіздік жағдайлардың да болуы

¹Жарлықта Ресей империясының көкейкесті реформалары тізім келтірілген.

²1907 жылғы 3 маусымдағы II Думаны тарату және сайлау жүйесіне өзгерістер енгізу туралы Заң.

мүмкін екенін жоққа шығармаймын. Дегенмен де бұл тәртіпсіздіктер осындай жұмыс жүргізілген ауылдар мен болыстар шегінен шығып кетеді деп болжау қиын.

Түшнұсқаға қол қойған әскери губернатор,
лейтенант-генерал

Родзянко

Растау: кеңесші үшін

А. Шадрин

Тексерілді: іс жүргізуші үшін (қойылған қол түсініксіз).

Қазақстандағы 1907—1914 жж. жұмысшы және аграрлық қозғалыс. Құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы, 1957. 57-б.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ БАРЫСЫ

Жылы	Қоныс аударушылар саны	Қайтып көшіп кеткендер, % есебімен
1905	24 019	24,0
1906	93 314	20,6
1907	107 102	20,8
1908	229 601	16,8
1909	216 512	21,9
1910	121 378	39,7
1911	60 843	101,1
1912	53 758	54,1
1913	127 987	30,6
1914	151 618	23,6

Алексеевко Н.В. Революцияға дейінгі Қазақстанның халқы (саны, орналасуы, құрамы, 1870—1914 жж.). Алматы, 1981. 69-б.

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ- НЫҢ ҮКІМЕТКЕ ҚАРСЫ КҮШЕЙЕ ТҮСКЕН БОЙ КӨРСЕТУЛЕРІН ЖОЮ ҮШІН БАТЫЛ ШАРАЛАР ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ОРАЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ГУБЕРНАТОРЫНА ХАТЫ

17 шілде, 1908 жыл.

Соңғы жылдарда Полиция департаментіне түсіп жатқан мәліметтерден қырғыз халқының орыстар жөніндегі пиғылы барған сайын дұшпандық сипат алып отырғаны аңғарылады. Бұл құбылысты Орта Азия далаларында өлкеге қоныстанушы орыс шаруаларына жер телімдерін бөліп беру салдарынан қырғыздардың өз иелігіндегі жер көлемінің

бiртiндеп қысқаруына қатысты наразылығымен iшiнара түсiндiруге болғанымен де, жақында ғана қырғыздар арасында сепаратистiк идеяларды насихаттаудың пайда болуын да көрсеткен кейбiр нұсқаулар бар.

Қырғыз даласындағы толқулар бiрiншi рет 1899 жылы Қиыр Шығыста орын алған оқиғалар кезiнде байқалды, сол кезде қырғыздар өздерiнiң орыстарды ұнатпайтындығын ашық айтып, Қытайдан күтiлiп отырған дабылды алған бойда оларға қарсы iс-қимылға кiрiсу ниетiн бiлдiре бастаған едi. Ақмола мен Семей облыстарында жағдайдың шиеленiскенi сонша, 1900 жылы орыс қоныстанушылары күзетуге белгiленген шараларда барлық уездiк қалаларда Сiбiрден шақырылған казак жүздiктерiн орналастыру көзделдi. Бiрақ бұл шараны әскери министр жүзеге асыра алмады, өйткенi аталған казактар басқа бұйрық алып та қойған болатын. 1901 жылғы маусымда Орал облысындағы Темiр жәрмеңкесi кезiнде казактардың қырғыздармен қақтығысы болып, қырғыздар сауда орындарын қиратып, казактар мен саудагерлердi соққыға жықты. Сол жылдың қазан айында аламаншыларды жазалау үшiн Темiр уезiне казактардың отряды жiберiлдi. Бiрақ қырғыздардың топтасып, әлдебiр құпия өкiм бойынша казактардың жүретiн жолынан оларды азық-түлiк пен жемнен айыру мақсатымен көшiп кетуi, отрядтың өзiне жүктелген тапсырманы орындауына мүмкiндiк бермедi. 1905 жылғы шiлде айында Ақмоланың әскери губернаторы облысты аралаған кезiнде Ақмола уезiнiң бiр ауылының қырғыздары кезекпен ауыстырылатын аттарды дайындаудан бас тартты. Ал оларға бастықтар атынан осы талапты жеткiзген стражниктердi ұрып-соғып, байлап тастап, оларды құтқаруға келген шаруалар мен урядникке елеулi қарсылық көрсеткен. 1906 жылғы маусымда нақ сол облыстың Петропавл уезiнде шаруалардың мал ұрлайтын қырғыздармен қақтығысы болып, қан төгiлген. Ақырында үстiмздегi жылдың 27 мамырында Торғай қаласындағы жәрмеңке кезiнде қырғыздар жергiлiктi әскери құрамның бақшасына өз бетiнше бұзып кiрiп, қарауылдарды ұрып-соққан. Қарауылдар үйi мен ағаш қоймасына ойран салып, мұғалiм Колдыревтi* далаға алып шығып, азаптап өлтiрген. Ал сотқарлардың бiреуi,

*Колдырев — белгiлi миссионер, патша күзетiнiң тыңшысы. Ол казактарды күшпен шоқындыруға әрекеттенген — (Құраст.)

әскери бастыққа сойыл сілтеуге дейін барған. 11 маусымда Атбасардағы жәрменке кезінде де қырғыздардың орыстармен қақтығысы болып, екі жақтан 3 адам өліп және 34 адам, соның ішінде екі стражник жараланған. Оның үстіне, сол жерге шақырылған әскери командаға төртіпті қалпына келтіріп, тобырды далаға ығыстырып шығару үшін кемінде екі сағат керек болған.

Келтірілген оқиғалар қырғыз бұқарасының іс-әрекеттерінде батылдықты пен ұйымшылдықтың арта түскенін жеткілікті дәрежеде сипаттайтынын және олардың арасында үкіметке қарсы болып жатқан қозғалысты күмәнсіз көрсететінін ескере келіп, Жоғары мәртебелі Сіздің қырғыз даласында болып жатқан жағдайлардың бәріне мұқият бақылау орнату және орыстың өкімет орындары, әскерлері мен халқы жөнінде жоғарыда келтірілгендер сияқты қырғыздар тарапынан қыр көрсету әрекеттерінің қайталануының алдын алып, оларды тоқтату үшін қажет болған жағдайда тез де батыл шараларды дер кезінде қолдану мақсатында әлгіндей әрекеттерге тиісінше көңіл бөлуіңізді сұрады мәртебе деп білемін.

Қол қойған:

Ішкі істер министрі үшін
министрдің орынбасары, сенатор

Макаров

Бекіткен:
директор

Трусевич

Қазақстандағы 1907—1914 жж. жұмысшы және аграрлық қозғалыс. Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1957. 69-70-бб.

**ГУРЬЕВ ЖӘНЕ ЕМБИ ТҮЗДІ КӨЛДЕРІ БАҚЫЛАУШЫСЫНЫҢ
ЕРЕУІЛ ЖАСАУШЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ «ЕМБИ» МҰНАЙ
ӨНЕРКӘСІБІ ҚОҒАМЫ МЕН ДОССОРДАҒЫ ОРАЛ-КАСПИЙ
МҰНАЙ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНЕ ҚОЙҒАН ТАЛАПТАРЫ
ТУРАЛЫ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС КЕН БАСҚАРМАСЫНЫҢ
БАСТЫҒЫНА БАЯНХАТЫ**

26 қаңтар, 1914 жыл.

Менің жеделхаттарыма қосымша ретінде Жоғары мәртебелі Сізге «Емби» мұнай өнеркәсібі қоғамы мен Доссордағы Орал-Каспий мұнай қоғамының мұнай кәсіпшіліктері

жұмысшыларының ереуілдері туралы төмендегі мәліметтерді хабарлауды құрмет деп білемін.

«Ембі» қоғамының жұмысшылары 5 қаңтарда жұмысты тоқтатып, кәсіпшіліктердің әкімшілігіне төмендегідей талаптар қойды:

1. Кәсіпшіліктер әкімшілігінің кәсіпкерлер мен жұмысшылар арасындағы түсініспеушіліктерді қарауды міндет ететін тұрақты жұмысшы комиссиясын тануы.

2. Шіркеу салып, Доссорға тұрақты дінбасын шақыру.

3. Дүкендерді кеңейтіп, тәртіпке келтіру.

4. Сумен қамтамасыз ету және сапасын жақсарту.

5. Тұрғын жайларды жақсарту.

6. Айлыққа пайыз қосу.

7. Оқу орнын ашу.

8. Кітапхана мен оқу үйін ашу.

9. Жұмысшылар жұмыстан босатылған жағдайда толық айлық жалақысын төлеу және теміржол стансысына дейін жеткізіп салу...

12. Жұмысшылармен сыпайы сөйлесу.

13. Барлық жұмысшыларға есеп айырысу кітапшаларын тапсыру.

14. Моншаны жақсарту.

15. 1913 жыл үшін сыйақы беру.

Осы талаптарды қарағаннан кейін кәсіпшіліктер басқармасы төмендегідей шешім шығарады:

1. Жұмысшы комиссиясы (тану) туралы талап заңда көзделмегендіктен қабылданбады.

2, 7 және 8. Шіркеу, мектеп, оқу үйін салу үшін жер бөлу туралы өтініш жасалды. Алғаш мүмкіндік туған кезде бұл құрылыстар басқа фирмалармен бірлесе отырып, салынады. Рақуша поселкесінен дінбасы шақырылады.

3. Дүкен таяу уақытта кеңейтіледі.

4. Қырғыз даласының зәру мәселесі — су мәселесін шешу үшін қазірдің өзінде шаралар қолданылды: №2 учаскеде теңіз суы үшін Кертинг жүйесінің тұштыту құрылысы аяқталып келеді, бұл мәселені едәуір дәрежеде жеңілдетеді.

5. Санитарлық жағынан тұрғын жайлардың кемшілігі, негізінен алғанда, жұмысшыларға арналған үйлердің жеткіліксіздігінен, демек, адамдардың сығылыса тұруынан болып отыр. Жаңа құрылыстар үздіксіз салына береді және алдағы құрылыс мүмкіндігінше жеңілдетіледі.

6. Жұмысшылардың айлығы барлық жұмысшылар үшін жұмысқа шыққан күнінен бастап көбейтіледі. Ақы кем

дегенде төмендегі мөлшерде белгіленген: бұрғылаушы жұмысшылар үшін 95 тиын, майлаушылар үшін — 1 сом 5 тиын, күзетшілер, арбашылар үшін — айына 30 сом. Бір жұмысшыға шаққанда үстеме орта есеппен 26 пайызға тең.

9. Кәсіпшілік басқармасы жұмысшыны дәлелсіз себептермен жұмыстан босатқан жағдайда, ақы заң бойынша алдын ала 2 апта бұрын төленеді және жұмысшы ең жақын теміржол стансысына жеткізіліп салынады...

12. Кәсіпшілік өкімшілігі жұмысшылармен сыпайы сөйлеуді талап етеді.

13. Есеп айырысу кітапшалары заң талаптарына сәйкес беріледі.

14. №2 учаскеде 30 адамға арналған жаңа монша салынады.

15. 1913 жыл үшін сыйақы төленбейтін болды.

Кәсіпшілікке келген кезімде мен қажетті түсіндірмелер бердім, сөйтіп, 12 қаңтарда барлық жұмысшылар жұмысын қайта бастады. Жалпы саны 617 жұмысшыдан 6 слесарь ғана жұмыста қалғысы келмей, өз қалауы бойынша есеп айырысты.

9 қаңтарда «Орал-Каспий» мұнай қоғамының жұмысшылары жұмысты тоқтатты; бұл орайда олар да мына төмендегідей талаптар қойды.

1. Кәсіпшіліктің жұмысшы комиссиясын тануы.

2. Дүкен аумағын ұлғайту және онда тазалық пен тәртіп сақтау.

3. Тұрғын үйлерді жақсарту.

4. Ауыз сумен қамтамасыз ету.

5. Жалақыны: бір сомнан кем алушыларға — 30 пайыз, 1-2 сомнан кеміне — 20 пайыз, 2 сомнан аз алатындарға — 10 пайыз ақша қосу.

6. Жұмыстан кінәсіз шығарылған әрбір адамға айлық мөлшерінде сыйақы беру және (оны) ең жақын теміржол стансысына немесе пароходқа жеткізіп салу.

7. Жұмыста жүріп зақым (жарақат) алған адамға емделу уақытында толық айлық төлеу.

8. Жұмысшылармен сыпайы сөйлесу.

9. Барлық жұмысшыларға есеп айырысу кітапшаларын тапсыру.

10. Таза және кең етіп монша салу.

11. 1913 жыл үшін жылдық табыстың 20 пайызы мөлшерінде сыйақы төлеу.

12. Кәсіпшіліктегі жолдарға жарық түсіру.

13. Қазармаларда сағат тілдерін бұрап тұру...

Менің күш салғанымға қарамастан, кәсіпшілік әкімшілігі мен жұмысшыларды келісімге келтіре алмадым. Жұмысшылар 1 сомның көлемінде ғана айлық алушылардың бәріне табысын көбейтуді, жұмыстан шығарылып, оларға есеп айырысу ұсынылды, ал тілек білдіргендерге қайтадан жұмысқа кіруге рұқсат берілді. 20 қаңтарда жұмысшылардың бір бөлігі жұмысқа кірісті, ал жұмыста қалғысы келмеген 181 адам қоғамның қаражатымен есеп айырысу үшін Гурьевке жөнелтілді. Оларды теміржол стансысына жеткізіп салудан кәсіпшіліктер басқармасы бас тартуда. Қазіргі кезде 160 адам жұмыс істеуде.

Қол қойған:

Округтік инженер көмекшісінің
міндетін атқарушы

А. Николаевский

Қазақстандағы 1907—1914 жж. жұмысшы және аграрлық қозғалыс. Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1957. 487—491-бб.

**АСТРАХАН ГУБЕРНИЯСЫНЫҢ, СІБІР МЕН ОРТА АЗИЯНЫҢ
БҰРАТАНА ХАЛҚЫН МАЙДАН ШЕБІНДЕ ҚОРҒАНЫС
ҚҰРЫЛЫСТАРЫН САЛУ ЖҰМЫСТАРЫНА ШАҚЫРУ
ТУРАЛЫ ПАТША ЖАРЛЫҒЫ**

25 маусым, 1916 жыл.

Империяның бұратана еркек халқын соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстарын салу және әскери қатынастар орнату жұмыстарына, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де жұмыстарға тарту туралы.

Император ағзам 1916 жылғы 25 маусым күні былай деп Жоғары мәртебелі өмір береді:

1. Соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар орнату жөніндегі жұмыстарға, сондай-ақ мемлекеттік қорғаныс үшін қажет өзге де барлық жұмыстарға осы соғыс барысында империяның төменде аталған 19 жастан 43 жасқа дейінгі бұратана еркек халқы тартылсын:

а) Астрахан губерниясының және Сібірдің барлық губерниялары мен облыстарының бұратана халқы тартылады, бұған тұрақты мекенжайы жоқ кезбе бұратаналар және Приморье, Амур, Камчатка мен Сахалин облыстарында, Якутск облысының Ортаңғы Колыма, Верхоянск және

Вилуйск округтерінде; Енисей губерниясы мен уезінің Турухан және Богучан бөлімшелерінде, сондай-ақ Тобыл губерниясының Березов және Сургут уездерінде тұратын барлық бұратаналар жатпайды;

ә) Сырдария, Ферғана, Самарқан, Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай және Закаспий облыстарының бұратана халқы;

б) Терек және Кубань облыстары мен Закавказьенің мұсылман халқы (бұған тікелей өз әскери міндеттерін өтеуге тиісті мұсылман осетиндер, сондай-ақ осында міндетін өтеуге жатпайтын түріктер мен күрдтер қосылмайды, Закавказьені мекендейтін езидтер, Сухуми округінің ингилойлық христиандары мен абхаз-христиандары, сондай-ақ түрікмендер, ноғайлар, қалмақтар және Ставрополь губерниясының солар сияқты басқа да бұратаналары шақырылады).

2. Осының алдындағы (1) тармаққа сәйкес жұмысқа тартылуға тиісті бұратана халықтың жасын анықтау, сондай-ақ оларды осы жұмыстарға тартудың егжей-тегжей ережелерін белгілеу Әскери кеңестің 1914 жылғы 3 тамызда жоғары дәрежеде бекітілген ережесінде айтылған тәртіп бойынша Ішкі істер және әскери министрлердің келісуіне берілсін.

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.
Құжаттар мен материалдар. М., 1960. 25-26-бб.

**ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЫ
Н.А.СУХОМЛИНОВТЫҢ ҚАЗАҚТАРДЫ ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫНА
АЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУЫ**

30 маусым, 1916 жыл.

Император ағзамға осы маусымның 25-і күні соғыстың қалған уақытына соғысып жатқан армия шебінде қорғаныс құрылыстары мен әскери қатынастар орнату жөніндегі жұмыстар үшін империяның әскери міндетінен босатылған бұратаналарын, атап айтқанда, Дала өлкесінің қырғыздарын дереу тартуға Жоғары мәртебелі әмір берудің ыңғайы келді.

1885 және 1897 жылдар аралығында туған, яғни 19-дан 31 жасқа дейінгі қырғыздар ең таяу кезекте алынуға жатады.

Бұл адамдар реквизициялық тәртіппен әскер қатарына емес, қазынадан ақы төленіп және азық-түлік беріліп, армия үшін қажетті жұмыстарға тартылады.

Маған сеніп тапсырылған өлкенің қырғыз халқына осы туралы хабарлай отырып, қырғыздар патшаның шақыруына сөзсіз үн қосады және сол арқылы өздерінің патша мен Отанға адалдығын, бұрын өз еңбектерімен және соғысқа шақырылған запастағы шенділердің отбасына қарайласу жөніндегі қамқорлықтарымен дәлелдегені сияқты іс жүзінде дәлелдейді деп кәміл сенемін.

Дала генерал-губернаторы,
кавалерия генералы

Сухомлинов

Омбы. 30 маусым, 1916 жыл.

Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.
Құжаттар мен материалдар. М., 1960. 26-б.

**ВЕРНЫЙ ҚАЛАСЫ ГАРНИЗОНЫ БАСТЫҒЫНЫҢ ІСТЕРІН
УАҚЫТША АТҚАРУШЫ ГЕНЕРАЛ-МАЙОР ГРЫЗЛОВТЫҢ
КӨТЕРІЛІСТІҢ БЕЛСЕНДІ МҮШЕСІ БЕКБОЛАТ ӘШЕКЕЕВТІ
ДАЛА СОТЫНА БЕРУ ТУРАЛЫ БҰЙРЫҒЫ**

1 қыркүйек, 1916 жыл.

Жетісу облысының байырғы халқының көтерілісі турасында жүргізілген тергеуден көрінгені: Верный уезінің Жайылма болысы, №4 ауылының қырғызы Бекболат Әшекеев Түркістан өлкесінің жұмысшыларын алуға жоғары дәрежеде берілген өкімге күш қолданып кедергі жасау ниетімен, үстіміздегі жылдың 13 тамызында соғыс жағдайында тұрған Жетісу болысының Верный уезіндегі өзінің Үшқоңыр ауылы орналасқан жерде көтеріліс ұйымдастыру үшін Жайылма болысы қырғыздарының заңсыз съезіне шақырғаны үшін айыптауға жатады. Бұл съезде ол басқа адамдармен бірлесе отырып, үкімет талаптарына бағынбауға және үкімет орындарына қарулы қарсылық көрсетуге қаулы еткен, мұндай қарсылықты аттылы қырғыздар тобыры Верный уезі бастығының орынбасары подполковник Базилевский басқарған казактар отрядына да көрсетті, ал мұның өзі қылмыстық және түзету жазалары туралы жинақтың 13 және 263-баптары мен мемлекеттік тәртіпті және қоғамдық тыныштықты қорғау шаралары туралы Ереженің 17-бабының 1-тармағында көзделген қылмыс қатарына жатады.

Көрсетілген қылмысты әрекеттері үшін жоғарыда аталған қырғыз Бекболат Әшекеевті мен, Түркістан әскери округі

гінің әскерлері бойынша үстіміздегі жылы №523 бұйрық негізінде соғыс кезіндегі заңдар бойынша соттау үшін Верный гарнизонының отрядтық сотына беремін.

Гарнизон бастығының істерін
уақытша атқарушы генерал-майор

Грызлов

Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс.
Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1947. 130-б.

РЕСЕЙ ХАЛЫҚТАРЫ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2 қараша, 1917 жыл.

Жұмысшылар мен шаруалардың Қазан төңкерісі жаппай азат болу ұранымен басталды.

Шаруалар помещиктердің өктемдігінен азат болады, өйткені енді жерге помещиктік меншік жоқ — ол меншік жойылды. Солдаттар мен матростар самодержавие генералдарының өктемдігінен азат болады, өйткені генералдар бұдан былай сайланып қойылатын және ауыстырылып отыратын болады. Жұмысшылар капиталистердің қыңырлығы мен зорлық-зомбылығынан азат болады, өйткені бұдан былай зауыттар мен фабрикаларға жұмысшылардың бақылауы орнатылады. Кеудесінде жаны бар, өмір сүруге қабілеттілердің бәрі жиренішті бұғаудан азат болады.

Езгі мен зорлық-зомбылық көріп келген және көріп отырған Ресей халықтары ғана қалып отыр, бұларды азат етуге дереу кірісу керек, олардың бостандық алуы батыл және біржолата шешілуге тиіс.

Патша өкіметі заманында Ресей халықтарын үнемі бір-біріне айдап салып отырды. Мұндай саясаттың нәтижесі белгілі: бір жағынан, қырқыстыру және қырып-жою болса, екінші жағынан, халықтарды құлдықта ұстау болды.

Осы масқаралық бір-біріне айдап салу саясатына қайтып оралуға жол жоқ және болуы да мүмкін емес. Бұдан былай бұл саясат Ресей халықтарының ерікті және адал одақ жасау саясатымен ауыстырылуға тиіс.

Империализм дәуірінде, Ақпан революциясы нәтижесінде өкімет билігі кадет буржуазиясының қолына көшкеннен кейін, ашықтан-ашық бір-біріне айдап салу саясаты Ресей халықтарына қорқасоқтап сенімсіздік жасау саясатына, жоқтан өзгеге байланысушылық, арандатушылық саясатына — халықтардың «бостандығы» мен «теңдігі» ту-

ралы жалаң мәлімдемелермен бүркемеленетін саясатқа орын берді. Мұндай саясаттың нәтижелері белгілі: ұлт араздығы күшейді, өзара сенім жібі үзілді.

Өтірік пен сенімсіздік туғызатын, жоқтан өзгеге байланысушылық пен арандатушылыққа жол беретін бұл сұрқия саясат жойылуға тиіс. Бұдан былай бұл саясат Ресей халықтарының өзара сеніміне жеткізетін ашық және адал саясатпен ауыстырылуға тиіс.

Тек осындай сенімнің нәтижесінде ғана Ресей халықтарының адал және берік одағы орнай алады.

Тек осындай одақтың нәтижесінде ғана Ресей халықтарының жұмысшылары мен шаруалары империалистік-аннексияшыл буржуазия тарапынан болатын қастандықтың бәріне қарсы тұруға қабілетті бір революциялық күш болып топтаса алады.

Осы қағидаларға сүйеніп, Кеңестердің I съезі осы жылдың маусымында Ресей халықтарының ерікті түрде өзін-өзі билеу құқығын жариялады.

Кеңестердің II съезі осы жылдың қазан айында Ресей халықтарының осы мызғымас құқығын барынша батыл және айқын қолдады.

Осы съездердің тілегін орындай отырып, Халық Комиссарлары Кеңесі Ресей ұлттары туралы мәселе бойынша өз қызметінде мынадай бастамаларды негізге алады деп шешті:

- 1) Ресей халықтарының теңдігі мен егемендігі;
- 2) Ресей халықтарының бөлініп шығып, дербес мемлекет құруға дейін баратын ерікті түрде өзін-өзі билеу құқығы;
- 3) ұлттық-діни артықшылықтар мен шектеулердің қандайын болса да түгел жою;
- 4) Ресей аумағын мекендейтін аз ұлттар мен этникалық топтардың еркін дамуы.

Осылардан туындайтын нақтылы декреттер Ұлт істері жөніндегі комиссия құрылғаннан кейін дереу жасалатын болады.

Ресей Республикасы атынан

Ұлт істері жөніндегі халық комиссары

Иосиф Джугашвили - Сталин

Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы

В. Ульянов (Ленин)

Кеңес өкіметінің Декреттері.

1-том. М., 1957. 39—41-бб.

**АҚТӨБЕ УЕЗІНДЕГІ 1-і БӨРТІ БОЛЫСЫ, №7 АУЫЛЫНЫҢ
АУЫЛДЫҚ ДЕПУТАТТАРЫ КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСІНІҢ БІРЫҢҒАЙ
ОРЫС-ҚАЗАҚ ЕҢБЕК МЕКТЕБІН АШУ ТУРАЛЫ ХАТТАМАСЫ**

26 қараша, 1917 жыл.

Біз, төменде қол қойып отырған 14 депутат, бүгінгі күні ауылдың көптеген ақсақалдарының түгел қатысуымен, мынадай пікірге келдік: патша өкіметі кезінде бізге, мұсылман қырғыздарға, ешқандай көңіл бөлінбеді, бізді қараңғылықта ұстады, біз қырғыздар, аздап болса да көзімізді ашып, мұсылманша, ең бастысы, орысша сауат ашуымызға болатын мектептер, медреселер және басқаларын салғыздады, ал біз ол кезде оған қатты мұқтаж едік, біздің талай рет өтініш жасағанымызға қарамастан, бұған бір аванс жоқ деген сылтаумен бас тартылып келді, сөйтіп, біздің аулымызда осы кезге дейін мектеп те, медресе де жоқ, ешқандай оқыту ісі де жоқ. Ал қазір біз Кеңес өкіметін қабылдап, бұл өкіметтің әділеттілігіне, оның халық игіліне, әсіресе бізге қараңғы және сауатсыз қырғыздарға қамқорлық жасайтынына толық түсініп, оған көзіміз жетті. Сондықтан да біздің бәріміз жалпы жұрттың түгел келісуімен бірауыздан былай деп қаулы еттік:

Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитет жанындағы Халыққа білім беру бөлімінен біздің ауылда балаларымызға орысша сауат беру үшін мүмкіндігінше аз уақытта 1-сатылы бірыңғай орыс-қырғыз ауылдық еңбек мектебін ашу қатты өтініп сұралсын. Ал біздің балаларымызды оқыту үшін бұл мектепке сенімді адам, өз ісін білетін, Орынбор азаматтық гимназиясынан 4 сыныптық білім алған, жалпы біздің мектебімізде алғашқы кезде болса да мұғалім болуға лайықты, тәжірибелі қырғыз Кәрмағамбет Қазиевті мұғалім етіп тағайындауды өтінеміз. Бізде мектеп үшін жақсы жай — медресенің ағаш үйі бар. Алғашқы кезде мектепке от жағу, мектеп керек-жарақтары, қызмет көрсету және басқалары үшін қазынадан аздап болса да аванс бөлуді өтінеміз. Осы жөнінде өтініш жасау үшін біз халыққа білім беру мүшесі Өтеген Мұқалиевты сайлап отырмыз; осыған сауаттылар өз қолымен, ал сауатсыздар сенім бойынша қол қоямыз (14 депутаттың қолы қойылған).

№7 ауыл атқару комитетінің төрағасы

С. Бұланов

Хатшы

Қ. Қарабаев

Қазақстандағы Кеңестер мен ревкомдар (1917 ж. қазан — 1920 ж.).

Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1971. 126-127-бб.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘСКЕРИ КЕҢЕСІ
МЕН ӘСКЕРЛЕРІ ҚОЛБАСШЫСЫНЫҢ
И.Е.МАМОНТОВТЫҢ ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫМЕН
ҚЫЗЫЛ АРМИЯ ОТРЯДТАРЫН ҚҰРУ
ТУРАЛЫ БҰЙРЫҒЫ**

Верный

13 мамыр, 1918 жыл.

Әскери кеңес дереу партизан отрядын құру қажет деп санайды. Отряд бастығы болып азамат Мамонтов тағайындалады.

Майдандардың қолбасшылары мен 1-Жетісу социалистік жаяу әскери полкінің командирі, майдан мен полктің тілек білдірген азаматтарына аталған партизан отрядына жазылуды дереу ұсынатын болсын. Партизан отрядына өткісі келетін адамдардың тізімдері міндетті түрде үстіміздегі жылдың 14 мамырында таңертеңгі сағат сегізге дейін Әскери кеңеске жіберілсін.

Партизан отрядының қатарында қатаң революциялық тәртіпке бағына алатын және еңбекші халықтың мүдделері жолында өз өмірін құрбан етуге дайын адамдар ғана өте алатыны хабарланады.

Әскери кеңестің Төрағасы және
облыс әскерлерінің қолбасшысы үшін

Демченко

Шетелдік соғыс интервенциясы және Орта Азия мен
Қазақстандағы азамат соғысы. 1-том. Алматы, 1963. 28-б.

**РК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҚАЗАҚТАРҒА КӨЗҚАРАС
ТУРАЛЫ ХАТЫ**

24 қаңтар, 1919 жыл.

Нұсқау хат ретінде, құпия

Қазақ аудандарындағы түрлі майдандарда болған соңғы оқиғалар — біздің қазақ қоныстарына тереңдеп енуіміз бен қазақ әскерлері арасындағы азғындау — бізді, партия қызметкерлеріне аталған аудандарда Кеңес өкіметін қайта құру мен нығайту кезіндегі жұмысының сипаты туралы нұсқау беруге мәжбүр етеді. Қазақтарға қарсы азамат соғысы жылдарының тәжірибесін ескере отырып, қазақтардың барлық үстем топтарына қарсы оларды түгелдей

қырып-жою жолымен мейлінше аяусыз күрес жүргізу бірден-бір дұрыс жол деп танылуы қажет. Ешқандай ымыраластыққа, ешқандай жартыкештікке жол беруге болмайды. Сондықтан мына шараларды жүзеге асыру қажет:

1. Бай казактарға қарсы, олардың бірін қалдырмай жойып, жапшай террор жүргізілсін; Кеңес өкіметіне қарсы күреске қандай болса да тура немесе тікелей қатысқан барлық казактарға қарсы жапшай аяусыз террор жүргізілсін. Ортаңғы казактардың тарапынан Кеңес өкіметіне қарсы жаңадан бас көтеруге қандай да болсын тыйым салынғанына кепілдік беретін барлық шараларды қолдану қажет.

2. Астығы тәркіленіп, артық астықтарының бөрін көрсетілген пункттерге құюға мәжбүр етілсін, бұл астыққа да, басқа ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәріне де қатысты.

3. Келіп қоныстанушы кедейлерді мүмкін болған жерге қоныстандыруды ұйымдастырып, көмек көрсету жөнінде барлық шаралар қолданылсын.

4. Келген жатжұрттықтар және басқалар да барлық жағынан казактарға теңестірілсін.

5. Толық қарусыздандырылу жүргізіліп, тапсыру мерзімінен кейін қару табылған әрбір адам атылып тасталсын.

6. Қару жатжұрттықтардың тек сенімділеріне ғана берілсін.

7. Қарулы отрядтар толық тәртіп орнаған уақытқа дейін казак станицаларында қалдырылсын.

8. Белгілі бір казак қоныстарына тағайындалған барлық комиссарларға барынша қатаңдық танытып, осы нұсқауды мүлтіксіз орындау ұсынылады.

Орталық Комитет тиісті Кеңес мекемелері арқылы Жерхалкомға кедейлерді казак жерлеріне көшіру жөнінде жедел тәртіпте нақты шаралар әзірлеуді міндеттейді.

РК(б)П Орталық Комитеті.

Известия ЦК КПСС. №6. М., 1989. С. 177-178.

**РКФСР ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫРҒЫЗ
ӨЛКЕСІН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
ТУРАЛЫ УАҚЫТША ЕРЕЖЕСІ**

10 шілде, 1919 жыл.

§1. Ұзамай шақырылуы мүмкін Жалпы қырғыз съезі шақырылып, Қырғыз өлкесінің автономиясы жарияланғанға дейін, бұл өлкені басқару үшін Революциялық комитет құрылды, өлкені басқаратын жоғары әскери-азаматтық басқарма сол болады.

§2. Революциялық комитет Ресей Республикасының Орталық өкіметі тағайындайтын 7 мүшеден құрылып, Революциялық комитет мүшелігіне халық арасынан шыққан белсенді қызметкерлерді енгізуге құқық беріледі.

§3. Түркістан республикасының Қырғыз съезі мен Орталық Кеңес өкіметінің келісімі бойынша Қырғыз өлкесінің аумағын анықтағанға дейін Революциялық комитеттің қарамағына Астрахан губерниясының қырғыз аумағы және Орал, Торғай, Ақмола мен Семей облыстары кіреді.

§4. Жергілікті кеңес бірлестіктері мен Атқару комитеттерінің бәрі Революциялық комитеттерге тікелей бағынады.

§5. Революциялық комитеттің ұйымдасуына байланысты құрылған, әскери-оперативтік қатынастары жөнінен Бүкілресейлік Бас штабқа тікелей бағынатын және ол туралы Республиканың Революциялық-Әскери Кеңесі 1919 жылғы 3 сәуірде бекіткен ережеге сәйкес жұмыс істейтін қырғыз әскери комиссариаты бөлім ретінде, Революциялық комитеттің қарамағына көшеді. Революциялық комитеттің ұйымдасуына байланысты Ұлттар комиссариаты жанынан құрылған Ұлт істері жөніндегі қырғыз бөлімі, сонымен қатар Қырғыз өлкесінің Жалпы съезін шақыру жөнінде Бөкей ордасында ұйымдастырылған комиссия таратылады. Революциялық комитет олардың орнына мыналарды құрады:

а) 3 адамнан Қырғыз өлкесінің өкілдігі, бұлар: Кеңестердің Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетіне қарасты төраға мен оның екі көмекшісі және;

ә) Революциялық комитет жанынан жергілікті жерлерде Кеңес өкіметін ұйымдастыратын және Қырғыз өлкесінің Жалпы съезін шақыратын бөлім.

§6. Революциялық комитеттің мақсаты:

а) Қырғыз өлкесі шеңберінде бүкіл Кеңес жұмысын біріктіріп, ұйымдастыру;

ә) Орталық Кеңес өкіметінің қаулыларын жергілікті халықтың тұрмысына, әдет-ғұрпы мен жағдайларына сәйкес жүзеге асыру;

б) жергілікті Кеңестердің жұмысына бақылау жасау;

в) Қырғыз өлкесін шаруашылық және мәдени жағынан көтеру жөнінде барлық шараны қолдану;

г) таза жергілікті маңызы бар күнделікті туындап отыратын мәселелердің бәрін шешу;

д) Жалпы съездің бекітуін тапсыру үшін Қырғыз автономиясы туралы ереженің жобасын жасау және;

е) Қырғыз өлкесі, РКФСР және Түркістан Кеңес Республикасы араларындағы қарым-қатынастарды реттеу.

Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы

В. Ульянов (Ленин)

Халық Комиссарлары Кеңесінің
іс басқарушысы

Вл. Бонч-Бруевич

Хатшы

Л. Фотиева

Мәскеу, Кремль. 10 шілде, 1919 ж.

Кеңес өкіметінің Декреттері. М., 1971. 5-том. 379-380-бб.

II тарау. XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР МЕН АҒЫМДАР

ОРЫС ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР

Орыс энциклопедияларында қазақтардың саны, демографиялық даму динамикасы туралы деректер де қамтылған. Мәселен, «Брокгауз-Ефрон» энциклопедиясында: «Саны жағынан қазақтар Азиядағы көшпелі тайпалардың ішіндегі бірінші орынға ие. Қырғыз-қайсақтар Еділ жағалауынан Тарым алабына (осы күнгі Шыңжаң өлкесі) дейінгі, Өмударияның төменгі ағысынан Ертіс өзеніне дейінгі ұшы-қиырсыз өлкеде көшіп-қонып тіршілік етеді. Олардың жалпы саны 3 млн адамнан әлдеқайда асып түседі. Едәуір бөлігі (3 млн-нан астамы) Ресей қол астына қарайды»¹ дей келе, олардың Астрахан, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Самарқан, Закаспий облыстарындағы санына жеке-жеке тоқталады.

Автордың деректері бойынша Астрахан губерниясында — 216 000, Орал облысында — 412 601 (облыс халқының 79 пайызы), Торғай облысында — 338 802, Ақмола облысында — 341 414 (халықтың 73 пайызы), Семей облысында — 547 577 (халықтың 90,6 пайызы, Жетісу облысының солтүстік уездерінде — 600 000, Сырдария облысында — 730 000 (халықтың 60 пайызы), Өмудария бөлімінде — 40 000, Самарқан облысында — 20 000 және Закаспий облысында — 40 000 қазақ тұратыны, сондай-ақ Верхнеурал, Челябин, Троицк уездерінде 40 000-нан астам қазақтың көшіп-қонып тіршілік ететінін атап көрсетеді. Автор қазақтардың бұдан басқа Хиуа хандығында, Солтүстік-Батыс Моңғолияда және Қытайда да көп қоныстанғандығын еске салып өтеді².

¹«Брокгауз-Ефрон». 29-том. СПб., 1895. 104-б.

² Сонда, 104-б.

Мақала авторы А.Яновскийдің бұл деректері қазақтар туралы сол кезеңдегі орыс шығыстану ғылымындағы деректермен толық ұштасады.

Осы мақала басылған «Брокгауз-Ефрон» энциклопедиясының 29-томы жарық көрген 1895 жылдан кейін араға екі жыл салып, 1897 жылы Ресейде үлкен халық санағы болып өтті. Міне, осы санақтың толық деректері «Гранат» энциклопедиясында жарияланды. Онда былай делінген: «Қазақтардың саны 1897 жылғы санақ бойынша төмендегі цифрмен өрнектеледі:

Торғай облысы	410 904
Орал облысы	460 173
Бөкей ордасы (Астрахан губерниясы)	250 820
Ақмола облысы	427 389
Семей облысы	604 564
Жетісу	794 815
Сырдария	952 061
Самарқан	63 091
Закаспий	74 225
Томск губерниясы	24 643
Тобыл	7 481
Самар	7 843
Орынбор	4 971
Ресейдің қалған бөлігіндегісі	1 159
Барлығы:	4 084 139

Бұл жинақтан біз олардың сан жағынан Еуропадағы бірнеше мемлекеттің халқына жететін ұлт екенін айқын аңғарамыз. Бұл көшпелі мемлекет қалай пайда болды?»* — деген сұрақ тастап, автор ары қарай көне замандар қойнауынан суыртпақтап сыр тартып, халықтың санғасырлық тарихын көз алдына әкеледі.

«Гранаттағы» қазақтардың нақты саны көрсетілген бұл деректерде Орта Азияның Ресейге қарамайтын бөлігіндегі, ол кездерде Қытай империясының қол астында болған Солтүстік-Батыс Моңғолиядағы және Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың саны ескерілмеген. Дегенмен «Гранаттағы» деректерді ХІХ ғасыр соңындағы қазақтардың нақты санын көрсетудегі бірден-бір шындыққа жуықтайтын мәліметтер ретінде қарастырған жөн. Ол мұрағат

* Киргизы. «Гранат». Т. 24. СПб., 1914. С. 143.

материалдары, негізінде, 1897 жылғы Ресей империясындағы қазақтар санын 3 881 800 адам мөлшерінде анықтаған Н.Е.Бекмаханованың деректерімен ұштаса түседі¹.

Төңкеріске дейінгі энциклопедиялардың бірі — «Русская энциклопедияда» «Брокгауз-Ефрон» мен «Гранаттағы» деректер толықтырылған. Мұнда қазақтардың саны ең соңғы деректер есебінде, яғни: «қазақтар 5 млн-ға жуық, Азиядағы түркі халықтар ішінде Осман түріктерінен кейінгі екінші орында»² — деп жазылған. Егер «Брокгауз-Ефрон», «Гранат» энциклопедияларында қазақтардың саны 1847 жылғы халық санағының дерегі (4 084 139 адам) бойынша берілсе, «Русская энциклопедияда» XX ғасыр басындағы деректер пайдаланған.

Құл-Мұхаммед М. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі.
А., Атамұра, 1994. 83-84-бб.

**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ ОРЫНБАСАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА
СТОЛЫПИНДІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ
ЖӨНІНДЕ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІК
БАС БАСҚАРМАСЫНА ХАТЫ**

30 сәуір, 1909 жыл.

Торғай губернаторы биылғы 5 сәуірде Ұзынкөл көліне жақын жердегі жер алқабына өздігінен орналасып алушылардың жерді өз бетінше басып алған оқиғасы туралы хабарлай келіп, қырғыздардың жерін тартып алу туралы жалпы мәселе қозғаған. Губернатордың хабарлауына қарағанда, қырғыздардың жер пайдалануынан қоныстану алқаптарын алып, дұрыс, заңда белгіленген қоныстандырумен қатар, соңғы қазыналық қоныстандыру алқаптарын құру мүмкін емес деп танылатын жерлерде қырғыздардың жекелеген алқаптарды өз бетімен басып алатын өте орынсыз оқиғалары жиілеп кеткен. Мұндай басып алушылықтарға қарсы күресу өте қиын, өйткені басып алынған жерден көшіру белгілі бір уақыттан соң тек сот тәртібімен ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Оның бер жағында, сот ісі

¹Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986. С. 142.

²Киргизы. Русская энциклопедия. Т. 10. СПб., 1914. С. 135.

созылып кетеді де, өз бетінше құрылған поселкелер өсіп, көшіру жөнінде қабылданған шешімді жүзеге асыру барысында енді ондаған емес, жүздеген үйлерді көшіруге тура келеді.

Өз бетінше орналасып алушылардың сот шешімдеріне өз еркімен бағынудан бас тартуы себепті мұндай шешімдер, әдетте, орындалмай қалуда. Бұл істердің сот шешімдері беделін мұндай қорлаушылықпен аяқталуы көптеген жағдайларда өз бетімен орналасып алушыларға басып алынған жерді бөліп жіберу жолымен заңдастыру арқылы аяқталады. Облысқа қоныстандыру нақтылы реттелмей және ұйымдастырылмай отырған кезде орналасып алушылар үшін бұл сияқты әрекет, мейлінше тиімді де, сондықтан онымен бір жағынан келісуге де болады. Оның үстіне, әлі толық есептеліп қоныстандыру мұқтаждарына алынбаған қырғыз жері көлемінің кең-байтақ екендігі жағдайында мұндай басыпалушылық, көп жағынан алғанда, қырғыздар үшін ерекше залалды және ренішті болған емес. Бірақ қазіргі уақытта, мысалы, Қостанай уезінде қырғыздардың шұрайлы жерінің едәуір бөлігі қазірдің өзінде қоныстандыру үшін пайдаланылып қойған кезде және қоныстандыру қорын ұлғайту үшін қырғыздардың өздерін қоныстандыру нормалары бойынша жер пайдалану мөлшеріне келтіру көзделіп отырған кезде, заңда бөлінген қырғыздарда қалатын жерді өз бетінше қосымша басыпалушылық олардың шектен тыс ашу-ызасын туғызбай қоймайды. Атап айтқанда, Қостанай уезінде қырғыздар арасында қоныстануға осы соңғысының барлық түрлеріне қарсы үгіт едәуір күшті және қоныстанушылар туралы мәселе қырғыздар арасында тұрақты кеңестердің тақырыбы және алдағы уақытта қырғыздардың өздерін жерге біржола орналас-тырып болғанша, қоныстандыруды мүлде тоқтату туралы қазірдің өзінде талай рет жасалған өтініштердің негізі болып отыр.

Жоғарыда аталған жағдайды Жоғары мәртебелі Сізге хабарлауды борышым деп санаймын, өзіңізге бас ие отырып, барынша, құрметім мен адалдығымды қабылдауыңызды өтінемін.

Қол қойған:

П. Курлов

Қазақстандағы 1907—1914 жж. жұмысшы және аграрлық қозғалыс. Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1957. 139-140-бб.

ОРЫНБОРДАҒЫ ЖАЛПЫҚАЗАҚ СЪЕЗИ МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН

5—13 желтоқсан, 1917 жыл.

...Ғаббасовтың автономия туралы баяндамасын талқылай келіп және қазан айының соңында Уақытша үкіметтің құлағанын, Ресей Республикасының халықтың сеніміне және моральдық беделге ие болған өкіметтен айырылғанын, елде қандай да бір өкімет билігі болмаған жағдайда азамат соғысының тууы мүмкін екенін, анархия бүкіл мемлекет бойынша үлкен қалалар мен деревняларды толқыннан кейін толқын туғандай жайпап кететін, анархияның күн санап өршіп, қырғыздар (қазақтар) тұратын облыстардың аумағына таралу қаупі төніп отырғанын, анархия толқыны қазақ-қырғыз халқы облыстары тұрғындарының өмірі мен мүлкіне қатер төндіретінін, орын алып отырған қиын жағдайдан шығудың бірден-бір жолы қырғыз (қазақ) облыстарының барлық халқы танитын мықты өкімет ұйымдастыру болып табылатынын ескере отырып, съезд бірауыздан қаулы етті:

1. Тегі бір, мәдениеті, тарихы бір және тілі бір қырғыз (қазақ) халқы басым, тұтас аумақ болып табылатын Бөкей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарының, Ферғана, Самарқан уездері, Закаспий облысы қырғыздарының, Алтай губерниясының жапсарлас жатқан қырғыз болыстарының аумақтық-ұлттық автономиясы құрылсын.

2. Қырғыз (қазақ) облыстарының автономиясына Алаш атауы берілсін.

3. Автономиялы Алаш облыстарының аумағы жер бетінде жатқан барлық байлықтармен, суымен, оның байлықтарымен, сондай-ақ жер қойнауларымен қоса Алаштың меншігі болып табылады.

4. Алаш автономиясының Конституциясын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы бекітеді.

5. Қырғыз (қазақ) арасында тұратындардың бөріне азшылық құқықтарына кепілдік беріледі. Алаш автономиясының барлық мекемелерінде барлық ұлттар өкілдері пропорциялы түрде болуға тиіс. Алаш автономиясы шегінде жері жоқтарға ерекше аумақтық және мәдени автономия да берілді.

6. Алаш облыстарын анархияның жалпы күйзелтуінен құтқару мақсатында 25 мүшеден тұратын «Алашорда» Уақытша Халықтың кеңесі ұйымдастырылып, оның 10 орны қырғыз (қазақ) арасында тұратын орыстар мен басқа да халықтарға берілсін. Алашорданың орталығы ретінде уақытша Семей белгіленсін. Алашорда қырғыз (қазақ) халқының бүкіл атқарушы өкімет билігін дереу өз қолына алуға тиіс.

7. Алашорда милиция құруға жігерлі шаралар қолдануға міндеттенеді.

8. Алашорда жалпы Ресей Құрылтай жиналысының сайлауын өткізу туралы қолданылып отырған ережелерге сәйкес өзі өзірлеген негіздерде таяу уақытта Алаш автономиясының Құрылтай жиналысын шақыруға міндетті.

9. Съезд Алашордаға:

1) қарыздар жасасуға;

2) басқа да автономиялы көршілерімен блоктар туралы келіссөз жүргізуге уәкілдік береді, бұл ретте шарттар жасаудың өзі Алаштың Құрылтай жиналысына беріледі.

10. Алаштың Құрылтай жиналысына Халықтық Кеңес Алаш автономиясы өзі өзірлеген Конституция жобасын ұсынуға міндетті.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты. 1-т. 19-іс, 2-3 п.

АЛАШ ПАРТИЯСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫ

I. Мемлекет қалпы

Ресей сияқты демократиялық, федеративтік республика болу. (Демократия мағынасы мемлекетті жұрт билеу. Федеративтік мағынасы — құрдас мемлекеттер бірлесуі, федеративтік республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады. Әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді). Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу, ол министрлер Учредительное собрание мен Г. Дума алдында жауаптар болу.

Депутаттар тегіс, тең, төте һәм құпия сайлаумен болады. Сайлау құқында қан, дін, еркек, әйел талғаусыз болу. Заңды жалғыз ғана Г. Дума шығару һәм Г. Дума үкімет үстіне қарап, ісін тексеру, запрос (сұрау) жасау құқы да Г. Думада болады. Мемлекет салығы Г. Думасыз салынбау.

II. Жергілікті бостандық

Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір ағзасы болу. Реті келсе, қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлес болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу. Қайткенде де осы күнгі земстволықты қабыл алу.

Алаш партиясы қазақтың би, болыс, ауылнайлары сияқты орындарында қызмет ететін адамдар жұртқа пайдалы, жұрт үшін қызмет етерге көңілді адамдар болуына жаһид¹ қылады. Земстволардың управаларында, милицияларында таза қызметші боларлық адамдардың атын халық қалауына салады.

Алаш партиясы әділдікке жақ, нашарларға жолдас, жәбірлерге жау болады. Күш-қуатын игілік жолына жұмсап, жұрт тарақи² ету жағына бастайды.

III. Негізгі құқық

Ресей республикасында дінге, қанға қарамай, еркек-әйел демей адам баласы тең болу. Жиылыс жасауға, қауым ашуға, жария сөйлерге, газет шығаруға, кітап бастыруға — еркіншілік; үкімет қызметшілері иесінен рұқсатсыз әкім табалдырығын аттамаушылық; законсыз жолмен ешкімді үкімет адамдары ұстамаушылық; сот сұрамай, билік айтылмай, тұтқын қылмаушылық; қылмысты болған адам судья бар жерде 24 сағат ішінде, судьясыз жерде бір жетіден қалмай судьяға тапсырылып жабылса, судья үкімімен жабылу. Кісі хатын ашқанға айып, оқығанға жаза болу.

IV. Дін ісі

Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең құқық. Дін жаюға³ ерік. Кіру-шығу жағына бостандық.

¹Жаһид — арабтың жаһд немесе жуһд сөзінен ауысып қолданылған нұсқа, «тырысады, талпынады, құлшынады» деген мағынаны білдіреді (*Борисов В.М. Русско-арабский словарь. Т. II. М., 1982. С. 332.*).

²Тарақи — арабтың тарақкаи сөзінен ауысып қолданылған нұсқа, «дамыту, өркендету» деген мағынаны білдіреді. (*Борисов В.М. Русско-арабский словарь. Т. II. М., 1982. С. 163.*)

³«Жаюға» сөзі түпнұсқада анық көрінбегендіктен (сөздің соңы «-уға» деп аяқталыпты), логикалық тұрғыда осылай деп бердік.

Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ, жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралу.

V. Билік һәм сот

Әр жұрттың билік пен соты тұрмыс ыңғайына қарай болу. Би һәм судья жергілікті жұрттың тілін білу. Аралас жерде судтың тергеу-тексеруі һәм үкімі жергілікті жұрттың қай көбінің тілінде айтылу. Би һәм судья орнынан тергеусіз түспеу. Билік һәм сот жүзінде жұрт біткен тең болу; Құдайдан соңғы күшті би һәм судья болып, кім де болса, олардың үкіміне мойынсұнуы. Айтылған үкім тез орнына келуі. Зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралуы. Қазақ көп жерде сот тілі — қазақ тілі болу. Присяжныйлар қазақтан алыну. Қырдағы ауыл, болыс ішіндегі билік пен суд жұрт ұйғарған ереже жолымен атқарылу.

VI. Ел қорғау

Ел қорғау үшін әскер осы күнгі түрде ұсталмау. Әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету: әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу. Әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару.

VII. Салық

Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға — байша, кедейге — кедейше әділ жолмен таратылу.

VIII. Жұмысшылар

Жұмысшылар закон панасында болу. (Қазақ жерінде зауыт-фабрика аз, сондықтан қазақтың жұмысшылары да аз. Алаш партиясы жұмысшылар турасында социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайды.)

IX. Ғылым-білім үйрету

Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу; жұртқа жалпы оқу жайылу. Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу; қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу; оқу жолы өз алды автономия түрінде болу; үкімет оқу ісіне кіріспеу; мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу; ел ішінде кітапханалар ашылуы.

Х. Жер мәселесі

Құрылтай жиналысы негізгі заң жасағанда, жер сыбағасы алдымен жергілікті жұртқа берілсін деу; қазақ жер сыбағасын отырған жерлерден алып орналасқанша, қазақ жеріне ауған мұжық келмеу; бұрын алынған жерлердің мұжық отырмағандары қазаққа қайту; қазаққа тиетін жер сыбағасын жергілікті комитеттер кесу; сыбаға өлшеу — норма — жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай артылған жер земство қолында болу; артық тұрған жерден ел өскенде ауық-ауық сыбаға кесіліп берілу; Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілу; жерді қазақ үй басына иеленбей ауыл-аймақ, туысқан табына меншіктеп алу; өзара әділдік жолмен пайдалану.

Жер законінде жер сату деген болмау, әркім өзі пайдалану. Пайдасынан артық жер сатылмай, земствоға алыну. Жердің кені, астыңғы* байлығы қазынанікі болып, билігі земство қолында болу.

Аса зор ағаш, зор өзендер мемлекеттікі болып, аз ағаш һәм көл байлықтары земство мүлкіне саналу.

Жоба жасаушылар:

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Ғұмаров, Есенғали Тұрмұхамедов, Ғазымбек Бірімжанов.
«Қазақ» газеті 21 қараша, 1917.

Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда.
Алматы, 1995. 200—222-бб.

ТҮРКІСТАН КЕҢЕСТІК ФЕДЕРАЦИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

30 сәуір, 1918 жыл.

1. Түркістан өлкесінің аумағы Ресей Кеңестік Федерациясының Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасы деп жарияланады.

Түркістан Республикасының құрамына Хиуа мен Бұхараны қоспағанда, бүкіл Түркістан елі өзінің географиялық шекарасына енеді.

*«Астыңғы» сөзі түпнұсқада «астығы» деп қате басылды ма деген ойдамыз — (*Құраст.*)

2. Түркістан Кеңестік Федерациялық Республикасы автономиялы басқарыла отырып, Ресей Кеңестік Федерациясын таниды және өзінің іс-қимылын, оның орталық үкіметімен үйлестіріп отырады.

3. Түркістан Федерациялық Республикасының жоғарғы заң шығарушы органы жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман-диқан депутаттары Кеңесінің желтоқсан айының алғашқы күндерінде шақырылатын съезі болып табылады.

4. Тұрақты заң шығаратын жоғарғы орган Түркістан өлкесі Кеңестерінің съезд 36 адамнан сайлайтын Орталық Атқару комитеті болып табылады.

5. Атқару міндеттері және өлкені басқару ісі съезд 16 адам мөлшерінде сайлайтын Халық Комиссарлары Кеңесіне шоғырландырылады.

6. Жергілікті жерлердегі өкімет Кеңестер мен олардың Атқару комитеттері болып табылады.

7. Орталық үкіметпен өзара қатынастарды анықтау үшін съезд 5 адамнан комиссия сайлайды, ол съезден кейін осы мақсат үшін Мәскеуге аттанады.

Шетелдік соғыс интервенциясы және Орта Азия мен Қазақстандағы азамат соғысы. 1-том. Алматы, 1963. 25-б.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ӘСКЕРИ КЕҢЕС ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

24 маусым, 1918 жыл.

Қаулы етілді:

Алашорда жанынан үш адамнан әскери кеңес құрылып, оған әскери министрлік міндеттері жүктелсін. Алашорданың облыстық және уездік бөлімдері жанынан облыстық, уездік әскери кеңеске большевиктерге қарсы күресу үшін жігіттер шақыру міндеті жүктеледі.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ КЕҢЕС ӨКІМЕТІ ЗАҢДАРЫНА КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫ

Қаулы етілді:

Кеңес үкіметі шығарған барлық Декреттер Алаш автономиясы аумағында жарамсыз деп танылсын.

АЛАШОРДА ҮКІМЕТІНІҢ ЗЕМСТВО ҚАУЛЫСЫ

Қаулы етілді:

Алаш автономиясы аумағында 1917 жылғы 17 маусымда Уақытша үкіметтің заңы бойынша енгізіліп, Кеңес өкіметі таратқан земство мекемелері қалпына келтірілсін. Земство мекемелері әлі енгізілмеген жерлерде олар нақ сол 1917 жылғы 17 маусымдағы заңға сәйкес дереу енгізілсін. Болыстық земство енгізілгенге дейінгі уақытта болыстарда Ақпан революциясынан кейін халық құрған болыстық, ауылдық және селолық комитеттер заңды өкімет деп танылсын.

Алашорданың Төрағасы
Мүшелері:

Ә. Бөкейханов
Х. Ғаббасов, М. Тынышпаев

Шетелдік соғыс интервенциясы және Орта Азия мен
Қазақстандағы азамат соғысы. 1-том.
Алматы, 1963. 596-597-бб.

БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІ МЕН ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫРҒЫЗ (ҚАЗАҚ) АВТОНО- МИЯЛЫ СОЦИАЛИСТІК КЕҢЕС РЕСПУБЛИКАСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ

26 тамыз, 1920 жыл.

Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1919 жылғы 10 шілдедегі Декретін (заңдар жинағы, 1919 ж., №36, 354-бап) кеңейту ретінде қаулы етеді:

1. РКФСР-дің бір бөлігі ретінде Автономиялы Қырғыз Социалистік Кеңес Республикасы құрылып, оның құрамына бұрынғы әкімшілік көлеміндегі мына облыстар енгізілсін:

а) құрамында: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері бар Семей облысы;

ә) құрамында: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі бар Ақмола облысы;

б) құрамында: Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері бар Торғай облысы;

в) құрамында: Орал, Ілбішін, Темір мен Гурьев уездері бар Орал облысы;

г) Закаспий облысының Маңғыстау уезі, сол облыстың Красноводск уезінің 4- және 5-Адай болыстары;

д) Астрахан губерниясынан: Синеморск облысы, Бөкей ордасы және 1-, 2-Приморье округтеріне жапсарлас бұрынғы қазынаның оброкке берілген жерлері. Жағалаудағы жерлер мен Сафронов, Гонюшкин, Николаев болыстарына келетін болсақ, онда олар шаруашылық жағы болмаса, басқа барлық жағынан Қырғыз Революциялық Комитетінің қарамағында қалады. Түрлі ұлттан құралған халқы бар облыстардың өзара қатынастарын әбден анықтап реттеу үшін Астрахан Атқару Комитеті мен Қырғыз Революциялық Комитеті өкілдерінен Астрахан Атқару Комитетінің жанынан Комиссия құрылсын.

2. Қазір Түркістан Республикасының құрамына кіріп отырған Қырғыз жерін Қырғыз республикасының құрамына қосу, осы облыстар халықтарының тілегі бойынша жүргізіледі.

3. Депутаттардың жергілікті Кеңестері, Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары — Қырғыз Автономиялы Социалистік Кеңес Республикасының Басқару органдары болып табылды.

4. Қырғыз Социалистік Кеңес Республикасы істерін басқару үшін мынадай халық комиссариаттары құрылды:

1) Пошта мен Телеграф басқармасы бар Ішкі істер Комиссариаты; 2) Әділет; 3) Ағарту; 4) Денсаулық сақтау; 5) Әлеуметтік қамсыздандыру; 6) Егіншілік; 7) Азық-түлік; 8) Қаржы Халық Комиссариаттары; 9) Халық шаруашылығы кеңесі; 10) Жұмысшы-шаруа инспекциясы; 11) Еңбекші Халық Комиссариаты және; 12) Қатынас жолдар Халық Комиссариаты.

5. Өскери аппаратты басқару үшін Қырғыз Өскери Комитеті құрылып, ол Заволжье Өскери Округіне бағынады.

6. Республиканың бүкіл аумағында РКФСР-дің қаржы және шаруашылық саясатының бірлігін сақтау мақсатымен Қырғыз Социалистік Кеңес Республикасының Азық-түлік, Қаржы, Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық Комиссариаттары, сондай-ақ Халық шаруашылық кеңесі және Пошта мен Телеграф Басқармасы, Қырғыз Статистика Бюросы, Қырғыз Төтенше Комиссиясы, Еңбекші Халық Комиссариаты мен Қатынас жолдар Халық Комиссариаты РКФСР-дің тиісті Халық Комиссариаттарына тікелей бағынып қала береді.

І. *Ескерту.* 6-пунктте аталған Комиссариаттардың Халық Комиссарлары және Қырғыз өлкелік Өскери Комиссары Қырғыз Республикасының Халық Комиссарлары

Кеңесінің РКФСР-дің тиісті Халық Комиссариаттарымен келісімі бойынша тағайындалды.

II. **Ескерту.** Халық Комиссариаттары жанындағы коллегияларды Қырғыз Республикасының Халық Комиссарлары Кеңесі тағайындады.

7. ҚАКСР-дің Ішкі істер (Пошта мен телеграф басқармасынсыз), Әділет, Ағарту, Денсаулық сақтау, Өлеуметтік қамсыздандыру және Егіншілік халық комиссариаттары өз істерін жүргізуде автономиялы және Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетінің алдында тікелей жауапты.

8. Автономиялы ҚКСР қажетті барлық қаржымен, техникалық құралдармен РКФСР қаржысынан жабдықталады.

9. Сыртқы істер мен Сыртқы сауда бүтіндей РКФСР-дің Орталық органдарының қарамағында қалады.

10. ҚАКСР Кеңестері съезін шақырғанға дейін Автономиялы ҚАКСР-дің бүкіл өкімет билігі осы ережеде көрсетілген жерлерде ҚАКСР Революциялық комитетінде болады.

11. Ақмола мен Семей губернияларына басшылық етуді өзіне алатын Қырғыз Республикасы орталық органдары біржолата құрылып болғанға дейін, бұл губерниялар уақытша Сібір Революциялық Комитетінің қарамағында қала береді. Сібір мен Түркістанның құрамында уақытша қала тұратын Қырғыз облыстарында бірыңғай саясат жүргізу үшін Сібір Революциялық Комитетінің және Түркістан Орталық Атқару Комитеті Төралқасының құрамына Қырғыз Революциялық Комитетінің өкілдері берілген мүшелері енгізіледі; Қырғыз Комитетінің айтылып отырған мүшелері өзінің жұмысында Қырғыз Революциялық Комитетінің алдында жауапты және соның директиваларын басшылыққа алады.

Қол қойғандар:

Бүкілресейлік Орталық Атқару
Комитетінің төрағасы

М. Калинин

Халық Комиссарлары
Кеңесінің төрағасы

В. Ульянов (Ленин)

Бүкілресейлік Орталық Атқару
Комитетінің хатшысы

А. Енукидзе

Кеңес өкіметінің Декреттері. 10-том.
М., 1979. 97—100-бб.

Ш тарау. 1920—1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

С.СӘДУАҚАСОВТЫҢ, Ә.БАЙДІЛДИННИҢ, Е.АЛДОҒАРОВТЫҢ
ҚАЗАҚСТАН ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНИҢ
ТӨРАҒАСЫНА, ҚАЗАКСР ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРЫНА
БАЯНДАМА ЖАЗБАСЫ

19 тамыз, 1922 жыл.

Ресей Федерациясының құрамдас бөлігі ретінде Қырғыз Автономиялы Республикасы орыс пролетариатының революциясы жариялаған негізде жаңа қоғамдық құрылыс бастап отыр. Осы кезге дейін ұйымдастырылу және қалыптастырылу сайысында болып келген өлкелік аппараттардың жұмысы енді ғана жолға қойыла бастауда.

Жаңа экономикалық саясат капиталға қарсы бейбіт жағдайда ұзақ уақыт күресуді көздейді. Қауырт жасампаздық жұмыс кезеңі туып келеді. Өзіміздің өнеркәсіпті, егіншілікті, мал шаруашылығын, ағарту ісін алсақ та — бәрі үшін: «Практикалық жұмыс» ұраны қойылып отыр.

Міне, енді біз практикамен бетпе-бет келіп отырғанымызда, біз сөзден іске, революциялық іс-қимылдан революциялық заңдылыққа көшкен кезде байқағанымыз, біз көп нәрсені әлі білмейді екенбіз, әлі көп нәрсені үйренуіміз керек екен. Оның үстіне практик қызметкерлерге деген осы мұқтаждық біздің Қырғыз (Қазақ) Республикасында қатты аңғарылууда.

Қазіргі кезде әртүрлі қызметтер атқаратын саны аз қырғыз қызметкерлері, негізінен алғанда, жастардан тұрады. Жастар мектеп табалдырығынан революциялық жолға түсті. Олар күрес үстінде сан қилы сыннан өтті.

Революция қырғыз жастарын жасампаздыққа емес, күресуге үйретті.

Сондықтан жастарға енді оқу, жасампаздықты және жасай білуді үйрену қажет. Бірақ жасай білу үшін

білім керек, үстіртін білім емес, қайта терең және салықалы білім керек.

Біздің алдымызда ұшы-қиыры жоқ жұмыс тұр. Біз ірі индустрия, ұтымды ауыл шаруашылығын және үлгілі санитариялық-гигиеналық жағдайлар жасауымыз қажет.

Бұл үшін барлық мамандықтар бойынша инженерлер, агрономдар, мал дәрігерлері және медицина қызметкерлері керек. Және де бұл адамдар қырғыз жастарының ішінен шығуға тиіс. Революцияшыл жастарға қоса өзімізден мамандардың шығуы бізді болашақтың ұлы перспективасынан үміттендіреді.

Ресейдің бұрын да техникалық жағынан мешеу ел деп саналып келгені мәлім. Орыстың ғылыми-техникалық әдебиеті тек қана немісше және де басқа әдебиеттердің аудармасынан құралады. Техника саласындағы ұлы өнертапқыштар, негізінен, алғанда Батыс Еуропадан шықты. Егер бұған революция кезінде Еуропадан әуелі құрыштай қатты қоршаумен, ал содан соң экономикалық жағынан оқшауланып қалған Ресейдің барлық жаңалықтарды қадағалап отырып, оларды өмірде қолдана алмағанын қосатын болсақ, Еуропаның техникалық мағынада алғанда Ресейден қаншалықты жоғары тұрғаны жеткілікті дәрежеде айқын болады.

Осыны негізге ала отырып, біз техникалық білімді шетелде, атап айтқанда, Германияда алғанды мейлінше дұрыс санаймыз, айта кетелік, Германиямен Ресейдің қалыпты дипломатиялық өзара қатынасы бар.

Басқа қай жердегіден болса да, Германияда жақсырақ техникалық білім алуға болады, өйткені онда бәрін түпнұсқа деректемелерден алуға мүмкіндік бар.

Жастарды шетелге жіберудің дұрыстығын таза психологиялық сипаттағы себептермен де дәлелдеуге болады.

Біз өзіміздің революциялық елде тұрып, оқитын болғандықтан, біздің таза ғылыми мәселелерден көңіліміз алаңдап, нәтижесінде оқу ақсайды. Сонымен бірге, біздіңше, елден сырт жүргенде өзіңді өз ісің үшін елдегіден гөрі анағұрлым жауапты сезінуің мүмкін. Біздің шетелге білім алуға жіберілгенімізді ұғыну — бізді сағат сайын, минут сайын ілгері итермелейтін және оқуға мәжбүр ететін серпін болады.

Сізден техникалық білім алу үшін шетелге адамдар жіберуді сұрауға, міне, осындай дәлелдер мәжбүр етіп отыр. Ғылымның қоғамдық-заңдық, ғылыми-педагогикалық және

өзгелері сияқты басқа да салаларынан білімді біздің көміл сеніміміз бойынша Ресейде алу қажет. Мұның себебі, біріншіден, бұл салаларда орыстың қоғамдық ой-пікірі Еуропадан әлдеқайда ілгері тұр, екіншіден, Ресейдегі жаңа мемлекеттік тәртіп тұсында бұл ғылымдардың философиялық білімі Еуропадағыға қарағанда мүлдем басқаша. Буржуазиялық-еуропалық юриспруденция, нақ сол сияқты педагогика да Кеңестік Ресейге мүлдем керек емес, сондықтан оларды шетелде оқудың да керекі жоқ.

Өзіміздің күшіміз бен білімімізді еңбекші халықтың билігіне беріп, шетелге баруға өз тілегімізді білдіре отырып, біз ол жаққа, түрікмен өкілдері сияқты (шетелге оқу үшін жастарды жіберу туралы Жәуміт баяндамасы) кейбір адамдардың түсінетініндей, бейне бір «мәдениет» алу үшін бара жатырмыз деп әсте де түсінбейміз.

Шығысқа буржуазиялық Еуропадан «мәдениет» алатын еш нәрсе жоқ. Шығысқа Еуропа өркениетінің техникасы, тек қана техникасы керек.

Ресейдің патшалық-өсімқорлық үкіметінің «жүк таситын көтерем жабысы» қызметін ғасырлар бойы атқарып келген еңбекші қырғыз халқы қазір Ресейдің басқа халықтарымен туысқандық жағдайда өмір сүріп, жаңа жолға түсіп отыр.

Еңбекші бұқара өз басшыларын олар осынау ұлан-байтақ кең даланы жаңартып, жандандыра ала ма екен деп асқан зор ықыласпен қадағалап отыр. Ал бұл міндетті біз осы заманғы техникалық ғылыммен қаруланған кезде ғана орындауға болады.

Өз ұсынысымызды іс жүзіне асыруға келгенде, біз мыналарды айтпақшымыз:

1. Биылғы күзде шетелге жіберілуге тиісті кемінде 30 адамға қаражат босатылсын.

2. ҚазАКСР Халық ағарту комиссариаты шетелде оқығысы келетін жастардың тізімдерін жасауға қазірден бастап кірісетін болсын.

3. Мәскеудегі Қырғыз өкілдігіне оның шетелге адамдар жіберу жөніндегі дайындық жұмысына (рұқсат қағаздар, шетелдік паспорттар алу, шетелдік валютаға ақша айырбастау және басқалары) кірісуі дереу тапсырылсын.

Өз тарапымыздан біздің үшеуіміз де шетелге оқуға баруға тілек білдіреміз және бізді стипендия алушылар қатарына қосуды сұраймыз.

Известия АН КазССР. № 4. Из серий общественной науки.

Алматы, 1991. С. 84-85.

А.БАЙТҮРСЫНҰЛЫНЫҢ В.И.ЛЕНИНГЕ ХАТЫНАН

17 мамыр, 1920 жыл.

В.И.Ленин жолдасқа Қырғыз (Қазақ) ревкомы құрылғалы бері 10 ай өтті. Ревкомның он айлық жұмысының қорытындысын шығара келгенде, оның өзі өмір сүрген кезінде еш нәрсе істелмегенін айтуға тура келеді. Ревком жұмысының өнімсіздігін көптеген себептермен түсіндіруге болады, бірақ негізгі себеп екеу:

1. Қырғыз өлкесін басқарудың басшылығына қойылған Орталық өкілінің айқын көзқарасы болған жоқ және соның салдарынан белгілі бір жоспары болмады, мұны Қырғыз өлкесінің әлеуметтік жағдайларының ерекшеліктері себепті қырғыз мәселесі жөнінде Орталықтың өзінде де «Ресей халықтары құқықтарының Мәлімдемесі» мен РКП бағдарламасындағы орнықты нұсқаулардан басқа анық көзқарастың болмауымен түсіндіруге болады;

2. Орталық пен халық өкілдері арасында өзара сенім болған жоқ.

Патша үкіметі тұсында ұлттық езгі мен құлдықты басынан көп кешірген қырғыздардай бұратаналар бола қоймаған шығар. Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай қоймайды. Егер қаналған ұлттың қанаушы ұлтқа қарсы өшпенділік пен ашу-ыза сезімі әрқашан туа бермейтін болса, сенбеушілік сезімі әрқашан болады. Орыстар тарапынан қырғыздар өзіне деген көзқарастың өзгергеніне көзі жеткенше, олар топқа бөлместен сенбеушілік сезімінен басқа еш нәрсе көрсете алмайды. Қырғыздарды ғасырлар бойы талап-тонап, езгіге салып келген орыс ұлтының пролетариаты өзінің езілген халықтардың мойнына патша шенеуніктерінің орнына мінгісі келетін жаңадан құлдыққа түсіруші мырзалар емес, оларды азат етушілер екенін дәлелдеуге және іс жүзінде көрсетуге тиіс. Ал оның бер жағында, жергілікті коммунист жолдастар қырғыздарды түкті де түсінбейді деп ойлап және қитұрқы саясатқа салынып, еңбекші қырғыз халқына олардың өмірін кеңестік негіздерде құруға туысқандық көмек көрсетпей, оларға алуан түрге боялған үстемдігін таңып отыр.

Орыстар өздерін тек бір ғана интернационалист-коммунистер деп атау арқылы патша үкіметінің айлакерлік саясатымен ғасырлар бойы таныс орыс емес ұлттардың өзіне деген сенімін туғыза алмайды. Қырғыздарда: «Сары орыс-

тың бөрі орыс» деген мәтел бар ... Қырғыз халқын алдауға негізделген айлакерлік саясаттың бөрі сырттай жылтырағандықтан басқа елеулі еш нәрсеге жете алмайды. Патша өкіметінің санғасырлық езгісіне іштей ашу-ызаға булығып, өшпенділікпен үнсіз төзіп келген халық қазір де үн шығармауы мүмкін, бірақ төзімділік көрсетіп былайша үн шығармау, өзінің наразылығын белгілі бір түрде білдіретін жағдай туғанға дейін ғана жалғасуы мүмкін.

Орыс пролетариатына қырғыздар жөнінде екінші бірін таңдау: әмірші жағдайында отырып және барлық жерде патшаның губернаторлары мен генерал-губернаторларының орнына диктаторлар тағайындап, өз үстемдігін күшпен таңу және сөзсіз бағынуды талап етуді не еңбекші қырғыз халқының сеніміне ие болуды таңдау қалып отыр. *Бірінші жол* айқын да түсінікті: оны әртүрлі әмірші-патшалар жеткілікті дәрежеде сынақтан өткізген. Ал *екінші жол*, біршама күрделі және бірсыпыра түсіндірмелерді керек етеді. Оның есесіне, біріншісін таңдап алған жағдайда кенестік құрылыс атаулының бөрі құрдымға кетуі мүмкін, ал екіншісі таңдап алынған жағдайда құрылыстың іргетасы берік негізде қаланады.

Мәселе мынада: қырғыздарда зиялылардың халық толық сенетін белгілі бір бөлігі бар, олардың қателесуі, адасуы мүмкін, бірақ олар өз халқын жеке басының қандайда да болсын игілігі мен пайдасын көздеп, сатпайды.

Қырғыздар арасында өздеріне сенімге ие болғысы келетін орыс пролетариаты ең қысқа жол осы зиялылар арқылы салынады. Бірақ бұл үшін осы зиялылардың Кеңес өкіметінің сеніміне кіруі қажет. Қырғыз мәселесіндегі бүкіл қиыншылық мынада: қырғыздар өздерінің күні кешегі езушілеріне сене алмай, ал Кеңес өкіметі күні кешегі қарсыластарына сене алмай отыр.

Қырғыздарды бұл көзқарастан айнытып, оларды, керісінше иландыру үшін коммунистер өздерінің ұлтына қарамай әлсіздерді езушілер емес, керісінше езілгендерді азат етушілер екенін қырғыздар дәлелдеп, іс жүзінде көрсетуге тиіс. Бұл үшін біріншіден, шет аймақтарда сүттен ақ, судан таза интернационалистер мүлде жоқ немесе аз. Өздерін интернационалистер деп атайтындардың көбі, шынына келгенде, ұлтшылдар, империалистер; екіншіден, қазіргі жағдайда бұған мүмкіндік жоқ; республикадағы өнеркәсіп дағдарысы себепті Орталықтың алғашқы кезде халықтан

көбірек алып, оған азырақ беруіне тура келіп отыр, қырғыздардың мұны дұрыс түсінбеуі мүмкін, тіпті оларда патша үкіметі өздерін еш нәрсе бермей тонаған еді, Кеңес өкіметі де нақ солай істеп отыр деген түсінік тууы мүмкін. Сонда, егер істі практикалық жағынан қарайтын болсақ, сенбеушілік көрсетуге орын болмауға тиіс.

Шынына келгенде, қырғыз халқы тарапынан сенімсіздікке орын қалмауға тиіс болатын себебі, қазір өкімет басында қырғыздарды талап-тонап, езгіге салынып келген ұлтшыл-империалистер емес, әлсіз халықтарды күштілердің езгіге салуы мен қанауын емес, керісінше оларды азат ету мақсатын көздейтін коммунист-интернационалистер отыр; нақ сол сияқты, Кеңес өкіметі тарапынан да зиялы қырғыздарға сенімсіздікке орын қалмауға тиіс болатын себебі, егер революция кезінде зиялылар большевиктердің соңынан ермеген болса, бұл олардың өз халқын азат етуге қарсы болғандығынан емес, қайта оған, халықтың революцияға дайындалмағандығы салдарынан, олар бейбіт жолмен жетуді ойлап, тәуекелге бел байлай алмағандығы, яғни халықты азат ету жолын таңдауда қателескендігі себеп болды. Дұрыс жол теориялық жағынан табылып қана қоймай, іс жүзінде де дәлелденген қазіргі кезде өз халқын азат етуді шын жүректен тілейтін қырғыз зиялылары Интернационалдан басқа өзгеше жолды таңдай алмайды. Егер осындай зиялы қырғыздар болса, олар коммунист емес, адал ұлтшылдар болған күннің өзінде де, Кеңес өкіметі оларға толық сенім көрсете алады, өйткені өздері шын жүректен сүйетін халқының мүдделері оларды Кеңес өкіметінен жармасып айырылмауға мәжбүр етеді.

Біз, Кеңес өкіметін басқарып отырған адамдардың сан-миллиондық ұлттың тағдырын мазақ етуді немесе тәлкекке салуды ойламайтынына және патшалық саясаттың ұлтшылдық және империалистік саясат болғаны, бұратаналар деп аталатын басқа халықтар жөнінде орыстарға бөріне мүмкіндік берілгені, керісінше бұратаналарға еш нәрсеге рұқсат берілмегені, бұратаналар жөнінде қылмыс жасаған орыстардың қудаланбаған, егер қудаланса да, сырт көзге ғана қудаланғаны, керісінше орыстар жөнінде қылмыс жасаған бұратаналардың қатаң жазаланып келгені даусыз нәрсе екенін мойындайтынына сенімдіміз. Мұны мойындағаннан кейін орыс халқының осы рухта, яғни бұратаналар жөнінде өзіне көп нәрсеге мүмкіндік берілген деп

санаған үстемдік етуші ұлт рухында ғасырлар бойы тәрбиеленіп келгені даусыз нәрсе екенін мойындауға тиіс деп ойлаймын. Мұны мойындағаннан кейін, дәйекті болған жағдайда, халық бұқарасының өзінің артықшылықты құқықтарынан бірден бас тарта қоймайтыны да даусыз екенін мойындауға тиіс, өйткені бұқараның психологиясын ұзақ жылдар бойы тәрбиелеу жолымен өзгертуге болады. Қазіргі уақытта кез келген көлденең адам өзін коммунист деп атайды. Оларға жақынырақтан қарағанда керемет болған екен — жұрттың бәрі коммунистерге айналып кетіпті деп ойлайсың. Бірақ кереметтер ертегілерде болады, ал дүниеде шын мәнінде ондайлар жоқ, сондықтан көпшілігінде коммунизм бетпердеден басқа еш нәрсе де емес. Сөйтіп, Ресейде коммунистер көп, бірақ нағыз идеялық коммунистер аз, ал оның үстіне олар шет аймақтарда аз болуға немесе мүлде болмауға тиіс.

Баяндалғандарды ескере келгенде:

1) Қырғыз өлкесін басқарудың басына нағыз идеялық коммунистерді және халық толық сенетін қырғыз зиялылары арасынан шығып, сынақтан өткен таза идеялық қызметкерлерді қою қажет, бірақ ешбір жағдайда коммунист қана болып саналатындар қойылмасын. Нағыз идеялық коммунистер мен идеялық қызметкерлер, қырғыздар арасынан шыққан, коммунист болмаса да, қырғыздардан да, басқалар арасынан да шыққан шалағай коммунистерге қарағанда, бір-бірімен түсінісу үшін тез арада ортақ тіл тауып, іске ортақ көзқараста болады;

2) аралас халық тұратын аудандар қарауына жататын барлық өкімет органдарында езілген ұлт өкілдері 2/3 бөлігінен кем болмауға тиіс;

3) Қырғыз өлкесінің шаруашылық-экономикалық мекемелерін басқару түрлі экономикалық бейімдік сылтауларымен басқа губернияларға немесе облыстарға ешқандай да бөлшектелінбей және бағындырылмай қырғыздардың қолында болуға тиіс;

4) қырғыз коммунистері мен революцияшыл зиялылардың бүкіл саяси-мәдени жұмысы кеңестік социалистік шаруашылық саясат бастауларына негізделуге тиіс;

5) Қырғызияны біріктіріп, Орынбор қаласынан басқарылатын әскери округ құрылсын;

6) қалалардағы гарнизондар міндетті түрде қырғыздардан тұруы тиіс;

7) Қырғыз өлкесінің шекаралары жөнінде төменде көрсетілгендерінен басқа, ешқандай өзгерістерге жол берілмеуге тиіс

Қырғыз Әскери-революциялық комитеті мен
Бүкілресейлік Орталық Атқару
Комитетінің мүшесі

А. Байтұрсынұлы

Мәскеу. 17 мамыр, 1920 жыл.

Қазақстан Республикасының қазіргі тарих Орталық
мемлекеттік мұрағаты. 811-к., 568-іс, 46—48 п.

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

Социализм құру кезінде бастан кешкен келеңсіз құбылыстарға кім кінәлі? Оның объективті себептері:

1) социализм капиталистік қоршауда, жападан-жалғыз елде құрылды. Дүниежүзілік империализм бар қайшылықтарды социализм есебінен шешкісі келеді. От шашып, жалын құсқан фашизм пайда болып, болашақ дүниежүзілік соғыс отын өршітті. Кеңес еліне, кеңес халқына социализм құру үшін тарих азғана уақыт берді. Осылай «революциялық шыдамсыздық» қалыптасты;

2) социализм құру тәжірибесі болмады, ілгері басқан әр қадам еңбектегі қаһармандық арқылы ғана жүзеге асырылады.

3) Ұлы Қазан төңкерісіне дейін Ленин партиясы, жұмысшы табы ескі қоғамды қирататын күш болды, жаңа дәуірде ол жаңа қоғамды құрушы жасампаздықты игеруі керек еді. Ескі сападан жаңа сапаға көшу кезінде революциялық астыртын жағдайда, азамат соғысы кезінде өміршіл-өкімшілік басқару жүйесі қалыптасты. Ленин жасаған социализм моделі тек күшке сүйенді.

4) Ұлы Қазан социалистік төңкерісіндегі, азамат соғысындағы, социализм құрудағы алғашқы он жыл ішіндегі жеңісті жол — партияны, халықты рухтандырды, олардың болашақта да кедергісіз жаңа жеңістерге жетеміз деген шектен тыс сенімін тудырды, ғылыми тұрғыдан негізделмеген көзсіз батырлыққа итермеледі.

Келеңсіз құбылыстардың субъективті себептері:

1) өлкелік партия ұйымының, оның басшы тобының идеялық қабілетсіздігі;

2) қазақ сахарасында кемеліне келген жұмысшы табының қалыптаспауы;

3) социализм құруға экономикалық, ғылыми-техникалық, психологиялық мүмкіндік жоқтықтан туған тартыс.

4) мамырда жекеменшіктер стихиясы тарихтың бетбұрыс кезеңінде ұйымшылдық, тәртіп, табандылық көрсете алмай, әсіреқызыл революцияшылыққа ұрыну мүмкіндігі;

5) теориядағы дәрменсіздік.

Ұжымдастыру кезеңіндегі өрескел қателіктер жүйесі — голощекиншілдікті қалыптастырды. Ол теориядағы субъектілікті, іс жүзіндегі арандатушылықты — авантюризмді тудырып, Қазақстан партия ұйымын коммунистік қозғалыстағы солшылдықтың «балалық ауруымен» сырқаттандырды.

Біріншіден, Ф.И.Голощекин біз жоғарыда көрсеткен Қазан төңкерісі қазақ ауылының тұсынан құйындай өтіп кетті, сондықтан қазақ даласында «Кіші Қазан» жасау керек деген қайшылықты пікірден 8 жыл бойы танбады. *Екіншіден*, қазақ шаруаларының көшпенділігі — оның қанына сіңген, әдеттегі тұрмыстық құбылыс деп, сергелденге түскен елдің болмысын теориялық тұрғыдан «дәлелдемек» болды. *Үшіншіден*, көшпелі елді социалистік жолға түсіру құрбандықсыз болмайды, — деген идеяны тұжырымдады.

Төртіншіден, экстенсивті мал шаруашылығын қоғам дамуының жоғары сатысына көтеруде мал басының кемуі объективтік заңдылық дегенді шығарды. Қазақстан Компартиясының көрнекті қайраткері С.Сегізбаев: «Біз, ең алдымен, пролетариат диктатурасы жағдайында бір әлеуметтік-экономикалық формациядан келесі сатыға, мәселен, көшпеліліктен отырықшылыққа көшуде шығынсыз болмайды деген саяси қате пікірге қарсы шығуымыз керек», — деуі де осыдан болатын.

Бесіншіден, Қазақстанның негізгі ерекшеліктері 1925, 1930 жылдарда, басқаша айтқанда, Ф.И.Голощекиннің кезінде жойылды, ол «Қазақстанның дәл қазіргі жағдайда бүкіл Одақпен терезесі тең» деген пікірді қалыптастырды. Ал бұл «теориялық» база ұжымдастырудың дамуы жағынан жоғары аудандармен қатар деңгейде өткізу үшін керек болады.

Алтыншыдан, Ф.И.Голощекин: «Өте жоғары дәрежеде, әсіресе ауылда, тап тартысының шиеленісуі жартылай феодалдық қатынастарды бұзу кезеңінде болмай қоймайды», — деген теориялық қисынсыз қорытынды шығарды.

Сөйтіп, болып жатқан репрессиялық шараларға «теориялық» негіз жасады.

Жетіншіден, Ф.И.Голощекин қазақ коммунистерінің бір тобын ешбір тәрбиеге көнбейтін, пайдалануға мүмкін емес ұлтшыл уклонистер қатарына жатқызды. Екінші категориясын жағдайға қарай түсін өзгертіп отыратын хамелеонға теңеді. «Олардың үшінші тобы, — деді ол, — орын алған қателіктер үшін барлық жауапкершілікті бір ғана Голощекинге аударғысы келетіндер». Бұл пікірді Ф.И. Голощекин Қазақстан өлкелік партия ұйымының басында 8 жыл еңбек етіп, қоштасар кезінде айтқан еді. Басқаша айтқанда, ол басшылыққа бүкіл республикада бірде-бір адал қазақ коммунисті жоқ деген пікірде болып келді және осы пиғылмен кетіп бара жатқанын жасырмады да.

Қорыта айтқанда, революционер-практик Ф.И.Голощекин революционер-теоретик дәрежесіне көтеріле алмады.

Ұжымдастыру барысында өрескел қателерге Ф.И. Голощекинмен бірге еңбек еткен Өлкелік партия комитетінің бюро мүшелері, Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О.Исаев, Өлкелік партия ұйымының басшы қызметкерлері де жауапты еді. Көрнекті қайраткер О.Исаев өзінің Ф.И.Голощекинмен қатар жауапкершілікті бірдей бөлісетінін, сонымен қатар өзінің 1932 жылғы тамызда БК(б)П Орталық Комитеті атына хат жазып, республикада болып жатқан жайды баяндағанын Өлкелік партия комитетінің VI Пленумында мәлімдеді. Алайда әділдік үшін айта кету керек, О.Исаев мұндай ақпаратты тым кеш хабарлады, республика көлемінде де Ф.И.Голощекин жүргізген теріс саясатқа дер кезінде және ашық қарсы шыға алмады. Ұжымдастырудың лениндік принциптерін бұрмалауда Өлкелік партия комитетінің хатшылары: І.Құрамысов, Т.С.Голуодовтар да ерекше көзге түсті.

Тарихтың аса жауапты кезеңінде республика партия ұйымының идеялық-ұйымдастырушылық бірлігі ойдағыдай болмады. Өлкелік партия тек жергілікті ұлтшылдықпен күресіп, бел алып келе жатқан отаршыл шовинистік уклонды назардан тыс қалдырды. Ал ұлтшылдыққа қарсы күресте сыннан өткен адал коммунистерге де сенімсіздік тудырылды. Мысалы, С.Мендешев есімі: біресе әсіре оңшыл уклонға таңылды, біресе оны ұлыдержавалық шовинистер қатарына қосты. Бірде Ф.И.Голощекин: «Мейлі бір кезде Мендешев тобы деп аталатын жолдастар «солшыл» болсын,

анық бағдарламасы болмай-ақ қойсын, бірақ олар, негізінен, партия бағыты үшін күресті» десе, І.Құрамысов: «Мендешевшілер» көзбояу үшін «солшыл» сөздерді желеу етеді, іс жүзінде басқаларға қарағанда оңшылдығы мол. Мендешевшілер — айта қаларлықтай шағын топ емес. Бұл — партия басшылығынан, партия бағытынан ауа тартатын кертартпа ағым», —деп бағалады. Міне, осылай бірде «оңшыл», бірде «солшыл» ұлтшыл уклонға жатқызылған С.Мендешев іс жүзінде революцияның от жалынынан өткен сенімді қайраткері болатын. Осы кезде ұлтшылдық айдары Қазақ кеңес әдебиетінің негізін салушылардың бірі, революционер-интернационалист, жалынды ақын С.Сейфуллинге де таңылды. Әрине, мұндай ұлтшылдық жалауын ұстап, адал күрес қайраткерлерін қудалау социалистік идеалға сенімсіздікті тудырды, шын мәніндегі ұлтшыл байлар мен кулактардың ұстанымын күшейтті.

Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992. 92—98-бб.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАЛҚАСЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНАН

*Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР
Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы
27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу
туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және
жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға
қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық
туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжым-
дастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік
жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар
мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы»
қаулыларын зерттеу жөнінде*

7 желтоқсан, 1992 жыл.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төралқасының комиссиясы республикалық және ведомстволық мұрағаттардың материалдарын, статистикалық деректемелерді, мерзімді баспасөзді, көз көргендердің айғақтарын зерттей келіп, осы қорытындыны жасады.

XX ғасырды тітіреткен сұмдық қасіреттердің жан түршігер тізімінде большевиктердің шаруаларды жазалау шаралары, украиндық «аштан қыру», халықтарды сталин-

дік жер аудару, маолық «мәдени революция», т.б. сияқты адамзатқа қарсы қылмыстармен қатар сансыз қасіретті бастан кешірген қазақ халқы жөніндегі қырып-жою әрекеттері де ешқашан естен шықпақ емес.

Қазақстан бұрын-сонды болып көрмеген әлеуметтік тәжірибе жүргізетін алып полигонға айналдырылды. Мұнда «артта қалған халықтардың капитализмге соқпай, социализмге өту мүмкіндігі» туралы қатып қалған маркстік жорамалды іске асыруға қылмысты әрекет жасалып, ол Қазақстан этностары тіршілігінің дәстүрлі жүйесін күйретіп тынды және сайып келгенде тарихтағы бұрын-сонды болып көрмеген апатқа әкеп соқты. Қасірет ауқымының ғаламат болғаны сонша, біз оны геноцид саясатының көрінісі деп толық моральдық жауапкершілікпен айта аламыз. Мұндай анықтама «Геноцид қылмысынан сақтандыру және ондай қылмыс үшін жазалау туралы» халықаралық Конвенцияда көрсетілген халықаралық құқықтың қатаң нормаларынан туындайды...

Құжаттық материалдарды көзімен көргендердің куәгерліктерін, сот органдары мен соттан тыс органдардың материалдарын, статистикалық деректемелерді зерттей келіп, Жоғарғы Кеңестің комиссиясы мынадай қорытындыларға келді:

1. Комиссия ауқатты шаруаның мүлкін тәркілеу, оны жаппай жер аудару жөніндегі озбырлық шараларды, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды ұжымдастыру мен отырықшыландыру, халықтан ауыл шаруашылығы өнімін алып қою жөніндегі зорлық-зомбылық науқандарын заңсыз, адам құқықтарына қайшы келеді деп есептейді және оларды мемлекеттің өз халқына қарсы қылмысы деп бағалайды.

Қазөлкеком, ҚазОАК, ХКК, КСРО-ның Қазақстан бойынша ОГПУ басшылығының халыққа қарсы саясаты, сондай-ақ әскери округ бөлімдерінің қолбасшылығы 1929 — 1932 жылдары үкіметке қарсы жаппай бой көрсетуге іс жүзінде арандатты, сөйтіп, Қазақстан халқына жазалау шаралары және көптеген қуғын-сүргінмен, тұрғындарды туған жерлерінен қуып жіберумен жалғасқан азамат соғысы таңылды.

2. Қазақстан қасіреті үшін саяси және заңдық жауапкершілік ізгілікке қарсы барлық науқанды басынан аяғына дейін ұйымдастырып, жүргізуші ретінде, ең алдымен,

БК(б)П мен Қазөлкекомның басшылығына жүктеледі. Өлкелік партия комитеті орталық көздеген саяси шаралардың мақсаттары мен міндеттерін іс жүзінде алдын ала белгілеп, оларды іске асырудың жолдары мен амалдарын өзірледі, орындалу барысы мен нәтижесін қатаң қадағалап отырды. ҚазОАК пен республика ХКК шешімдер қабылдаудан аластатылып, оларға екінші дәрежелі атқарушылық міндет қойылды...

Егемен Қазақстан. 22 желтоқсан, 1992.

О.В.ШАТОВТЫҢ «ТҮРКСІБТЕН МӘСКЕУ-ДОНБАСС МАГИСТРАЛНЕ ДЕЙІН» АТТЫ ЕСТЕЛІКТЕРІНЕН

Түркістан-Сібір теміржолы құрылысына тағайындалғаннан кейін бізге, ең алдымен, түпкілікті зерттеу жұмыстарымен айналысуымызға тура келді, өйткені соларға сүйене отырып, жол трассасын белгілеу, сметалық бас жобаны жасап, қажетті жұмыс күші, материалдар, көлік, жабдық мөлшерін анықтау керек еді.

Негізгі құрылыс штабын тез арада құрып, біз іздестіру жұмысын, ал сонан соң жолды бір мезгілде екі жағынан — Сібір (Семей) жағынан және Орта Азия (Фрунзе) жағынан сала бастауға ұйғардық. Құрылыста біздің алдымыздан зор қиындықтар туды. Түркістің бүкіл өн бойында ағаш, цемент, металл мүлде болған жоқ, құрылыс материалдарының қандайы да болсын өте тапшы еді.

Семейден солтүстіктегі теміржол пунктіне немесе оңтүстіктегі Фрунзеден бастап осы ауқымды да ауыр салмақты материалдар мен механизмдерді ат, өгіз және түйе жегілген арбалармен жүздеген шақырым қашықтыққа тасып жеткізуге тура келді.

Құрылыс басталар жерге дейін трассаның көп бөлігі адам аз қоныстанып, нашар игерілген жерлермен өтсе, Айнабұлақтан Сергиопольге дейінгі 500 шақырым болатын орта тұсы мүлде елсіз еді. Осы қиыншылықтардың бәрі артта қалды.

Бізге үкімет пен партияның Орталық Комитеті зор көмек көрсетті...

Құрылыс басшылығы құрамының негізгі ұйытқысы оқуды 1926—1927 жылдары бітірген жас кеңес инженерлерінен тұрады. Құрылыс барысында олардың өздері де үйреніп, мамандығы жоқ жұмысшылардың көпшілігін де үйретті.

Құрылыстың соңына таман бізде, енді 10 мыңнан астам білікті қазақ және қырғыз жұмысшылары болды.

Біздің теміржол салу тәжірибемізде тұңғыш рет Түркісібте механизмдер кеңінен қолданылды. Түркісіб теміржол құрылысы жұмыстарды механикаландырудың тәжірибе мектебіне айналды.

Алайда құрылысты механикаландыру жөнінен Түркісіппен салыстырғанда Мәскеу-Донбасс әлдеқайда озып кетті. Бұл одақтағы үлгілі жол болмақ. Оның көлемі де, мұндағы жұмыс ауқымы да Түркісіппен салыстырғанда анағұрлым басым.

Қазір Мәскеу-Донбасс магистралінде жұмыс істеп жүрген біз, бұрынғы Түркісіб құрылысшылары, өз үлесімізге бірінші бесжылдықтың алғашқы ірі теміржолын да, екінші бесжылдықтың қуатты магистралін де салудың асқан зор бақыты тигенін мақтаныш етеміз.

Есею жылдары. Қазақстандағы социалистік құрылысқа қатысушылардың естеліктері. Алматы, 1969. 123-124-бб.

Тұрар Рысқұлов

ТҮРКІСІБ ЖҰМЫСЫНЫҢ БЕС ЖЫЛЫ

Бірінші мамырда Түркістан-Сібір теміржолының пайдалануға берілгеніне бес жыл толды. Түркісіб жұмысшылары мен қызметшілерінің ұжымы және Қазақстан еңбекшілері 1 мамыр күнімен орайлас келетін Түркісібтің бесжылдық мерейтойын салтанатпен атап өтуге әзірленуде.

Түркісіб — бірінші бесжылдықтың «Днепростроймен» құрылысы бір мезгілде басталып, ірі объектілердің ішінде «Волховстройдан» кейін бірінші болып іске қосылған алғашқы алыштардың бірі.

Партия мен үкіметіміз Днепрогэс пен Түркісібті іске қосып, бүкілодақтық маңызы бар ірі шаруашылық мәселелерін шешумен бірге, бұл құрылыстарды ұлт республикалары аумағына салу арқылы сол республикаларды индустрияландыру үшін қуатты база құрып, лениндік ұлт саясатын жүзеге асырды. Түркісіб Кеңес өкіметі салған тұңғыш теміржол магистралі болып табылады және ол дүниежүзінде сол кезде жаңадан салынған теміржолдардың ең ұзыны.

Үкіметтің алғашқы шешімінде Түркісіб құрылысын бес жыл мерзімде аяқтау көзделген еді. Іс жүзінде оны салу

жөніндегі негізгі жұмыстар едәуір қиындықтарға қарамастан үш жылда аяқталды. Түрксіб құрылысына қатысқан жұмысшылардың 35%-нан астамы қазақтар болды.

Түрксібті салғанда көзделген мақсат — Орта Азияның, Қазақстан мен Сібірдің экономикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты аудандарын теміржолмен жалғастыру болатын.

Шаруашылықты, әсіресе Орта Азияның мақта шаруашылығын дамытуды күшейту үшін және тоқыма өнеркәсібімізді кеңестік мақта талшығымен қамтамасыз ету үшін Орта Азияны Сібірдің, Қазақстанның, Қырғызстанның ең жақын аудандарынан әкелінетін арзан астықпен қамтамасыз ету қажет болды.

Сонымен бірге Түрксіб жолын қажет етіп отырған аудандардың, алғашқы кезекте өз аумағын басып өтетін Қазақстанның шаруашылық және мәдени жағынан дамуына қуатты ықпал жасап, сол аудандардың орасан зор табиғи байлықтарын пайдалануға жәрдемдесуге тиіс еді. Түрксіб алдына қойылған осы негізгі міндеттер, оның бесжылдық жұмыс тәжірибесінде ойдағыдай орындалуда.

Жүк айналымы жөнінен бастапқы жасалған жоспарды 1931 жылы 1 млн 800 мың, ал 1934 жылы 3 млн 571 мың т жүк тасымалдау көзделген еді. Іс жүзінде 1931 жылы — 2864 мың т, 1934 жылы 3497 мың т жүк тасылды. Негізгі жүк астық, ағаш, ауыл шаруашылығы шикізатының басқа да түрлері болды. Жолаушылар тасуға да көңіл бөлінді.

Социалистік құрылыстың жалпы табыстары негізінде және Түрксібті салу нәтижесінде жол бойында орналасқан аудандарды дамытуда зор табыстарға қол жетті. Олардағы жалпы егіс көлемі 1926 жылмен салыстырғанда 1934 жылы екі есе дерлік өсті.

Түрксіб жол қатынастарын қажет ететін аудандарды индустрияландыруға да зор ықпал жасады (Балқаш мыс балқыту алыбы салынып жатты, Шымкент қорғасын зауыты және бірқатар көмір кеніштері, электрстансылары, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін көптеген кәсіпорындар және т. б. іске қосылды).

Түрксібтің іске қосылуына байланысты Сібір мен Орта Азияның жапсарлас жатқан аудандарын индустрияландыру тез арада жүзеге асырылуда. Мысалы, Барнауылда үлкен мақта мата комбинаты салынып жатыр, элеваторлы-дирмен құрылысы қанат жайып келеді. Әсіресе Орталық Азия мен Қазақстанды ағашпен қамтамасыз ету үшін Батыс Сібірдің

жаңа алқаптарын игеруге баса назар аударылып отыр. Осы уақыт аралығында магистральға қосымша түйісетін кірме жолдарды салу ісі кеңінен өріс алды. Балқаш көлі мен Ертіс және Іле өзендерінде кеме қатынасы едәуір ұлғайды.

Түрксіб отырықшылықтың кеңеюіне жәрдемдесе отырып, Қазақстан мен Қырғызстанның көшпелі, жартылай көшпелі аудандарында шаруашылықтың өрге басуына ерекше зор ықпал етті. Магистральдың өн бойында, негізінен, байырғы халықтардың бірқатар жаңа елді мекендері бой көтерді. Түрксібті пайдалану қызметінде және оның қосалқы жұмыстарында істейтін жұмысшылар мен қызметшілердің отыз мыңдық ұжымы құрамында байырғы халықтан шыққан жұмысшылар мен қызметшілер саны 55%-ға жетеді, Түрксібтің басшы қызметкерлері құрамында стансы бастықтары, машинист, техник, прораб және т.б. болып еңбек ететін қазақтар аз емес.

Есею жылдары. Қазақстандағы социалистік құрылысқа қатысушылардың естеліктері. Алматы, 1969. 128—130-бб.

Талас Омарбеков

ҚАЗАҚ НЕГЕ ШЫБЫНДАЙ ҚЫРЫЛДЫ?

Демограф М.Тәтімов пен сонау 30-жылдары Қазақстанның халық шаруашылығы есебі басқармасын басқарған Сматовтың есептеулері бір жерден шығып, 1930 жылы Қазақстанда ең кемі 4 млн 170 мың қазақ өмір сүргенін анықтап отыр. Біздің ойымызша, осы қазақтың кем дегенде тең жартысының аталған ашаршылық жылдары қырылғаны ешқандай күдік туғызбауы тиіс. Өйткені босқындардың тірі қалғандарын (Қазақстанның ішіндегі 300 мыңдай адам, республикаға қайтып оралған тағы 200 мыңдай адам, одан соң көрші республикалардан және шетелден атамекенге қайтпай қалған тағы да 400 мыңдай адам) шығарып тастасақ, бәрібір 2 млн 300 мыңнан астам адам жетіспейді.

Рас, 1933 жылы республика үкіметінің ресми берген есебінде ашаршылық кезінде республика бойынша жетіспейтін адамдар саны 2 млн 600 мыңдай. Бірақ бұл есепте Л.И.Мирзоян өзінің 1933 жылы 29 наурызда И.Сталин мен В.Молотовқа арнайы жазған мәліметінде көрсеткен 300 мыңдай босқындар және сырттан қайтпай қалған қазақтар түгел қамтылған деп айта алмаймыз. Т.Рысқұлов өзінің 1933 жылы 9 наурызда Сталинге жазған хатында республи-

каның сыртында босып жүргендердің 240 мыңдай екенін айтқаны белгілі. Дегенмен де мұнда да қазақ халқының жанашыр ұлы Төменгі Еділге, Қиыр Шығысқа, Солтүстік Кавказға және т.б. жақтарға ауа көшкен қазақтар санын қоса көрсетпеген. Тегінде олар туралы Тұрардың қолында нақты мәліметтер болмауы да әбден мүмкін. Мысалы, ОГПУ органдары бұл мәліметтерді құпияландыра түскені белгілі. Қытайға қанша қазақтың ауа көшкенін біз қазір ғана анықтап отырмыз. Бұл — 60 мыңдай адам. Қытай жағында 1932 жылдың көктем айларында шекарадан өткен қазақтар нақты есепке алынған. Мұндай есеп «Қытай жағына шетелден келгендерге Қытай азаматтығын беруге бола ма?» — деген мәселені түбегейлі шешу үшін қажет болған... .

М.Геллер мен А.Некрич өздерінің «Утопия у власти» атты 1982 жылы шетелде жарық көрген зерттеулерінде былай деп жазады:

«Он жыл өткен соң Сталин Черчилльге ұжымдастыру жылдарында «кедейлер» «он миллиондаған кулактарды» жазалады, оның үстіне, аса «үлкен көпшілігінің көздерін жойды, қалғандарын Сібірге жөнелтті» десе, Молотов 1935 жылы «ауқатты және талапты кулактардың» 1928 жылы 5 618 000 шаруа жаны есептелгенін, ал 1 қаңтарда «кулакқа айналдырғаннан кейін — 149 мыңы қалғанын» мәлімдеді. Тағы бір ресми дерек ұжымдастыру қарсаңында елде жойылуы тиіс таптың өкілдері болып табылатын — 6,8 млн адам болғанын есептеп көрсетеді. Александр Орлов тіптен Сталиннің саясатын көтере мадақтайтын кейбір шетелдік журналистердің өздері де аштық құрбандар саны 5—7 млн адамға жетеді деп бағалайтынын хабарлайды. ОГПУ Сталинге берген мәлімдемесінде бұл санды 3—3,5 млн деп атап көрсетеді. Кеңес демографы Б.Урланис 1932 жылдың соңынан 1933 жылдың соңына дейін халықтың 7,5 млн адамға азайғанын айтады. Мүмкін болған барлық есептеулерді салыстыра келіп, Роберт Конквест 1929—1933 жылдардағы аштық пен аурулар құрбандықтарының 5—6 млн санын абайлап атайды. Қазіргі жазбаларға Е.Юрьевский деген бүркеме атпен экономикалық шолулар жазған Н.Валентинов «Столыпиндік аграрлық реформа» жылдарында тұрғындар саны азайған елдің халқының, революцияға дейінгі кезеңдегі қалыпты қозғалысымен салыстырғанда, ең кемі 14,8 млн адамды жоғалтқанын санап шығарды.

Ал енді: «Қазақ неге аштыққа ұшырады?» — деген сұраққа жауап беріп көрейік.

Әрине, бүкіл бұрынғы Кеңес Одағындағы кейбір Украина, Қазақстан тәрізді жекелеген аймақтарды осындай алапат аштыққа ұрындырған ең басты себеп — сталиндік тоталитарлық жүйе немесе стольпиндік аграрлық реформа. Тарих көшіндегі күштеу, зорлық-зомбылық механизміне негізделген бұл шұғыл да дәрекі бетбұрыс бүгінде *құштеп ұжымдастыру* делініп жүр. Осынау төтенше бағыт балама ұсыныстарды, қазақ даласындағы дәстүрлі шаруашылықтың табиғи даму бағытын көзге де ілмеді. Алты алашқа әйгілі, қазақ деп қабырғалары қайысқан Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсынұлының, М. Дулатұлының, Қ. Кеменгеровтың, С. Сәдуақасовтың, бір сөзбен айтқанда, алаш зиялыларының ұлттық шаруашылық дамуын сақтауға байланысты ұсыныстары аяқасты етілді, ал олардың өздері ашық қуғын-сүргінге ұшырады.

Олар ғана емес, қазақтың дәстүрлі шаруашылығын күйретпей сақтау туралы ұсыныстарды сол жылдары Қазақстанда болған және Қазақстанды арнайы зерттеген ресейлік ғалымдар мен мамандар да талай рет атап көрсетті. Сөзімізге дәлел ретінде оқырманға әлі де белгісіз, солардың кейбір ұжымдастыру қарсаңындағы пікірлерін ұсыналық.

Профессор Вернер: «Қазіргі қазақ қожалығы қоршаған табиғатқа бейімделгені сондай, оған толық сәйкес келеді, сондықтан да қазіргі жағдайда ол ең өнімді ретінде бағалануға тиіс».

Профессор Швецов: «Қазақстандағы көшпелі тұрмысты құртып жіберу далалық мал шаруашылығын және қазақтар қожалықтарын жойып жіберу ғана емес, сусыз, елсіз жапанға айналдыру да болып шығар еді».

М. Сириус: «Егін шаруашылығы қандай да болса елеулі рөл атқара алмайды және бұл аудан тарихын тиімді пайдаланудың түрі шаруашылықтың көшпелі түрінің өзі болып табылады».

А. Ермаков: «Қазақ даласының табиғат жағдайын және халықтың тығыздығын ескере келе мал шаруашылығы байырғы халықтың әлі де ұзақ мерзімдік негізгі кәсібі болып қала береді деп батыл айтуға болады, ал оған байланысты, әрине, көшпелі тұрмыс бола береді. Сондықтан да мәдениет пен өркениеттілік мүддесі үшін жуық арада даланы отырықшыл және егінші ету қажет деген оймен әуестену керек те емес. Швейцарияның, Нормандияның, Аргентинаның және Аустралияның мысалы осыны жақтайды».

Е. Тимофеев: «Мұндай өмір сүретін қожалықтар бәрібір көше береді және өздеріне өріс іздейді. Мұндай жағдайда көшпелі шаруашылық — экономиканың ең жоғары жетістігі. Оны құрту керек емес, керісінше ынталандыру және егер мүмкін болса, өркендету керек».

Сталиндік индустрияландыру саясатын қызғыштай қорғайтындар аш шаруалардың сүйегінің үстіне тұрғызылған кәсіпорындардың, зауыттар мен фабриктердің және темір-жолдардың бізді неміс фашизмінен қорғап қалғанын тілге тиек етеді.

Бір өкініштісі, шаруаның қанына және көз жасына суарылып, жедел салынған сталиндік индустрияландырудың зауыт, фабриктерінің едәуір бөлігі соғыстың алғашқы жылдарында-ақ күйреп, 1942 жылға қарай олардың үштен екісі ғана аман қалды (бұл негізгі өндірістік қорлардың 68%-ы ғана). Яғни, кеңес қоғамы фашизмге қарсы 1940 жылы сталиндік жедел индустрияландыру қорыта бастаған 18 млн т болатын емес, не бәрі 1942—1944 жылдары қорытылған 8—10 млн т болатпен ғана соғысты. Соншама тыраштанып, шаруаны битін сығып жеуге жеткізіп, адам-жегіш кейпіне айналдырған 18 млн т болаттың тек 10 миллионы ғана жауға оқ, елге қалқан болуына кім кінәлі? Әрине, осы саясатты жүргізген сталиндік Коммунистік партия! Осындай зауыттар неге жаудың бомбалаушы авиациясы жете алмайтын, шикізат көздері жақын — Қазақстанға, Орта Азия республикалары жерлеріне салынбады? 1941 жылдың соңынан бастап аман қалған елдің Еуропалық бөлігіндегі зауыттар бәрібір осында көшірілді емес пе? — деген шым-шытырық сұрақтар туындайды.

Құпия мынада: Коммунистік партияның жоспары бойынша, Қазақстан тәрізді республикалар, негізінен, шикізат көзі, жартылай отар, екінші қатардағы кәсіпорындар ғана дамыған ұлт аймағы болуы тиіс еді.

Мұндай қитұрқы саясатты қазақ халқының қыран ұлы Смағұл Сәдуақасов 1928 жылы-ақ бүгежектемей, ашық айтқан болатын.

Жарайды, Орталық отар ретінде Қазақстанды менсінбей, бұл шовинистік пиғыл ежелден белгілі. Ал енді неге қазақ шаруаларын аштықтан шыбындай қырылуға дейін апарды?

Осы кезге дейін біздер буржуазиялық бұрмалаушылар деп келген шетелдік әріптестеріміз және саяси қайраткерлер бұл сұраққа жауапты баяғыда-ақ берген еді. Бұрын

бізде еш жерде жарияланбай, тыйым салынып келген солардың кейбір пікірлері төмендегідей:

А. Райт: «Ауыл шаруашылығы саласындағы кеңестер саясатының барлық тарихы — индустрияландыруды шаруалар қожалықтарының күштеп қаржыландыру тарихы болып табылады».

А. Кренкишоу: «КСРО-дағы қала халқының тұрмыс деңгейінің жақсаруы шаруалардың қайыршылануы есебінен жүргізілді».

М. Мейснер: «Россиядағы марксизм тарихы — бұл қаланың деревняны салтанатпен жеңіп шығу тарихы».

М. Фейнсон: «Кеңестік тәртіп миллиондаған жеке шаруалар қожалықтарымен істес болудың орнына, бақылаудан шықпайтын айтарлықтай санаулы ғана колхоздар арқылы өздерінің саясаттарын жүргізу мүмкіндігіне ие болады».

Ф. Мосли: «Ұжымдастыру, ол жүргізіліп жатқан елдердің әлеуметтік құрылымындағы және ұйымдарындағы жоғарыда танылған, алысқа баратын төңкеріс болып табылады».

Н. Дейгер: «Ұжымдастыруды тек шаруалардың азшылық бөлігі, кедейлер ғана жақтады. Ал шаруалардың басым көпшілігі жанқиярлықпен қарсыласып, үкіметке қарсы тұрды».

Л. Шапиро: «Кулакқа қарсы соғыс түрінде жүргізілген ұжымдастыру, барлық шаруаларға қарсы соғысқа ұласты».

Сетон-Уотсон: «Ұжымдастыру — Коммунистік партия мен оның Қарулы күштерінің орыс және орыс емес шаруаларға қарсы соғысы».

Иә, пікірлерден күллі әлемдік ақыл-ойдың 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың басында жүргізілген столыпиндік аграрлық реформаны және орыс Коммунистік партиясының жеделдетіп индустрияландыру саясатын айыптайтынын байқау қиын емес.

Бір өкініштісі — қазақтың шыбындай қырылғанына дүниежүзі ғалымдары, зерттеушілері әлі де жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Біздің қолымызға енді ғана тиген жасырын мұрағат құжаттары олардың қолында жоқ. Сондықтан да бүгінде өзіміз туралы толық шындықты тек өзіміз ғана айта аламыз.

Қызылдар қырғыны. Құраст.: Қыстаубаев З., Хабдина Б.
Алматы: Өнер, 1993. 154—162-бб.

IV тарау. 1920 —1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІР

ПЕРОВСК УЕЗДІК АТҚАРУ КОМИТЕТІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БӨЛІМІНІҢ ТҮРКІСТАН ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАЛА МЕН УЕЗД ЕҢБЕКШІЛЕРІН ТЕГІН ЕМДЕУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТТИ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ БҰЙРЫҒЫ

3 маусым, 1919 жыл.

1919 жылғы 3 маусымда Түркістан Орталық Атқару Комитетінің үстіміздегі жылғы 1 мамырдағы №4013 Декреті негізінде денсаулық сақтау комиссариаты бойынша 1919 жылғы 1 маусымнан бастап қалалық дәріханаларда да, емдеу орындары жанындағы дәріханаларда да барлық кәсіптік одақ мүшелеріне, коммунистер партиясының мүшелеріне, кеңестік мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін барлық адамдарға, өндірістік коммуналардың мүшелеріне, еңбекші шаруаларға, жалдама еңбекті пайдаланбайтын диқандарға және олардың бүкіл отбасына тегін емдеу мен дәрі-дәрмекті тегін беру енгізіледі. Аталған адамдарды тегін емдеу мен дәрі-дәрмекті тегін беру олардың мекемелерден немесе ұйымдардан алған куәліктерін көрсетуі бойынша жүргізіледі, сондықтан барлық мекемелер мен ұйымдарға тиісті куәліктерді дер кезінде беру жайын ойластыру ұсынылады.

Осы бұйрық №4013 Декретке сөйкес қатыстылығы бар адамдардың бәріне кеңінен жариялануға тиіс.

Түпнұсқаға қол қойғандар:

Денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі

Никитин

Хатшы үшін:

Петросян

Түпнұсқаға сөйкес: хатшы үшін (қойылған қол)

Қазақстандағы Кеңестер мен ревкомдар (1917—1920 жж.).

Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1971. 101-б.

РК(Б)П ҚЫРҒЫЗ ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҮГІТ-НАСИХАТ
БӨЛІМІ ЖАНЫНДАҒЫ ДІНГЕ ҚАРСЫ НАСИХАТ ЖӨНІНДЕГІ
ЖҰМЫС ТУРАЛЫ КЕҢЕСТІҢ ХАТТАМАСЫ

№102.

8 маусым, 1923 жыл.

Тыңдалды:

Қырғыз мұсылмандары арасында дінге қарсы насихат жүргізудің әдісі мен сипаты туралы.

Кенжин жолдас Ақмола губерниялық бөлімінің Ақмола губерниясы мұсылмандарының арасындағы дінге қарсы насихат жұмысы туралы ақпараттық баяндамасын оқып берді, ол 1923 жылғы 30 мамырда ОГПУ қатынасымен бірге салып жіберілген, №2447.

Сейфуллин жолдас қырғыздар арасында дінге қарсы насихат жөніндегі тақырыпта материалдар жоқ екенін, қырғыз еңбекшілерінің артта қалғандығы мен едәуір сауатсыздығын, бұл мәселе бойынша қырғыздардан шыққан даярлығы бар коммунист-лекторлар жоқ екенін айта келіп, дінге қарсы насихатты біртіндеп, жүйелі және қарапайым ғылыми түрде, негізінен алғанда, баспасөз беттерінде жүргізуді, сондықтан жергілікті жерлерде дінге қарсы насихат жүргізудің уақытша тоқтатыла тұруын ұсынады.

Тоқтабаев жолдас Сейфуллин жолдастың пікірін қолдап, үгіт-насихат бөлімі жанынан дінге қарсы насихат үйірмесін құрып, оған жуырда партияға өткен молда Мачеев сияқты қазірдің өзінде коммунистер қатарына қосылған қырғыз молдаларын тартуды ұсынады.

Сейфуллин жолдас жергілікті жерлерде дін мәселелерін талқылау жөніндегі қандай да болсын жиналысқа тыйым салу қажет екенін жақтаған пікір айтады.

Жолдыбаев жолдас алдыңғы жолдастардың пікірлерімен келісе отырып, табиғаттану жөнінде қарапайым, бірақ қатаң ғылыми әрі дәйекті әдебиет шығару, сөйтіп, көшпелілердің бүкіл діни нанымына негіз болып отырған табиғат пен қоғамдық өмірдің қаһарлы құбылыстарына қараңғы діндарлардың көзін ашу және кейіннен дінге қарсы нақты насихатқа кірісу мүмкін болуы үшін сол арқылы бұқараның психологиясын да мықтап өзгерту қажет екенін атап көрсетеді.

Рубинштейн жолдас жергілікті жерлерде дінге қарсы насихатқа тыйым салуға қарсы шығып, бұл жұмысты тереңдете түсуді қажет деп пайымдады.

Нұрмақов жолдас дінге қарсы насихатты түрі жағынан — эволюциялық, мазмұны жағынан революциялық жолмен жүргізу қажеттігіне тоқталды.

Қаулы етілді:

Губерниялық комитеттерге дінге қарсы насихатты түрі жағынан эволюциялық, мазмұны жағынан революциялық жолмен жүргізу ұсынылсын, ол үшін:

1) губкомдар жанындағы маркстік үйірмелер дінге қарсы насихат түрін теориялық жағынан талдау жасаумен айналысып, оған РКЖО мүшелерін тартатын болсын;

2) дайындығы бар қызметкерлердің болмауы себепті ұйым пікірсайыстарды өз күштеріне сенетін жағдайда ғана жүргізісін;

3) қажет алғышарттар ретінде, қырғыз тілінде көпшілікке арналған — қатаң ғылыми және табиғи-ғылыми кітапшалар шығару күшейтілсін.

Төраға
Хатшы

*Кенжин
Жолдыбаев*

Қазақстандағы Кеңестер мен ревкомдар (1917—1920 жж.)
Құжаттар мен материалдар. Алматы, 1971. 67-68-бб.

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҰЛТ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМНІҢ
АЛҚА МӘЖІЛІСІНІҢ ХАЛЫҚ АҚЫНДАРЫНАН ХАЛЫҚ
ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІН ЖАЗЫП АЛУ ТУРАЛЫ
ХАТТАМАСЫНАН**

4 қаңтар, 1919 жыл.

Тыңдалды:

Ақындарды (халық жыршыларын) жұмылдыру туралы.

Осы күнге дейін ақындар (халық жыршылары) өмірге енгізіп келген аса бай қазақ халқының поэзиясы бірте-бірте жойылуы және жуық арада халық поэзиясы туралы ешқандай ескерткіш қалмайтындай жағдай орын алуы мүмкін. Оны жинап, сақтау мейлінше қажет болып саналады, ал бұл үшін облыстың барлық ақындарын жинап, солар

арқылы халық поэзиясы мен әдебиетін жинап, алуан түрлі жинақтар мен басқа да баспа шығармаларын шығару керек. Ақындар қарапайым өндер, өңгімелер, мақтау өлеңдер және басқалары түрінде халыққа жалпы әлеуметтік өмір идеялары мен большевик-коммунистер партиясының бағдарламасын жеткізе алады, атап айтқанда, маңызды және қажетті нәрселердің бәрін халық еркін және оңай ұғына алатындай жолмен жеткізеді.

Қазіргі уақытта Верный уезінде бірінші топтағы 13 ақын бар және бөлім осы ақындарды жоғарыда аталған мақсат үшін 20 қаңтарда жинамақшы болып ұйғарып отыр. Ал ақындардың көпшілігінің сауатсыз екенін ескере отырып, алқа үш хатшыны: Хұсайын Тайтелиновты, Меңдеке Данияровты және Бейсенбай Үмбетбаевты шақыру қажет деп табады. Ақындар мен жыршыларға арналған мекенжайын ойлай отырып, бөлім олардың әрқайсысына тәулігіне 25 сомнан, ал жүру ақысын нақты бағасы бойынша беру керек деп санайды. Сонымен алқа қаулы етті:

1) 1919 жылғы 20 қаңтарға Верный қаласына Верный уезі бойынша 13 ақын шақырылсын және үш хатшы: Хұсайын Тайтелинов, Меңдеке Данияров және Бейсенбай Үмбетбаев шақырылсын;

2) ақындар мен хатшыларға 25 сомнан тәулікақы беріліп, олардың жол жүрісі нақты құны бойынша төленсін;

3) ақындар мен хатшылар үшін мекенжай іздеп табылсын;

4) барлық уездік бөлімдерге уездер бойынша ақындарды жинастырып, оларға қажетті мөлшерде хатшылар шақыру ұсынылсын...

Бөлім менгерушісі
Комиссия мүшелері:

О. Жандосов

П. И. Шутиков,

А. Розыбақиев, К. Ғабитдинов,

К. Боранбаев, А. М. Халмұхаметов,

Х. Сүлейменов, Қ. Райымбеков.

Хатшы

В. Н. Воскресенский.

Қазақстандағы мәдени құрылыс (1918—1932 жж.).

Құжаттар мен материалдар. 1-том.

Алматы, 1965. 467-468-бб.

КСРО ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ
АСПИРАНТУРА ҚҰРУ ТУРАЛЫ ҚазКСР ХАЛЫҚ
КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫНА ӨТІНІШ

2 қыркүйек, 1936 жыл.

Қазақстанда ғылыми қызметкерлер кадрларын кең көлемде жоспарлы түрде даярлау туралы мәселе осы кезге дейін тиісті жоғары дәрежеде қойылған жоқ. Қазақстанның өзінде жас ғылыми кадрлар даярлау ісі қанағаттанғысыз. Қазақстан үшін орталық ғылыми мекемелерде дайындалатын ғылыми қызметкерлердің саны болмашы ғана. Орталықтан жіберілетін жас қызметкерлер Қазақстанды нашар біледі және мұнда олардың ұзақ мерзімге қалуы сирек кездеседі. Қазақстанда тұратын, жергілікті тілді, елдің табиғаты мен тұрмысын білетін ғылыми кадрларды даярлау қажет. Ғылым академиясының Қазақ филиалы осындай қызметкерлерге аса мұқтаж, қазіргі уақытта онда жұмыс істейтін қазақтардың саны өте аз (4,5%). Таяу уақытта филиалдың өзінің едәуір бай қорын (басшы қызметкерлер — профессура, коллекция, әдебиет) пайдалана отырып, сондай-ақ Ғылым академиясының Мәскеу мен Ленинградтағы ғылыми зерттеу институттарына стажировкаға жіберіп, өзіміздің жергілікті кадрларымызды даярлау ісін ұйымдастыру қажет. Өз ресурстарының жағдайына қарай қазіргі уақытта Қазақ филиалы 15 аспирант (зоология — 3, ботаника — 3, геология — 4, Қазақстан тарихы мен әдебиеті — 5) даярлауды ұйымдастыра алар еді. Методологиялық даярлауды (диамат) марксизм-ленинизм институты жанындағы арнаулы семинарда, ал мамандық бойынша — Ғылым академиясының Қазақ филиалы секторларында жүргізген жөн.

Аспирантураны ұйымдастырудың негізгі принциптері «Ғылым академиясының Қазақ филиалы жанындағы аспирантура туралы Ереженің» ұсынылып отырған жобасында баяндалған.

Ең маңыздысы — аспиранттарды даярлау қазақ тіршілігі мен қазақ тақырыбында жүргізілетін болады. Республикадағы социалистік құрылыстың белгілі бір міндеттері аспиранттар дайындау барысында да шешілері анық, жас ғалым басталған зерттеулер циклін кейіннен, әлбетте одан әрі жалғастырып, тереңдете түсуімен халық шаруашылығының дамуына үлкен үлес қосары сөзсіз.

Аспирантура бойынша шығындар жылына бір аспирантқа 10 мың соммен көрсетіледі, бұған $(400 \times 12 + 12\% = 5400)$ ғылыми кітаптар алуға арналған 400 сом, ғылыми жұмыс пен зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған — 3200 сом және тіл мен арнаулы пәндер бойынша үйірмелер ұйымдастыруға арналған 1200 сом кіреді.

Академияның Қазақ филиалы «Ғылым академиясы Қазақ филиалының аспирантурасы туралы Ережені» бекітуді және Қазақстан Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылым комитетіне кандидаттарды іріктеу мен бекітуге қатысу ісін тапсыруды ұсынады.

Известия АН Республики Казахстан.
Из серий общественной науки.
Алматы, 1992. №6. С. 88-89.

БК(б)П ҚАЗАҚ ӨЛКЕЛІК КОМИТЕТІНІҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫСЫНАН

9 желтоқсан, 1933 жыл.

БК(б)П Орталық Комитеті мен Одақтың Халық Комиссарлары Кеңесінің 1933 жылғы 20 қазандағы шешімдерін және РКФСР Халық ағарту комиссариатының Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін ұйымдастыру туралы 1933 жылғы 29 қазандағы №638 бұйрығын негізге ала отырып, БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1933 жылғы 13 қарашадағы қаулысын өзгерту жөнінде Өлкелік комитет қаулы етеді:

1. Алматыдағы педагогика институты сақталсын.

2. 1934 жылғы 1 қаңтардан бастап Алматыда қазіргі педагогика институты базасында: а) физика-математика; ә) биология факультеттері құрамында Қазақ мемлекеттік университеті ұйымдастырылсын. Химия, тарих-экономика, әдебиет және тіл факультеттері 1934 жылғы 1 қыркүйектен бастап ашылсын.

3. 1934 жылғы 1 қаңтарда қабылданатын контингент 120 адам мөлшерінде, факультеттер бойынша:

а) физика-математика — 60 адам;

ә) биология — 60 адам болып белгіленсін.

4. Белгіленген контингенттің жинақталуын қамтамасыз ету үшін Өлкелік комитеттің мәдениет-насихат бөлімі мен

Халық ағарту комиссариатына ҚазМУ дирекциясымен бірлесе отырып, бірқатар шараларды — орта оқу орындарын бітірген және ҚазМУ-ға қабылдау ережелерін қанағаттандыратын адамдарды іріктеп алу, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының I және II курс студенттерін тарту және университетке адамдардың толық жиналуын қамтамасыз ету, т.б. үшін барлық облыстарға арнайы адамдар жіберуді жүзеге асырсын...

6. Педагогика институтының директоры шарттық негізде университеттің пайдалануына зертханалар, кабинеттер мен кітапхана беретін болсын...

КСРО халықтарының туыскандық бірлігінде
(1920—1937 жж.). Құжаттар мен материалдар.
Алматы, 1972. 439-б.

ҚАЗАҚСТАН ОРТАЛЫҚ АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАДАҒЫ САУАТСЫЗДАРДЫ ЖАШПАЙ ОҚЫТУ ТУРАЛЫ ДЕКРЕТІ

14 желтоқсан, 1932 жыл.

Соңғы жылдарда еңбекшілердің мәдени құрылысқа кеңінен қатысуы негізінде мемлекеттік ұйымдардың, кәсіподақтар мен кеңес жұртшылығының күші мен қаражатын біріктіру жолымен сауатсыздықты жою ісінде елеулі табыстарға қол жеткізілді, олар мыналардан көрінеді:

1. 1931 жылғы 1 қаңтарда сауатсыздық пайызы қазақтар арасында 1930 жылғы 95 пайыздан 63 пайызға дейін, өзбектер арасында 63 пайызға дейін, ұйғырлар арасында 65 пайызға дейін, басқаларында 30 пайызға дейін кемітілді.

2. Кейбір аудандар сауатсыздықты жоюға жақындап қалды. Сонымен қатар бірқатар аудандар бойынша сауатсыздықты жою жоспарының, сондай-ақ бірқатар халыққа білім беру органдары, кәсіподақ, ұжымшар және кооператив ұйымдары тарапынан осы жоспарды жүзеге асыру жөніндегі міндеттеменің орындалуы қанағаттанғысыз.

Қазақстан еңбекшілер арасында сауатсыздықты толық жою ісін ең қысқа мерзімде аяқтау мақсатында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1931 жылғы 27 тамыздағы қаулысын дамыта отырып, ҚазАКСР Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы мен Халық Комиссарлары Кеңесі қаулы етеді:

1. ҚазАКСР аумағындағы қаланың, ауыл мен деревняның 16-дан 50 жасқа дейінгі сауатсыз еңбекші халқын жаппай оқыту енгізілсін.

2. Сауатсыздықты жою өнеркәсіп орындарының, жаңа құрылыстардың, кеңшарлардың және мәшине-трактор стансыларының аумағындағы ұжымшарлардың жұмысшылары арасында 1932 жылғы 1 қазанға қарай, барлық қалған категориядағы еңбекші халық арасында 1933 жылғы 1 қазанға қарай аяқталсын.

3. Сауатсыз және шала сауатты халықтың жаппай оқуын жүргізу үшін жауапкершілік халыққа білім беру органдары мен сауатсыздықты жою жоспарын орындауға (шарттық негізде) қатысатын ұйымдарға жүктелсін; сауатсыздықты жою және шала сауаттыларды оқыту жөніндегі жұмысқа жалпы басшылық ету атқару комитеттері мен кеңестер жанынан құрылған арнаулы мекемелерге жүктелсін.

4. Халық ағарту комиссариатына КОКП-мен және басқа ұйымдармен бірлесе отырып:

а) сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқыту жөніндегі жұмыстардың мазмұнын әлеуметтік құрылыстың жекелеген учаскелері үшін кадрлар даярлау міндеттерімен байланыстыру;

ә) ересектерді оқыту жөніндегі жұмысты жыл бойы үздіксіз жүргізуге көшіру;

б) аудан тұрғысынан сауатсыздарды жаппай оқыту туралы оперативті жоспар, сондай-ақ оны қаржыландыру және материалмен жабдықтау жоспарын жасап, қажетті соманың жалпы мөлшерін, кәсіподақ және шаруашылық ұйымдарының тиісінше қатысуын көрсету, олардың қатысуын тиісті шарттармен ресімдеу;

в) кадрларды даярлау мен қайта даярлау жоспарын жасау және сауатсыздықты жою мен шала сауаттыларды оқыту ісіне қатысуға міндетті оқу орындары шеңберін белгілеу, тиісінше кадрларды қайта даярлау бағдарламасын жасау, сондай-ақ бұқаралық мектептердің мұғалімдері мен мәдениет жасақшыларының қатысу үлесі мен жұмыс нормасын белгілеу ұсынылсын.

5. Халық ағарту комиссарлары мен Қазақ баспасына сауатсыздар мен шала сауаттылар үшін политехникалық оқулықтар, сондай-ақ шала сауаттылар үшін қазақ тілінде

көпшілікке арналған техникалық, агротехникалық және қоғамдық-саяси әдебиет шығару ісін дереу ұйымдастыру ұсынылсын.

6. Қалалық, поселкелік және селолық кеңестер мен аудандық атқару комитеттері сауатсыздықты жою жөніндегі және шала сауаттыларды оқыту жөніндегі курстар мен мектептерді үй-жайлармен қамтамасыз етуге міндеттелсін.

7. Сауатсыздар мен шала сауаттыларды оқыту жөніндегі міндеттерді қоғамдық жұмыс ретінде ойдағыдай атқарушы мұғалімдер мен мәдениет жасақшылары үшін мөлшерін ҚазАКСР Халық ағарту комиссариаты белгілейтін сыйлық тағайындалсын.

8. Халық ағарту комиссариатына осы қаулыны орындау жөніндегі 4,5 және 7-тармақтарда көрсетілген барлық қажетті шараларды 1932 жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей Халық Комиссарлары Кеңесінің бекітуіне табыс ету ұсынылсын.

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті
Төрағасының орынбасары

Әбдірахманов

Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы

Исаев

Қазақстан Орталық Атқару
Комитетінің хатшысы

Асылбеков

Қазақстандағы мәдени құрылыс (1918—1932 жж.).
Құжаттар мен материалдар.
Алматы, 1965. 147—149-бб.

ӘН ЗЕРГЕРЛЕРІ

Манарбек Ержанов талантты әнші ғана емес, сонымен қатар сахнаның маңдайалды дерлік санаулы саңлақтарының бірі. 1926 жылы ұйымдасқан қазақтың бірінші кәсіпқой театры — қазіргі Мұхтар Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында алғашқы қадамын бастаған Манарбектің артистік өнер талабы біртіндеп көрінді. Осы драма театрында, кейінірек ашылған қазақтың тұңғыш музыка театрында ойнай жүріп, өзінің шебер артист екенін танытты.

Аталған драма театрда қызметте жүріп, Ержанов 1931—1932 жылдары Лениногор қаласындағы жұмысшылар театрын ұйымдастыруға атсалысады. Ол мұндай қажетті тапсырманы ойдағыдай орындап шығады. Бірнеше жас артистерді баулып, тәрбиелейді, өзі білетінін үйретеді. Манарбектің бұл сапары қайырлы сапар болды. Лениногор жұмысшы театры кейін Семейдің облыстық театрының негізгі ұйытқысына айналды және Ержановқа да үлкен сабақ болып, оның артистік тәжірибесі ұштала түседі. 1932 жылы арнайы шақыру бойынша ол Алматыға қайта оралды.

Манарбектің әншілік, актерлік талантының ұшталуына, жолының дұрыс бағыт-бағдар алуына қазақтың музыкалық театрының ашылуы үлкен себеп болды. Ал осы ұлттық музыкалық театрды ұйымдастырып, кадрлар дайындау мақсатымен музыкалық студия қажет болды. Сондықтан 1933 жылы осы студияға қазақ драма театрында істейтін бір топ тәжірибелі артистер шақырылды. Олар — Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Манарбек Ержанов, Үрия Тұрдықұлова тәрізді музыка өнерінің ірі өкілдері еді. Студия оқушылары үшін ән және музыка пәндерінен сабақтар жүргізіле бастады. Актерлердің бәрі дерлік нотадан сауатсыз болғандықтан, оқу оңайға түспеді. Соған қарамастан, кешегі ауылдағы тойдуманды қыздырушылар фортепианоның сүйемелдеуімен ән айтуға машықтанды. Бұрын қалай созып айтамын десе де өз еркіндегі әншілер бір жүйеге келіп, дирижер қолының бағытымен ән айтуға үйренді. Мұндай жұмыстың бәрі алдағы үлкен іске деген дайындық еді.

Осының нәтижесінде, 1934 жылдың қаңтарында, Мұхтар Әуезовтың «Айман—Шолпан» спектаклімен музыка театрының пердесі ашылды. Музыкасын халықтың ән, күйлері негізінде жазған композитор И.В.Коцык, театрдың көркемдік жетекшісі Жұмат Шанин еді. Күләш, Қанабек, Құрманбек, Манарбектің қатысуымен қойылған бұл жаңа жанрдағы тұңғыш музыкалық пьеса мәдениетіміздегі үлкен жаңалық болды. Содан Манарбек нағыз артист ретінде танылды.

Алғашқы қазақ музыка театры, оның артистері жөнінде, актерлік таланттары тұрғысында, белгілі жазушы Сәбит

Мұқанов өзінің «Музыка театры тарихи табыс» деген мақаласында: «Музыка театры — жалпы мәдениеті өскен елдерде төңкерістен бұрын да болған, соң да ашылып жүр. Бірақ көп елдің музыка театрының тарихын тексергенде қазақ музыка театрындай тез өсіп, тез оттай лаулап кеткені аз ұшырасады. Екі жылдың ішінде музыка театры Қазақстан еңбекшілері түгіл, көрші елдердің еңбекшілеріне де өзін таныта білді. Театр артистер кадры өскен күнде ғана өсе алады. Зал толған халықты қараушылардың күлсе күлдіре білетін, жыласа көңілін босата білетін, артистік техникасының биік сатысына шыққан Күләш, Құрманбек, Манарбек музыка театрының маңдайдағы жұлдызы. Манарбек сықылды күні кешеге дейін кәдімгі табаны тасқа тілінген, байдың рақымсыз қанауында болып келген батырақ қойшының Жарас болып ойнағанын кім кеміте алады. Манарбек жаны актерліктен жоғары кеткені «Еңбек сіңірген артист» деген атаққа ие болуға жарағанын, тиісті орындарымыз оған осы атақты беруін тілейтінін кім біледі», — деген болатын.

1936 жылы май айында Үлкен театрда қазақ өнері мен әдебиетінің тұңғыш онкүндігінде орындалған «Қыз Жібектегі» Шегенің рөлін ойнаушы Манарбектің тыңдаушыларға қалдырған әсерін академик А.Жұбанов былай суреттейді: «Бір кезде сахнаға Төлеген мен Шеге келіп, мырзасының нұсқауы бойынша Шеге-Манарбек Төлегеннің кім екенін түсіндіріп, байлығын мақтап, басында ұзақ айқаймен термелетіп жөнелгенде, Б.Асафьев отырып, мына бір өнші қазақтың кең даласын Мәскеу сахнасына алып келді-ау, — деді де, қатар отырған музыка сыншысы, ол кезде «Комсомольская правда» газетінде қызмет істейтін Виктор Городинскийге қарады. Ол да тап осыны айтпағанымен, шамасы, сондай пікірде отырған болу керек, дұрыс дегендей басын изеді. Үзілісте ол екеуі менен Манарбектің қандай музыка саласында оқығаны туралы сұрап, мен оның ешбір музыка мектебінде оқымағанын, музыка жөнінде талапкерліктен басқа арнаулы білімі жоқ екенін айтқанда, олар сенерін де, сенбесін де білмей, біраз таңғалғандықтарын білдірді. Әсіресе Манарбектің осыдан 15—20 жыл бұрын қойшы ғана болғанын естігенде, шындығында болатын кереметтердің бірі осы екен дегендей, екеуі де үнсіз бас изеу арқылы түсіндік дегендей болды».

Ал 1937 жылы Ленинградта өткен қазақ өнерінің онкүндігінде жазылған «Қазақ әншілері» атты бір мақалада Манарбектің әншілік, актерлік дарындылығына зор мән берген автор былай суреттейді: «Ер Тарғында» Сақан, «Қыз Жібекте» Шеге рөлін орындаған республикаға еңбегі сіңген, орденді артист Ержанов керемет дарынды әнші екен. Оның ән салуында тыңдаушыға өзгеше әсер беретіндей бір ұлы күш бар. Манарбектің салған әнінен халықтың оптимизмі, не бір асқан қуанышы сезіліп тұрады. Ержанов қандай ән болсын қиналмай, еркін орындайды. Оның дауысы қанша созса да бір қалыптағы күштілігінен айырылмайды».

Сонымен Манарбек халықтың нағыз сүйіп тыңдайтын әншісі еді. Оның әншілік-орындаушылық тәсілі озат өнер сипатын толық көрсете отырып, өткірлік, юмор, жігерлілікті де қоса қамтып айта алатындығымен ерекшеленеді.

Манарбек Ержанов — жаңадан ұйымдасып, қазақ музыка мәдениетінде алғаш пайда болған Абай атындағы опера және балет театрының кереге тасын қалаушылардың бірі. Осы театр қабырғасында қойылған түрлі спектакльдердің куәсі ғана емес, Ержанов сол спектакльдерді, опералық шығармаларды өз қолымен, талант күшімен бірге жасасқан атақты қайраткер ретінде көрінеді. Оның ойнаған қандай рөлі болса да, көрермендердің ой зердесінде сақталып отырады. Қандай операда болмасын Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Әнуарбек Үмбетбаев, Қанабек Байсейітов сияқты тарландармен қатар түсіп, бірге жасасып, қол жеткен табыстарымен де ортақтасып келгені аян. Өрине, опера театрының аз уақыт ішінде-ақ аяғынан қаз тұрып кетуі — Күләш, Манарбек тәрізді туа біткен үздік дарындарға байланысты болды. Опера театрында Ержанов көп жылдар бойы үзбестен қызмет етті. Сол еңбегінің арқасында ауыз толтырып айтарлықтай сахналық образдар жасады. «Айман—Шолпандағы» Жарастың, «Қыз Жібектегі» Шегенің, «Ер Тарғын» операсындағы Тарғынның досы батыр Сақанның, «Жалбырдағы» революционер Елеместің, тағы басқа да осы айтылғандардың куәсі. Бұл — опералық жанрдың өсіп, дамуына қосқан кесек үлес, үлкен табыс.

Терме — халық ақын-жыршыларының ертеден жалғастырып келе жатқан салт-санасымен берік ұштасып жатыр. Осы айтылған термемен қатар Манарбек әнші-ақын Шеге-

нің бейнесін тұлғалауда дербес сипаты бар ән-ариялармен көрінеді десек, Шеге-Манарбектің сыбағасына тиген туындылар ақын Шегенің аузынан естіліп, Төлегендей батырдың сенімді серігі, қысылғандағы ақылшысы, сүйеніші ретінде көрінетін күрделі тұлғаны тартымды да нанымды етіп шығаруға көмектескен.

1937—1938 жылдардағы опера театрында әнші-актерлермен көп жұмыстар атқарылғаны белгілі. Еуропаша тәрбие алған орыс мамандары үшін музыкалық сауаты аз, сахара саңлақтарына мүлдем жаңа дүние — операларды қою, оларды ән-ария айту сияқты өнерге баулу, оқыту оңайға түспеді.

Сол кездегі қазақтың әнші-актерлері — Күләш, Құрманбек, Ғарифолла, Үрия, Қанабек, Манарбектің өнерлері халық шығармашылығымен байланысты өссе, орыс мамандарынан нота үйреніп, ән айтқанда демді дұрыс алу, дауыс диапазонын кеңейту сияқты толып жатқан сырларымен қанық болды...

Жамал 1936 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігінде әншілігімен үлкен табыстарға жетеді. Ол үш ән орындайды. «Ертіс», «Қараторғай», «Ләтипа». Әнші дауысына қатты риза болған көрермендер «Қараторғайды» екінші рет орындатып жатқанда, ложаға М.И.Калинин келген екен. Осыдан бір жыл бұрын Қазақстанның 15 жылдық тойына Алматыға келіп, мерекелік концертте Жамал әнін тамашалаған мемлекет қайраткері: «Ән салған Қара торғай ма? Олай болса, қайта тыңдайық», — депті.

Сөйтіп, осы жолы мәскеуліктер «Қараторғай» әнін үш мәрте тыңдапты. 1937 жылы қазақтың Жамбыл атындағы мемлекеттік филармониясына әнші болып орналасады да ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен ән айтады. 1939 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық эстрада артистерінің конкурсына қатысып, жүлдегер атанады.

Мәскеудегі Бүкілодақтық артистер конкурсының әділ қазылар алқасының мынадай құрамы бекітіледі: И.О.Дунаевский — төраға, мүшелері: Күләш Байсейітова, Тамара ханым, И.П.Яунзем, Д.Я.Покрасс, Л.О.Утесов, И.А.Моисеев. Әділқазылар алқасы 1939 жылғы қарашада конкурсқа қатысқан кандидатураларды талқылап, Мәскеудегі екінші турға Ж.Елебеков пен Ж.Омарованы жіберуді

ұйғарады. Бұларды фортепианода сүйемелдеуші-концертмейстер ретінде М.В.Смитрович бекітіледі. Бұл конкурс Жамалдың өншілік шығармашылығындағы елеулі оқиғалардың бірі екені даусыз. Міне, содан Ж.Омарова қазақ халық әндерін, Қазақстан композиторларының шығармаларын, туысқан республика халықтарының туындыларын орындап, насихаттау ісінде орасан зор еңбек етті, түрлі мазмұндағы концерттік репертуарлар дайындап, алдағы алынбаған жаңа асуларға жетті.

Жамалдың туысқан республика халықтарының әндерін орындаушы ретінде көрінуі — 1940 жылдары Қазақ Республикасының құрылғанына 20 жыл толу мерекесіне арналған концерттен басталады. Өйткені осы жылы Ж.Омарованың бастамасымен «КСРО халықтарының әндері» ансамблі ұйымдасқан болатын.

Ж.Омарованың артистік, өншілік қызметі Ұлы Отан соғысының отты жылдарында анық көрінді, майдандағы жауынгерлер арасында концерттер қойып, патриоттық тақырыптағы әндерді орындады. Басқа да кеңес артистері сияқты, Жамалдың репертуары да соғысып жатқан жауынгерлердің ерлік істерін жырлайтын батырлық әндермен көбейіп, сондай-ақ тылдағы колхозшылардың еңбектегі жеңістерін мадақтайтын әндермен толықтыра берді. Осы соғыс кезіндегі жайларға байланысты Қазақстанның халық артисі Е.Өмірзақов былайша баяндайды: «Герман фашистері кеңес еліне шабуыл жасағанда, өнер қайраткерлері де қол қусырып қарап отырған жоқ. 1942 жылы маусымда қазақстандық 14 адам Мәскеуге барып, одан Солтүстік Батыс майданға аттандық. Олардың ішінде Күләш, Жамал, Манарбек, Өнуарбек, өзім және бірнеше адам бар. Жол сондайлық қиын... Күніне екі-үш концерт беріп, екі күн далада болдық. Бастан өткен оқиғалар соғыс жылдарында көп болды ғой. Дегенмен Күләш, Жамал, Манарбек, Жүсіпбек, Шәрипа, Өнуарбек тәрізді тарландарымыздың жауынгерлік деп айтуға болатын еңбегін аз да болса жұрт есінде қалсын деп жазып отырмын. Мұндай нәрселер жылдар өтсе де ұмытылмауы керек. Ол күндер, ол адамдар қайталанбайды».

3. Қоспақов

Сыр тартсақ тарихынан өншіліктің.
Алматы: Ғылым, 1996. 111—115, 156-157-бб.

**ҚАРЛАГ ЖОСПАРЛАУ БӨЛІМІНІҢ КСРО ІШКІ ІСТЕР ХАЛЫҚ
КОМИССАРИАТЫ ГУЛАГ-на ЛАГЕРЬДІҢ ҰЙЫМДЫҚ-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
АНЫҚТАМАСЫНАН**

17 желтоқсан, 1940 жыл.

Қарағанды лагері 1930 жылы Қарағанды облысының Тельман, Жаңаарқа және Нұра аудандары аумағында ұйымдастырылды.

Лагерге бөлінген жерде бірнеше қазақ ауылдары мен еуропалық халқы бар жеті поселке орналасқан, олардың халқы 21 979 адам болатын, 4861 қожалықты біріктірді.

Лагердің ұйымдастырылуына байланысты барлық халық Қарағанды облысының басқа аудандарына көшірілді.

Халық жартылай көшпелі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатын. Танапты тыңайту жүйесі бойынша 5000 гектардай жер өңделетін. Күздік қара бидай, сұлы, тары, арпа мен картоп егіліп келген.

Халық қолында 120 мыңдай мал болған, соның ішінде: жылқы — 21%, ірі қара — 31%, қой мен ешкі — 47% және түйе — 1%.

Лагерге бөлінген жер Орталық Қазақстанның кең-байтақ континенттік кеңістігінің түкпіріне орналасқан. Аудан климатынан континенттік сипат айқын аңғарылады.

Лагер аумағы теңіз деңгейінен бір жарым шақырым биіктікте және батыс, солтүстік, шығыс жағында ық боларлық ештеңе жоқ. Соның салдарынан оған арктикалық ауа ағыны өзіне тән ерекшеліктерімен жылына әлденеше рет ағылып келеді. Атлантикалық теңіз ауасы лагер аумағына өте сирек жетеді, өйткені оны Орал жотасы жібермейді. Үнемі соғып тұратын жел Қара теңіз бен Орта Азияда қалыптасатын ауа ағынын тез жеткізеді, соның салдарынан лагер аумағында ауаның ылғалы аз. Мұның өзі климаттың қуаншылыққа бейім құрғақ болуына әсер етеді.

Қарлаг аумағы 1930 жылдан бастап бірте-бірте кеңейтіле берді, қазіргі уақытта оның екі алқаптан тұратын 1 780 650 га жері бар.

Қарағанды облысының бес әкімшілік ауданы шектесетін жерде орналасқан негізгі алқаптың көлемі — 1 756 033 га

да, нақ сол облыстың Ақмола ауданында орналасқан қосалқы алқаптың көлемі — 24 617 га жерді алады.

Жер аумағының сипаттамасы

Негізгі егістік.....	82 617 га
Тың, тынайған және танапты жер	18 979 га
Шабындық	467 928 га
Жайылма	7514 га
Өрістік	1 083 880 га
Басқа да жер	178 761 га

Лагерьдің әкімшілік-шаруашылық орталығы негізгі алқаптың солтүстік жағында орналасқан Долинка поселкесі. Лагерьдің бүкіл аумағы 19 бөлімшеге, қорға және ауыл шаруашылығы тәжірибе стансысына бөлінген. Бұларға қоса лагерьдің әкімшілік бөлімшелері ретінде мыналар бар — Балқаш бөлімшесі (мердігерлік жұмыстар), Қарабас бөлімшесі (жөнелтіп отыратын аралық пункт және жабдықтау базасы) және дәрігерлік емдеу пункті.

Соңғы үшеуін қоспағанда, әрбір бөлімше учаске және ферма деп аталатын бірқатар шағын шаруашылық бөлімшелеріне бөлінген. Лагерьде 106 мал шаруашылық фермасы, 7 бақша телімі және 10 егістік телімі бар.

Қарлаг аумағына екі теміржол желісі қызмет көрсетеді. Олардың біреуі, Қарағанды — Балқаш аумақты солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтеді және негізгі алқаптың шығыс бөлігінен өтеді. Екіншісі, Жарық — Жезқазған негізгі алқаптың шығысынан батысқа қарай кесіп өтеді.

Негізгі шаруашылық орталықтарының көпшілігі (лагерьдің бөлімше поселкелері) теміржол стансыларынан қыста қар басқан кезде, жүру қиын табиғи сұрлеу жолдар болып табылады.

Тұратын өңірлер және Долинка поселкесі, онда мектеп, пошта, прокуратура, сот және Мемлекеттік банк бөлімшесі қызметшілерінен тұратын 50 шақты отбасы бар.

Әскерилендірілген күзетті қосқанда, лагерьдің өз еркімен жалданған құрамы 4756 адамнан тұрады (отбасы мүшелерімен 8000-дай адам). Соның ішінде инженер-техник қызметкерлері — 236, партия мүшелері мен кандидаттар — 381 және комсомолдар — 922.

Тұтқындағылар саны — 37 000 адамға тең. Бұған тұтқындардың 4 жасқа дейінгі, лагерьдегі сәбилер үйлерінде ұсталатын 980 баласын қосу қажет.

Лагерьдегі өз еркімен жалданғандар құрамы мен өскерилендірілген күзетке арналған тұрғын үй алаңы небәрі 59 840 шаршы метр. Тұтқындарға арналған барақтар көлемі 139 463 шаршы метр болды.

Нақты тұрғын үй алаңы жеткіліксіз, ол ГУЛАГ-та белгіленген нормалардан әлдеқайда кем. Тұрғын үй алаңының жеткіліксіздігін бүкіл тұрғын үй алаңының 50 пайызы жергілікті халықтан қалған құрылыстардан тұратындығы одан сайын ушықтыра түсуде. Бұл құрылыстар әбден ескірген, құлап жатыр және ешбір қолайлы жағдай жасалмаған (едені жоқ, жарық аз түседі, төбелері сыланбаған және т.б.).

Халықтың лагерьдегі, әсіресе бөлімшелердегі (учаскелер мен фермалардағы) мәдени-тұрмыстық жағдайлары қанағаттанғысыз. Клубтар, радио, кино және т.б. жоқ.

...Қарлаг қылмысты элементтердің жазасын өтеу орны ретінде қанағаттанғысыз жабдықталған. Режімді жағдайларға сәйкес жабдықталған лагерь аймақтары жоқ. Ерекше айыптыларды оқшаулау орындары, қапастар (карпер) жеткіліксіз.

Коммуналдық-тұрмыстық, қызметтік-өкімшілік орындары мен қоймалар да жетіспейді.

Лагерьдің негізгі өндірістік қызметі — қой өсіруге бейімделген мал шаруашылығы бағытындағы ауыл шаруашылығы. Қарлагта мал шаруашылығы өндірістің негізгі саласы болып табылады.

... Қарлаг өнеркәсібі Ақмола тігін-кесте фабрикасы мен ауыл шаруашылығы өнімін ұқсату жөніндегі бірқатар кәсіпорындардан тұрады.

...Лагерьде жалпы қуаты 537,5 кВт сағат болатын 18 электрстансысы бар.

Қазіргі уақытта Спасск бөлімшесінде өндірістік қуаты жылына 2 млн биялайға жететін жіп иіру-тоқу фабрикасын 1941 жылы іске қосуға дайындық жұмысы жүргізілуде.

Лагерьдің Балқашта орналасқан бөлімшесі мыс балқыту зауытын салу жөніндегі мердігерлік жұмыстарды атқарады. Құрылыста 650 адам жұмыс істейді.

Ішкі істер халық комиссариаты
Қарлаг жоспарлау бөлімінің бастығы

Хатемкин

Советские архивы. №6.
М., 1991. С. 30—37.

**ГУЛАГ ПЕН КСРО ТҮРМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАМАУДА ОТЫРҒАНДАР
САНЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕР**

**ГУЛАГ-та қамауда отырғандар саны
(әрбір жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша)**

Жыл	Еңбекпен түзеу лагерлерінде	Оның ішінде контрреволюциялық қылмысы үшін сотталғандар		Еңбекпен түзеу колонияларында	Барлығы
		барлығы	%		
1934	510 307	135 190	26,5	—	510 307
1935	725 483	118 256	16,3	240 259	965 742
1936	839 406	105 849	12,6	457 088	1 296 494
1937	820 881	104 826	12,8	375 488	1 196 369
1938	996 367	185 324	18,6	885 203	1 881 570
1939	1 317 195	454 432	34,5	355 243	1 672 438
1940	1 344 408	444 999	33,1	215 584	1 659 992
1941	1 500 524	420 293	28,7	429 205	1 929 729
1942	1 415 596	407 988	29,6	361 447	1 777 048
1943	983 974	345 397	35,6	500 208	1 484 182
1944	663 594	268 861	40,7	516 225	1 179 819
1945	715 505	289 351	41,2	745 171	1 460 677
1946	746 871	333 883	59,2	956 224	1 703 095
1947	808 839	427 653	54,3	912 704	1 721 543
1948	1 108 057	416 156	38,0	1 091 478	2 199 535

КСРО түрмелерінде қамауда отырғандар саны

(әрбір айдың орта шеніндегі деректер)

Жыл	Қаңтар	Наурыз	Мамыр	Шілде	Қыркүйек	Желтоқсан
1939	350 538	281 891	225 242	185 514	178 258	186 278
1940	190 266	195 582	196 028	217 819	401 146	434 871
1941	487 739	437 492	332 936	216 223	229 217	247 404
1942	277 992	298 081	262 464	217 327	201 547	221 669
1943	235 313	237 246	248 778	196 119	170 767	151 708
1944	155 213	177 657	191 309	218 245	267 885	272 486
1945	279 969	272 113	269 526	263 819	191 930	235 092
1946	261 500	278 666	268 117	253 757	259 078	290 984
1947	306 163	323 492	326 369	360 878	349 035	284 642
1948	275 850	256 771	239 612	228 031	228 258	230 614

История СССР.
№5. М., 1991. С. 152-153.

V тарау. ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРАТЫН ӨЗГЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАР

КСРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІ МЕН БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ «КОРЕЙ ХАЛҚЫН ҚИЫР ШЫҒЫС ӨЛКЕСІНІҢ ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАРЫНАН КӨШІРУ ТУРАЛЫ» № 1428—326 ҚАУЛЫСЫ

21 тамыз, 1937 жыл.

КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитеті қаулы етеді:

1. БК(б)П Қиыр Шығыс өлкелік комитетіне, өлкелік атқару комитетіне және Қиыр Шығыс өлкесінің Ішкі істер халық комиссариаты басқармасына Қиыр Шығыстың шекаралық Посвет, Спасск, Шмаков, Постышев, Бикинск, Вязьма, Хабаров, Суйфун, Киров, Калинин, Лазо, Свобода, Благовещенск, Тамбов, Михайлов, Архалы, Сталин және Блюхер аудандарындағы барлық корей халқын көшіру және оларды Оңтүстік Қазақстан облысына, Арал теңізі мен Балқаш ауданына және Өзбек КСР-іне қоныстандыру ұсынылсын. Көшіру Посвет ауданын және Гродековаға жапсарлас жатқан аудандардан басталсын.

2. Көшіру дереу басталып, 1938 жылғы 1 қаңтарға қарай аяқталсын.

3. Көшірілуге жататын корейлерге көшу кезінде мүлкін, шаруашылық құрал-сайманын және малын өкетуге рұқсат етілсін.

4. Көшірілетіндерге олардың тастап кеткен жылжымалы және жылжымайтын мүлкі мен егісінің құны өтелсін.

5. Көшірілетін корейлерге шетелге өту жөнінде тілек білдірсе, кедегі жасалмай, шекарадан өту тәртібін жеңілдетуге мүмкіндік берілсін.

6. КСРО Ішкі істер халық комиссариаты көшіруге байланысты корейлер тарапынан жасалуы мүмкін күтпеген оқиғалар мен тәртіпсіздіктерге қарсы шаралар қолдансын.

7. Қазақ және Өзбек КСР-лерінің Халық Комиссарлары Кеңестері қоныстандыру аудандары мен мекендерін дереу анықтауға және қоныстанушыларға қажетті жәрдем көрсетіп, олардың жаңа жерлерді игеруін қамтамасыз ететін шараларды белгілеуге міндеттелсін.

8. КСРО Қатынас жолдары халық комиссариаты корейлерді Қиыр Шығыс өлкесінен Қазақ және Өзбек КСР-леріне тасуға арналған вагондардың дер кезінде берілуін қамтамасыз етсін.

9. БК(б)П Қиыр Шығыс өлкелік комитеті мен Қиыр Шығыс өлкелік атқару комитеті көшірілуге жататын қожалықтар мен адамдар санын үш күн мерзімде хабарлауға міндеттелсін.

10. Көшіру барысы, көшіру аудандарына келіп жеткендер саны және шетелге жіберілгендер саны туралы он күн сайын телеграф арқылы хабарланып отырсын.

11. Корейлер көшірілетін аудандарда шекара күзетін күшейту үшін шекара әскерлерінің саны 3000 адамға көбейтілсін.

12. КСРО Ішкі істер халық комиссариатына шекарашыларды корейлерден босаған үй-жайларға орналастыруға рұқсат етілсін.

КСРО Халық Комиссарлары

Кеңесінің Төрағасы

В.Молотов

БК(б)П Орталық комитетінің хатшысы

И.Сталин

Отечественная история. №6. М., 1992. С. 142-143.

**ГУРЬЕВ ОБЛЫСЫНЫҢ ТЕҢІЗ АУДАНЫНДАҒЫ ҚАРАКӨЛ
АУЫЛЫНА ҚОНЫСТАНУШЫ КОРЕЙЛЕРДІҢ ӨКІЛ ПАК
ЕЖИДІ ҚСРО ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ В.М.МОЛОТОВҚА ӨТІНІШ**

29 қаңтар, 1938 жыл.

Амалдың жоқтығынан және жағдайдың өте ауыр болуына байланысты үкімет бастығы ретінде Сізге ұлттың бұдан былайғы тағдырын шешуге өтініш жасаймын. Отанымыздың және ел қорғанысының мүдделерінен туындайтын үкімет шешімдері негізінде біз — қиыршығыстық жұмысшы-корейлер Қиыр Шығыс өлкесінің Приморье өлкесіндегі Буденный ауданының Аппа шығанағындағы Қиыр Шығыс балық тресінің балық комбинатынан Батыс Қазақстанның

Гурьев облысындағы Теңіз ауданының Қаракөл ауылына отбасымыз және асырауымыздағы адамдарымыз бар барлығы 75 шаруашылықтан тұратын 403 адам көшіп келген едік.

Пойызбен түп-тура бір ай жүріп (яғни, Қиыр Шығыс өлкесінен 1937 жылғы 4 қазанда шықтық), біз жоғарыда аталған жерге 1937 жылғы 2 қарашада келдік. Сол кезден бастап, қазір едәуір көп уақыт — аттай 4 ай (қазан, қараша, желтоқсан және қаңтар) өтті, содан бері біз ешқандай жұмыс таба алмай отырмыз, өйткені бұл жер тек қана құм, онда бір нәрсе жасау мүлде мүмкін емес. Ол былай тұрсын, барлық жерде су ащы, еш жерден бір тамшы болса да тұщы су таба алар емеспіз. Өндіріс болса, біз, әрине, жұмыс істер едік, осы жерде тұрып та қалар едік.

Оның үстіне біз көшпелі емес, отырықшы адамдармыз, біз жергілікті тұрғындар (қазақтар немесе қырғыздар) сияқты ғасырлар бойы дағдыланған емеспіз. Біз бәріміз түгелдей егінші-күрішшілерміз немесе басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарымен айналысқан адамдармыз, балық кәсіпшілігінің қызметкерлеріміз. Бізді мұндай жерге қоныстандыру біздің бұдан былайғы тағдырымыз туралы мәселені жақсылық жағына қарай тіпті де шешпек емес.

Бізді қазіргі кезде және бұдан былайғы болашақта тек қана аштықтан өлу ғана күтіп тұр, өйткені бізге балық өнеркәсібі комбинатының жұмысшылары мен қызметшілеріне берілген демалыстық жәрдемақыны біз әлдеқашан жолда келе жатқан кезде-ақ тауысқанбыз.

Сондықтан мемлекеттен, біріншіден, бізді Азов теңізіндегі балық кәсіпшілігіне, Астрахан облысының Гализи ауданына немесе күріш өсіретін әлдебір жерге қоныстандыруды өтінеміз, өйткені біз мемлекет қажет деп санаған жерде ұжымшар, кеңшар ұйымдастыра аламыз, екіншіден, бізге тіршілік ету үшін ақшалай жәрдем берілсін, біздің арамызда ашығушылар бар.

Отечественная история. №6. М., 1992. С. 159-160.

ТҮРКІТІЛДЕС ӘЛЕМ

Түркі халықтарының демографиясын зерттегенімізде, олардың тілі мен мәдениеті және орналасуы жағынан бір-біріне өте жақын екеуден немесе үшеуден, ал кейбіреулері тіптен төртеуден топтасып келетінін және олардың санында

белгілі қатынастар сақталып отыратынын байқаймыз. Мысалы, түрік-өзирбайжан-қарапапах; өзбек-ұйғыр; қазақ-қырғыз-қарақалпақ; татар-башқұрт; түрікмен-қашқай-қызылбас-қарадағ; құмық-қарашай-балқар-ноғай; алтай-шор; тува-хакас-ұранқай-топа; қырым-қарайым-қырымшақ, т.с.с. Бұлар бір діңгектен тараған үлкенді, орташа, кішілі бұтақ екендігінде еш дау жоқ. Олардың ірілерінің арасында жеке ұлт болып жіктелу басым келіп, бүгінде біржола аяқталып, ал ұсақтарының арасында, керісінше бір ұлыс болып қордалану жүріп жатқанда, кейбір саяси себептерден ол үдеріс тоқтап қалуы ықтимал. Айталық, қырым мен қарайым және қырымшақтарды жан-жаққа көшіріп, зорлықпен бөлуден бұл үдеріс аяқталмай қалды деуге өбден болады.

Енді тікелей сан жөнінде сөз қозғайтын болсақ, түркітілдес халықтар Еуразия құрлығындағы саны жағынан алдыңғы алтыншы орында. Тіл бойынша топтағанда қытай, үнді, славян, роман, неміс тілдерінен кейін тұр.

Түркітілдес халықтар сан жағынан өзара қатты алшақтанады. Демек, олардың тарихи тағдыры қилы замандарда әртүрлі болып қалыптасқан деуге толық негіз бар. Шағын санды кішігірім ұлыстарға ерекше қамқорлық жасалмаса, олардың болашақта жоқ болып кету қаупі бар. Алайда саны аз түркілер өздерін болашақтағы көп санды түркі әлемінің бір құрамдас бөлігі ретінде сезінсе, азшылықтың ауыр ахуалын оңай көтеруге болады.

**Жержүзіндегі түркі халықтарының тілдік
жақындығы бойынша орналасуы**

Әр тілде сөйлеушілердің сандық мөлшерімен жасалған тізімі және үлес салмағы	Жалпы саны
<i>Қарлұқ тобы</i> (қырғыз, сақа, тува, хакас, алтай, ұранқой, шор, долған, топа) — барлығы 9 тіл, 3%.	3 млн 886 мың
<i>Оғыз тобы</i> (түрікмен, қашқай, қызылбас, апшар, шақсыбан, қарадағ) барлығы 6 тіл, 5%.	6 млн 850 мың
<i>Қылышқ тобы</i> (қазақ, татар, чуваш, башқұрт, қырым татарлары, қарақалпақ, құмық, қарашай, балқар, ноғай, қарайым, қырымшақ) —барлығы 12 тіл, 17%.	22 млн 946 мың
<i>Шағатай тобы</i> (өзбек, ұйғыр, салар, бұқар еврейлері, сарыұйғыр, хотан) — барлығы 6 тіл, 21%.	27 млн 854 мың
<i>Салжұқ тобы</i> (түрік, өзирбайжан, месхеттік түріктер, ғағауыз, кипр түріктері, қарапапах, қаджар) — барлығы 7 тіл, 54%.	72 млн 946 мың
<i>Барлық түркі тілдері</i> — бес топ, қырық тіл, жүз диалекті.	133 млн 482 мың

Түркітілдес халықтардың толық тізімі қырыққа жетеді. Кейбір ұсақ ұлыстарды (мысалы, месхеттерді жалпы түріктерден, қырымдықтарды татарлардан, сарыұйғырларды басқа ұйғырлардан, топаларды тувалардан) бөліп қарастыру дау туғызуы мүмкін. Бұл жерде шығу тегі бір туысқан халықтардың ыдырап, ұзақ жылдар бойы бөлшектене ажырап тұруы оларды тіл, салт-дәстүр, мінез-құлық жағынан алшақтатып, жаңа ұлттық белгілер туғыза бастайтынын ескертіп өтеміз. Түркілердің қоныстану аралығының ареалы кеңдігін жоғарыда айтып өттік. Олардың тұтас атамекені үш жерде. Ол солтүстік-шығыс пен оңтүстік-батыста славяндардың сұғына еніп, қоныстануынан және оңтүстікте парсы тілдестердің ежелгі мекенжайынан анық байқалады. Әдетте, түркітанушылар түркітілдес елдерді төрт тіл тобына бөледі. Ал біз олардың орналасу және өсу жағын ескеріп, түркітілдес халықтарды бес тіл тобына бөлдік. Осы тұрғыдан келгеннің өзінде де бұрынғы топтама бұзылмайды, керісінше түркі тілдерінің оғыз аумақтық топтамасы жеке бөлініп алынады (қазіргі Түрікменстан мен Ауғанстанның батысы және Иранның шығысы). Түркітілдес халықтар күрделі тарихи кезеңдерде климаты жағынан халық санының өсуіне қолайлы отырықшы дәстүрі бар оңтүстік-батыс бағытқа қарай қоныс аударған. Ал солтүстік-шығыстағы алғашқы шыққан жерінде климаттың қатаңдығынан сол жердегі тілдерде сөйлейтіндер саны көп өсе алмаған. Салыстыра қарастырғанымызда солтүстікте алғаш қалыптасқан қарлұқ тобына қарағанда шағатай тобы жеті есе, ал соңғы қалыптасқан салжұқ тобы жиырма екі есе басым екендігі көрінеді. Бұл тілдің тағдырында демографиялық факторлардың күшті орын алатынын айқын білдіреді.

Біздің есебімізше, түркі тілдері бес топ, қырық тіл, жүзден аса диалектілерге бөлінеді. Түркітілдес халықтарда бұрын тіл диалектілері орынсыз көп болатын, олар қазіргі кезде де сақталып отыр. Мәселен, татар тілінде ноғайбақ, мишар, тептяр, крешен, қырым, бараба, астрахан диалектілері ұшырасады. Өзбек және ұйғыр тілдеріндегі диалектілер жеке оазистар бойынша қалыптасқан (өзбек тілінде Ферғана, Ташкент, Зарафшан, Хорезм диалектілері, ұйғыр Қашқар, Жаркент, Тұрфан, Құлжа диалектілері).

Басқа тілдердегі сияқты түркі тілдерінде де демографиялық факторлардың атқаратын қызметі аса маңызды. Тіл мамандары қазақ тілінде диалектілердің айқын болмауын көшпелі өмірге байланысты құбылыс ретінде түсіндіреді. Бұл өте орынды тұжырым, демографиялық факторлардың тікелей ықпалымен ана тіліміздің диалектісіз, таза күйінде қалыптасқаны тарихи шындық. Өткен ғасырларда қазақтар жеті атаға дейін өзара қыз алысып, қыз беріспеген. Сол себептен оларға құда түсу үшін алыс ауылдарға барып басқа рулармен құдандалы болуға тура келген. Әдетте, жеті ата ауысу үшін кемінде 250—300 жылдай уақыт керек болған.

Бай отбасылары 1000 шақырымға, орта ауқатты отбасылары 500 шақырымға, ал кедей отбасылары кемінде 100 шақырымға дейінгі аймақ көлемінде құда барған. Егер осы құдалық радиустар ылғи жылжып отырғанын және көшіп-қонушылар бірінің жолын бірі кесіп өтпейтінін ескерсек, көшпелілік пен алыс құдандалық ана тілімізде диалектілердің болмауының бірден-бір себепкері екені даусыз. Сірә, тіліміздің ана тілі деп аталуы да осы жағдайдан болар. Отбасындағы аналар мен бойжетіп ұзатылып кеткен қыздар тіліміздің таза, табиғи негізін сақтауға мұрындық, шаңырақ астында, ошақ қасында жан жылуы мен туған-туысқандық қатынасты мейлінше мол сақтауға бейімделген тіл болып қалыптасқан. Бұл ана тіліміздің тереңде жатқан демографиялық күш-қуатын аңғартады. Ол жағдайды жақсы түсіне білсек, біздің болашағымыз үшін аса маңызды болмақ.

Алайда қиын демографиялық жағдайымыз, әсіресе ана тілі мен мемлекеттік тіл дегенге келгенде, өзінің айқын көрінісін тым нашар жағымен аңғартады. Ана тілін білудің ең сенімді көрсеткіші — қазақ отбасылары өз үйінде ана тілінде сөйлесе ме әлде басқа тілге біржола көшіп кетті ме деген анықтауышпен шешілетіні белгілі. Ана тілі үйде қолданылудан қалды деген сөз — ол тіл біржола жойылады деген сөз. Бұл — құрдымға әкеліп тірелетін соңғы қадам. Жасыратыны жоқ, сол мәңгүрттікке салынып, өз ана тілінен біржола қалғандар, сөйтіп, өз ұлты үшін жоқ болуға бет алған демографиялық «тұлғалардың» саны елімізде көптеп саналады.

ӘЛЕМ БОЙЫНША ТҮРКІТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ

(халықаралық статистика бойынша 1992 жылдың ортасында
жасалған есеп)

Ұлттар тізімі	Саны
1	2
Түріктер	57,0 млн
Өзбектер	19,8 млн
Әзірбайжандар	16,2 млн
Қазақтар	10,5 млн
Ұйғырлар	7,9 млн
Татарлар	7,2 млн
Түрікмендер	4,7 млн
Қырғыздар	3,0 млн
Чуваштар	1,9 млн
Башқұрттар	1,6 млн
Қырымдықтар ¹	790 мың
Қашқайлар	785 мың
Қызылбастар	630 мың
Қарақалпақтар	475 мың
Якуттар (сахалар)	400 мың
Апшарлар	390 мың
Шақсыбандар	320 мың
Құмықтар	315 мың
Тувалар	250 мың
Месхеттер	225 мың
Ғағауыздар	223 мың
Қарашайлар	170 мың
Кипрліктер	155 мың
Қарапапахтар	105 мың
Малқарлар	100 мың
Саларлар	95 мың
Хакастар	93 мың
Ноғайлар	90 мың
Алтайлықтар	85 мың
Бұқар еврейлері ²	40 мың
Қаджарлар	38 мың
Ұранқайлар	30 мың
Қарадағтар	25 мың
Шорлар	20 мың

¹Қырымдықтар (қырым татарлары) мен месхеттерді (месхет түріктері) және кипрліктерді (кипр түріктері) жеке халық ретінде татар мен түрік санынан шығарып, жеке есебін қорыттық.

²Бұқар еврейлері шағатай-өзбек тілінің бір диалектінде сөйлегендіктен түркі тілдес этносқа енгіздік.

1	2
Сарыұйғырлар*	14 мың
Долғандар	7 мың
Хотандықтар	5 мың
Қарайымдар	4 мың
Қырымшақтар	2 мың
Топалар	1 мың

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

«Дүниеде бірде-бір халық басқа халықты басып түсетін қабілетке ие болмаған».

Г. Лессинг

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру белсенді қолдауға ие болып, арнайы дайындық жұмыстарынан кейін көп ұзамай құрылды. Республика қауымдастығының еркімен Ассамблеяны басқару тізгіні ел Президентіне ұсынылды. Ассамблея жайлы жағдайға сәйкес оның құрамының санын Республика Президенті анықтайды, ал оның құрамына кандидаттар Астана және Алматы қалалары мен облыстардың кіші Ассамблеяларының пропорционалдық принципі бойынша болды және олар барлық республикалық ұлттық мәдени орталықтардың өкілдері болды. Ел президенті құрған дипломатия формасындағы ұлтаралық қатынастарды гормонизациялауды жүзеге асыратын жаңа консультативті — кеңесші орган өмірлік қажеттілік болып, демократиялық институттар жүйесіне енді.

Ассамблея төрт жылдан аса қызмет ете отырып, қоғамдық өмірдің әлеуметтік саяси маңызды мәселелерін талқылаған бес сессия өткізді.

Ассамблеяның әрекеті әлемдік қауымдастықта және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымында жақсы бағаға ие болды. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына (ОБСЕ) 50-ден астам мемлекет кіреді. Сонымен қатар бұл ұйым Ассамблеяның бірнеше мүшесін

*Сарыұйғырлар мен хатондықтар жеке халықтар ретінде есептеліп, ұйғырлар санына енген жоқ. Жержүзі бойынша түркітілдес халықтардың ресми саны — 135 млн 682 мың.

ұлттаралық қатынас мәселелері бойынша халықаралық эксперттер құрамына енгізді. Олардың ЕҚЫҰ-ның халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларына қатысуы Қазақстан халқы Ассамблеясына, еліміздің ұлттаралық келісім мен бірліктің нығаюы мен сақталуындағы тәжірибесінде халықаралық қызығушылығын арттырды.

Ассамблеяға өз кезінде Франция, Оңтүстік Корея, Болгария, Польша және т.б. ТМД елдерінің бірқатарының дипломатиялық өкілдері келіп кеткен.

Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық байланысы дами түсті, бұған ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылық істері бойынша жоғарғы комиссар мырза Макс Ван дер Стулдың Қазақстанға жыл сайынғы сапары дәлел бола алады. Осы сапарларында Ассамблея қызметімен және облыстың кіші Ассамблея қызметімен жақын танысты. Оның қатысуымен Республикада үш халықаралық конференция мен семинар өтті.

Біздің Ассамблея белсенділері ұлттық азшылықтар мәселесі бойынша шетелдегі (Бішкек, Санкт-Петербург, Таллин, Вена, Локарно) бес халықтың форумдарында баяндама жасап, халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие болды.

1997 жылы желтоқсанда Қазақстан және Қырғыз Республикаларының аймақтық деңгейде өткен халықаралық конференциялары өте мазмұнды болды.

Ван дер Стул мырза еліміздің Президентіне, Қазақстан Республикасының көпұлтты халқына шынайы алғысы мен құрметін білдірді. ЕҚЫҰ өз қаржысына Ассамблея құрамында гуманитарлық зерттеу орталығын құрды.

*Дымов О. Тепло Казахстанской земли.
Алматы, 1999. С. 24-25.*

2009 жылы Қазақстан Республикасындағы халық санағының қорытындысы
Аймақтағы қоныстануы және саны

	Барлық адам саны			Соның ішінде						Жалпы халық саны, %			
	1999	2009	%	қала халқы		%	ауыл халқы		%	қала халқы		ауыл халқы	
				1999	2009		1999	2009		1999	2009		
Қазақстан Республ.	14981281	16009597	106,9	8455783	8662432	102,4	6525498	7347165	112,6	56,4	54,1	43,6	45,9
Ақмола	827254	737495	89,1	380522	341915	89,9	446732	395580	88,5	46,0	46,4	54,0	53,6
Ақтөбе	682558	757768	111,0	377603	461050	122,1	304955	296718	97,3	55,3	60,8	44,7	39,2
Алматы	1557269	1807894	116,1	464953	416858	89,7	1092316	1391036	127,3	29,9	23,1	70,1	76,9
Атырау	440286	510377	115,9	242673	238936	98,5	197613	271441	137,4	55,1	46,8	44,9	53,2
Батыс Қазақстан	616800	598880	97,1	251670	277751	110,4	365130	321129	87,9	40,8	46,4	59,2	53,6
Жамбыл	988840	1022129	103,4	452023	404535	89,5	536817	617594	115,0	45,7	39,6	54,3	60,4
Қарағанды	1410218	1341700	95,1	1158706	1040203	89,8	251512	301497	119,9	82,2	77,5	17,8	22,5
Қостанай	1017108	885570	87,1	554112	439554	79,3	462996	446016	96,3	54,5	49,6	45,5	50,4
Қызылорда	624991	678794	108,6	389781	284248	72,9	235210	394546	167,7	62,4	41,9	37,6	58,1
Маңғыстау	314669	485392	154,3	246848	263182	106,6	67821	222210	327,6	78,4	54,2	21,6	45,8
Оңтүстік Қазақстан	1978339	2469357	124,8	793241	972072	122,5	1185098	1497285	126,3	40,1	39,4	59,9	60,6
Павлодар	806983	742475	92,0	511448	504579	98,7	295535	237896	80,5	63,4	68,0	36,6	32,0
Солтүстік Қазақстан	725980	596535	82,2	274744	237436	86,4	451236	359099	79,6	37,8	39,8	62,2	60,2
Шығыс Қазақстан	1531024	1396593	91,2	898497	801475	89,2	632527	595118	94,1	58,7	57,4	41,3	42,6
Астана қаласы	328341	613006	186,7	328341	613006	186,7	0	0	0	100	100	0	0
Алматы қаласы	1130621	1365632	120,8	1130621	1365632	120,8	0	0	0	100	100	0	0

Жеке этностардың саны

Этникалық құрылымы	Адам саны		1999 ж. 2009 ж.	Өсу (+) азаю (-)		Жалпы халық саны, %	
	1999	2009		адам	%	1999	2009
Барлығы	14981281	16009597	106,9	1028316	6,9	100	100
соның ішінде:							
Қазақтар	8011452	10096763	126,0	2085311	26,0	53,5	63,1
Орыстар	4480675	3793764	84,7	-686911	-15,3	29,9	23,7
Өзбектер	370765	456997	123,3	86232	23,3	2,5	2,9
Украиндар	547065	333031	60,9	-214034	39,1	3,6	2,1
Ұйғырлар	210377	224713	106,8	14336	6,8	1,4	1,4
Татарлар	249052	204229	82,0	-44823	-18,0	1,7	1,3
Немістер	353462	178409	50,5	-175053	-49,5	2,4	1,1
Көрістер	99944	100385	100,4	441	0,4	0,7	0,6
Түріктер	75950	97015	127,7	21065	27,7	0,5	0,6
Әзербайжан- дар	78325	85292	108,9	6967	8,9	0,5	0,5
Беларустар	111924	66476	59,4	-45448	-40,6	0,7	0,4
Дүнгендер	36945	51944	140,6	14999	40,6	0,2	0,3
Күрдтер	32764	38325	117,0	5561	17,0	0,2	0,2
Төжіктер	25673	36277	141,3	10604	41,3	0,2	0,2
Поляктар	47302	34057	72,0	-13245	-28,0	0,3	0,2
Шешендер	31802	31431	98,8	-371	-1,2	0,2	0,2
Қырғыздар	10925	23274	213,0	12349	113,0	0,1	0,1
Басқалар	206879	157215	76,0	-49664	-24,0	1,4	1,1

Қазақстан Республикасындағы жүргізілген санақтар бойынша адам саны

Санақ жүргізілген жылдар	Барлық саны	%	Қала тұрғындары	%	Ауыл тұрғындары	%
1959	9303801	100	4138651	44,5	5165150	55,5
1970*	13026274	100	6636116	50,9	6390158	49,1
1979*	14709508	100	7980457	54,3	6729051	45,7
1989*	16232324	100	9269000	57,1	6963324	42,9
1999*	14981281	100	8455783	56,4	6525498	43,6
2009*	16009597	100	8662432	54,1	7347165	45,9

* Байқоңыр қаласы қосылып есептелінді

Адам санындағы өзгерістер (өсу +, азаю -)

Санақ жүргізілген жылдар, адам					
	1970	1979	1989	1999	2009
Барлығы	3722473	1683234	1522816	-1251043	1028316
Қала халқы	2497465	1344341	1288543	-813217	206649
Ауыл халқы	1225008	338893	234273	-437826	821667
Санақ жүргізілген жылдар, пайыз					
	1970	1979	1989	1999	2009
Барлығы	40,0	12,9	10,4	-7,7	6,9
Қала халқы	60,3	20,3	16,1	-8,8	2,4
Ауыл халқы	23,7	5,3	3,5	-6,3	12,6

Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯ ЖӘНЕ КОМСОМОЛ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ

ХРУЩЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

1953 жылғы қыркүйек Пленумы КОКП Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы етіп Н.С.Хрущевті сайлады. Пленум жұмысы аяқталысымен ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері мен облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшыларын қабылдады. Никита Сергеевич Қазақстан партия және кеңес органдарының халық шаруашылығына басшылық жасау әдіс-тәсіліне тиісті. Республикада бай мүмкіндіктердің нашар пайдаланылып отырғандығын, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығы өндірісін өрге бастырудың келелі мәселелерін көтеруде ынта-жігердің жоқтығын айыптады. Ол, ең алдымен, республикада тың және тыңайған жерлерді игеру, ауыл шаруашылығын одан әрі өрге бастыру жөнінде шараларды белгілеп, оларды КОКП Орталық Комитетіне тапсыруды ұсынды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Н.С.Хрущев ұсынған бағдарламаны талқылап, егіс көлемін төрт жылда (1954—1957 жж.) 2,5 млн га-ға көбейту мүмкін деп ұйғарды. Ол кезде Ж.Шаяхметов, Н.Оңдасынов сияқты Қазақстан басшыларының бұл шешімді қабылдаған уақытта республика мүмкіндіктерін ескергені хақ. Ауыл шаруашылығы бүкіл одақтағы сияқты республикада да дағдарыста болатын. Қазақстан бойынша МТС-терде мамандар саны 56% ғана болып, 11 мыңға жуық тракторшы, 2500 комбайншы жетіспеді. Шаруалардың ауыл шаруашылығы өндірісінде еңбек етуге ешбір ынтасы болмайтын. Халықтың хал-ахуалы өте төмен еді. Осы жағдайда Қазақстан Компартия-

сы Орталық Комитетінің 2,5 млн га жерді 4 жылда игеру жөнінде шешім қабылдауы белгілі дәрежеде нақты өмірден туындаған болса керек.

Ал Н.С.Хрущев болса, бұл мәселеге Одақ деңгейінен қарады. Ол 1954 жылдың 23 ақпанындағы КОКП Орталық Комитетінің пленумында «Елімізде астық өндіруді одан әрі арттыру, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» жасаған баяндамасында: «Одақтас республикалар Компартиялары Орталық Комитеттерінің және облыстық комитеттерінің есептерін талқылаған кезде кейбір партия, кеңес органдарының ауыл шаруашылығын өркендету үшін қолда бар мүмкіндіктерді нашар пайдаланғандығы айқындалды. Мұны Қазақстандағы жағдай айқын сипаттайды. Республикада қандай зор жер байлықтары барлығы, мал шаруашылығын өркендету үшін қолайлы жағдайлар бар екендігін жоғарыда мен көрсетіп өттім. Қазақстанның астықты Украинадан кем бермеуге мүмкіндігі бар, ол ет пен жүнді Украинадан гөрі бірнеше есе артық бере алады. Қазақстан көп мөлшерде мақта, жеміс, қант және басқа өнімдер бере алады. Онда кен байлықтарын шығаруды арттыру үшін зор мүмкіндіктер бар.

Қазіргі кезде Қазақстанның ауыл шаруашылығы алдына жаңа үлкен міндет — 6 млн га-дан аса тың және тыңайған жерлерді игеру міндеті қойылып отыр. Республикада партия басшылығын жақсартпайынша бұл күрделі міндетті ойдағыдай шешуге болады деп есептеу қиын»*.

Хрущевтің бұл тұжырымында бірнеше субъективтік қателер бар. *Біріншіден*, Қазақстанның экономикасы, оның байлығы тек экономикалық саясат тұрғысынан ғана қаралады. Қазақстанның ұлттық құрамы, қазақ халқының ұлттық мемлекеті, оның ұлттық тәуелсіздігі туралы мәселелерге Н.С.Хрущев ұлы державалық гегемонизм тұрғысынан келгенін дәлелдеудің қажеті бола қояр ма екен. *Екіншіден*, Н.С.Хрущев Қазақстанды патша дәуіріндегі сияқты экономикалық отарлық құрылымына итермеледі. Бұл саясат, түптеп келгенде, республиканы Бүкілодақтың шикізат қоймасына айналдыруды көздеді. *Үшіншіден*, осыншама жаңа саясатты бағдарлаған кезде Бас хатшы Н.С.Хрущев өзінің бұл зорлығын жасырған да жоқ. «КОКП Орталық Комитетіне, — деді ол — 1954 жылғы КОКП Орталық

*Хрущев Н.С. КСРО-дағы коммунизм құрылысы және ауыл шаруашылығының дамуы. Алматы, 1963. 1-том, 297-б.

Комитетінің ақпан Пленумында, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюро мүшелері шақырылды. Солармен бірге республика ауыл шаруашылығының алдына қойылған міндеттерді орындау үшін қандай шара қолдану керек деген мәселе талқыланды. Талқылаудың нәтижесінде республикада партия басшылығын нығайту қажет деген қорытындыға бірауыздан келдік».

1954 жылдың ақпанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумында Ж.Шаяхметов пен И.П.Афонов республика Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылары міндетінен босатылды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшылары қызметіне А.К.Пономаренко мен Л.И.Брежнев сайланды. Ұзақ жылдар Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болған Ж.Шаяхметовті, жергілікті партия, кеңес органдарының басшыларын қудалау басталды. Әйтсе де Н.С.Хрущев көп кешікпей: «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Шаяхметов жолдас, менің ойымша, адал адам және бұл жөнінде оған ешім де ешқандай кінә тақпайды, бірақ мұндай зор республика үшін ол әлсіз басшы болды», — деп айтуға мәжбүр болды.

Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты.
Алматы, 1992. 249—252-бб.

Д. А. ҚОНАЕВ — ІРІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗ

1964 жылы Д.А.Қонаев екінші рет Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болып келді. Оның алдында аса күрделі міндеттердің тұрғаны сөзсіз еді. 1964 жылдан 1986 жылдың аралығында Қазақстан Компартиясының бес съезі болып өтті. Олардың әрқайсысында кезекті бесжылдықтағы халық шаруашылығы дамуының негізгі қорытындылары шығарылды. Республиканың табыстарымен қатар экономиканың дамуында жіберілген қателіктер мен жаңсақтықтар да атап өтілді.

Алайда нақ осы кезең ішінде өнеркәсіпте ауыл шаруашылығында, құрылыста, көлік пен байланыста, ғылым мен мәдениетте, халыққа білім беруде, денсаулық сақтау, сауда, халыққа тұрмыстық қызмет көрсетуде жарқын табыстарға қол жеткізілді.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың алдында шын мәніндегі жауапты міндеттер тұрды. Олар табиғи байлықтарды барлық жерде пайдалануды, осының негізінде өнеркәсіпте қолданыстағы қуаттылықтарды барынша пайдалануды, кәсіпорындардың неғұрлым жоғары техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізуді, шаруашылық айналысына аса бай табиғи ресурстарды белсенді тартуды қамтыды. Отын-энергетикалық ресурстарды дамыту мен оларды игеруге ерекше назар аудару қажет болды. Атап айтқанда, жоспарда қара және түсті металлургияның, энергетиканың, көмір, химия, жеңіл, тағам және жергілікті өнеркәсіптің, мұнай өндіру мен оны қайта өңдеудің жүздеген ірі кәсіпорындарын салу қарастырылды.

Тың жерлерді игеру, суармалы егіншілік көлемін кеңейтудің дәрежесіне қарай астық, күріш, жүгері, техникалық дақылдар, көкөніс пен жеміс-жидек, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру артты.

Қазақстан елдің қуатты астық базасына айналды. Алайда көпсалалы экономиканың одан әрі дамуы орасан зор қаржы мен материалдық-техникалық ресурстарға мұқтаж болды.

Д.А.Қонаевқа мұның бәрін одақтық үкіметтен ала білуге және халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспарларына енгізуіне тура келді. Бұл әрқашанда оңай міндет емес еді.

Д.А.Қонаев 1965 жылдың 14 желтоқсанында “Правда” газетіндегі “Ұйымдасқандық және тәртіп” (“Организованность и дисциплина”) атты мақаласында былай деп жазды: “Өмір біздің басшы кадрлардың алдына жаңа, неғұрлым күрделі міндеттер ұсынуда. Ендігі жерде басшыдан тек қана ерік-жігерлік қасиеттер ғана емес, сондай-ақ әрбір қызметкердің, бүкіл ұжымның шығармашылық бастамасына кең өріс беру үшін терең білім, адамдарды қалай орналастыруды, істі қалай ұйымдастыруды білу талап етілді”.

Д.А.Қонаев әрқашан сөз бен оның өмірде жүзеге асырылуының арасындағы алшақтықты батыл айыптады, кеңестер мен басшылық нұсқаулар беріп, сөздің іске айналуын орындауға іс жүзіндегі бақылау жасауды жүргізуге қабілетсіз, қисынсыз дәрменсіздікке дейін жететін қызметкерлерді қатты сынады. Қонаев республикалық

партия ұйымының барлық буындарынан бақылау ұйымдастырудың үлгісін көрсетуде талап етті, партия шешімдерінің сөзсіз орындалуына қол жеткізді, барлық деңгейлердегі басшыларды орындаушылық тәртіпті нығайтуға бағыттады.

Әрбір кезекті съезде, Қазақстан Компартиясы ОК пленумдарында республиканың барлық партия және мемлекеттік органдарының назары шаруашылық және мәдени құрылыстың басты проблемалары жөніндегі шешімдердің орындалуына бақылау жасаудың объективтілігіне, жүйелілігіне, бұқаралығына үнемі аударылып келді.

Ол қарапайым адамдардың өмірін жақсы білді, өзіне Қазақстанның барлық түкпірінен келген жұмысшылармен, шаруалармен жеке отырып көп әңгімелесті. Еңбекшілермен әңгімесінде Қонаев кез келген мәселені, кез келген сәтте бұқараның көңіл күйін, олардың нақты мұқтаждықтарын тап баса білді, оларға деген жолдастық қарым-қатынасымен адамдардың шексіз сеніміне ие бола білді, оларда туындап келе жатқан жоспарлардың дұрыстығын тексерді. Ол партияның бағыты, оның шешімдері бұқараға түсінікті және қолжетімді болуына қол жеткізді.

Екінші жағынан, елді басқаруда қатардағы жұмысшылар мен шаруалардың ұсыныстарын жиі пайдаланды да. Республиканың индустриялық картасынан оның көпсалалы экономикасының аса маңызды объектілерінің ішінен Соколов-Сарыбай және Лисаковск комбинаттарын, Қарағанды отын-энергетикалық кешенін, Павлодар трактор зауытын, Шымкент және Жамбыл фосфор бірлестіктерін, Жезқазған мен Шығыс Қазақстанның өнеркәсіптік объектілерін, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Семейдегі жеңіл және тағам өнеркәсібінің аса маңызды кәсіпорындарын көруге болды.

Қазақстанның батысында пластмасса, Қостанайда — химиялық талшықтар, Ақтөбеде — хромды қосылыстар өндірісі ойдағыдай дамыды.

Ал “қазыналар түбегі” — Маңғыстауды игеру республиканы дүниежүзіндегі елеулі мұнайлы аудандардың қатарына шығарды. Кеңес өкіметі жылдары бізде мәшине жасау пайда болып, қуатты даму қарқынына ие болды.

Қазақстан елдегі түсті металлургияның көшбастаушысына айналды. Оның энергетикалық әлеуеті өсті. Д.А.Қонаев республиканың 60 жылдығына байланысты

былай деді: “Бүгінгі Каспийден Алтайға, Тянь-Шань тауларынан Сібір жазықтарына дейінгі бүкіл Қазақстан — бұл алып құрылыс алаңы, жаңа құрылыстардың, көлік пен байланыстың барлық түрлерінің дамыған коммуникациялары бар аса маңызды индустриялық аймақтардың республикасы”.

Отыз жыл ішінде әлеуметтік және тұрмыстық мақсаттағы көптеген бірегей объектілер салынды, көптеген даңғылдар мен көшелер қайта құрылымдалды.

Жаңа алаңдағы (қазіргі Республика алаңы) Үкімет үйі (1958 ж.) монументті имаратқа айналды. 1980 жылы Қазақстан Компартиясы ОҚ-нің жаңа ғимараты салынды, Ғылым академиясының, Достық үйінің, 3 мың адамға арналған Республика сарайының ғимараттары және басқалары да бірегей құрылыс үлгілерінің қатарына жатады.

Халық санының өсуімен қалада заманауи жаңа “Арман”, “Целинный”, “Байқоңыр” кинотеатрлары, қазақ және орыс драма театрлары, Орталық концерт залы, ұлттық нақышта салынған цирк, Алматы мақта мата және үй құрылысы комбинаттарының Мәдениет үйлері пайда болды. Спорттық кешендерден қалалық Орталық стадион, Спорт сарайы, “Динамо” қоғамының жүзу бассейні, “Медеу” мұз айдыны ерекше орын алды. Сондай-ақ “Медеу” Одақта қысқы спорттың көптеген түрлерінен бүкілодақтық және халықаралық жарыстар өткізуге арналған бірінші әмбебап мұз стадионына айналды, сол кезде ол бүкіл дүниежүзіндегі үздік стадион болып танылды.

Д.А.Қонаевтың бастамасымен 800 орындық театр-концерт залы, обсерваториясы, спорт залы, бассейні, қысқы бағы бар Пионерлер сарайы салынды. Қаланың мәдени өміріндегі айтулы оқиға 1970 жылы Ұлттық кітапхананың 20 оқу залы бар жаңа ғимаратының пайдалануға берілуі болып табылды.

Жоғары оқу орындарына арналып жаңа үй-жайлар салынды. 1985 жылдың соңында Ұлттық университеттің басты объектілері — “ҚазМУ қалашығы” пайдалануға берілді. Саяси оқу ағарту үйі ашылды.

Қалааралық және ауданаралық қатынастар үшін ірі теміржол вокзалы, барлық қолайлы жағдайлары бар әуежай, автомобиль стансылары салынды.

Барлық жағдайлары жасалған қонақүйлер — “Қазақстан” (1000 орын, биіктігі 107 метр, 25 қабат), “Достық”, “Алматы” қала қонақтарын қабылдауға дайын болды.

1950 жылдарға дейін кеңшарлар мен ұжымшарларда іс жүзінде механикаландырылған малшаруашылық фермалары болмады. 1980 жылы бұл салаға өнеркәсіптік негізде мамандандыру мен ірілендіру ендіріле бастады.

Мал шаруашылығының жаңа салалары, қой фермалары, өнеркәсіптік құс және шошқа шаруашылығы, тауарлы жылқы шаруашылығы пайда болды.

Республика қой өсірушілері 1980 жылы рекордтық көрсеткішке 16,9 млн бас¹ қозыға ие болды.

1986 жылы шаруашылықтардың барлық санаттарында тоғыз миллион бастан астам ірі қара мал, 36,2 млн бас қой мен ешкі болды².

Қазақстанда бұрын осыншама мал болмаған еді. Халықты мал шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету проблемасы негізінен шешілді.

Бұл — Д.А.Қонаев басқарған республика басшылығының ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешпеннің басқа да салаларын қарқынды дамыту, жемшөптік базаны нығайту, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану, селекциялық-тұқымдық жұмысты жақсарту жөніндегі мақсатты жұмысының нәтижесі. Жүздеген ірі мал шаруашылығы фермалары, элеваторлар құрама жемдік кәсіпорындар қатарға қосылды.

Д.А.Қонаев еңбекшілердің толып жатқан топтарымен тығыз және тұрақты байланыс жасауды, бұқараны оқытып қана қоймай, одан оқуды, жергілікті қызметкерлердің іс-тәжірибесіне сүйенуді өз қызметінің аса маңызды ұстанымы деп есептеді.

Д.А.Қонаевтың өртүрлі деңгейлердегі партиялық, кеңес, комсомол және кәсіподақ қызметкерлерімен, сондай-ақ жұмысшылармен, ғалымдармен, өнер және әдебиет қайраткерлерімен тығыз байланыста болғаны табиғи нәрсе.

¹ *Қунаев Д.А.* Советский Казахстан. Алматы, 1980. С. 3.

² *Қунаев Д.А.* От Сталина до Горбачева. Алматы, 1994. С. 305. (“Қазақ КСР-ның 60 жылдығы туралы” баяндамасында Д.А.Қонаев егер 1940 жылы Қазақстанда 8 млн-нан сәл асатын қой мен ешкі болса, қазіргі уақытта ол 43 млн-нан асатынын айтты. Мұндай цифрдың тек бір жыл ғана болғаны рас, ол одан кейін қайталанған жоқ).

Ол Қазақстанның барлық облыстарында үнемі болып тұрды, өнеркәсіптік кәсіпорындар, құрылыс ұйымдары, кеңшарлар, ұжымшарлар, ғылыми және де басқа мекемелердің ұжымдарымен кездесті. Құрылыс алаңдарында болды, медициналық мекемелерге, ғылыми-зерттеу институттарына, оқу орындарына, дүкендерге, базарларға барды. Діни бағыттар мен сенімдердің қызметкерлерімен пікірлесті.

Тулепбаев Б. А. “Д.А.Кунаев — выдающийся государственный и политический деятель”. Алматы: Нурлы Алем, 2006. С. 70—87, 104, 105, 120—121, 174—175.

***Қазақстан Республикасы Президентінің
Д. А. Қонаевтың есімін мәңгі
есте қалдыру туралы қаулысы***

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстанның алдындағы сіңірген айрықша еңбегін тану белгісі ретінде және оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында қаулы етемін:

1. Д.А. Қонаевтың есімі:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тау-кен институтына;

Шығыс Қазақстан облысы “Лениногор полиметалл комбинаты” акционерлік қоғамына берілсін.

2. Алматы қаласында Карл Маркс көшесі Д.А. Қонаев көшесі деп аталсын.

3. Жер туралы ғылым саласында жас ғалымдарға жыл сайын берілетін академик Д.А. Қонаев атындағы сыйлықтар тағайындалсын.

4. Алматы қаласындағы Д.А. Қонаевтың мұражай үйі ұйымдастырылсын және ол тұрған Төлебаев көшесіндегі 119-үйде мемориалды тақта орнатылсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев.
Алматы, 1994 жылғы ақпанның 24-і.

Э.ДЕЙЛИ — ПРИНСТОН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРІ

Анатолий Марков орыстарды мәдениет саласында, әсіресе дін тұрғысынан Орта Азия мен Кавказ халықтарынан әлдеқайда жоғары деп есептейді. (Ақтар қозғалысының

энциклопедиясы: көсемдер, партизандар, майдандар, жорықтар мен Ресейдегі Кеңес өкіметіне қарсы жалпы көтерілістер, 1917—1958 жж. II—IV томдар. Марковтың жарияланбаған жинағы. Гупер институтының мұрағаты. Стэнфорд университеті).

Мұндай негізсіз астамшылық орыстардың Орталық Азия мен Қазақстандағы барлық жоғары басшылықты өз қолдарына ұстауынан, сонымен қатар мұсылман халықтарын «жуасыта» түсуге бағытталған атып-асу, қуғын-сүргінге салу шараларынан айқын көрініс тапты. 1916 жылы полковник Иванов өзінің жазалаушы отрядтарына: «Орыс солдаттың етігінің тақасы мыңдаған жергілікті қаңғыбастар өмірінен бағалы», — деген нұсқау берді.

...1916 жылғы қазақтар мен қырғыздар көтерілісінің негізгі себебі олардың жерсізденуі болды, алайда Қазан төңкерісінен кейін де Ресей өкіметі мұсылман халықтарына қамқорлық жасамады. Тамақ қоры жинақталған қалалардың, негізінен, орыстардың қолында болуына байланысты 1918 жылы мұсылман халықтарының ашаршылыққа ұшырап, өлім-жітімнің көбеюіне апарып соқтырды. Бұл кейін басмашылар деп аталған қарулы топтардың ұйымда-суына әкелді...

Ашаршылықпен күрес шараларының жеткіліксіз және өте кеш қабылдануы Кеңес өкіметіне сенімсіздікті күшейте түсті.

Дейли Э.Б. Басмашылар мен большевиктер. Принстон. Нью-Джерси, 1986. 8, 15-бб.

Э.КЭРОУ — АҒЫЛШЫН ТАРИХШЫСЫ

Араб әліпбиінің орнына кириллицаны енгізу — Орта Азия халықтарын сол кезде араб әліпбиін пайдаланып келген Түркия ықпалынан бөліп тастауды көздеді.

Кэроу Э. Кеңес империясы. 155-б.

М.БРУЧИС — ЭТНОЛИНГВИСТИКА МАМАНЫ (АНГЛИЯ)

30-жылдардың орта тұсында жаппай «тазалату» жүріп жатқанда, Мәскеудің пікірінше, бұрын латын жазуын қабылдаған республикалардағы «ұлттық ауытқушылықтар» қатарында «лингвистикалық ахуал» төзгісіз болып көрінді. 1936 жылы түпкі мақсаты басқа ұлт тілдерін орыс-

тандыру болып отырған орталықтың саясатына кедергі жасайды деп есептегендіктен, латын әліпбиі кириллицамен ауыстырылды...

Қазіргі кезеңде Кеңес Одағындағы бөтен тілдердің құлдырауы, сөздік құрамында орыс тілінен енген сөздердің көбеюі бұл тілдердің маңызды әлеуметтік қызметін тарылта түсуде. Бұл салада орын алып отырған кең көлемдегі тоқырау, кейбір ұлт тілдерінің байланыс құралы болудан қалуына әкелді.

Бручис М. КСРО тіл саясатының түркі халықтары тілдеріне ықпалы // КСРО және мұсылман әлемі. Лондон, 1984. 135, 138, 145-66.

У.КОЛАРЦ — АҒЫЛШЫН ТАРИХШЫСЫ

Кеңес Одағының орыстан басқа халықтардың аумақтарында іске қосылған әрбір жаңа фабрика, әрбір көмір шахтасы, әрбір жаңа мұнай бұрғысы, негізінен, жергілікті халықтың мүддесіне емес, великоросстарға қызмет жасайды.

Коларц У. Ресей және оның отарлары. 56-б.

Р.КАРКЛИНС — ИЛЛИНОЙС УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ПРОФЕССОРЫ (АҚШ)

Кеңес өкіметі орнауының алғашқы кезінде-ақ (20-жылдары) және кейін 50-жылдарда да мұсылман коммунистері великоросстардың қазақ даласын отарлауына бірнеше рет қарсы шықты, бірақ бұл әрекеттердің барлығы да күшпен басылды.

...Соғыстан кейінгі мерзімде халықтардың этникалық тұтастығына зор қауіп төндіріп отырған орыстар мен басқа славян халықтарының жаппай қоныс аударуына Қазақстан мен Латвияның жергілікті партия ұйымдары наразылық білдірді. Мысалы, Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы 1954 жылы Хрущев ұсынған тың жерлерді игеру бағдарламасына «обструкционистік» көзқарас білдірді, себебі ол республикадағы егіс алқабының кеңеюі мұнда басқа халықтардың ағылып келіп қоныстануына жол ашатындығын түсінген еді. Оның орнына орыс (Л.И.Брежнев) тағайындалды. Бірақ жергілікті органдарға депутаттарды сайлау бюллетеньдерінде: «Орыстар Қазақстаннан табандарынды жалтыратындар!» деген сияқты ұрандар кездесіп

калып отырады дейді, себебі жергілікті халық орыстарға иммигранттар және отаршылар ретінде қарайды.

Карклинс Р. КСРО-дағы этникалық қарым-қатынастар. Бостон, Лондон, Сидней, 1986. 52-53-бб.

Дж.ЛИТЛПЕЙДЖ — ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫС ІСТЕГЕН АМЕРИКАН ГЕОЛОГ

1928 жылға, яғни ауыл шаруашылығын ұжымдастыру басталғанға дейін даладағы рулық-тайпалық өмірге Кеңестердің ықпалы әлсіз болды. Ет те, басқа азық-түлік те молынан жетіп жатты... Кремль көшпелі өмір салтын кенет теріс деп тапты да, оны құртуға бағыт алды. Оның мәні ескі рулық-тайпалық ұйымдарды жойып, тайпаларды керек болса күш жұмсап мемлекет бақылауындағы отырықшы малшыларға, фабрикалар мен кеніштердегі жұмысшыларға айналдыру еді... Большевиктердің төтенше отрядтары қазақтардың малдарын не тартып алды, не ұжымшарларға тапсырттырды...

Литлпейдж Дж. Кеңестің алтын кендерін барлау кезінде. Нью-Йорк, 1938. 108—109-бб.

В.КОНОЛЛИ — АҒЫЛШЫН ПРОФЕССОРЫ

Қазақты көшпелі өмір салтынан отырықшылыққа ауыстыру үдерісі мен ұжымдастыру барысындағы дөрекі әдістер, бүкіл Қазақстан бойынша адамдардың қырғынға ұшырауына, мал басының күрт азаюына душар етті. Өкімет саясаты қазақтардың табанды қарсылығына ұшырады, олар малдарын жаппай сойып тастады, аштан өлді не Қытайға қашып құтылды. 1928 жылы Қазақстан мен Қырғызстанда, Н.Ясныйдың мәліметтеріне қарағанда, бүкіл Кеңес Одағындағы қой мен ешкінің 20%-ы болатын, кейінгі бес жыл ішінде осы екі республикадағы осынау мал басының саны 80—85%-ға кеміді.

Көшпелі өмірге лағнет айтқан большевиктер — шаруашылық түрін, топырақ-климат жағдайын ескерместен, отырықшы ауыл шаруашылығын қоғамның экономикалық ұйымдасуының жоғары сатысы деп түсінді. Қазақ даласының жағдайында, қысқа мерзім ішінде мал шаруашылығымен айналысудың дәстүрлі әдістерін отырықшы шаруашылыққа ауыстыру әрекеті экономикалық ессіздік еді.

Күшпен жүзеге асырылған индустрияландыру және тың жерлерді игеру барысында Қазақстанда қалыптасқан демографиялық ахуал да көңіл аударарлық. Қазақстан халқының 35%-ы ғана қазақтар болып қалды. Орталықтың орыстандыру саясатының нәтижесі болып табылатын осындай жағдайды Алматыда, облыс, өнеркәсіп орталықтарында да көруге болады. Маңғыстаудың жерасты қазынасы мен жергілікті халықтың тұрмыс дәрежесі арасындағы алпауыттық жер мен көктей.

Өткен кезеңдегі ауыл шаруашылығының даму қорытындысы Орталық Азия мен Қазақстанды алсақ та, бүкіл Кеңес Одағы бойынша да мардымсыз, көзіңе жас аларлық.

*Конолли В. Уралдың арғы бетінде.
Кеңес Азиясындағы экономикалық даму. Лондон, Нью-Йорк,
Торонто, 1967. 89, 113, 118, 363-бб.*

Р.ПИРС — КАНАДА ТАРИХШЫСЫ

Кеңес дәуірінде экономикалық және мәдени салаларда біршама жетістіктерге қол жеткізілді. Бірақ медальдің басқа жағы, мәселенің екінші қыры бар. Біріншіден, бұл табыстар кеңес тәртібінсіз де мүмкін еді. 1917 жылы егер Орта Азия тәуелсіз мемлекет болса, мейлі, тіпті мандатпен басқарылатын аумақ болып жарияланса да, ортаазиялықтар сол дәрежесіне көтерілген болар еді.

Үнемі даму үстіндегі қазіргі дүниеде прогресс ешбір қоғамдық формацияның монополиясы емес. Екіншіден, 1917 жылға дейін басталған кейбір «прогрессшіл үрдісті» күштеп жылдамдатып, көптеген адам құрбандығына ұшыратты. Мысалы, ұжымдастыру барысында қолданылған зорлықпен отырықшыландыру апаршылыққа әкеліп, бір миллионнан астам қазақ қырылды. Қазақ даласы астық шаруашылығы ауданына айналдырылды, бірақ оны орыстардың отарлауы әлі жүріп жатыр. Нәтижесінде, қазақтар өз жерінде азшылықта отыр.

*Пирс Р. 1867—1917 жылдардағы орыстардың
Орта Азиядағы отаршылдық саясаты. 305-б.*

*Есмагамбетов К. «Қазақстан шетел әдебиетінде» кітабынан алынды.
Алматы: Атамұра — Қазақстан, 1994. 160—163-бб.*

ЖЕКЕ АДАМҒА ТАБЫНУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ ТУРАЛЫ

*КОКП ОК-нің бірінші хатшысы Н.С. Хрущев жолдастың
1956 жылғы ақпанның 25-інде КОКП XX съезінде жасаған
баяндамасынан*

...Егер Сталиннің партияны, елді басқару практикасын саралап көрсек, Сталин жіберген барлық кемшіліктердің мәніне үңілсек, Ленин қауіпінің орындалғанына көзіміз жете түседі. Сталин бойында Ленин барда жаңадан бас көтерген жағымсыз сипаттар одан кейінгі жылдары ұлғая түсіп, Сталиннің қолындағы билікті қатерлі дәрежеде теріс пайдалануына дейін әкеп тіреді де, біздің партиямызға есепсіз залал келтірді. Бұл мәселені байсалды саралап, дұрыс талдау бізге Сталин тұсында орын алған жағдаяттардың, тіпті көмескі елестерінің бірде-бірінің қайта жанданбауы үшін қажет. Сталин жұмыстағы және басшылықтағы ұжымдық сипатқа тұтастай төзгісіздік танытты, өзіне қайшы келген жайттар былай тұрсын, қазымырлығы мен ешкімді бет қаратпай билеп-төстеушілігінің салдарынан өз қағидаларына қайшы келетіндей болып көрінген нәрселердің бәрін дөрекілікпен жаныштады. Ол сендіру, түсіндіру, адамдармен қажымай-талмай жұмыс істеу жолымен емес, өзінің қағидаларын күшпен таңу, өзгелерді өз пікіріне сөзге келмей тізе бүктіру жолымен әрекет істеді. Бұған қарсыласқандар немесе өз көзқарасының дұрыстығын дәлелдеуге тырысқандар әуелі басшылар ұжымынан аластатылып, сосын іле-шала моральдық тұрғыдан құрып кетуге, өмірмен қоштауға мәжбүр болды. Бұл, әсіресе партияның XVII съезінен кейінгі кезеңде Сталин деспотизмінің салдарынан көптеген адал, коммунизм ісіне шын берілген көрнекті партия қайраткерлері мен партияның қатардағы қызметкерлері құрбан болған уақытта ерекше көрініс тапты.

Сталин «халық жауы» дейтін ұғым енгізді. Бұл термин идеялық пікір таласына түскен адамдарды, идеялық қателіктерін дәлелдеу қажеттігінен бірден босататын болды. Бұл ұғым Сталинмен қандай да бір мәселе жөнінде келіспейтін кез келген адамды, дұшпандық ниетте деген күдікке ұшыраған немесе жалған жалаға душар болған адамдардың бәрін сұмдық қатыгездікпен қуғындауға мүмкіндік берді. Бұл кезде революциялық заң нормалары белінен басылды. «Халық жауы» деп аталынған бұл ұғым идеялық күрес атаулыны немесе тіпті практикалық қана маңызы бар мәселелер жөніндегі өзіндік пікір біткенді іс жүзінде

тұтастай мансұқ етті. Қазіргі заң ғылымының бүкіл нормаларын аяққа баса отырып, біреуге тағылған кінәні дәлелдеудің негізі, ал шынтуайтында жалғыз-ақ жолы айыпталушының «өз қылмысын мойындауы» деп саналатын болды, оның үстіне мұндай «мойындаулар», кейіннен жүргізілген тексеру көрсеткендей, айыпталушыны ұрып-соғу арқылы жүзеге асырылды.

Бұл революциялық заңдарды өрескел бұрмалауға, бұрын партия бағыты үшін күрескен көптеген ешбір жазықсыз адамдардың қасіретке ұшырауына әкеп соқты...

Известия ЦК КПСС. 1989. №3. С. 131;
Өркен. Алматы. 6 мамыр, 1989. №18(70).

СЕМЕЙ СЫНАҚ АЛАҢЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

(Дегелеңнің дегендері)

Республикамыздағы демографиялық апатты аймақтардың бірі — Семейдегі ядролық сынақ алаңы.

Сынақ алаңы ашылғалы, міне, 44 жылдан астам уақыт өтіпті. Бұл аз мезгіл емес. Уақыт өткен сайын халық санасынан талай нәрсе өшіп жатыр. Соның бірі, сынақ алаңы қамтып жатқан 18 мың шаршы шақырым аймақтағы көне жер-су аттары, ескінің көзі — күмбездер мен бейіттер. Ал «18 мың шаршы шақырым» деген айтар ауызға ғана жеңіл. Таратып айтсақ, бұл Балқаш көлі суы айдынының аумағымен бірдей. Егер бұдан әрі нақтылай түссек, Эстонияның жартысына, Арменияның үштен екісіне тең жер. Сынақ алаңының алып жатқан жер көлемін осыдан-ақ біле беруіңізге болады. Арқаның бұл нағыз құйқалы, шұрайлы жерлері...

Бұл бұрынғы КСРО-дағы екінші ядролық сынақ алаңы. Алғашқысы да Қазақстанның батысында Нарын құмында болған. Ол шамамен соғыстың соңғы жылдарында пайда болса керек. Бірнеше жылдан соң әлдебір себептермен ол сынақ алаңын жауып тастаған. Егер қателеспесем, сол жер атымен Азғыр деп аталады. Оның да жер көлемі аз емес (12 мың шаршы шақырым).

Семейдегі сынақ алаңы 1949 жылы ашылып, 1963 жылға дейін ядролық сынақ әуеде, жер бетінде жүргізіліп келгені бұл күнде ешкімге құпия емес. Сынақ алаңы Абай, Май, Жаңасемей аудандарының аумағында жатыр. Ядролық сынақ, негізінен, сынақ алаңының бергі Абай ауданына қа-

расты бөлігінде жүргізілген. Ол жер бұрын Абыралы ауданына қарайтын. Сынақ алаңы құрылар алдында аудан таратылып, оның халқы «қауіпсіз аймаққа» көшірілген. Сынақ алаңының аумағында шығыстан батысқа қарай созылып жатқан, ұзындығы 35—40, ені 15—20 шақырым шамасында ұсақ шоқылы Дегелең тауы бар. Бұл Сарыарқаның малға жайлы, жанға сая, құйқалы тауларының бірі.

Ядролық сынақ алаңының экологиялық зардабын төрт радиуске бөліп қараған жөн. Бірінші шеңбер радиусы 150 шақырым аймақты қамтиды. Мұнда 200 мың халық тұрады. Оған сынақ алаңын қоршай жатқан бес-алты аудан енеді. Екінші шеңбер радиусы 300 шақырым жерді қамтып, онда 1 млн халық тұрады. Бұл аймаққа Семей, Алтайдың бір шеті, Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Өскемен облысының кейбір аудандары жатады. Үшінші шеңбердің радиусы 500 шақырым. Бұл аумақта 5 млн халық қоныстанған. Бұған Павлодар, Өскемен, Ақмола секілді қалалар да енеді. Ал төртінші шеңбердің радиусы 775 шақырымға дейін жетіп, Алматы, Омбы, Новосібір қалаларын, сондай-ақ шығысында Моңғолия мен Қытайдың аумағын да қамтиды. Бұл шеңберде 20 млн адам тұрады. Бәлкім, біреулер бұл не үшін қажет деп ойлауы мүмкін. Біз қайда, Семей қайда деушілер де табылады... Оған біздің айтарымыз, Сарыарқаның желі көбіне солтүстіктен оңтүстік-батысқа, Қазақстанның ішіне қарай соғады. Ертеде ол желдің бағытында елді мекендер аз болған, халық сирек қоныстанған. Ядролық сынақ алаңын Семей жеріне орналастырудың бір себебі сол болуы керек. Екіншіден, Абыралы асты тау-тасты, ішкі қыртысы қатты гранитті жер. Бәлкім, сынақ алаңын осындай себептермен санаса отырып, қазақ жеріне әдейі әкелуі де мүмкін. Ертістің мол суы да жақын...

Солтүстіктен соғатын Арқаның желі көп жағдайда батысқа бұрылмай, Алатауға келіп тіреледі. Бұл азды-көпті радиацияның шаң-тозаңы Алматыға да жетуі мүмкін деген сөз. Әуелде жер бетіндегі жарылыс кезінде ол солай болған шығар. Мәселен, Өскемен облысының Күршім ауданында жердің үстіңгі қабатында 15 см-ге дейін радиация сіңіп кеткен көрінеді. Сол Күршім Абыралыдан 450 шақырым қашықтықта орналасқан.

Енді, ядролық сынақ алаңының демографияға әсеріне келейік. Ол, біріншіден, психологиялық тұрғыда әсер етеді. Оны ғылым тілінде радиофобия деп атаймыз. Фобия

қорқыныш, үрей, қорқу дегенді білдіреді. Радиафобия үркушілік ретінде демографиялық мінез-құлыққа кері ықпалын тигізеді. Мәселен, радиафобия билеп алған әйелдер дендері сау бола тұра, үшінші, төртінші, бесінші баланы дүниеге әкелуге қорқады да, бала көтермейді. Олар ақыл-есі кем, денсаулығы жоқ, мүгедек сәбиді дүниеге әкелем бе деген орынды үрейді жеңе алмайды.

Ядролық сынақ алаңының демографияға екінші бір әсері, адамдардың миграциялық мінез-құлқына қатты әсер етеді. Енді жұрт жай қорқып, бала тууды шектеп қана қоймайды, олар сынақ алаңынан алыс аймаққа көшіп кетуге тырысады. Жоспарлы түрде жүргізілмеген миграция республиканың экономикасы мен шаруашылықтарға елеулі нұсқан келтіруі мүмкін.

Жалпы, ядролық сынақ алаңынан басқа экологиялық апат аймағы Аралдың да жағдайы өте нашар. Бұл екі апат бір-бірімен қосылып кетуі әбден мүмкін. Оның үстіне республикада экологиялық апат аймағында 3 млн қазақ тұрып жатырғанын ұмытпау керек. Бұл қазақтардың табиғи өсіміне үлкен тежеу. Сондықтан сол апатты аймақтардан халықты тұтас кеңшар, аудан ретінде өзге қауіпсіз жерге көшіру қажет.

Тәтімов М. Қазақ әлемі.

Алматы: Атамұра—Қазақстан, 1993. 111—177-бб.

VII тарау. ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ

ҚАЗАҚ

Біздің қазақ орыс патшасының қол астында мынау тоғыз облыс, бір губернияда:

- 1) Семей облысында 484 мың 456 адам;
- 2) Ақмола облысында 484 456 адам;
- 3) Торғай облысында 422 мың 401 адам;
- 4) Орал облысында 466 мың адам;
- 5) Закаспий облысында 71 мың 367 адам;
- 6) Сырдария облысында 888 мың адам;
- 7) Жетісу облысында 844 мың 405 адам;
- 8) Ферғана облысында 374 мың 981 адам;
- 9) Самарқан облысында 79 мың 83 адам;
- 10) Астрахан губерниясында 213 мың адам.

Бері* 4 млн 499 мың 664 адам.

1898 жылғы есепте қазақ затынан қазақ тілімен сөйлейтін адамның саны 4 млн 84 мың.

Бір жылға адам баласының таза өсімі мыңға 15 адам. Он жыл аралатып, екі есеп алғанда Көкшетау уезінің қазағы мыңға бір жылда 25 адам қосылып өскен. Бұған қарағанда қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса кем емес.

Қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп 1848 жылы орыс қол астындағы қазақ 4 млн 84 мың деп есеп қылса, 1913 жылда 5 млн 64 мың болады. Бұл есепте Жетісу қырғыздары да бар.

Бұл қазақ һәм қырғыз Шыңғыс хан заманынан бері жеті жүз жыл шамасында жоғарыда аталған 9 облыс жерінде жүріп тұрады. Бұл жердің айналасы мынау: Темірқазықта Жайық һәм Тобыл, күншығыста Ертіс, оңтүстікте Түркіс-

*Бұл 1908 жылғы губернатор шолуындағы есеп.

тан таулары, мұның ең биігі Хантөңірі, күнбатыста Өмудария. Осы 9 облыс, бір губернияда 260 млн десятина шамасында жер бар. Бұл жердің көбі 10—20 жыл мұнан бұрын қазақ пайдасында еді, соңғы 10—15 жыл Торғай һәм Ақмола облыстарынан қазақ пайдасындағы жерден көп жер мұжық пайдасына кетті. 1908 жылға шейін мұжыққа қазақтан алып берген жер 4 млн десятинадан аз артық еді. 1913 жылдағы есепте 1908—1913 жылдарда қазақтан мұжыққа алынған жер 4 млн десятинадан артық.

Қыр баласы. Қазақ. Наурыздың 30-ы, 1913 жыл.

(«Алматы ақшамы» газетінің № 231 санынан алынды. 6 қазан, 1990.)

ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ ТҮРКИЯДА

Өздерін түркістандықтармыз деп атаған ортаазиялық босқындардың әртүрлі топтарының біразы Түркияда тұрады. Олар Түркияға соғыстан кейінгі кезде КСРО, ҚХР, Пәкстан, Ауғанстаннан келіп қоныстанғандар. Қазақтар өздерінің этникалық эндогамиясы мен мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтаған...

Түркиядағы қазақ босқындары 50-жылдардың басында Шыңжаңнан Пәкстан, Кашмир арқылы келген. 1958 жылы олардың құрамы 1892 адам болған. Түркияға 1952—1953 жылдың қысында келген қазақтарды Стамбұл жанындағы үш лагерьге: Гузле, Сиркеджи, Зейтинбурнуге орналастырған. Бұл жерде олар 1,5 жылдай болған, оларға үш уақыт тегін тамақ беріп, түрік тілін оқытып, жастарды қолөнерге үйрете бастаған, бірте-бірте босқындар өздері тамақтарын тауыш, қалыпты өмірге келе бастаған.

1953—1958 жж. қазақтардың қоныстануы

Провинция (вилайет)	Округ (каза)	Отбасы	Берілген жер (донум-1,2 га)
Кайсери	Девели	104	3,328
Конья	Конья	72	11,664
Санарья	Адапазари	2	—
Маниса	Салихли	160	—
Нигде	Улукишла	226	16,995

Казахская диаспора: проблемы этнического выживания. Фонд СОРОС—Казахстан. Алматы: Атамұра, 1997. С. 86-87, 142-143.

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУЫ

Қазақтар — Қазақстан Республикасының жергілікті және негізгі ұлты. Тарихи, саяси себептердің салдарынан алыс-жақын шетелдерге босып кеткен қазақ өкілдері, қазір көптеген мемлекеттерде өмір сүруде. Бүгінгі күні Қазақстаннан басқа елдерде тұратын қазақтарды «Қытай қазағы», «Моңғол қазағы», «Ресей қазағы», «Түрік қазағы» — деген сияқты атаулармен атауымыздың себебі, олардың сол мемлекеттердің азаматтары болғандығынан...

«Қытай қазақтары» дегеніміз — қазіргі Қытай Халық Республикасының аумағында өмір сүріп отырған, Қытай Халық Республикасының азаматтығындағы қазақтар. Қытайдағы қазақтар да біртұтас қазақ ұлтының құрамдас бір бөлігі. Олардың жалпы жан саны 1 111 718 (1990 жылғы ұлттық санақ бойынша) адам. Олар, негізінен, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында тұрады. Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы — Құлжа қаласы. Бұдан тыс, Қытайдағы қазақтардың біраз бөлігі Тянь-Шань тауының солтүстігіндегі Үрімші, Шығызы, Күйтін қалаларында, Санжы хүйзу (дүнген) автономиялы облысының Мори Қазақ автономиялы ауданында, Құмыл (Қами) аймағының Баркөл Қазақ автономиялы ауданы және Аратүрік аудандарында тұрады. Сондай-ақ Шыңжаңның шығысымен шекаралас Гансу өлкесінің (провинциясының) Ақсай Қазақ автономиялы ауданында және Бейжін (Пекин) қаласында өмір сүреді.

Қытайдағы қазақтардың басым көпшілігі тұрған Іле Қазақ автономиялы облысының үш аймағы (Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтары) Шыңжаңдағы ең бай аймақтар болып есептеледі. Өйткені бұл аймақтардың жер қойнауы қазба байлығы өте мол, климаты жайлы, географиялық жағдайы мал бағуға да, егін егуге де қолайлы, топырағы құнарлы, суы мол, шөбі шүйгін, жерұйық өңір. Осындай жаратылыстық ерекшелігімен Іле Қазақ автономиялы облысы — Шыңжаңның негізгі экономикалық кіріс көзіне айналған-ды. Осы өңірде өмір сүріп жатқан және басқа да аудандарда тұратын қазақтардың көпшілігі қазір мал шаруашылығы, егін шаруашылығымен және шағын сауда бизнес кәсіптерімен шұғылданады. Қаладағы қазақ тұрғын-

дары, негізінен, білім беру орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында және әкімшілік мекемелерінде қызмет істейді. Олар өздерінің исламдық діни нанымын, ұлттық тұрмыс, салт-сана дәстүрлерін сақтаған және қазіргі заманға бейімделген өмір салтын ұстанған. Қытай қазақтары өздерінің ана тілін, дәстүрлі төте жазуын қолданады. Сондай-ақ олар қытай және ұйғыр тіл-жазуларын да еркін пайдаланады.

«Қытай қазақтары» деген ұғым және атау көнеден келген емес. Ол таяу замандағы тарихтың туындысы, яғни ол ХІХ ғасырдың орта шеніндегі тарихи себептердің салдарынан қалыптасқан саяси термин. Оның пайда болуының да өзіндік тарихи, саяси себептері бар.

Қазақтар мен қытайлардың өзара қарым-қатынастары біздің заманымыздан бұрынғы ІІІ ғасырдағы Қытайдың Хань патшалығы мен ұлтымыздың этногенездерінің қайнар көзі болған Хүн және Үйсін дәуірінен басталғандығы баршаға аян. Ол кезде Қытайдың Хань патшалығы өзімен үзеңгі қағыстырып, терезесі тең тұрған Хүн империясын жойып, батысқа қарай жол тартып, ірге жаю үшін «батыс өңірден» — одақтас іздеп, Орталық Азияны шарлады. Ақыры олар Іле-Жетісу өңірінен Үйсін мемлекетімен байланыс орнатып, оларды хұндарға қарсы қою арқылы өздерінің алға қойған мақсаттарын іске асырды. Орталық Азиядағы елдермен де қарым-қатынас орнатты. Бірақ бұл тұста басталған қарым-қатынастар Қытайдың Хань патшалығы кезінде, яғни біздің заманымыздың І ғасырында үзілген-ді. Содан соңғы ғасырларда саяси аренаға шыққан Қытай патшалықтарының кейбір әулеттері ғана Орталық Азиядағы елдермен өзара байланыс жасай алды. Бірақ ол байланыстар сол патшалықтың тақтан таюымен бірге үзіліп қалып отырғандықтан, Қытай елі Орталық Азия елдеріне айтарлықтай әсер ете алмаған-ды. Бірақ Қытайдың ең соңғы феодалдық патшалығы болған Чин (Цин. Ежен хан) империясының (1644—1911 жж.) ХVІІІ ғасырдың орта шенінде Орталық Азияға дейін ірге жайып келуі, қазақ тарихына аса үлкен ықпал жасады.

Қытайдың Чин империясы — Қытайдың солтүстік-шығысында өмір сүрген Шүршүт (Манзу-Манжур) ақсүйектері 1644 жылы құрған феодалдық патшалық. Ол содан 1911 жылдың соңына дейін бүкіл Қытайға өз үстемдігін жүргізді...

Қытай мен Ресей үкіметінің бірқатар шекара келісімдері бойынша Қытайға қараған қазақтардың сол кездегі қоныстанған жерлері шекараның Қытайға қараған бөлігіндегі шағын аумақтар болды. Бұл жайға Қытайға қараған қазақтар қанағаттанбады. Өйткені олардың Чин патшалығына қараудағы мақсаты — ежелгі атажұртқа толығымен қайта ие болу еді. Сондықтан олар міндетті түрде тағы да Қытайдың ішкі жағына қарай жылжып көшулеріне тура келді. Бірақ ол кезде олардың бұрынғы атамекені — Тянь-Шань тауының батыс-солтүстік өңірлеріне түрлі ұлттардың өкілдері ерікті және еріксіз түрде көшіріліп әкелініп, қоныстандырылған-ды. Соған қарамастан, Қытайға қараған қазақтар көне жұрттан өздеріне тиесілі кеңістікке ие болуға ұмтылды.

Сөйтіп, шекара бойынан ішкерілеп көшкен қазақтардың бір бөлігі Іле аймағына жеткен кезде, олар өздерінің осынау байырғы атамекенінде басқа ұлт өкілдерінің жайғасып жатқандығын байқады. Сол кездегі Іле аймағында бұрынғы ойрат тайпаларынан қалған аздаған қалмақтар, Жоңғар хандығы кезінде Қашқариядан жер аударып әкеліп, астық айдауға салған тараншылар (ұйғырлар) өмір сүріп жатқанды. Статистикалық кейбір деректерге қарағанда, олардың жалпы саны 80 мың адам. Олардың шоғырлы қоныстанған жері көне Құлжа қаласы (30 мың адам) және оның оңтүстік, солтүстігінде ауыл қыстақтары (селолары) болған көрінеді. Солармен бірге Іле ойпатына Чин патшалығы жоңғар хандығын жою жорығында келген әскери маньчжурлер, қытайлар, сібелер, соландар (дағұрлар), моңғолдың шақар тайпасы және Чин патшалығы тың жер игеруге әкелген қытай диқандары мен ішкері өлкелердегі қырғыннан бас сауғалап босып келген дүнгендер де орын тепкен екен, бірақ бұлардың адам саны көп емес еді. Олардың барлығы Іледегі қала, қалашықтарға, суармалы егістік өңірлерге орналасқан. Ал Іленің шығыс өңіріндегі жайылым дала әлі де, негізінен, бос жатқан болатын-ды. Сол жерлерге барып орын тебу үшін Іле шекара төңірегіндегі Ұлы жүздің албан, суан руларының бірқатар тайпалары Іленің шығысына қарай өрлеп көшіп, қазіргі Іленің Қорғас, Шашпал және Құлжа аудандарына барып қоныстады. Сол кезде Бұратала өңіріндегі қызай рулары да Іле аймағына толық көшіп барды. Сонымен Іле өңіріндегі қазақ қауымының қатары көбейіп, олар тез арада Іледегі іргелі ұлттардың біріне

айналды. Сонымен олар Іле аймағындағы тұрғындарының ұлттық демографиялық құрылымына да бірден ықпал жасады...

Қазақ қоғамы қашан да жақын қандастық байланыстары бойынша рулық формада ұйымдасады. Әсіресе алмағайып замандағы көші-қон қозғалысында олардың ондай ұйымшылдығы күшейіп, көшті рулық орын бойынша жүргізіп, білікті рубасылары жол бастап, білекті ер-азаматтар ел қорғайды, олар бүкіл рудың малы мен жанының амандығын сақтауға жауапты болады. Мұндай ұйымдасу мен қорғану әдісі жол жүру және шаруашылық өндірісімен шұғылдануға ыңғайлы болғанымен, жалпы, ұлыстық тұрғыда, ұлттық деңгейде бірігіп қорғану мен тіршілік жасауға кереғар ықпал еткендігі белгілі. Еренқабырға бөктерінен кері қайтқан қазақтар ру-ру бойынша қайсысы өздері барғысы келген жаққа кете барды...

Қытай Чин патшалығы қазақтарды әскери әкімшілік жүйе бойынша билеп-төстеді. Іле генералы мекемесі арқылы Іле мен Тарбағатай аймағындағы қазақтарды басқарса, Улиастайдағы генералына бағынышты Қобда ақылшы әмбісі арқылы Алтай аймағындағы қазақтарға үстемдік жүргізді. Қазақтың ең жоғарғы билеушілері іс жүзінде Чин патшалығының үстемдік саясатын қазақтар арасында жүргізуші рөлін атқарды.

Қытай қазақтарының қоғамдық-саяси жағдайы, жалпы қытай қоғамының сол кездегі саяси жағдайымен байланысты болды. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Қытай «жартылай феодал, жартылай отар» мемлекетке айналды. Бүкіл Қытай жерін Батыс державалық елдердің Қытайға тықпалап саудалаған апиын түтіні мұнаралатты, Чин патшалығының әскери әкімшілік шонжарлары апиынның ақ түтініне мас болып, дел-сал күйге түсті, мемлекет қуаты әлсіреді, қоғам тұтастығы бұзылды, халық күйзелді. Ал Қытайдың қиыр батысындағы Тянь-Шань таулы өлкесінің әлеуметтік жағдайы, тіпті де мүшкіл болды. Осындай қоғамдық ортада өмір сүрген қазақ қауымының хал-жайы нашар күйде болды.

Қытай қазақтарының негізгі қоғамдық өндірісі — мал шаруашылығы өндірісі болды. Сонымен қатар олар аңшылық, аздаған егін шаруашылығы өндірісі және қолөнер кәсіптерімен де, саудамен де айналысты. Алайда олардың қоғамдық өндіріс күштері өте мешеу жағдайда тұрғандық-

тан, олардың өндіріс формасы да төменгі сатыда болды. Соған қарамастан үкіметтің қазақтарға салған салығы мен ақысыз еңбек істетулері шамадан тыс ауыр болды. Сонымен Қытай қазақтарының экономикалық тұрмыстары нашар күйден оңала қоймады.

Қытай Чин патшалығы 1884 жылы Тянь-Шань тауы өңірін «Шыңжаң» өлкесі (провинциясы) етіп құрды. Чин патшалығы Тянь-Шань тауы өңіріне өлке құру арқылы ол өңірді әскери әкімшілік жүйемен басқаруды үкіметтік әкімшілік жүйемен басқаруға өзгертті. Сондай-ақ басқару құрылымдарына келелі өзгерістер жасап, Шыңжаң өлкесін орталық өңірлердегі өлкелердің басқару жүйесімен теңестірді. Бірақ Шыңжаңдағы қазақтардың бұрынғы қоғамдық басқару құрылымдары сақталды. Іле мен Тарбағатайдағы қазақтарды Іле генерал мекемесі басқарды, Алтай аймағын Улиастайдағы генералға қарасты Қобда ақылшы әмбісі биледі. Тек қазақтардың өздерінен сайланатын мансаптылардың санын көбейтіп, қазақтарды билеп-төстеуін күшейтті.

Шыңжаң мен Қазақстанда тұрған қазақтар қытай мен орыстың билігінде болғанымен, олардың бір-біріне етене жақындық байланыстары үздіксіз жалғасып отырды. Олардың арасында орнатылған шекара торлары мен қарауылға қойылған қалың тобыр көп әскер қазақтардың қандастық қатынастарына бөгет бола алмады. Екі елдегі қазақтар саналы түрде бір-бірлерімен барыс-келіс жасап, жан-жақтылы байланысты нығайтты. Оларда зат алмасу, мал-мүлік ауысу қатарлы ауыс-түйістермен қатар, олардың бір-бірімен болған құдандалық байланыстары да үздіксіз жалғастырылып, ұрпақ сайын сүйек жаңғыртылып отырды.

Екі елдегі қазақтардың арасында орын алған келеңсіздіктер екі жақтағы қазақтардың билерінен құрылған съездоты арқылы қаралып, реттеліп отырды. Сөйтіп, Шыңжаң мен Қазақстандағы қазақтар етене жақындасып, олардың ортақ ұлттық сана-сезімдері нығайған. Шыңжаң мен Қазақстандағы қазақтардың өзара байланысының жақсы болуы, Қытай мен Ресей мемлекеттерінің қарым-қатынастарының оңды болуына да игі ықпал жасады.

*Мұхаметханұлы Н. Қытайдағы қазақтардың
қоғамдық тарихы (1860—1920 жж.).
Алматы, 2000. 6—9, 110—113, 299—301-бб.*

ҚЫТАЙҒА ҚОНЫСТАНҒАН ҚАЗАҚТАР

Қытайдағы қазақтардың, негізінен, бәрі солтүстік-батыс бөлігінде тұрады, Ганьсу және Синьхай провинцияларында, сонымен қатар Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданында орналасқан. ҚХР ұлттық саясаты негізінде, ұлттық азшылық тұратын аудандарда ұлттық бірыңғай басқару болып қайта құрылады (уезден ауданға дейін). Ганьсуда 1954 жылы құрылған Ақсай қазақ автономиялы уезінде қазақтар көбірек қоныстанған. 1972 жылы олардың саны 1600 адам болса 1982 жылғы санақ бойынша 2367 адамға жетіп отыр. Ганьсу және Синьхайға қазақтардың көбі Шыңжаңға 1930—1940 жылдары қоныстанған эмигранттардың ұрпақтары. 1986 жылы Үрімшіден алынған мәлімет бойынша жергілікті (басқару органдары) өкімет қазақтарды Синьхай мен Ганьсу провинцияларынан Шыңжаңға қайта оралуға үгіттеуде. Ең көп қазақтардың тұратын жері Шыңжаңның солтүстік бөлігі, 1 млн-ға жуық. Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданында (ШҰАА) 3 қазақ автономиялы ауданы құрылған, онда қазақтардың көпшілік бөлігі — Іле Қазақ автономиялы округінде, Биркель қазақ автономиялық уезі мен Мори қазақ автономиялы уезінде тұрады. Қазақтар, сонымен қатар ШҰАА-ның астанасы Үрімшіде ондаған жылдардан бері тұрып жатыр.

Казахская диаспора: проблемы этнического выживания.
Фонд СОРОС—Казахстан. Алматы: Атамұра, 1997. С. 16—19.

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАШЫРАП ҚОНЫСТАНУЫ

Бүгінгі таңда (80-жылдары) қазақтар КСРО, ҚХР мен МХР-да тұрады. Қазақтардың жалпы саны 8 млн шамасында, 1926 жылғы халық санағы бойынша қазақтардың саны 3 млн 968 мың 289 адам; 1959 жылы — 3 млн 621 мың 610 адам; 1970 жылы — 5 млн 298 мың 818, ал 1979 жылы — 6 млн 556 мың 442 адам. Қазақтардың санының азаюы 1926—1959 жылдар аралығында, себебі: ашаршылық жылдар, Ауғанстан мен Қытайға эмиграцияға кету және 20-жылдардағы күштеп ұжымдастыру салдары.

1979 жылы Қазақстандағы халықтың жалпы саны 14 млн 684 мың 283, оның ішінде қазақтар 36%, қалған этникалық топтар: орыстар — 40%, немістер — 6%, украиндар — 6%, сонымен қатар сан жағынан біраз татар,

ұйғыр, өзбек және корейлер бар. Қазақтардың біразы Өзбекстанда тұрады, 1979 жылы олардың саны 620 мың 136 адамға жетті. Түрікменстанда тұратын қазақтар саны 79 мың 539 және Ресей Федерациясында — 518 мың 60 адам.

Моңғол Халық Республикасында тұратын қазақтар туралы мәлімет аз және олардың саны жөнінде қайшылықтар бар. Кеңестік мағлұмат бойынша 1963 жылы 43 мың адам тұрады делінген. 1976 жылы Қазақ энциклопедиясы бойынша Моңғолияда 70 мың адам тұрады деп көрсетілген. Ал 1978 жылы мұсылман халықтары туралы американ анықтамасында олардың (қазақтардың) санын 71 мың адам деп көрсеткен.

1980 жылы ортасында Моңғолиядағы қазақтардың санының шегі 100—150 мыңға тоқталады. Моңғолиядағы қазақтардың көбі Баян Өлгий аймағында тұрады. Біразы Кабдос аймағы мен Улан-Баторда тұрады. Мұндағы қазақтар, негізінен, мал шаруашылығымен айналысады.

20—30-жылдары ұжымдастыру кезінде кеңестік Орта Азиядағы қазақтар солтүстік Ауғанстанға қашты, қалаларға қоныстанып, қоғамның кедей тобының құрамына кірді. Осы кезде көптеген қазақтар Ханабад ауданында, кейбірі Андхой қаласында тұрады. Герат маңында тұратындығы туралы да мәлімет бар. Негізінен, айналысатын кәсіпшіліктері: ұсақ қолөнер, жүн саудасы, көнтабанды және қайыр сұрайды. Ауғанстанда тұратын қазақтардың саны американдық анықтама бойынша 1978 жылы — 20 мың шамасында, 70-жылдары қазақтар Ауғанстаннан Түркияға және басқа елдерге үздіксіз көшпен болды. 1978 жылы кеңес әскерлері Ауғанстанға кіргізілгенде көпшілік қон күшейе түсті және олардың мұндағы саны едәуір азайды.

ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАР — ҰЛТТЫҚ САЯСАТТЫҢ БІР БӨЛІГІ

Қазақ диаспорасын зерттей отырып, келесі мәселелерді анықтаймыз: олардың өкілдері қазақ халқының құрамдас бөлігі және олардың отаны — Қазақстан. Олардың діні — ислам, түркі тілдес халықтар қатарында, түрлі жағдайларға байланысты Азияда, Батыс Еуропада, Америкада тұрады.

Қазақ диаспорасының дамуына және таралуына қазақ-жоңғар соғысы, Столыпіннің аграрлық реформасы, Орта Азия халықтарының патша билігіне қарсы азаттық күресі,

Кенес үкіметінің орнауы, азамат соғысы сияқты тарихи оқиғалар әсер етті.

Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығының мәліметтері бойынша, Қазақстаннан тыс 43 жеке мемлекеттерде 5 млн қазақ тұрады. Оның 80%-ы Өзбекстан, Қытай, Ресейдің тұрғыны. Өзбекстанда — 2 млн, Қытайда — 2 млн-ға жуық, Ресейде — 1 млн, Моңғолияда — 83 мың, Түрікменстанда — 74 мың, Түркияда — 12 мың, Қырғызстанда — 10 мың, Иранда — 5 мың. Еуропа елдерінде: Францияда — 180 отбасы, Германияда — 160 отбасы, Швецияда — 51 отбасы, Австрияда — 20 отбасы, АҚШ-та — 14 отбасы, Ауғанстанда — 150, Сауд Арабиясында — 15, Аустралияда — 5 отбасы.

Қазіргі елдегі демографиялық ахуалды нашар деп бағалауға болады, себебі халық саны жылдан жылға азаюда, халық ішінде туу көрсеткіші төмен, басқа ұлт өкілдерінің елден кетуі ұлғаюда. Мұндай жағдайларда оралмандардың тарихи отанына қайтуы демографиялық проблеманы шешуге көмектеседі.

Шетелдердегі отандастарымыздың жағдайы тұратын елінің даму көрсеткішімен байланысты болғандықтан, әр қилы болып келеді. Әлемнің әр елінде қазақтардың саяси-экономикалық статусы, әлеуметтік-мәдени ортасы әртүрлі. Бөрінен Ауғанстандағы диаспораның азаматтығы мен статусында қиындықтар туып отыр. Барлық шетелдердегі қазақтарда қиындық туғызатын мәселе — қазақ тілін оқыту, ұлттық мәдениет, халық дәстүрін сақтау, ұлттық тілде білім алу болып отыр.

Қазақтардың дүниежүзілік қауымдастығының мәліметтері қазақ диаспорасының саны шетелдерде түрлі себептерге байланысты төмендетіліп көрсетіледі. Арнайы ақпарат көздері бойынша Қытайда 1 млн 350 мың қазақ тұрады делінеді, ал шын мәнісінде олардың саны 2 млн, Ресейде — 800 мың (1 млн), Өзбекстан — 1,5 млн және өзбек болып жазылған 1 млн қазақ.

Казахстанская модель этнополитики.
Алматы, 2002. С. 94—96.

**ДҮНИЕЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНА
ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ ЖЕРЖҮЗІ
ХАЛЫҚТАРЫНА, МЕМЛЕКЕТТЕРІНЕ
ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҮКІМЕТТЕРІНЕ
ҮНДЕУІ**

Бұрынғы Кеңес Одағы кеңістігінде шынайы демократия жолындағы күрестің алғашқы нышанының бірі — 1986 жылдың желтоқсаны — қазақ халқының азаттық жолындағы жойқын бұлқынысы жаңа бетбұрыстың басы ретінде тарихқа енді. Отаршылдықтың тауқыметін көп тартқан қазақ халқының ежелден еркіндікке ұмтылысы бүгінгі таңда өз шешімін таба бастады. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланды. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл болып қабылданды. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне кірді. Бүгінде әлемдегі өркениетті елдер қатарынан Қазақстанның өзіне лайық орнын алу үшін қажетті алғышарттар жасалуда.

«Біз, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылар, ата-бабамыздың көне жерінде тұңғыш рет жиыла отырып, қазақ халқының тағдыры, бүгінгі жағдайы мен келешегін ойлай келе және дүниежүзілік қоғамдастықтың назарын қазақтың мәселелеріне аударуды тілей отырып:

— уақыт пен келешек ұрпақтардың алдындағы терең жауапкершілікті сезіне отырып;

— ұлтаралық қатынастар саласында өзара түсінушілік, сергектік, ұстамдылықтың мейлінше қажеттігін түсіне отырып;

— халықаралық құқық пен адам құқығының дүниежүзілік Мәлімдемесі нормаларына ұмтылуымызды растап Жер жүзіндегі барлық ұлттар арасында бейбітшілік пен татулықты, өзара түсіністікті нығайтуға бар күшті жұмылдыруға шақырамыз...»

Өз тарапынан он миллион қазақ ұлты бүкіл әлемді өзінің бейбіт сүйгіш халық екендігіне, біртұтас демократиялық ұлттық мемлекет құру ісіне бекем бел байлағанына сендіреді.

Алматы, қыркүйек, 1992 ж.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.
Алматы, 1993. 103-104-бб.

ҚҰРЫЛТАЙ КҮНДЕЛІГІ

1992 жылғы (хижраша — 1413 жыл) 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында қазақ халқының атамекені — Қазақстан жерінде дүниені дүр сілкінтіп, асыл топырақта атабаба аруағын бір аунатып, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы салтанат құрды. Бұл күндері алыс-жақынның бәріне аяулы — Алматы көшелері, ұлы думанды Ұлытау бөктерлері, түбі бір түркі жұртына түгел баба — Қожа Ахмет Иасауидің қасиетті мекені — Түркістан төңірегі, қарт Алатаудың етегін қашан да хас тұлпарлардың тұяғы дүбірлеткен Дегерес алқабы — әлемнің әр тарапынан қазақ иісін ала келген неше түрлі, неше қырлы тақиялармен, шошақ төбелі тымақтармен, ақ құрымды қалпақтар, ақ жібек өсем жаулықтармен көктемгі гүлдей құлпырып, көк теңіздей толқыды. Меймандар болған осынау тарихи жерлерде, автобус, вагон керуендері жылжыған жол бойларында қазақтың небір ән мен жыры, күй-толғауы санғасырлық сағыныштай төгілді.

Бұл күндері әр қазақтың жадында тарихтың талай беттері қайта-қайта парақталды.

Бұл күндері зорлықты, зобалаңды жылдары ұрпақ санасынан ұмыт бола бастаған елдік, ерлік дәстүрлер, алтыннан қымбат асыл салттар санада сан рет жаңғырды.

Бұл күндері халқымыздың қасиеттісінің қасиеттілері: тілге, дінге, ділге деген құрметі және бір биікке ұмтылды.

Бұл күндері мыңдаған қандастарымыз бүгінде егеменді ел болған, жеке Байрақ желбіретіп, төл Елтаңбасын төрге ілген Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі мерейіне мың шүкір айтып, ертеңгі өміріне зор болашақ тіледі.

24 қыркүйек.

Алматы әуежайы.

Жергілікті уақыт — таңғы 9.00.

Тыныс-тіршілігімізге өзгеше рең енгізген жаңа заманның беташар алтын босағасындай тарих беттерінде мәңгілік таңбаланаар осынау қымбатты сәттердің суретін салуға бояу, тебіреніс құшағындағы жандардың ыстық сезімін кестелеуге сөз жетпейтін тәрізді. Атажұртын аңсап, туған жерге зорға жеткен ақ сақалды қариялар мен ақ жаулықты әжелер, самайын күміс қырау шалған аталар, ет-жүрегі елжірей езілсе де, ішкі жан дүниесін сыртқа шығара алмай ізетпен іркілген қыз-келіншек, Тәуелсіз Қазақстанның көк

Туының дәлме-дәл көшірмесі — кішкентай жалаушалар ұстаған жас өскін сәбилер жана дәуірдің ұлы оқиғасы — қазақтардың табысуы мен бірігуінің басталғанын еріксіз мойындатқандай еді.

Алматы көгін жаңғырта күнірентіп, асқақтай өуелеген «Елім-ай» әуені тұла бойды шымырлатқан күйі алты алаштың аспанына тәтті мұң боп тарап кетіп жатыр. Замана қойнауынан талып естілген ащы запырған мен қайғы-қасірет зары талай тауқыметті бастан кешірген ұлы халқымыздың, қайсар халқымыздың рухы әманда биік екенін, сол биікте қасиетті рухымызды қастерлеу, төмендегіп алмау бүгінгі ұрпақтың еншісіндегі асыл дүние екенін тағы да еске салғандай.

1 қазан.

9.30—12.00. Қазақстан Сыртқы істер, Еңбек, Мәдениет, Халыққа білім беру министрліктерінде, «Фараби» қоры мен «Ықыласқайран» шағын транспорт кәсіпорынында, Жазушылар одағы мен басқа да шығармашылық өнер ұйымдарында, бірлестіктерде кездесулер ұйымдастырылып, пайдалы әңгімелер, пікірталастар өтті.

13.00. Арнаулы пойыз қонақтарды алып, қасиетті Меккеміз — Түркістанға жол тартты.

2 қазан.

07.30. Пойыз Түркістанға келіп жетті. Облыс басшылары мен жергілікті халық қадірлі меймандарды гүл шоқтарымен, нан-тұз, ән-жырмен қарсы алды. Мыңдаған жылдық шежіресі бар қазыналы, бай өлкеде уақыт тезіне шыдап, сақталып қалған рухани, мәдени ескерткіштеріміздің бүгінгі куәсі — Қожа Ахмет Иасауи, Арыстанбаб мазарлары мен басқа да ежелгі тарихи мекендерді аралап, ата-баба рухтарына тағзым еткен қазақ ағайындарымызға атақты «Керуен сарайда» үлкен қонақасы берілді.

15.50. Қонақтар Алматыға аттанды.

Ертең олар өсем табиғатымен ерекшеленетін әрі шашасына шаң жұқтырмайтын сәйгүліктерімен әлемге әйгілі Дегерес жылқы зауытында болып, ат спорты ойындарын тамашаламақ. Осы жерде дүниежүзі қазақтарының бас қосу мерекесіне арналған ұлан-асыр той мәзірі өткізілді.

3 қазан.

Құрылтай жұмысы барынша қызып, мәнді де тартымды бола түсті. Халықтық қадір-қасиеттің, ұлттық ойын-сауық пен салт-дәстүрдің неше алуан түрлері бұл күндері бүкіл

болмысымен көрінді. Республика сарайында құрылтайдың аяқталу рәсімі, бар сән-салтанатымен, арнаулы мәдени бағдарламасымен бүтін бір әсерлі әлем сипатында өтті.

4 қазан.

Бұл күні Қазақ қауымдастығының шаңырағы көтерілер орталық ғимараттың іргетасын төсеу, қабырғасын қалау атқарылды. Құрылтай қонақтары әлем қазақтарының астанада бас қосу құрметіне орай өткізілген Алматы қаласының арнаулы күнін тойлауға қатысты.

Әлем қазақтарының бас-аяғы он күндей уақытты қамтыған ұлы той — мәртебелі құрылтайы мәмілелі мәжілістерімен, ұлт бірлігіне ұйытқы болар ұйғарымдарымен, санаға құйған сәулесімен, тұтастық туын тік тұрып көтеруімен мың-миллион жүректердің төрінен орын алды. Елдік тарихымыздың беттеріне бедерлене жазылды...

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Құраст.: *Б.Сапаралы*. Алматы, 1993. 150—152, 156-157-бб.

ҚҰРЫЛТАЙ ҚОНАҚТАРЫ СӨЗ АЛҒАНДА

Ислам ЖЕМЕНЕЙ (*Иран*).

Иран қазақтарының тарихын айтатын болсақ, аштық жылдары біздің аталарымыз Маңғыстау, Каспий арқылы Иран жеріне қоныс аударуға мәжбүр болды. Ол жақта да қиын-қыстау күндерді бастан өткерді. Сөйте тұра: «Біз бір жапырақ нан жесек те балаларымыз оқысын», — деп біздің болашағымызды ойлады. Осыдан біраз бұрын ондағы қазақтардың саны бір жарым — екі мыңның төңірегінде болды. Егер бес мыңға жетсек дауысқа ие боламыз деп үгіт жүргізіп, отызға келген әрбір жігіттің отбасында кемі алты баласы болуы керек деген сөз тараттық. Сөйтіп, бес мыңға да жеттік. Ол тұста біздің Қазақстанмен байланысымыз жоқ еді. Тілімізді сақтап қалу үшін өз арамызда өзге тілді араластырып сөйлегендерді жазалаймыз дедік.

Жалпы, Иран қазақтарының екі түрлі тарихы бар. Біріншісі әлгі. Екінші — 80-жылдары кеңес әскерлерінің араласуымен Ауғанстанда жүрген соғыстың салдарынан сонда тұрып жатқан қазақтардың көбі бізге қарай өтті. Одан Түркияға өткен қазақтарға Қайсари деген қалада түрік бауырларымыз бірден 65 үй беріп, бір демеді. Ал Иранда қалған қазақ ағайындар болса, әлі күнге паспорт ала алған жоқ. Олар қазір сауда-саттықпен, өзге де тіршіліктермен

айналысады. Бірақ шаруаларының бәрі бұрыннан Иранда тұрып жатқан қазақтардың атында. Осы ағайындарды Қазақстанға көшіріп алу — бірінші міндет.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Құраст.: *Б.Сапаралы*. Алматы, 1993. 118-119-бб.

ҚАЗАҚСТАН — БАРША ҚАЗАҚТЫҢ ТІРЕГІ

Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайында 2002 жылғы 24 қазанда барша қазақ халқына арнап Үндеу қабылданды.

«Біз, әлемнің әр түкпірінде өмір кешіп жатқан қазақтардың өкілдері, Түркістан қаласында өткен Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайына жиналып, ұлтымыз дамуының өзекті мәселелерін талқыладық, болашақта осы салада атқарылуға тиісті жұмыстар жайында ақылдасып, өз пікірлерімізді ортаға салдық», — деп көрсетілген Үндеуде.

Қазақ ұлтының өркендей беруін өзіміздің қасиетті мақсатымыз деп білеміз. Сондықтан да ана тіліміз, санғасырлық рухани-мәдени мұрамыз, ұлттық сана-сезіміміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз ұлтымыздың өркениетті арнада дами түсуі үшін баға жеткісіз асыл қазына ретінде қызмет ете береді деп санаймыз.

Біз республикамыздың мемлекеттілігін нығайтып, оның әлемдегі мемлекеттермен, әсіресе қандастарымыз тұрып жатқан елдермен экономикалық, ғылыми, мәдени салалардағы ынтымақтастығының кеңейе түсуінің куәсіміз. Алыс-жақын, шетелдерде құрылған Қазақ мәдени орталықтары сияқты, сырттағы қандастарымыздың басын қосып отырған түрлі қоғамдар мен ұйымдар жемісті жұмыс істеуде. Бірқатар елдерде қазақ тіліндегі газеттер шығып келеді, телерадио хабарлары таратылады...

...Санғасырлық тарихы бар еліміздегі біздің ортақ міндетіміз — ата-бабаларымыздың кіндік кесіп, кір жуған жерінде еркін, өркенді мемлекет орнату, еліміздің егемендігін, халықаралық беделін арттыра беру, — деп жазылған Үндеуде. Бұл үшін бізде бәрі бар, халқымыздың қажырлы еңбегі, ақыл-парасаты, тату-тәтті өмірге ұмтылысы, бейбітшілігі куә.

Қай елде, қай жерде жүрсе де, әр қазақ еңбектегі, оқудағы, ғылыми-шығармашылық қызметтегі табыстарымен ұлтымыздың беделінің арта түсуіне үлес қосатынын әрқа-

шан да айқын сезіне жүреді деп көміл сенеміз. Ұлтымызды, оның тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін сақтау баршамыздың ең қасиетті борышымыз болып қала береді...

...Саяси, экономикалық, мәдени салалардың бөрінде жоғары дамыған Қазақстан — бүкіл әлемдегі қазақтардың мықты тірегі.

Біз еліміздің үлкен жетістігі — ұлттық бірлік пен ынтымақты нығайта берейік.

Біздің халқымыз — түркі әлемінің бір бөлігі. Сондықтан да тілі бір, ділі бір, мәдениеті мен діні ортақ, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы тамырлас елдермен біртұтас рухани ортада өмір сүре білуді үйренген үстіне үйрене берейік. Басқа да халықтармен достық қатынастарымызды кеңейте түсейік.

Соңымыздан ерген ұрпақты ата-бабаларымыздың ғажайып дәстүрлеріне адалдық рухында тәрбиелеп, жастарымызды әлемдік дертке айналып бара жатқан нашақорлық, ішімдікке әуестік дерттерінен аулақ болуға баулиық. Неке мен отбасының ұйытқысын нығайта берейік.

Ата-бабаларымыздың атажұртына, халқымыз бен мемлекетімізге адалдық әрқайсымызға күш-қуат берсін.

Түркістан қаласы. Қазан, 2002 ж.

Егемен Қазақстан. 29 қазан, 2002 ж.

Нұрсұлтан Назарбаев

БҮЛ ҚҰРЫЛТАЙ — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАҢА МЫҢ- ЖЫЛДЫҚҚА БІРТҮТАС ҰЛТ РЕТІНДЕ НЫҚ ҚАДАМ БАСҚАНЫНЫҢ БЕЛГІСІ

Ардақты ағайын!

Құрылтайдың құрметті қонақтары!

Бүгінгі күн — жұмыр жердің бетіндегі қазақ атаулыға айтулы күн екені күмәнсіз, — деп бастады сөзін Президент Нұрсұлтан Назарбаев. — Төрткүл дүниеге тарыдай шашылған қандастарымыздың 400-ге жуық өкілдері Дүниежүзі қазақтарының ІІ құрылтайына жиналып отыр. Міне, көңілдері атажұрт деп алып ұшқан алыстағы ағайындарымыз киелі Түркістан төрінде мәре-сәре күйге бөленген, тамаша мерекенің куәсі болуда.

Қуаныштарыңыз құтты болсын, бауырлар!

Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш Құрылтайы аса бір қуанышты жағдайда өткені баршамыздың есімізде. Тәуелсіздік туын желбіреткенімізге бір-ақ жыл толып, жас мемлекетіміз тұсауын кескен сәби тәрізді аяғынан енді басқан сол бір уақыттың қиындығына қарамастан, тағдырдың төлкегіне ұшырап, туған топырағынан көз жазып қалған бауырлардың басын қосқан жөн болар деген ұйғарымға келгенбіз.

Содан бері, мінеки, он жыл өтті. Он жыл тарих үшін қас қағым сәттей болуы мүмкін. Бірақ жылға бергісіз күндер, сырға бергісіз жылдар болады. Соңғы он жылда он ғасырға татитын оқиға болды деу артық айтқандық болмас.

Жаңа мыңжылдыққа Қазақстан тәуелсіз дербес мемлекет болып қадам басты. Әлеуметтік-экономикалық жүйе өзгерді. Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының және Әлемдік қауымдастықтың, Біріккен Ұлттар Ұйымының тең құқықты мүшесі болып, өз егемендігін заң жүзінде де, іс жүзінде де дүниежүзіне тегіс мойындатты. Қысқасы, дүниежүзі картасында Қазақстан атты өз билігі өзінде, өзгелермен терезесі тең жас мемлекет пайда болды.

Мемлекеттіліктің бір күнде орнамайтыны және оны бір ғана ұрпақ құра алмайтыны белгілі. Қазақ мемлекеттілігін құруға сан ұрпақтың санғасырлық ғұмыры мен күш-жігері кетті.

Бірақ тарих жолы қашанда тайғанақ. Тарихта талай дәуірлеген кездеріміз де болған. Талай басымыздан бақ ауып, кері кетірген кер замандарға да кез келгенбіз.

Сол себепті де осы кезге дейін елдігіміздің жолында қан төккен қайраткерлердің есімін айрықша құрметпен еске аламыз.

Алайда шын мәнінде толыққанды тәуелсіздік пен толыққанды мемлекеттілік орнату абыройы біздің ұрпаққа ғана бұйырғанын мақтанышпен айта аламыз.

Ата-бабаның арманы болған осы тәуелсіздікті ойдағыдай орнықтыру үшін қыруар шаруа тындыруға тура келді. Қазақ елі соңғы он жыл ішінде тағы да көп қиыншылықтардан өтті, — дей келіп мемлекет басшысы атқарылған басты мәселелерді атап шықты.

Бірінші міндет — кеңес билігінен кейін тұңғыш рет өз мемлекетімізді құру болды. Тарихымызға қанша үңілсек те қазақ елі өз тарихында дәл бүгінгідей ауқымда, дәл

бүгінгідей бүкіл дүниеге танымал мемлекет құра алған емес. Қазақтың осындай мемлекеттігі бүгін бар!

Екінші. Тәуелсіздікті жариялау бар. Бірақ сол тәуелсіздікті сақтап қалу, оны нығайту одан да қиын. Біз сақтап та қалдық, экономикасын тұрақтандырып, нығайтып, дүние-жүзіне сыйлы мемлекет бола да білдік. Қауіпсіздігімізді нығайту үшін өз әскерімізді құрдық. Шекарамызды анықтадық.

Үшінші. Біз саясатты өзгертіп, өркениетті елдер қатарына қосылуға қадам бастық. Демократиялық жүйеге бет бұрдық. Тарихында соққы мен жаншу астында тұншыққан қазаққа бас бостандығын әперіп, азат еттік, сөз бостандығын, бас бостандығын алып бердік.

Төртінші. Қазақстан экономикасын осы аз жылдың ішінде нарықтық экономика ретінде бүкіл дүниеге таныттық, олар бізді мойындады.

Әр адамға шаққанда біз ТМД-да ең көп инвестиция тарта білдік (көлемі 20 млрд доллардан астам). Соның арқасында елдің Алтын қорын жинақтап, болашақ ұрпаққа арнап Ұлттық қор аштық. Экономикамыз жылына 9—12% өсіп келеді. Жағдай да түзеліп келеді.

Бесінші. Ғасырлар бойы шешілмеген ұлы Қытай мемлекетімен шекара мәселесін шешіп, Достық шарт жасастық. Жаңа Ресеймен мәңгілік достық шартқа қол қойдық. Орта Азиядағы ағайын көршілермен достықты нығайттық. АҚШ-пен стратегиялық әріптес бола білдік.

Алтыншы. Ең асылы — біз көпұлтты ел бола отырып, халықтар арасындағы достықты, тыныштықты сақтай білдік. Қазақтың ауызбірлігін де сақтап отырмыз.

Жетінші. Көне тарихымыздан бері тұнғыш рет өз астанамызды, өз елордамызды 4-5 жылда орнатып, бүкіл дүниені таңғалдырдық...

Қазақстаннан сырт жерлерде тұратын отандастарға қамқорлық жасауда соңғы он жылда қол жеткен табыстарымыз аз емес. Алыстағы ағайынды ұшақпен көшіріп алатын ел Қазақстаннан басқа қайда бар! Әйтсе де бұл жетістіктеріміз бен табыстарымызға тоқмейілсіп, орта жолда іркіліп қалуымыз болмайды.

Біздің алдымызда жаңа міндет, биік мақсаттар тұр. Тәуелсіз Қазақстан мен шетелдегі қазақ диаспорасының арасындағы байланыс бұрынғыдан да тығыз әрі барынша жемісті, нәтижелі болуға тиіс.

Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру — бүкіл халқымыздың өсіп-өркендеуіне, жаңа мыңжылдықта жаңа асуларға көтерілуіне тікелей ықпал етеді.

Бұрынғы кездерде алыс шетел саналып келген Моңғолия қазақтарының да ұлттық рухани өсіп-өркендеуі белгілі бір дәрежеде жүріп жатыр. Моңғолияның, негізінен, қазақтар тұратын Баян Өлгий аймағының құрылғанына 60 жылдан асты. Бүгінгі таңда Баян Өлгий аймағы — қазақ халқының ана тілі ең таза сақталған, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті өзінің ежелгі бояуын жоғалтпаған өңірлердің бірі. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Баян Өлгий аймағынан атажұртқа 60 мыңнан астам ағайындарымыздың қоныс аударуы жас мемлекетіміздің мәдени-рухани тыныс-тіршілігіне, ана тіліміздің, ұлттық салт-дәстүріміздің жаңа деңгейге көтерілуіне өз ықпалын тигізгені анық.

Тағдырымыз да, тарихымыз да ежелден тамырлас Өзбекстандағы бір жарым миллионнан астам қазақтардың өсіп-өркендеуі өз алдына бір шежіре. Қазіргі кезде Өзбекстанда 500-ден астам қазақ мектептері бар. Жақында ғана Өзбекстан Президенті Ислам Каримов екеуіміз екі ел арасындағы мәңгілік достық жөніндегі келісімшартқа қол қойдық. Шекарамыз біржолата нақтыланып, белгіленіп бітті.

Болашақта екі ел арасындағы экономикалық-мәдени байланыс бұрынғыдан да кеңейе беретіні анық. Бұл байланысқа Өзбекстанда тұратын бауырларымыз да өз үлестерін қосады деп сенемін.

Біз Өзбекстандағы қазақтардың зиялы қауымы — ғалымдарының, әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің қарымды да қабілетті үлкен тобының қалыптасқанын жақсы білеміз.

Қазақстанның Ресеймен шекарасы ұлан-ғайыр жерді алып, еліміздің шығысынан батысына дейін созылып жатыр. Аманшылық болса, таяуда Ресеймен де шекарамызды анықтап бітетін ойымыз бар. Осы шекараға жақын жердің басым көпшілігінің негізгі тұрғындары — қазақтар. Олардың да санғасырлық тарихы, қалыптасу ерекшеліктері бар. Көршілес екі мемлекет өз тәуелсіздіктерін жариялағанымен, арадағы барыс-келісімізге шектеу жасалған жоқ. Бұл да — біздің ең үлкен жеңісіміз, жегістігіміз.

Ресей қазақтарының мәдени-рухани өміріне ондағы қазақ мәдени орталықтары да үлкен ықпал жасап отыр.

Түрікменстан мен Қырғызстандағы, Түркиядағы, Еуропаның Германия, Швеция және басқа елдеріндегі қазақ мәдени орталықтары да өздерінің шама-шарқынша игілікті істер тындырып келеді.

Міне, Қазақстаннан сырт жерлердегі қазақтардың ұлт ретінде өсіп-өркендеуінің қазіргі жағдайы осындай.

Қазақстан өзі тәуелсіздік алған күннен бастап шетелдегі қазақ жастарының атажұртқа келіп, оқу-білім алуына айрықша көңіл бөліп келеді. Шетелдегі қазақ ұлтының өкілдері атамекенге келіп, Қазақстан азаматымен тең жағдайда оқып, білім алуда...

Шетелдегі ағайындарымыздың арасында атажұртқа тұрақты қоныс аударғысы келетіндер аз емес. Қазақстан бұл мәселеге де айрықша көңіл бөліп келеді.

Біз жыл сайын көшіп келу квотасын белгілейміз. Ол жағдайға байланысты. Бұл квота бойынша келгендер үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтеледі. Басқа да көмектер жетерлік.

Жалпы, өз еріктерімен келген қандастарымызды қоса айтсақ, осы жылдары жарты миллионнан аса қазақ атажұртына келді. Мен бірде айтқан едім. Аман болсақ біздің елге оралған қандастарымызға Германия мен Израильдей көмек жасаймыз деп... Оған де жетерміз. Қазір істеп жатқандарымыз осы үлкен істің бастамасы деп саналуы керек.

Алдағы уақытта көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайта беруді жоспарлап отырмыз. 2003 жылғы квота бойынша 5000 отбасы келетін болса, 2004 жылы ол 10 мыңға, 2005 жылы 15 мыңға жетеді. Демек, жылына атамекенге мемлекет көмегімен 50—60 мың оралман келеді деген сөз. Ал енді бұл квотаның үстінде өз жағдайларымен елге көшіп келемін дегендерді құшақ жая қарсы аламыз.

Дегенмен шетелдегі ағайындарымыздың көші-қон жөніндегі сұраныстарын бұл да толық өтей алмайды. Көшіп келгісі келетіндер әлдеқайда көп. Үкіметке салмақ салмай, өз қаржысымен қоныс аударуға ықылас білдіретіндер де аз емес. Міне, осы ағайындарымызды, ең алдымен, құқықтық жағынан қолдауды жүзеге асырған жөн...

Қай жерге барсам да, ешбір елден қазақ диаспорасы тынышымызды алды деген сөзді естіп көрген жоқпын. Бұл да ұлттық деңгейдегі естиярлықтың белгісі.

Құрметті қауым! Қадірлі меймандар! Айналайын ағайын!

Қасиетті Түркістан жерінде өтіп отырған бүгінгі дүбірлі жиын — Қазақстан Республикасының, бүкіл қазақ халқының өміріндегі үлкен тарихи оқиға.

Бұл бас қосу — біздің еліміздің шын мәнінде тәуелсіздікке жеткенінің, өркениетті елге айналғанының бір көрінісі, ата-бабаларымыздың санғасырлар бойы аңсап өткен арман-мақсатының жүзеге асуының айқын айғағы.

Бұл құрылтай — қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі. Біздің бәріміз үшін бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш болуы мүмкін емес.

Әрқашан да жақсылықта, қуанышта кездесе берейік, ағайын!

Құрылтайымыздың сәтті өтуіне тілектеспін.

Тағы да көріскенше күндеріміз жақсы, бақытты да қуанышты болсын!

Егемен Қазақстан. Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы.
24 қазан, 2002 жыл.

VIII тарау. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Э.С. Вульфсон

ҚАЗАҚТАР

...Тап қазақтай бүкіл өңірде өнді қастерлеп өтетін халықты табудың өзі неғайбіл. Олар, тіпті оқуды да өуенмен үйренеді: әуелі жекелеген әріптерді, одан әрі тұтас сөзді белгілі мақаммен әуездете оқиды. Қазақтың қуаныш, қайғысының бәрі әнмен өріледі. Қыз айттырып, құда түсу, беташар, үйлену, шілдехана — соның бәрі өлеңсіз өтпейді; тіпті науқастың көңілін сұрау, естірту, жоқтау, ас беру — бәрінде де өлеңнің орны айрықша және де әр жағдайдың өзіне лайық өлеңі бар немесе табан астында шығарылады. Қазақтар өлеңге шебер болумен бірге әншілерін де өте жоғары бағалайды...

Қазақ өлеңді домбыраның сүйемелдеуімен айтады. Өнді, көбінесе біреу, өте сирек жағдайларда бірнеше әрі кеткенде 4-5 адам қосылып айтады. Қазақтар әннің өуенімен қатар сөзіне де терең мән бере тыңдайды; олардың сөз мағынасын ұғуға қиындық келтіретін хормен өлең айтуды ұната бермеуі де сол себептен...

Жақсы әншінің үні әдемі болумен бірге ән сөзін ұйқасымен бірден шығаратын, суырыпсалма болуы да шарт.

Қазақ балалары кең-байтақ дала төсінде емін-еркін өседі. Атқа мінуге жас күнінен үйренеді. Емшектегі бала көш кезінде түйе үстінде тербелсе, аяғымен нық тұруға жараған соң-ақ атқа мінеді...

Қазақтар балаларын үлкенді сыйлауға кішкентайынан үйретеді. Қарттардың үлкен құрметке ие болатыны сонша — үй ішінде бір мәселе төңірегінде кеңес өтсе, бәрі де үлкеннің сөзіне тоқтауға міндетті. Қазақ балаға: «Егер қарттарды сыйласан, Құдай сені сыйлайды», — деген нақылды санасына

сіңіріп өсіреді. Егер үйге ақсақал кіріп келсе, барлық жас түрегеліп бас иеді.

Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері. А., 1992. 12-13-бб.

Свен Гедин

ҚЫРҒЫЗДАР

...Олар өзін «қайсақ» (бұдан әрі «киргиз», «қайсақ» атауларын қазақ деп береміз) деп дәріптей атауды ұнатады. Дала төсіндегі оңаша өміріне риза, бостандығын бәрінен артық көреді, біреуге тәуелділікті ұнатпайды. Қазақ өз ата-тегі емін-еркін өмір сүрген даласын беріле сүйеді; жат-жерлік үшін көз тоқтатар ештеңе жоқ сар даласынан таңғажайып әсемдіктің алуан түрін көреді.

...Мен бірте-бірте қазақты аса құрметтейтін болдым. Олардың достығы мен қонақжайлылығы арқасында, арасында жалғыз еуропалық болсам да, өзім тұрған төрт айдың ішінде, тіптен де жалғызсыраған жоқпын. Менің кезбелік өмірімдегі қиыншылығымды ықыластана бөлісіп, кейбіреуі ауа райының қолайсыздығына қарамастан менің тау мен мұздақтардағы экскурсияма жолбасшы болды. Мені, әсіресе кішкене балалар баурап алды: егер аяғына әкесінің дәу етігін сүйреткенін есептемесек, басындағы түрлі түсті төбетейден өзге үстінде лыпа жоқ, айналамда асыр салғанда сүйкімділігі соншалық — олардан көз айырудың өзі қиын-ды. Әдетте, алғаш кезіктіргенде көзілдірігім мен үстімдегім оларға оғаш көрініп, тым-тырақай болатын, шешесінің етегіне, я бұрышқа тығылатын; алайда бір түйір қант ұсынсам-ақ, өзімсіне кетеді, жатырқамайды...

Бауыздалған қойдың денесі (бұдан әрі көкпар деп береміз) тартысқа түсіп, жеңімпазға жүлде болмақ. Құлақ тұндырған дүбірге үзеңгі қағыс пен жандалбаса айғай-шу қосылды. Бейне жабайы ғұн тобы немесе қорқынышты қарақшы тобыры тәрізді жанымыздан ағызып өте шықты. Содан кең жазықты орағыта біз тұрған жерге оралды. Алдына көкпар тастаған кісі ризалығын білдіріп, дастарқан жаюы немесе мен істегендей бір уыс күміс тиын шашуы тиіс.

Бірнеше қадам шегінуіміз мұң екен, елірген топ көкпарға лап қойды; аяусыз тартысқаны сонша — дәл бір қап алтынға таласқандай. Аттардың құлап, кейбірі көкке шап-

шып, ал тайсақтағаны шегініп жатыр. Атқа берік шабандоздар көкпарға қол ілкітіру үмітімен жерге дейін еңкейеді. Кейбірі аттан құлап қала жаздап, енді біреулері ат бауырына түсіп, жандалбаса доданың талас-тартысында.

Тыңнан қосылған бәрін бұзып-жарып, таптап кетердей үймелескен топқа бар шабысымен кеп соғады. Ию-қию адам, кісінеген жылқы. Шаң көкке көтерілді. Қарсыласын тізгіннен алу немесе аттан аударып тастау тәрізді аздаған қитұрқылыққа да жол беріледі екен... Ақыры бір қазақ көкпарға ілігіп, оны тақымына мықтап басып, топты бұзып өтіп, жазықты орағытып желдей есіп жөнелді-ау... Тартыстан жарақатсыз сау шыққандар аз. Кейбір бет-ауызы қан болып кеткендер арыққа жуынуға жөнелді; ақсаған аттар да аз емес. Бүкіл жазықта шашылып қалған тұмақтар мен қамшыларды ойын аяқталған соң, иелері іздеп тауып алып жүр. Шынымды айтсам, мені таңғалдырғаны айтарлықтай елеулі жарақат, мертігудің болмауы. Мұны қазақтың жөргектен бастап ат үстінде өсіп, тамаша шабандоз болуымен ғана түсіндіруге болады.

Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлер. А., 1992. 14-15-бб.

П.С. Паллас

ҚЫРҒЫЗ (ҚАЗАҚ)

... Қазақ арасында дін қызметкерлері неғұрлым аз болса, түрлі сиқыршылар соғұрлым көп болмақ. Менің білуімше олар алты дәрежеге жіктеледі. Алғашқысы фалча¹ деп аталады, олар жұлдызға қарап және кітап ашу арқылы болжайды, бұл өнер де ғылым болып саналады. Одан кейінгісі нурунчи² деп аталады, алдағы істі қойдың жауырынына қарап болжап және кез келген сұраққа жауап бере біледі. Ондай жауырынды пышақпен қырып не оған тіс тигізуге болмайды екен, өйте қалса, қасиетінен айырылып қалмақ...

Сиқыршылардың үшінші түрі бакша³ деп аталады, қазақтар өзгелерден гөрі бұған көбірек сенеді...

Рамча⁴ атты сиқыршылар тағы бар, олар отқа сары май не тоң май құйып, жалынның түсі арқылы болжам

¹ фалча — жұлдызшы.

² нурунчи — жауырыншы.

³ бакша — бақы.

⁴ рамча — түтінге қарап бал ашушы.

жасайды. Сонымен бірге мұнда да құрбандық шалынып, дұға оқылады. Бірақ бұлар аса қастерленбейді. Олардан өзге сиқыршылар бар, джаадугар* атты сиқыршылардың көбі тұтқындар мен құлдарды жадылап, олар қаша қалған күнде адасып, өз қожаларына оралатындай етіп, тіпті құтылып кетсе де таяу арада қайта кіріптар етерліктей дуалайды.

Қазақ қан төгуге аса құштар емес, біреуді өлтіргеннен гөрі тұтқынға алғанды тәуір көреді. Адал қызмет еткен құлдарға қайырымды.

Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлер. А., 1992. 4-5-бб.

Генрих Юлий Клапорт

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАЙЛЫ

Қырғыз (қазақ) халқы... ұлан-байтақ кең далада — тұщы суы мен малға жайлы жайылымы бар жерлерге үй тігіп, көшпелі ғұмыр кешеді... 1806 жылдың жазы мен күзінде Ертістің жоғарғы ағысын бойлап, төменгі Зайсан нұр көліне дейін барған саяхат кезінде, мен күн сайын қазақтарды кездестіріп отырдым. Аздап түркі тілін білетіндігімнің, Орта жүз қазақтарымен сөйлесуіме көп пайдасы тиді. Бұл жерде Осман түріктерінің сөйлесу дағдысындағы араб, парсы сөздерін қолданбай, таза түрікше сөйлеудің қажеті болды.

Кейінірек басқа екі жүздің қазақтарымен кездескенімде олардың диалектісіз, бір тілде сөйлейтіндеріне көзім жетті. Дәл осы құбылысты ғалым М.Жобер де Астраханға барғанда шарқат тоқу үшін бағалы түбіт сатып ала жүріп, көптеген қазақтармен бірнеше рет кездесіп, сөйлескен кезде байқағанын айтқан болатын. Бүгінге дейін қазақтардың түркі халқы екендігіне, қазақ тілінің түркі тілі екендігіне ешкім шүбә келтірмейтін. Санкт-Петербургтегі М.Шмидт шүбә келтіріп отырған бірінші адам.

Оның айтуы бойынша: «Қазақтар моңғол тектес буряттардың бір бұтағы. Бір кездері бөлініп кетіп, татар көршілерінің әсерімен жаңа жергілікті тіл /говор/ пайда болған. Ол тілдің өзі бірнеше диалектілерге бөлінеді. Өздерінің солтүстіктегі, батыстағы және оңтүстіктегі түркі тектес

* *джаадугар* — жәдігер, сиқыршы

көршілерінің тілінен өзгеше моңғол сөздері басым тілде сөйлесетін халық» екендігі белгілі.

Бұл пікір Санань Сетсен жазған моңғолдар тарихының беделіне сүйенеді (Бұл еңбек 1662 жылы жазылған болатын). Яғни, осы журнал бетінде ақиқаттығы сыналған, салыстырмалы түрде алғанда біздің дәуірімізге жақын, күні кешегі еңбекке сүйенеді. Егер бұл пікір сол Шмидтің кітабының бетінде қалса, одан әрі тарамаса, онда оның жалғандығын дәлелдеудің қажеті де болмас еді. Алайда бұл пікірдің «Ғалымдар журналы» секілді баспасөз бетінде, Еуропаның ең атақты шығыс зерттеушісі барон де Сасидің мақұлдауымен, ешқандай өзгеріссіз басылуы, яғни ақиқат деп қабылдануы өкінішті-ақ...

Алайда менің ойымша, аталған ғалымның өзі арнайы зерттемеген, тек қана Азия халықтары тілдерінде жазылған еңбектерінің көмегімен сарапқа салуы мүмкін және этнографиялық құбылыстар жайлы пікірді қабылдаудан бұрын мұқият зерттелуі қажет.

Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері.
А., 1992. 5-6-бб.

Армений Вамбери

ҚАЗАҚТАР

Бүкіл Орталық Азия халықтарының ішінде саны басым және көшпелі тұрмыста өзіне тән айрықша ерекшелігімен дараланатын қырғыздар мен өздерін қазақ деп атайтын халық Бұқар хандығында көп болмаса да, біраз сөз айтамыз.

Ел кезген сапарларымда олардың тұрақ-мекендерін жиі кездестірдім, халқының сан мөлшері туралы сауалыма үнемі: «Әуелі даладағы құмды, содан соң ғана қазақтарды сана», — деп күле жауап беретін. Сол сияқты, олардың шекараларын да дәл анықтау мүмкін емес. Біздің білеріміз олар: Сібір, Қытай, Түркістан және Каспий теңізі аралығындағы ұлан-ғайыр сайын даланы мекендейді. Осы өлке қоғамдық құрылысына байланысты қазақты орыстың не қытайдың иелігіне жатқызудың қателігін айқын дәлелдейді. Ресей, Қытай, Қоқан, Бұқар және Хиуа қазақтарды билегенімен, далалықтардың ішінде әзірше олардың тек делдал шенеуніктері ғана тұруда... Ежелгі Түркістан тайпаларының кемшілігі мен жетістігі араласа сақталған

дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың айқын көрінісі осы ұлтта сақталған.

Бізді аса бір таңғалдырғаны — бір жағынан, олардың музыка мен поэзияға зор бейімділігін, екінші жағынан, ақсүйектік текшілдігін байқағанымыз. Екі қазақ жолықса, міндетті түрде алғашқы сұрауы: «Жеті атаң кім?» — деп келеді, ал екіншісі, тіпті сегіз жасар бала болса да, жауапқа мүдірмейді, олай болмаған күнде жетесіздігін көрсеткені*.

Еуропа ғалымдарының қазақ мәдениеті туралы ой-пікірлері.
А., 1992. 9-б.

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақ шаруашылығының XVIII ғасырдағы күйінен XIX ғасырдың басында айырылып қалғанын А.Левшин де тілге тиек етеді. «Қазіргі қазақтардың аталары бағы асқан шағында Қытай, Бұқара, Хиуа және басқа елдерге Ресейге шығарған малындай мал сатқан. Осыған қарап олардың әр жаққа жылына 2 млн қой және 100 мыңдай жылқы, басқа тауарын есептемегенде, айырбасқа өткізуге мүмкіндігі болғанын байқаймыз», — дейді. Яғни, жылына орысқа 1 млн қой мен 50 мың жылқы сатылып отырған. «Өткен ғасырда (XVIII ғ.—Ж.А.) қалыпты болған бұл — қазір де қиял сияқты, барымта мен ұрыс-керістен кейін сол малдың жартысы да қалған жоқ». Бір қарағанда жаугершілікке толы XVIII ғасырдың қазақ шаруашылығына теріс әсер ете қоймаған сияқты. Айырбасқа мал басының аз түсуі, екінші жағынан, ішкі демографиялық процестерге де байланысты шығар. Көшпелі қазақ елінің санының күрт өскен уақыты да XVIII ғасыр. Үшіншіден, қазақ саудасы Ресей тарапына әлсірегенімен Орта Азия, Қытай, Шығыс Түркістан базарларында бұрынғы қарқынынан таймаған сияқты.

Оңтүстіктегі малға жайлы қоныстардан айырылу шаруашылыққа оңай тиген жоқ. Сыртқы және ішкі барымтаға қоса XVIII ғасырдың екінші жартысында мал саны жұттан да көп зардап шекті. Арқа жерінде осы кезеңде қысқы уақытқа арнап қора-жай салу кездеседі, алдымен ерте кезден белгілі ықтырма, жағалай үйілген жал пайдаланылса,

* Путешествие по Средней Азии. СПб., 1865.

кейіннен жер қазып, әр жерден орнатылған бағандарға сырықтар салып, үстінен қамыспен жауып пана жасалынды. Ағашты жерлерде қоралар салынды. Малдың шексіз көптігі Орта жүз бен Кіші жүзде орыс тарапынан қолға алынған осы істі нәтижелі аяқтауға мүмкіндік берген жоқ.

Артықбаев Ж. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам XVIII ғ. Қарағанды, 1995.

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОРҒАУШЫЛАР ҚАЛАЙ АЙЫПТАЛДЫ?

Қазақстанның басым көпшілігі бұл жылдары жартылай көшпелі және көшпелі аудандардан тұрды. Қазақ халқының ғасырлар бойы дамып келе жатқан дәстүрлі мал шаруашылығы, негізінен, осы көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға шоғырланғаны белгілі. Қазақ зиялылары және осы жылдары Қазақстанда болған, әртүрлі ғылыми экспедицияларды басқарған және республиканың мемлекеттік және шаруашылық органдарында еңбек еткен бірталай орыс ғалымдары, ауыл шаруашылығының білікті мамандары дәстүрлі шаруашылығын қазақ даласындағы дәстүрлі және эволюциялық дамудың нәтижесі деп біліп, оны күштеп, зорлап жойып жіберуге барынша қарсы болды. Көрнекті ғалым, профессор С.П.Швецов қазақтардың көшпелі тұрмысын мәдени артта қалу деп тануға барынша қарсы болып: «Қазақ — малшы және көшпелі, өйткені оны қоршаған қазіргі жағдайда ол басқаша бола алмайды: осыны одан оны қоршаған орта талап етеді. Ол тұтастай соған тәуелді», — деп атап көрсетті.

Профессор С.П.Швецовтың ойынша: «Қазақ жаңа, сусыз жерлерді шаруашылықтық мақсаттар үшін игеруге мүдделі болғанға дейін, ол малшы және көшпелі болып қала беруі тиіс еді». Бірақ мұндай жаңа, сусыз жерді игеру оның ойынша көшпелі тұрмысты жоймайды, қайта «нығайта түседі». Яғни, профессор қазақтардың жаңа сусыз жерлерді игеріп, отырықшы болуына тіптен де қарсы емес, керісінше бұл бағыттағы табиғи әрекеттер оның пікірінше, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығын бұрынғыдан да бетер өрістететі түспек. Ол, «көшпелі тұрмыс шаруашылықтың дамуының барлық сатыларында, яғни отырықшыландыруға көшуде де өзі сақталынады», — дей келіп, «оның үстіне шаруашылықты

интенсивтендірудің барлық белгілерінің көшпелі тұрмыс шеңберіне сыйып кете беретінін» ескертуді де ұмытқан жоқ.

Қазақ халқының көрнекті энциклопедист-білгірі Әлихан Бөкейхановпен бірге тізе қоса қазақ шаруашылығын терең зерттеген профессор С.П.Швецов ең басты нәрсені — көшпелі тұрмыстың қазақ халқы үшін өмірлік маңызын дұрыс түсіне білді. Сондықтан да ол Қазақстанда күштеп ұжымдастыру және соның негізінде жоспарлы жаппай отырықшыландыру басталмай тұрып-ақ былай деп көрегендікпен ескертті: «Қазақстандағы көшпелі тұрмысты жойып жіберу, тек далалық мал шаруашылығын және қазақтар қожалықтарын күйретіп жіберу ғана болып қоймай, сондай-ақ сусыз даланы адамсыз шөл далаға айналдырады».

Осындай апаттан аман қалу үшін профессор С.П.Швецов қазақ даласында да бүкіл органикалық дүниеде, дәлірек айтқанда, адамзат қоғамында байқалатын табиғат заңдылығын басшылыққа алуды, яғни «жаңа әдістерді халықтың тығыздығының елеусіз өсетіні тәрізді шаруашылыққа да елеусіз енгізуді» ұсынды.

Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001. 130-131-бб.

КЕҢЕС ӨКІМЕТІ ҚАЗАҚ ЖЕРІН ҚАЛАЙ ОТАРЛАДЫ?

Мәскеудегі БОАҚ өзінің 1928 жылы 29 наурызда қабылдаған шешімімен Қазақстандағы келімсектерді жерге орналастыру тәртібін белгілеуді және оларға нақты көмектер көрсетуді талап етті. Осыдан соң Қазақстанның Егіншілік Халкомы 28 сәуірден бастап келімсектерді жерге орналастыруды нақты қолға алды.

БОАҚ-тің 29 наурыздағы қаулысының жаңалығы — онда «жергілікті халықта (қазақтарда — *Т.О.*) белгіленген мөлшерден артық жер болған және отырықшы-егіншілік шаруашылық жүргізуші басқа ұлттар халықтарында жер жетіспеген жағдайда», артық жер «кесіліп алынуы» тиіс болды. Жағдайдың керісінше болуы мүмкін екенін ескерте тұрса да, бұл қаулы әлі отырықшыланып үлгермеген қазақтар жерін зорлықпен кесіп алуға толық негіз жасап берді.

Бірақ бұл Кеңес өкіметінің қазақ жерін отарлауының басы ғана еді. 1928 жылы 27 сәуірде РКФСР Халкомы осы жылғы 3 сәуірдегі КСРО Халкомы шешімі негізінде өзінің басшы органдарына 3 күннің ішінде Қазақстандағы қоныс-

таңдыруға жарайтын жер қорын зерттеу туралы мәселені дайындауды және мұнда, әсіресе Түркістан-Сібір жолына жақын жатқан аймақтарға баса назар аударуды талап етті. 3 күннен кейін, яғни 30 сәуірде РКФСР Мемлекеттік жоспарлау бөлімінің ауыл шаруашылығы секциясында Қазақстанның БОАК жанындағы өкілінің қатысуымен қазақ жерін жаңадан отарлау үшін Бүкілодақтық қоныстандыру комитеті ұсынған экспедиция туралы Ереже қабылданды. Экспедиция қазақ жерін отарлауға қажетті жер қорын анықтау үшін мына уездерді зерттейтін болды: Орал, Жымпиты, Елек, Ақтөбе, Қостанай округі, Петропавл, Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Павлодар, Семей, Өскемен, Лепсі, Талдықорған және Алматы.

Қазақстанның өкілі, негізінен, мал шаруашылығы өркендеген республикада «егіншілік — астық шаруашылығын жедел құруды» көздеген бұл шешіммен келіспейтіндерін ашық айтса да, оны ешкім тыңдамады.

Қазақстан өкілінің ең болмаса: «Жұмыс жоспары және көлемі, сондай-ақ жұмыс жүргізілетін аудандар бұл жерде емес, жергілікті жерде Қазақстанның Егіншілік Халкомымен бірге жасалсын», — деген ұсынысы да қолдау таппады.

Қазақстанның ОАК-нің төрағасы Елтай Ерназаров 13 мамырда Мәскеудегі өз өкілінің қарсылығын қолдап, оған жеделхат жолдады.

Бірақ жоғарыдан қолдау таппағандықтан, Қазақстан өкіметі жер қорын зерттеуге шығатын экспедицияның Қазақстанға келуіне рұқсат етуге мәжбүр болды.

Бұл экспедиция жұмысының нәтижелері Қазақстан жерін кеңінен отарлауға жол ашты. 1929 жылдың көктемінен бастап ежелгі қазақ жерін тағы да келімсектердің қоныстануына ашық деп жарияланды.

Қазақ жерін отарлау жұмысының зор көлемділігін байқаған Мәскеу Қазақстанның Егіншілік Халкомы құрамында ҚазАКСР-де Переселен басқармасын ашу туралы шешімге келді. Оның өзінің және жергілікті органдарының қызметіне қажетті Ережені Қазақстан үкіметі 1929 жылы 14 тамызда бекітті.

Алғашқы жоспар бойынша Қазақстанға тек 1929—1930 жылдары сырттан 27,4 мың адамды, яғни 5,5 мың (еуропалықтар) және Қазақстанның өз ішінде 8,0 мың қазақты (1,6 мың отбасы) қоныстандыру көзделді.

Ал алғашқы бесжылдықа переселен (қоныстандыру) қорына бөлінген жер көлемі 8776,6 мың гектарды қамтып,

оған басқа жақтан 489,5 мың адам (негізінен, еуропалықтар) немесе 97,9 мың отбасы және Қазақстанның өз ішінде 100,0 мың адам, яғни 20,0 мың қазақтар қоныстануы тиіс болды.

Осылайша Кеңес өкіметі бұрынғы патшалық Ресейдің қазақ жерін жаулау саясатын қайта тірілтті және жалғастырды. Соның нақты көрінісі бұрынғы Переселен басқармасының қайта ашылуы еді. Коммунистік идеологияның интернационализм идеясымен бүркемеленген бұл қитұрқы саясаты шын мәнінде қазақтардың біртіндеп құнарлы жерден айырылып қалуына және өздерінде үлес салмағының кеміп кетуіне негіз жасап берді.

Т.Омарбеков. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері А., 2001. 44—47-бб.

МОҢҒОЛДАРДЫҢ ҮЙ-ЖАЙ БАСПАНАСЫ ХАҚЫНДА

(салт-дәстүрлер)

Жаз айларында Моңғолиядағы қазақтар түгелдей дерлік киіз үйде отырады. Қаладағы тұрғын үйде тұрушылардың өзінде де, киіз үйлері дайын, жазда жайлауға киіз үйге шығады.

Моңғолиядағы қазақтар үй ағашты өздері байырғы қазақы әдіспен өңдеп, үйге қажетті жабдықтарды, жиһаздарды тігіп, жасап алады.

Үйдің негізгі басты мүшесі, оның үй ағаштары, яғни сүйегі.

Үй ағашты, орманды өлкеден күні бұрын белгілеп көктемде, күзде қиып жақсылап түзу жерде сақтап, күн жылына үй сыртында ағаштардың қабығын аршиды. Көбінде тал (қаратал, қызыл тал), басқа да ағаштарды пайдаланады. Қабығы аршылған ағаштарды қарыстап кереді. Үйге тапсырыс, сұраныс берген адамдар соншама көзді шаңырақ, сонша қарыс уық, сондай басты кереге деп дәстүрлі ұсыныстар жасайды. Сол бойынша ағаштар сұрыпталып дайындалады. Уық жасаудың негізгі шарты: түзу, жуан ұзын ағаштарды тандап алу. Түзу, ұзын ағаш үйді сымбатты көрсетсе, жуан уық желге берік болады. Арнаулы ағаш шеберлік саймандармен қабығы аршылған уықтарды түзету үшін өртеп, тұтатып, оның тұтай жанған жеріне уық ағаштарды көміп, жіпсітіп, жұмсартып морлайды. Морлаудың төсілі әрбір үйшіде түрлі-түрлі болады. Соңғы кезде жерге тұрба салып, сол арқылы да морлап жүр.

Морланып дайындалған ағашты төрт сирақты, ұзын көлденең жуан ағашты арқалық тезге салады. Арқалық ағашта қиғаш кертпе болады. Сол кертпеге уықты көлденең салып, уықпен бірге түзеткіш білік ағашты «сқауыр» қоса салып, уықтың қисық, шодыр жерлерін үйші қолдың жәрдемімен мықымдай түзетеді.

Уықты таудан алынып келген дайын жосамен жосалайды. Құм төріздес, тас аралас жосаны суға салып бұқтырып, уықты бояйды. Кейбір жерде, атап айтсақ, Қазақстанда жасыл сары жалпақ тасты, отқа өртеп уатып, содан соң уық жосалайтын көрінеді. Моңғол жерінде дайын жоса көп табылады. Тоғыз құмалак, Жосалы деген жерлерде жоса көп болады.

Уықтың жуан ұшын жартылай доға ғып иеді. Мұны уықтың қарыны, қарымы, иіні деп атай береді. Қарын деуі — қарынша томпайған жері деген мағынада болу керек, ал қарымы деуі — уықтың күш түсер жері, адамдар ұстар жері қармайтын жері.

Иін басы деушілік иілген басы деген ұғымды тура айқындап тұр.

Уықтың келесі ұшын төрт бұрыштап сүйірлейді. Мұны уық қаламдау деп атайды. Уықты үй ағашты сөйкестірген кезде бір-ақ қаламдап, шаңырақтың әрбір көзіне салып отырып қаламдайды.

Үйші уықты қаламсыз жасап береді. Уықтарды жинаудың да өзіндік тәртібі бар. Уықтардың қарым жағын бір-жаққа, қаламдығын бірыңғай жинап, иін басын уық баумен, қалам басын аяқ бау, уық баумен байлайды. Уықтың басына уық қапты көшкенде пайдаланады.

Уықтың жебесі оның ұзына бойын майыспаудан сақтайды.

Үйдің керегесін жасағанда да уық жасағандай тезге салып, сызық түсіріп, ортасын дөңките, басын қайқылау келтіріп, аяғын түзу етіп жасайды. Керегенің жуан тор көзінің шаршысы жақын болғаны дұрыс. Кереге көзіне қарай, тор көз, жел көз деп атайды. Тор көз жиі, шаршысы жақын, ал жел көз үлкен торлы келеді.

Керегені ірі қара малдың терісінен әдейі жасап алған таспалармен көктейді. Бұлай көктелген керегелер көшпелі өмірге ыңғайлы, керегені жиюға қолайлы болады. Керегені тіккенде, жиғанда кереге баулар арқылы байлап, буады.

Керегелерді жиып басын бас бауы — таңғышпен, аяғын аяқ баумен байлайды. Кейде кереге бау деп аталатын, керегенің таңғыш бауымен бас аяғын шалып байлай салады. Керегелерді майысып сынудан сақтап қаттап қояды.

Киіз үйдің шаңырағын жасауда да үйшілер шебер келеді. Шаңырақты киелі деп санайтындықтан оны әсем, жеңіл әдемі етіп істеуге әркім-ақ талпынады.

Шаңырақты тандап, қайыңнан жасайды, қара ағаштарды жарылғыш деп одан көп жасамайды. Сұрыптап алынған жеңді білектей ағаштың, қабығын аршып, кептіріп дайындайды.

Қайың шаңырақтар жарылмайтын, желге берік келеді, ішкі бетін жұқартып жонып, иеді. Иіліп дөңгелектенген шаңырақтың ортасына жартылай дөңките иілген кереге ағаштан сәл жіңішкелеу, төрт қырлы кергіш ағаштармен кереді. Мұны шаңырақтың күлдіреуіші деп атайды. Қазақстанда желдігі, шабағы деген атаулар да кездеседі.

Күлдіреуіштің саны Моңғолиядағы қазақтар үйінің шаңырағында үшеу, әредік төртеу, ал атамекендігі қазақ ауылдарында одан да көп екенін аңғардық. Күлдіреуіш санының көп болуы, беріктікке байланысты. Моңғол ағайындардың шаңырағының күлдіреуіштері жуан, саны көп боп келеді.

Шаңырақтың екі жағынан термелеп, өрмектеп тоқылған сәнді баулар тағылады. Мұны жел бау деп атайды. Жайшылықта жел бауды оң жақ және сол жақ керегеге бастау қылып көлбете байлап қояды. Бұл үй сәніне де әсер етеді. Үй тігерде шаңырақ көтерерде, жел баудан тарта ұстап, бақанмен немесе ашамен шаңырақты көтергенде пайдаланады. Сондай-ақ қатты жел соғып үйді шайқалтса желбаудың екі ұшымен құм салған қанарды байлау, кейде буылған үлкен тастарды байлап пеш, ошақ орнына салбыратып қояды. Желден сақтауға пайдасы тигені үшін жел бау деп аталған болу керек.

Үйдің тағы бір негізгі элементі ағаш есік. Қазақ үйлерінің дәстүрлі есік ағаштары жарма есіктер болады. Есік ашылғанда жарылып, екі жаққа ашылады. Адамға ақ жол тілеп жарыла ашылуы жақсы ырымды меңзейтін сияқты. Орала ашылатын есіктер Моңғолиядағы қазақтарда бертінде пайда болды. Қоныстас моңғол тайпаларының есігі бір жаққа қарай ашылады. Қазақ халқының екі жаққа жарма болып ашылатын есіктерін сықырлауық деп атаған. Жарма есік

киіз есікті үйлерге қолайлы. Есік жасауға қарағай секілді берік ағаштар пайдаланылады. Бір жағына қарай ашылатын есіктердің бас жағында кішкентай терезе ойылып, оған өйнек те салатын болды.

Киіз үйдің ағаш жабдықтарының бірі — бақан. Бақанмен үйдің шаңырағынан тіреп, жауын-шашын, қарлы борасын, құйын соққан кездерде тірейді. Бақанды орманды, ағашты жерлерден таңдап кесіп алды. Бақанның басы аша болады. Сондықтан аша бақан деп те атайды. Үйде киім ілетін ілгекті ағаш сырықтарды да аша бақан деп санайды. Сондықтан да бақанды жерге тастамай үйге, жүкке сүйеп қояды. «Бақанды аттама, жолдан алып бұрып қой», — деп ата-аналары балаларға ескерту жасап жатады.

Уықтарға көлденең ағаш тіреп, оны бақанмен тірейді. Оны белбақан дейді.

Моңғол тайпаларының киіз үй ағаштарында уықтың қарымы болмайды, керегелері дөнес емес жазықтау келеді, аласа, шағын болады. Алайда ертедегі ауқатты адамдарда ақ күмбез үйлері көп болғанын кейбір тарихшылар баяндайды.

Қазақтың үйі үлкен, кең келеді. Соған сай үй ағашты үлкен етіп жасайды. Олардың мөлшеріне келсек, шаңырақ 60, 70, 80, 90, 100 көзді, керегеде, уықта сондай басты, қаламды келеді. Ал кереге саны 4, 6, 8, 10 қанатқа дейін барады. Бұл қазіргі Моңғолиядағы қазақ киіз үйлерінің үлгілері. Аз қанат үй ертеде тек кедей адамдарда болған.

Үй жабдықтарының тағы бір бөлігі, оның жамылтақ жабдықтары. Киіз үйдің сүйек ағашы дайын болып, оны күні бұрын қиюластырып тігіп, біраз күн қалыптастырып қойғаннан кейін үйдің киіз жамылтақтары өлшеніп пішіледі.

Киіз жабдықтарын қазақ халқы ерте заманнан бері қарай мал өнімдерінен дәстүрлі тәсілдермен дайындап келген. Киіз үйге қажетті басты жабдық киіз болып табылады. Киіз басу үшін қойдың қырқылған жүнінен өңіне қарай сұрыптап алып басады. Қазақ қойларының жүні көбінде қызыл, қоңыр, қара, әредік ақ болады. Моңғол қойлары түгелдей дерлік ақ жүнді келеді. Ақ, қара, қызыл, қоңыр жүндерден басылған киіздер өңіне сәйкес ақ орда, ақ отау, ақ үй, қоңыр үй, сұр үй деген сияқты атаулар халық арасында кең қолданыс тауып жатады.

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІ

Қазақ халқы бағзы заманнан бері зергерлік өнерін үнемі дамытып келген. Моңғолиялық қазақтарда зергерлік өнерін ұсталық өнері ретінде дамытып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруда. Ұсталық өнер арнаулы «дарқан», «дүкен» үйлерде қажетті саймандар арқылы іске асады. Зергерлік өнердің негізгі құралы — көрік. Көрік бел ағаш, орта ағаш, төменгі ағаштардан құралып, ағаштар арасын терімен қаптайды. Бұған қой, серке терісі иленіп пайдаланылады. Қосарлана қапталған көрік қозғалып жел үрлейді. Жел түтік арқылы шығады. Түтіктің басы күжге қойылады.

Арнайы таяқшамен көрік басылады. Көрік табан ағашқа орналасады. Көрік күліне көмір, ағаш іске қосылғаннан бастап әркез көрік иесі ұста оған «ақтық» байлап ұстайды. Ұсталардың негізгі саймандарының бірі — төс. Төс үлкен, кіші болады. Төс темірді жарылмайтын ағашқа қағып орнатады. Тағы бір сайман-құрал — балға. Балғаның түрі көп, үлкен, кіші балғалар. Дәнекер балға, алтын-күміске арналған балға болады.

Моңғолиядағы қазақтар көбінде өздерінің тіршілігіне қажетті дүниелерді темірден соғып алады. Ұсталар аттың өзбелдерін әртүрлі өрнектермен әшекейлеп алады. Ұста зергерлер істеген ер-тұрмандар, жүгендер қымбат. Шеругінің атақты байы Байбазар баласына ер-тұрман соғып әкеп берген Оспан деген ұстаға бір үйір жылқы айдатқанын қазіргі көзі тірі қариялар айтып отырады. Аттың күміс жүгенінің моңғолиялық қазақтарда үлгілері бар. Күміс жүгенді де қазақ зергерлері әртүрлі ою-өрнек, құймалармен құймалайды. Сондай-ақ өмілдірік, құйысқан, пыстандарды да зергерлер жасайды. Үзенгіге де күміс жалатып өрнек салады. Аттың тағасын, шегесін соғуда Моңғолиядағы қазақтар ерекше өнерлі. Аттың, тайдың тағаларын дәл сәйкестіріп соғады. Қазақи пышақ, үйге бақыр, қырғыш, қышқаш, құлып, топса, тұтқа, ілгек тағы басқа дүниелерді соғады. Сондай-ақ әшекей бұйымдарды көптеп соғады. Бұған сырға, білезік, түйреуіш, әртүрлі жүзіктер, күміс түймелер, т.б. жатады. Моңғолиядағы қазақтар әртүрлі қалыптағы «күміс түймелер», «алтын жалатқан түймелерді» жасаумен ерекшеленеді. Піспек сабын күмістеу, шаңырақ, есік босағасына құйма құю, томаға, белбеулерді күміс, алтынмен әшекейлеу де ұсталардың ісі. Моңғолиядағы қазақтарда керей үлгісінің күміс белбеуі кең тараған. Бұл

белбеудің белгісі жіңішке келеді. Моңғол тайпалары да күміс ер-тұрман, жүгенді ерекше қастерлейді. Қымбат бағаға алады. Күмісті қазақ-моңғол халқы қасиетті деп санайды. Зергерлер мыс, жезден ыдыс-аяқтар жасайды.

ҮЙ ЖИҢАЗДАРЫ, ЫДЫС-АЯҚ, БАСҚА ДА ЖАБДЫҚТАР

Тегенені қазақ халқы берік ағаштардан ойып жасап келген, жасалған тегенені майлап, май сіңіріп қоятын болған. Үлкен ағаш тегенеге сүт, айран, қымыз, шұбат құйып қояды. Қымыз тегенелерді құйма жапсырып, әшекейлеп, өрнектеп қолданады. Қымыз, сүт, шұбаттарды құюға арналған ағаш ожауларды да халық шеберлері жасайды. Ағаштың берік жерлерінен таңдап алған, кеспектерден ағаш ожау ояды. Ағаш ожаудың көп түрі бар. Кең тарағандары жалқы және қос бүйрек ағаш *ожаулар*. Ағаш ожауларға да май сіңіріледі. Майланған ожаулар берік болады.

Жуан ағаштардан мал сауатын әртүрлі шелектер ойылады. Шелектер дөңгелек шелектер, шүмекті шелектер деп бөлінеді. Бие сауатын көнектерді жеңіл, кең көлемді ағаштардан алады. Соңғы кезде Моңғолиядағы қазақтар кәдімгі кенеп матаны фанер ағашқа керіп көнек істейтін болған. Ірі қара малдың терісінен де көнек істейді.

Қазақ халқының ұлттық ыдысының бірі — *табақ*. Табақты ағаштың ұрысынан ойып жасайды. Ағаш табақты берік ағаштардан істейді. Ағаш табақтарды жасау Моңғолиядағы қазақтар арасында кең тараған. Ағаш табақтардан ет, қуырдақ жеу қолайлы. Қуырдақ, көже ішуге ағаш қалақтар пайдаланылады. Қалақтарды (қасық) ағаштан ойып жасайды. Ағаш қалақтарды «майға суарып», өрнектейді, әшекейлейді. Шай, сусын ішуге қазақ халқы ағаш аяқтарды пайдаланған. Шара, аяқтар үлкен-кішілі әртүрлі болады. Шаралармен сорпа, қымыз, іркіт, шұбат, айран, сүт ішетін болса, кішірек аяқтармен шай ішетін болған.

Үй тіршілігінде көп қолданылатын ыдыстың бірі — *астау*. Астау ағаштан ойылып жасалады. Астау сопақша келген үлкен ағаш ыдыс. Астаумен кір жууға, малға су беруге болады. Сондай-ақ ағаш науа да үй тұрмысында қолданыс табады. Ұзын ағаштың бойымен ойылып, ағаш науа жасалады. Науамен мал суарылып, жас төлге, малға жем беріледі. Үйге кір жууға қажет кезде науаға су толтырылып, су қоры жасалады.

Ұн жазуға арнап ұн тақтай жасайды. Ұн тақтайға жалпақ ағаштарды майдалап сүргілеп, қатарластыра жымдастырып белдік ағашпен қисықтап бекітеді. Кішірек жасалған мұндай тақтайшаларды ет турайтын тақтайлар деп те атайды. Етке арналған тақтайшалар да ұн тақтайға ұқсас болады. Ұнды жазуға оқтау ағаш пайдаланады. Оқтау ағашты жұмыр ағаштардан жасайды. Оқтауға жіп бүлдірге тағылып кереге басына іліп қояды. Ағаштан қырғыш ағаш жасайды. Басы қалақша қырланған, сабы бар ағаш жабдықты қырғыш ағаш дейді. Бұл жабдықпен қазанның түбін қырып тазалайды. Сондай-ақ ағаш қалақша жасалып, қырғышқа ұқсас ұзынша болады. Құрт қайнатқанда құртты араластырып немесе ірімшік іріткенде қазанның түбін араластыратын қалақша.

Жоғарыда айтылған көнекті көне төсілмен жасағанда, түйенің мойнақ терісінен де жасайтын болған. Шылғи теріні көнек бейнесінде тігіп ішіне шөп немесе сабан тығып кептеп, кеуіп көнек болған соң теріні тезек шоғы түтініне ыстайтын болған. Тері ыдыстың дыбысы жоқ, бие саууға қолайлы, мұны қазақ халқы ертеден-ақ пайдаланған.

Торсықтар да қазақтың көшпелі өміріне ыңғайлы ыдыс. Торсық жасау түйенің өркешінің терісін бітеу сойып алып, теріні сары етінен тазартып шелдеп, қарағайдың қабығына салып қояды. Малмаға салынған теріні тобарсытып, ағаш өрнек төсеніштер төселеді.

Тас келі — тастан жасалған келі. Келсабы ағаш. Ағаш келі — ағаштан ойылып жасалған. Ағаш келінің де бірнеше түрі бар. Бұл — халық арасында кең тараған келінің түрі.

Темір келі — темірден жасалған. Нар келі үлкен — екі-үш кісі түйеді.

Бөйбіше келі — келінің түбіне, табанына ақ қаңылтыр қаптап, күміс жалатады. Мұны кейде ақ келі деп те атайды.

Тоқал келі — орташа келі, қарапайым болады. Насыбай келі — кепкен темекі жапырағын ұнтақтауға арналған келі кішірек болады. Келі, келсапты арнаулы ағаштардан жасайды. Моңғолиядағы қазақтар терек, талдан жасайды. Қазақстанда Жетісуда қарағаш пен жидені, Шымкент облысында талды, Қызылордада таранғыны, Шығыс Қазақстанда еменді, Түрікменстан қазақтары тұт ағашын, қарақалпақ қазақтары ақ сөгет, қараманды пайдаланатын көрінеді. Саз жерге өскен ағаш жарамсыз келеді. Келіге алынған ағашты кеспек дейді. Кеспекті көлеңкеде кептіреді. Кейде екі ұшынан қарысқа жуық жерін қабығын аршымай қалды-

рып кептіретін де тәсіл бар. Мұндайда балшық жағып баттайды. Келіні құрғақ жерге көміп, ойылған ішіне құрғақ құм толтырып та кептіреді. Кепкен кеспектің ортасын қашау, бұрғы, қызған темір, шоқ арқылы ояды. Келіні қойдың құйрық майы, түйенің қоңының майымен майлап сіңіреді. Келіні түйенің шап терісімен қаптайды. Бұл кепкенде келіні қысып, жарылмауына сеп болады. Келінің сыртын қайыспен ысатын әдіс бар. Келі жалтырап көрінеді.

Келсапты да берік ағаштардан дайындап жарылып үгілмейтіндей етіп істейді. Үлкен келілерге, яғни нар келілерді түрегеп тұрып түйю үшін ұзын жуан келсаптың қол ұстар орта тұсын ойып қояды. Бұл қос қолдап түйюге ыңғайлы болады. Келсап көне жабдық.

Қазақ халқының тіршілігінде қолданылатын тағы бір ыдысы — *саптыаяқ*. Саптыаяқ деп аталуының себебі ұстайтын сабы болады. Саптыаяқтың да түрі көп. Адамдар ас-су ішетін саптыаяқ, насыбай араластыратын саптыаяқ, қыран бүркіт, басқадай қолға үйретілген алғыр құстарға жем беретін саптыаяқ. Мұны жемаяқ деп те атайтын жерлер бар. Моңғолиядағы қазақтар саптыаяқ деп атайды.

Саптыаяқты ағаштың ұрысы, яғни топшынынан жасайды. Топшын берік келеді. Топшынның ішін ыңғырумен ояды. Саптыаяқты істеп болған соң тұзды суға қайнатып, кептіріп, жылқының майын сіңіріп майлайды. Май саптыаяққа өң беріп, ағаш бетіндегі табиғи өрнегін айқындай түседі. Мұны шұбар аяқ деп те атайды. Саптыаяқты қазақ халқы қастерлеп келген, ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, яғни мұра, көнекөз ретінде құрметтелген. Сондықтан да Лияс Жансүгіров:

Қабакқа біткен қайыңның
Беріші де безі еді,
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көз еді, — деуі дәлел.

Насыбай саптыаяғында үккіш деп аталатын арнаулы таяғы болады. Моңғолиядағы қазақтарда мұны нығарланып, араластырғыш деп атайды. Саптыаяқтарды өшекейлеп, күмістеп, құймалап, ою-өрнек бастырып сәндейді. Саптыаяқты малшылар мал баға шыққанда қоржынына салып, қанжығасына байлап жүреді.

Кәмалашұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері.
Баян Өлгий, 1995. 76—81, 92—94-бб.

IX тарау. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ (1991—2011 жж.)

ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕГЕМЕНДІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Жоғарғы Кеңесі — Қазақстан халқының еркін білдіре отырып; Республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең тұрмыс жағдайын жасауға ұмтыла отырып; Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп санай отырып; Жалпыға бірдей адам құқықтары мәлімдемесін және ұлттардың өзін-өзі еркін билеу құқығын тани отырып; қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып; ізгілікті демократиялық құқықтық мемлекет құруға бел байлауды негізге ала отырып, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігін жариялайды және осы Мәлімдемені қабылдайды.

1. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы — егеменді мемлекет, ол басқа республикалармен Егеменді Республикалар Одағына ерікті түрде бірігеді және олармен өзара қатынастарын шарттық негізде құрады.

Қазақ КСР-і Одақтан еркін шығу құқығын өзінде сақтап қалады.

2. Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады.

Қазақ халқының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың төл мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту және олардың ұлттық қадір-қасиетін нығайту Қазақ КСР-і мемлекеттігінің аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

3. Қазіргі шекарасындағы Қазақ КСР-інің аумағы бөлінбейді және оған қол сұғылмайды, оның келісімінсіз пайдалануға болмайды.

Саяси партиялар, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық бірлестіктер, өзге де топтар немесе жекелеген адамдар тарапынан Қазақ КСР-інің конституциялық құрылысына қарсы жасалатын кез келген күштеу әрекеттері, оның аумағының тұтастығын бұзуға шақыратын, сондай-ақ ұлт араздығын қоздыратын жария ұрандар заң бойынша жазаланады.

4. Республиканың барлық ұлт азаматтары Қазақстан халқын құрайды әрі ол Қазақ КСР-інде егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік өкімет билігінің негізі болып табылады, мемлекеттік өкімет билігін Қазақ КСР Конституциясы негізінде тікелей де, өкілетті органдар арқылы да жүзеге асырады.

Республиканың бүкіл халқы атынан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің іс-қимыл жасауға құқығы бар.

5. Қазақ КСР-інің өз азаматтығы бар және ол әрбір азаматқа КСРО азаматтығын сақтауға кепілдік береді.

Республика аумағында тұратын азаматтарға олардың қай ұлтқа және партияға жататындығына, тегіне, әлеуметтік және мүлік жағдайына, жынысына және діни наным-на, жұмысының түріне, тұрғылықты жеріне қарамастан, КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясында көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Азаматтық және ұлттық тең құқықтыққа қол сұғу заң бойынша жазаланады.

Қазақ КСР Конституциясы шеңберінде жұмыс істейтін қоғамдық, саяси және діни ұйымдардың, бұқаралық қозғалыстардың мемлекет және қоғам өміріне қатысуы үшін Қазақ КСР-і тең құқықтық мүмкіндіктерге кепілдік береді.

Қазақ КСР-і Республика ішіндегі, Республика мен басқа республикалар арасындағы көшу-қону процестерін реттеп отырады.

6. Қазақ КСР-інің мемлекеттік өкімет билігі Республика ішінде, сондай-ақ Одақтық шартта белгіленген шеңберде сыртқы қарым-қатынаста үстем, дербес, толық болады.

Қазақ КСР-і Республикадағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа, оның әкімшілік-аумақтық құрылымына байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді, мемлекеттік өкімет және басқару органдарының құрылымы мен құзырын, сондай-ақ Республиканың рәміздерін белгілейді.

7. Республика мемлекеттік өкімет билігі оның заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципі бойынша жүзеге асырылады.

Заң шығару билігін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.

Президент Республиканың басшысы болып табылады және онда ең жоғарғы өкімшілік-атқару билігі болады.

Ең жоғары сот билігін Қазақ КСР Жоғарғы Соты жүргізеді.

Қазақ КСР аумағында оның заңдарының мүлтіксіз және бірыңғай атқарылуын қадағалауды оның Бас прокуроры жүзеге асырады. Қазақ КСР Бас прокурорының кандидатурасын Республика Президенті КСРО Бас прокурорымен келісе отырып ұсынады және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі бекітеді.

8. Қазақ КСР аумағында, оның өз еркімен Одаққа берген мәселелерін қоспағанда, Қазақ КСР Конституциясы мен заңдарының үстемдігі орнатылады, оларды барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар сақтауға және орындауға тиіс.

Қазақ КСР-і өз аумағында Республиканың егеменді құқықтары мен Конституциясын бұзатын Одақтың заңдары мен оның жоғарғы органдарының басқа да актілерінің қолданылуын тоқтата тұруға құқылы.

9. Жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, халықтың мәдени және тарихи қазыналары, бүкіл экономикалық, ғылыми-техникалық әлеует — Республика аумағындағы бүкіл ұлттық байлық Республика егемендігінің негізін құрай отырып, оның ерекше меншігінде болады.

Қазақ КСР-інде меншік формаларының алуан түрлі және тең болуы қамтамасыз етіліп, олардың қорғалуына кепілдік беріледі.

Қазақ КСР-і Одақтың, басқа одақтас республикалардың, шет мемлекеттердің, олардың азаматтары мен ұйымдарының мүлдіктік құқықтарын қорғауға кепілдік береді.

10. Қазақ КСР-і Республиканың Жоғарғы Кеңесіне бағынатын мемлекеттік ұлттық банк, өзінің финанс-несие жүйесін құруға құқылы, мемлекеттік бюджетін дербес қалыптастырады, салық және одақтық-республикалық кеден жүйесін ұйымдастырады.

Қазақ КСР-і Республика үлесіне сөйкес жалпыодақтық мүліктегі, оның ішінде алмас, валюта қорлары мен алтын қорындағы өз үлесіне құқылы.

11. Қазақ КСР-і Республиканың экологиялық ортасын қорғаудың, табиғи ресурстарды пайдаланудың тәртібін, ұйымдастырылуын дербес белгілейді, халықтың экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және өз аумағында экологиялық қатер төндіретін көз болып табылатын кез келген кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, басқа да объектілердің құрылысына тыйым салуға және олардың жұмыс істеуін тоқтатуға құқылы.

Республика аумағында ядролық қарудың сыналуына, жаппай қырып-жоятын қарудың өзге де түрлері (химиялық, бактериологиялық, биологиялық және басқалар) үшін сынақ алаңдарын салуға және олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады.

Қазақ КСР-і Одақтық органдардың, одақтас республикалардың және өзге мемлекеттердің іс-қимылынан, сондай-ақ өз аумағындағы ядролық және басқа сынақ алаңдарының, әскери-өнеркәсіптік кешен объектілерінің қызметінен Республика халқының денсаулығына, табиғи ортасы мен экономикасына келтірілген зиянды өтетіп алуға құқылы.

12. Өздерінің ұлттық-мемлекеттік және автономиялы құрылымдарынан тыс Қазақ КСР-інде тұратын немесе Одақ аумағында ондай құрылымдары жоқ ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне қоғам өмірінің барлық салаларында құқықтық теңдік пен тең мүмкіндіктерге кепілдік беріледі.

Қазақ КСР-і Республикадан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды.

13. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Президентіне бағынатын және солардың бақылауында болатын өз ішкі әскерлерін, мемлекет қауіпсіздігі және ішкі істер органдарын ұстауға Қазақ КСР-інің құқығы бар.

Одақ үкіметімен келісім бойынша Республиканың өз азаматтарының әскери қызмет атқаруының тәртібі мен шарттарын белгілеуге, өз аумағында әскерлер мен қару-жарақтарды орналастыру мәселелерін шешуге құқығы бар.

14. Қазақ КСР-інің халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясаты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен

Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға құқығы бар.

Республика шет мемлекеттермен экономикалық және сауда байланыстарын еріктілік пен теңқұқықтық принциптерін сақтай отырып, өзара тиімді шарттар негізінде құрады, сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

15. Республиканың егеменді құқықтарын қорғауды Қазақ КСР-і мен Одақ жүзеге асырады, республиканың ажырағысыз құқығын құрайтын мәселелерді шешуге араласудың қандайы болса да, оның егемендігін бұзу деп бағаланады.

16. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігінің рәміздері — Елтаңба, Жалау, Өнұран — қасиетті болып табылады және оларды қорлаудың қандайы болса да заңмен жазаланады.

17. Мәлімдеме Одақтық шарт жасау, Қазақ КСР-інің жаңа Конституциясын, егеменді мемлекет ретінде Республиканың статусын жүзеге асыратын заң актілерін өзірлеу үшін негіз болып табылады.

Алматы, 25 қазан, 1990 жыл.

ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы

Республиканың көпұлтты халқының өзін-өзі билеу принциптеріне, адам құқы мен бостандықтарының мызғымастығына, қоғамның саяси, экономикалық және идеологиялық жағынан сан алуандығына негізделген демократиялық, тәуелсіз, бейбітшілік сүйгіш, құқықты мемлекет құруға ұмтылысын басшылыққа ала отырып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді.

1. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы — Қазақстан Республикасы болып өзгертілсін.

2. Қазақ КСР Конституциясы (Негізгі Заңы) мен Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Мәлімдемеге, Қазақ КСР заңдарына және Қазақ КСР мемлекеттік органдарының өзге де актілеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Алматы, 10 желтоқсан, 1991 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 1991 ЖЫЛҒЫ
16 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ-
НЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІГІ ТУРАЛЫ
№1007—ХІ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ**

(Үзінді)

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан халқының еркін білдіре отырып, адам құқықтарының жалпыға бірдей Мәлімдемесінде, халықаралық құқтың жалпы жұрт таныған өзге де нормаларында баянды етілген жеке адамның құқықтары мен бостандықтарының үстемдігін мойындай отырып, қазақ ұлтының өзін-өзі билеу құқын растай отырып, азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет құруға бел байлағандығын басшылыққа ала отырып, бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясат жүргізе отырып, ядролық қаруды таратпау принципі мен қарусыздану процесіне адалдығын мәлімдей отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялайды.

I тарау

Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет

1-бап. Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет. Ол өз аумағында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді.

2-бап. Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқ принциптері бойынша құрады.

3-бап. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық.

4-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқ нормалары қолданылады.

5-бап. Қазақстан Республикасының аумағы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын аумақ болып табылады.

II тарау

Қазақстан Республикасының халқы мен азаматы

6-бап. Тарихи тағдыр ортақтастығы қазақ ұлтымен біріктірген Республиканың барлық ұлттарының азаматтары —

Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары негізінде тікелей де, сондай-ақ өзі сайлайтын мемлекеттік органдар арқылы да мемлекеттік өкімет билігін жүзеге асырады.

Республика азаматтары — өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, өлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар иеленіп, бірдей міндеткерлікте болады.

Қазақстан Республикасы аумағында тұратын және оның азаматы емес адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және мемлекетаралық шарттарында көзделген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеткерлікте болады, Республиканың заңдары мен мемлекетаралық шарттарында көзделген ерекшеліктер бұған жатпайды.

7-бап. Қазақстан Республикасының өз азаматтығы бар.

III тарау

Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдары

9-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет билігі бұл биліктің заңдық, атқарушы және сот билігі болып бөлінуі принципін басшылыққа ала отырып құрылады және жүзеге асырылады.

Республика халқы атынан сөйлеу құқы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен Президентіне беріледі.

10-бап. Заң шығару билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі Президент болып табылады.

Сот билігін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты мен Жоғарғы Арбитраждық Соты атқарады.

Конституцияны сот арқылы қорғайтын жоғарғы орган — Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты болып табылады.

IV тарау

Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің экономикалық негіздері

11-бап. Жер және оның қойнауы, су, өуе кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеует Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің негізін құрай отырып, тек қана соның меншігінде болады...

V тарау

Қазақстан Республикасы — дүниежүзілік қоғамдастықтың мүшесі

13-бап. Қазақстан Республикасы халықаралық құқтың субъектісі болып табылады, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасады, халықаралық ұйымдарға, ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіруіне және олардың қызметіне қатысуына болады.

14-бап. Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық қызмет мәселелерін дербес шешеді.

VI тарау

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін қорғау

15-бап. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін қорғау және ұлттық мемлекеттігін нығайту жөнінде шаралар қолданады.

Республиканың ажырағысыз құқы болып табылатын мәселелерді шешуге араласудың қандайы болса да оның мемлекеттік тәуелсіздігіне қолсұғушылық деп бағаланады.

16-бап. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын қорғау мақсатында өзінің қарулы күштерін құруға құқылы.

VII тарау

Қорытынды ережелер

17-бап. Қазақстан Республикасының өз мемлекеттік рәміздері — Елтаңбасы, Жалауы, Әнұраны бар ...

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Назарбаев

Алматы, 16 желтоқсан, 1991 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

(Үзінді)

*1995 жылғы 30 тамызда өткізілген республикалық
референдумда қабылданды*

*1998 жылғы 7 қазан және 2007 жылғы 21 мамырда
енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен*

1-бап

1. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

2. Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу.

2-бап

1. Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет.

2. Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

3-бап

1. Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы — халық.

2. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

3. Қазақстан Республикасында билікті ешкім де иемденіп кете алмайды. Билікті иемденіп кетушілік заң бойынша қудаланады.

Халық пен мемлекет атынан билік жүргізуге Республика Президентінің, сондай-ақ өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде Парламенттің құқығы бар. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар мемлекет атынан оларға берілген өкілеттіктері шегінде ғана билік жүргізеді.

4. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады.

40-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

2. Республиканың Президенті — халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі.

3. Республика Президенті мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

41-бап

1. Қазақстан Республикасының конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың көмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайлайды.

2. Республика Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын қырық жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы он бес бойы тұратын Республика азаматы сайлана алады.

3—1. Президенттің кезектен тыс сайлауы Республика Президентінің шешімімен тағайындалады және конституциялық заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде өткізіледі.

(2011 жылғы ақпанның 2-сі №403—IV. Қазақстан Республикасының Конституциясына толықтыру енгізу туралы, Қазақстан Республикасының заңымен берілді.)

49-бап

1. Парламент — Қазақстан Республикасының заң шығару қызметін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы.

2. Парламенттің өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған сәттен басталып, жаңадан сайланған Парламенттің бірінші сессиясы жұмысқа кіріскен кезден аяқталады.

3. Парламенттің өкілеттігі Конституцияда көзделген реттер мен тәртіп бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

4. Парламенттің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы конституциялық заңмен белгіленеді.

50-бап

1. Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады.

2. Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Сенатта қоғамның ұлттық-мәдени және өзге де елеулі мүдделерінің білдірілуін қамтамасыз ету қажеттілігі ескеріліп, Сенаттың он бес депутатын Республика Президенті тағайындайды.

3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын жүз жеті депутаттан тұрады.

4. Парламент депутаты бір мезгілде екі Палатаға бірдей мүше бола алмайды.

5. Сенат депутаттарының өкілеттік мерзімі — алты жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі — бес жыл.

64-бап

1. Үкімет Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

65-бап

1. Қазақстан Республикасының Президенті Үкіметті Конституцияда көзделген тәртіппен құрады.

2. Республика Премьер-министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

3. Үкімет мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

66-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын өзірлейді

және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;

5) Республиканың сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;

6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

7) Республиканың министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің күшін толық немесе қолданылу бөлігінде жояды немесе тоқтата тұрады;

8) Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

10) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де қызметтерді орындайды.

85-бап

Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

86-бап

1. Жергілікті өкілді органдар — мәслихаттар тиісті өкілдік-аумақтық бөліністеги халықтың еркін білдіреді және жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды.

2. Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.

3. Қазақстан Республикасының жиырма жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады. Республика азаматы бір мәслихаттың ғана депутаты бола алады.

4. Мәслихаттардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді бекіту;

2) өздерінің қарауына жатқызылған жергілікті өкімшілік-аумақтық құрылыс мәселелерін шешу;

3) заңмен мәслихат құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін қарау;

4) мәслихаттың тұрақты комиссияларын және өзге де жұмыс органдарын құру, олардың қызметі туралы есептерді тыңдау, мәслихат жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

5) Республика заңдарына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

5. Мәслихаттың өкілеттігін мерзімінен бұрын Республика Президенті тоқтатады, сондай-ақ мәслихат өзі-өзі тарату туралы шешім қабылдаған ретте де оның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылады.

6. Мәслихаттардың құзыреті, ұйымдастырылуы мен қызмет тәртібі, олардың депутаттарының құқықтық жағдайы заңмен белгіленеді.

87-бап

1. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті атқарушы органды Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылатын тиісті өкімшілік-аумақтық бөліністің өкімі басқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы.
Астана, 2008 жыл.

ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОДАҒЫ

Қазақстан әйелдерінің одағы — 1991 жылдың мамыр айында құрылған қоғамдық ұйым. Ұйым әйелдердің қоғамдағы жағдайы мен мүдделерін қорғау, қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени өмірдегі олардың рөлін жоғарылату мақсатында құрылып, Қазақстанда демократиялық бастаулар мен реформалар бағытын қолдайды.

Одақ — қоғамдық қозғалыстар, партиялармен байланыс орнатып, достық қарым-қатынасты ұстанады: әйелдердің,

отбасының, балалардың жағдайымен байланысты мәселелерді шешу мақсатында мемлекеттік органдармен, шетелдік әріптестермен байланысты дамытады.

Одақ — ұлтына, дініне және т.б. белгілеріне қарамастан, жарлықтағы барлық жағдайларды мойындайтын жеке азаматтар мен заңды тұлғалар үшін ашық.

Осы уақытқа дейін әйелдер қозғалысының түрлі мәселелері бойынша отырыстар, семинарлар, ардагер-әйелдерге, көпбалалы отбасына, балалар үйіне, сәбилер үйіне көмек ретінде қайырымдылық шаралар жасалып келді. Ф.Эберт атындағы қормен біріге отырып, «Қазіргі қоғамдағы әйел» деген мәселе бойынша халықаралық конференция ұйымдастырылды.

Одақ — өзінің тәжірибесінде белгілі бір бағдарламаны жасау мен іске асыруында «Әйелдерге қатысты барлық кемсітушілік түрлерін жою туралы конвенция» сияқты БҰҰ Бас Ассамблеясының халықаралық құқықтық актілеріне сәйкес болуы керек.

Қазақстан әйелдерінің одағы — Орталық Азия елдері әйелдерінің Халықаралық конгресінің мүшесі.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ОДАҒЫ

Бұл ұйым Қазақстан ЛКЖО-сының ізбасары, Республиканың Әділет министрлігінде тіркелген.

Қазіргі кезде Қазақстан Жастар одағында 500 мың жас азамат бар. Одақ құрамында жұмысшы жастар 59,3%, оқитын жастар 35,2 %, соның ішінде жалпы білім алушы жастар 21,2 %-ды құрайды.

Қазақстан Жастар одағының құрамына ұжымдық мүше болып: Қазақстанның жас ғалымдары мен мамандарының қауымдастығы «Асар» атты жастар кәсіпкерлігінің дамуына қолғабыс қауымдастығы; Қазақстанның халықаралық жастар ынтымақтастығының қауымдастығы, Қазақстандағы «Азаматтық өлем» атты халықаралық қауымдастығы; «Алтын шабақ» атты спортшы балаларға көмек қоғамы кіреді.

Маңғыстау облысында — «Парасат» қоғамдық-саяси қозғалысы мен Ауған әскерлерінің одағы; Қызылорда облысында — Студенттік кеңес; Павлодар облысында — Облыстық әскери-патриоттық бірлестігі; Қостанай облысында — Жас ғалымдардың Рудный кеңесі, т.б. қоғамдар кіреді.

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАР ОДАҒЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстан Жастар одағы — еркін түрде республика жастарын біріктіретін дербес қоғамдық ұйым.

Қазақстан Жастар одағы — Қазақстан Республикасының заңдары мен Конституциясына сәйкес жеке Жарлығының, бағдарламаларының негізінде өрекет етеді.

Қазақстан Жастар одағының мақсаты: жас азаматтардың еркін дамуына жағдай жасау, олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру, қорғау; жастардың белсенділігін, дербестігін дамыту, мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуын; жеке және кәсіби мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және бейнелеу шығармашылықтарын дамытуды қамтамасыз ету.

Қазақстан Жастар одағы — Қазақстан комсомолының ізбасары және төмендегілерді қолдайды:

— республика басшылығының жүргізетін қоғамдағы саяси құрылымдарды қолдау;

— демократия мен жариялылықты, көппартиялылықты дамыту;

— республиканың экономикалық саясатының тәуелсіздігі және жастарға арналған әлеуметтік бағдарлар, реформалар өткізу.

Қазақстан Жастар одағының негізгі көңіл аударарлық мәселесі — жас адам, оның талпынысы, проблемалары және қажеттіліктері.

Бұл ретте Одақ мынаны қолдайды:

— Қазақстан Республикасының «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын жүзеге асыру кепілдемесі және нақты механизмін жасау;

— Халық депутаттарының Кеңестерінде жастар фракциясын құру мақсатында, сондай-ақ жастар мәселесін шешу бағдарламаларын қарастыратын халық депутаттары кандидаттарын қолдау мақсатында сайлау науқанындағы кампанияға қатысу;

— жеке заң шығару бастамасын жүзеге асыру және белсенділік таныту;

— жеке экономикалық өрекетті жүргізуге, жастар кәсіпкерлігін қолдау және дамыту;

— халықаралық туризмнің түрлі формаларын дамыту, халықаралық жастар ынтымақтастығы бағдарламасына қатысу.

Қазақстан Жастар одағы Қазақстанның қоғамдық қозғалысының құрамдас бөлігі және мынаған бағыт ұстайды:

— әлемде бейбітшілік пен қарусыздандыруға барлық күштерді шоғырландыру;

— Қазақстанда ядрсыз аймақ құру; ядролық қарусыз аймақ құру; экологиялық балансты табиғатта сақтау;

— ұлттық мәдениетті дамыту және ұлғайту;

— қазақ тілінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде толыққанды әрекет етуіне; орыс тілінің — ұлт-аралық қатынас тілі ретінде әрекет етуіне; барлық ұлттар мен ұлыстардың тілдерінің еркін дамуына жағдай жасау;

— республикада тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың еркін дамуына;

— әрбір жас адамда өз Отанының патриоты және азаматы ретінде жоғары мінез-құлық сапасын дамыту;

Одақ бұл Бағдарламаның жүзеге асуын өз идеяларын насихаттау арқылы, тұрғылықты жері бойынша және еңбек ұжымдарындағы жұмыстары арқылы, билік органына демократиялық сайлауға қатысу арқылы қамтамасыз етеді.

Жастар одағының әрекетіндегі маңызды жағдай — ұйымның демократизациялануы, яғни Қазақстан Жастар одағының барлық бөлімшелерінің өзін-өзі басқаруына, дербестігіне, жеке мүшенің ынтымағына жағдай жасау.

Политические партии и общественные движения современного Казахстана. Справочник (выпуск-2). Алматы, 1994. С. 11,13.

АЛАҢДАҒЫ «ҚҰЙЫН»

Бүгін сіз 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына берілген жаңа бағадан баспасөз материалдары арқылы хабардарсыз, құрметті оқырман. Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің Президиумы КСРО халық депутаты ақын Мұхтар Шаханов басқарған комиссияның қорытындыларымен келісімге келді. Аталмыш комиссия осы құраммен 1990 жылдың қаңтарынан жұмысқа кіріскен еді. Оның жұмысына 200-ден астам жоғары дәрежелі мамандар — заңгерлер, социологтер, политологтер, философтар, демографтар,

экономистер, тәртіп сақтау органдарының қызметкерлері, шығармашылық интеллигенция және адам құқықтарын қорғаудың Латвия лигасы, Арал, Балқаш және Қазақстан экологиясының мәселелері жөніндегі қоғамдық Комитет, «Невада — Семей» ядролық қаруларға қарсы қозғалыс секілді қоғамдық ұйымдардың өкілдері тартылды.

Ал менің сұхбаттасушым — Нинель Константиновна Фокина, осы комиссияның мүшесі, Алматы сәулет және құрылыс институтының аға оқытушысы, адам құқығы жөніндегі Қазақстан қоғамдық комитетінің тең төрағасы.

— *1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының ізін ала жарияланған баспасөз материалдары бір жақты әрі тым қарамақайшы пікірлерден тұрды: бұл сонымен «қазақ ұлтшылдығының» көрінісі-мыс әрі тоқырау кезеңін жақтаушылардың арандату әрекеті әрі арнайы құрылған ұйымның қаскөйлігі, әрі қоғамдағы жекелеген топтардың тәртіпсіздік көрінісі болып шығады. Газеттер: «Алаңға нашақорлар, маскүнемдер, қоғамға жат элементтер шықты», «Желтоқсан оқиғасы ұлтшылдардың арандатуы, алаңдағы шақырулар ұлтшылдық болып табылады», «арнайы ұйымдастырушылар бар, таяу арада оны бастаушылар табылып, аттары аталады», — деп жазып жатты.*

— Біздің комиссия мұндай біржақтылықтың өртүрлі себептерін ашып айтады. Әкімшіл-әміршіл аппарат қоғамдық пікірді әлеуметтік катаклизмнің нақты себептерінен басқа жаққа аударуға асықты. Әрине, бұл кезде баспасөз партиялық қатаң бақылауда болды. Желтоқсан оқиғасы жөніндегі материалдарды ҚазТАГ ақпарат агенттігі әзірлеп отырды. Материалдар Орталық Комитет Насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі А.А.Устиновпен, өте қажетті жағдайда Г.В.Колбиннің өзімен келісілетін.

Не болғаны жөнінде нақты түсінік берудің қандайы болсын үзілді-кесілді қарсылыққа ұшырады. Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың сот залындағы суретін бергені үшін қандай шара қолданғанын өзіңіз де білесіз ғой: «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары Сергей Скорыходов пен журналист Вадим Борейко қызметтерінен босатылды. ҚазТАГ-тың директоры, «Жетісу» және «Коммунизм туғи» (қазіргі «Ұйғыр авази») газеттерінің редакторларына осындай шара қолданылды.

— *Шындықты халыққа жария етпеу, халықтар арасындағы қатынастарды ушықтырмау секілді жанашырлық*

мақсаттармен паранап етіп түсіндіріледі ме? Шындықтың ауылы алыста болған соң, осындай оқиғалар ойдан құрастырылып жатты ғой.

— Нақты себептерді ашып айтпаудың салдарынан Алматы және республиканың басқа аймақтарындағы қисынсыз қауесеттер өрттей қаулап, шиеленіс күшейе түсті. Қауесеттер мен ойдан шығарылған оқиғалардың халық алдында жария етілмеуі, онсыз да мәз емес жағдайды күрт ауырлатып жіберді.

Желтоқсан оқиғасы шетел баспасөзін қатты қызықтырды. Шетелдегі отандастарымыз біздің комиссияға төрт томнан тұратын көптеген жарияланымдарды жинап тапсырды.

— *Соның өзінде осы оқиға кезінде, тіпті одан кейін көпке дейін де қаламызға шетел журналистерінің келуіне шектеу қойылды ғой...*

— Иә, өз баспасөзіміздің аузына құм құйылды, бұл кезде Батыс «өтірікті — шындай, шынды құдай ұрғандай» бұрқыратып жазып жатты. Мысалы, батысгерманиялық «Ди вельт» және ағылшынның «Гардиан» басылымдарында оқиғаға жүз мыңдаған адамның қатысуы, ондаған милиционерлердің қаза тапқаны жөнінде жазылды. Шетелде Қайрат Рысқұлбековке ату жазасы берілгені көп хабарланды. 1987 жылдың шілдесінде Венгрияда А.А.Громыконың атына Қ.Рысқұлбековті атпау жөнінде өтініш жасап, белгілі жазушылар Я.Кили, А.Ражек, Г.Демский, Г.Конрад және басқа мәдениет қайраткерлері, барлығы 41 адам қол қойған хат жарияланды. Оны қорғап, арасында бұрынғы Сыртқы істер министрі Х.Хачек бар, Чехословакияның 77 қоғам қайраткері дауыс көтерді. «Рейтер» агенттігі, Польшаның «Еркіндік пен бейбітшілік одағы» М.С.Горбачевке үкімнің өділдігіне күмән келтіріп, оны қайта қарауды талап етіп, хат жолдағанын хабарлады.

Бұрынғы «ауғандық» жауынгер Қайрат Рысқұлбеков телеорталықтың инженерін өлтірді деп айыпталып, ең жоғары үкім ату жазасына кесілді. Ол артынан 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды. Үкім қайта қаралғаннан кейін, ол Семейдегі СЕ 165/1 мекемесі №21 камерасында — жазасын өтеу орнына барар жолдағы аралық пунктте өлі күйінде табылды. Істі өбден зерттеп, тексеруден өткізген эксперттер, оның өліміне бір камерада

жатқан рецидивист қатысты екенін шамалайды. Рысқұлбеков рецидивистің киіміне асылып қалған. Камераға тиісті адамдар енгенде, рецидивист асулы тұрған Рысқұлбековтің аяғынан ұстап тұрған еді.

Комиссия жұмысын бастағанда Желтоқсан оқиғасы жөніндегі шындық, бүгінде шайқалған теңіз ортасындағы тыныштық аралындай болып тұрған республикада еліміз бастан кешіп отырған саяси және ұлтаралық тепе-теңдікті шайқап жібере ме деп сескенгеніміз рас. «Жараның аузын тырнамаңдар», «Өткенді қазбаламаңдар» дегендер де болды.

Халықты алдауға ұмтылушылық, шындықты жасыру қоғамға ешқашан пайда әкелген емес. Соңғы жылдағы оқиғалар дер кезінде сабақ алу үшін шындықты неғұрлым ерте айту керектігін әбден дәлелдегендей. Комиссия сол кездегі жағдайлар мен мүмкіндіктерді саралап отырып, оқиғаның ауқымы, жай-күйі, қайнар көзі, себептерін әділетті өрі жан-жақты зерттеуге тырысты.

Оқиғаны ұлтшылдар, маскүнемдер және нашақордың жаппай төртіпсіздігі деп ұқтыру — саяси қателік әрі қорлау. Қоғамдық санаға сіңдірілген бұл түсінік ұлтаралық шиеленісті жасанды түрде күшейте түсті. Комиссия, қаншама ащы болғанмен де, оқиға туралы шындықтың шымылдығын ашып, осы шиеленісті бәсеңдетуді басты мақсат санады.

Қазақ жастарының 1986 жылдың желтоқсанындағы алаңға шығуы ұлтшылдық та, өзге халыққа, оның ішінде орыстарға қарсы әрекет те емес еді. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы — бұл, шын мәнінде, тұңғыш рет еліміздегі екі күш — әлі қанаты қатая қоймаған жас демократияның және ол кезде әлі де күшті әкімшіл-әміршіл жүйенің қақтығысы болатын.

— Мұның барлығы 1986 жылғы 16 желтоқсандағы республика Компартиясы Орталық Комитетінің шешімімен бұрын Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Г.В. Колбиннің бірінші хатшы болып сайлануымен басталды ғой.

— Дәл осы шешім қайта құрудың қағидаларына, демократияландыру бағыты және құқықтық мемлекет құруға қарама-қарсы еді. Осы шешімге қарсы халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарының бірі — қазақ студенттері мен жұмысшы жастары алаңға шықты. Барлық жаңалықтарды тез қабылдайтын, қайта құрудың ұран-

дарын жанына жақын тартқан, оған сенім артқан дәл осы жастар болатын. Міне, әлі де өз бағыттарынан күдерлерін үзе қоймаған әкімшіл-әміршіл жүйенің қарсы соққысын алдыңғылардың бірі болып қабылдаған да солар.

Шеру бейбіт саяси қарсылық бағытында еді, адамдар Г.В.Колбиннің сайлануына ризалық білдірмеді, Д.А.Қонаевтың сөйлеуін талап етті, ауыр әлеуметтік жағдай, үй алудың, жұмыс табудың қиындығы, ана тілі аясының тарлығы жөнінде қарсылық айтты. Бұл қарсылықтар мен талаптар қазақ және орыс тілдеріндегі ұрандарда былай бейнеленген еді: «Ешқандай ұлтқа — ешқандай жеңілдік болмасын!», «Ұлттық саясаттың лениндік принциптерін сыйлауды талап етеміз!», «Ленин идеялары жасасын!», «Әр республикаға — өз көсемі!». Жұрт Лениннің портретін көтеріп жүрді, халық әндерін айтумен болды, қарусыз еді. Тағы да қайталаймын, өзге халықтарға қарсы ешқандай әрекет, мемлекеттік құрылымды құлатуға шақырған үндеулер, тәртіпсіздік көріністер алғашында болған жоқ...

Алматы. 1986. Желтоқсан. 2-кітап.

Алматы: Дәуір, 1992. 34—37-бб.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» 1995 жылғы 12 желтоқсандағы №2676 Жарлығы

(Заң күші бар)

I. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары жемісті мемлекеттік, қоғамдық, шығармашылық қызметі, еңбектегі және жауынгерлік ерліктері үшін, олардың Республикаға сіңірген еңбегінің танылуының белгісі ретінде мемлекеттік наградалармен наградталады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың да наградталуы мүмкін.

Мемлекеттік наградалармен наградтауды Қазақстан Республикасының Президенті жүзеге асырады.

2-бап. Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері — «Алтын Қыран» ордені, «Халық Қаһарманы» атағы, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының басқа да ордендері, медальдары, құрметті атақтары және Құрмет грамотасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болып табылады.

3-бап. Қазақстан Республикасы мемлекеттік наградаларының атаулары мемлекеттік тілде белгіленеді.

Мемлекеттік наградалардың сипаттамасын, «Алтын Қыран» ордені, «Халық Қаһарманы» кітапшаларының, орден кітапшаларының, медальдарға куәліктердің және құрметті атақтар берілгені туралы куәліктердің үлгілерін, мемлекеттік наградаларға ұсыну және оларды тапсыру тәртібін, басқа да құжаттар мен ережелерді Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

4-бап. «Алтын Қыран» орденімен наградтау үшін кандидатураларды Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды.

Өзге мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Парламенті, Үкіметі, министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа орталық және жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар мен басқа да ұйымдар енгізеді.

Наградтау үшін кандидатураларды еңбек ұжымдары қарап, ұсынуы мүмкін.

Шетел азаматтарын наградтауға ұсынуды жалпы негіздерде Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, басқа министрліктері мен мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары жүргізеді.

Азаматтарды кезекті наградаға ұсыну, көпбалалы аналарды наградтауға және қаһармандық ерлік жасауға, қиын-қыстау жағдаяттарға байланысты ерекше реттерді қоспағанда, осының алдындағы наградтау сәтінен бастап бес жыл өткен соң жүргізіледі.

5-бап. Бір адам ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілерімен, сол орденмен немесе медальмен екі мәрте наградталмайды.

Құрметті атақтар қайталап берілмейді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау қайтыс болғаннан кейін де жүргізілуі мүмкін.

«Достық»

«Құрмет»

6-бап. Қазақстан Республикасының кез келген орденімен наградталған адамдар осы орденнің иегерлері деп аталады.

7-бап. Наградадар жөніндегі ұсыныстарды алдын ала қарап, дайындау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Мемлекеттік наградалар жөніндегі комиссия құрылады. Комиссияның құрамын және оның қызметі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

II. Ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгілері

8-бап. «Алтын Қыран» ордені Қазақстан Республикасының ең жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады.

«Алтын Қыран» орденімен азаматтар Қазақстан Республикасына сіңірген мемлекеттік ерекше еңбегі үшін наградталады.

«Алтын Қыран» орденімен — бұрын Қазақстан Республикасының немесе КСР Одағының ордендерінің бірімен наградталған азаматтар наградталады.

9-бап. Қазақстан Республикасының Президенті лауазымы бойынша айрықша үлгідегі «Алтын Қыран» орденінің иегері болып табылады.

10-бап. «Халық Қаһарманы» атағы Қазақстан Республикасына сіңірген аса үздік еңбегі, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі.

«Халық Қаһарманы» атағына ие болған адамдарға айрықша ерекшелік белгісі — Алтын жұлдыз тапсырылады.

III. Ордендер

11-бап. Қазақстан Республикасының ордендері мыналар:

«Отан»

«Даңқ»

«Айбын»

«Парасат»

«Достық»

«Құрмет»

12-бап. «Отан» орденімен азаматтар:

— мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі;

— экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті дамытудағы;

— мемлекеттік, құқық қорғау және әскери қызметтегі, демократия мен әлеуметтік прогресті дамытудағы айрықша еңбегі үшін наградталады.

13-бап. «Даңқ» орденімен Қарулы Күштердің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі және шекара әскерлерінің командалық және басшы құрамдағы адамдары, сондай-ақ Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдарының басшы құрамдағы адамдары:

— әскерлерге басшылық жасау және басқару, олардың жоғарғы жауынгерлік даярлығын қамтамасыз ету ісіндегі табыстары үшін;

— әскери, шекаралық және ішкі қызметті үздік ұйымдастырғаны, ұлттық қауіпсіздікті, заңдылықты нығайтқаны және қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін наградталады.

14-бап. «Айбын» орденімен Қарулы Күштердің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі және шекара әскерлерінің әскери қызметшілері, сондай-ақ, Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдарының қызметкерлері:

— жауынгерлік әзірлікте, әскерлердің жоғары жауынгерлік даярлығын іске асыруда және жаңа жауынгерлік техниканы игеруде, заңдылықты, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен ел халқының мүддесін қорғауда қол жеткізген табыстары үшін;

— әскери және қызметтік борышын атқару үстінде көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы үшін;

— қиын-қыстау жағдаятта, қылмысқа қарсы күресте жасаған ерлігі үшін;

— жеке құрамның арасындағы тәрбие беру жұмысындағы табыстары үшін наградталады.

«Айбын» ордені екі дәрежеден тұрады:

— I дәрежелі «Айбын» ордені;

— II дәрежелі «Айбын» ордені.

Орденнің ең жоғары дәрежесі — I дәрежесі. Наградтау мына реттілікпен жүргізіледі: алдымен II дәрежесі, содан кейін I дәрежесі беріледі.

15-бап. «Парасат» орденімен ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлері, сондай-ақ Республиканың рухани және интеллектуалдық әлеуетін дамыту мен молайтуға зор жеке үлес қосқан не адам құқықтарын және оның әлеуметтік мүдделерін қорғау жөніндегі белсенді қызметі үшін азаматтар наградталады.

16-бап. «Достық» орденімен азаматтар қоғамда өзара татулықты сақтау жөніндегі жемісті жұмысы, халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін наградталады.

17-бап. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік органдардағы мінсіз қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін наградталады.

IV. Медальдар

18-бап. Қазақстан Республикасының медальдары мыналар:

- «Ерлігі үшін»;
- «Жауынгерлік ерлігі үшін»;
- «Ерен еңбегі үшін»;
- «Шапағат».

19-бап. «Ерлігі үшін» медалімен азаматтар:

— адам өмірін сақтап қалуға байланысты қиын-қыстау жағдайларда (суға кету, өртке душар болу, дүлей апаттар кезінде);

— қылмысқа қарсы күресте көрсеткен ержүректігі мен жанқиярлығы үшін наградталады.

20-бап. «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен Қарулы Күштердің, Республикалық ұланның, Президенттің Күзет қызметінің, Ішкі және шекара әскерлерінің әскери қызметкерлері, сондай-ақ Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік, Мемлекеттік тергеу комитеті мен ішкі істер органдарының қызметкерлері:

— әскери бөлімнің, бөлімшенің жауынгерлік міндеттерді ойдағыдай орындауына жәрдемдесетін ұрыстағы, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрестегі білгір, бастамашыл әрі батыл іс-әрекет үшін;

— мемлекеттік шекараны қорғау кезінде көрсеткен ерлігі үшін;

— қызмет өткеру кезінде сіңірген қызметі үшін наградталады.

21-бап. «Ерен еңбегі үшін» медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттік қызметтегі еңбек жетістіктері үшін наградталады.

22-бап. «Шапағат» медалімен азаматтар белсенді және жемісті қайырымдылық қызметі мен мейір-шапағаты үшін наградталады.

23-бап. Қазақстан Республикасының ордендері мен медальдарының мәнділігі жағынан реттілігі осы Жарлықта баяндалған тәртіп бойынша белгіленеді.

V. Құрметті атақтар

24-бап. Қазақстан Республикасында мынадай құрметті атақтар белгіленеді:

- «Қазақстанның халық ақыны»;
- «Қазақстанның халық артисі»;
- «Қазақстанның халық жазушысы»;
- «Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы»;
- «Қазақстанның еңбек сіңірген артисі»;
- «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері»;
- «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»;
- «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері».

VI. Көпбалалы аналарға арналған наградалар

27-бап. Көпбалалы аналарға арналған наградалар мен алқалар:

- «Алтын алқа»;
- «Күміс алқа».

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев

Алматы, 12 желтоқсан, 1995 жыл.

**1991 ЖЫЛДЫҢ 20 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ № 1017—ХІІ
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҒЫ
ТУРАЛЫ»**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

*(1995 жылғы 3 қарашада енгізілген өзгертулер
және толықтырулармен)*

Қазақстан Республикасының азаматтығы адамның мемлекетпен тұрақты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, бұл байланыс олардың өзара құқылары мен міндеттерінің жиынтығынан көрінеді.

Қазақстан Республикасында өрбір адамның азаматтық алуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының азаматтығы осы заңға сәйкес алынады және тоқтатылады.

Қазақстан Республикасының азаматын ешқандай жағдайда азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластатуға болмайды.

І т а р а у . Жалпы ережелер

1-бап. Азамат және мемлекет

Қазақстан Республикасы өзінің органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтары алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасы алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, мемлекеттік тіл мен оның аумағында тұратын барлық ұлттар өкілдерінің тіліне, әдет-ғұрпына, дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті.

2-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңдар

Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен және Қазақстан Республикасының соған сәйкес шығарылатын басқа да заң актілерімен реттеледі.

3-бап. Қазақстан Республикасының азаматы болу

Мына адамдар:

- осы Заң күшіне енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын;
- осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын алған адамдар Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.

Қазақстан Республикасы азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды.

Қазақстан Республикасы жаппай қуғын-сүргін, күштеп ұжымдастыру кезеңдерінде, адамгершілікке жат өзге де саяси шаралар салдарынан Республика аумағынан кетуге мәжбүр болған адамдар мен олардың ұрпақтарының өз аумағына қайтып оралуы үшін, сондай-ақ басқа мемлекеттер аумағында тұратын қазақтар үшін жағдай жасайды.

4-бап. Азаматтық туралы құжат

Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат — Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты болып табылады. 16 жасқа дейінгі балалардың азаматтығы олардың туу туралы куәліктерімен, ата-анасының қайсысының болса да паспортымен расталады...

8-бап. Қазақстан Республикасының азаматын басқа мемлекетке беруге болмайтындығы

Республиканың халықаралық шарттарында өзгеше белгіленбесе, Қазақстан Республикасының азаматын шет мемлекетке беруге болмайды...

П т а р а у . Қазақстан Республикасы азаматтығын алу

10-бап. Азаматтық алу негіздері

Қазақстан Республикасының азаматтығы:

- 1) тууы бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау нәтижесінде;
- 3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша;
- 4) осы Заңда көзделген өзге де негіздер бойынша алынады.

11-бап. Ата-анасы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын балалардың азаматтығы

Бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасының азаматы болса, ол туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

Егер бала туған кезде ата-анасының екеуі де Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқан болса, баланың азаматтығы ата-анасының жазбаша түрде білдірген келісімі бойынша анықталады.

Ү т а р а у . Қазақстан Республикасы Президентінің және мемлекеттік органдарының азаматтық мәселелер жөніндегі өкілеттігі

29-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасында азаматтық мәселелер жөнінде шешім қабылдайтын лауазымды адам — Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті:

Қазақстан Республикасы аумағында және оның шегінен тыс жерлерде тұратын басқа мемлекеттердің азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасы азаматтығына қабылдау туралы;

Қазақстан Республикасы азаматтығын қалпына келтіру туралы;

Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерлерде тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығару туралы.

Қазақстан Республикасының Заңы.
Ресми мәтін 2002 жылдың 1 сәуірінен берілген.
Алматы, 2002 жыл.

«Қазақстан — 2030» стратегиялық даму бағдарламасы

БІЗ БҮГІН ҚАЙ ЖЕРДЕ ТҮРМЫЗ

Адамдардың өмірінде шарықтау сәті бар.
Ол, егер дұрыс пайдалана білсе, табысқа жеткізеді.
Егер оны қолдан шығарып алса, онда одан кейінгі жол қайраңға малтығып, тайғақ кешумен ұласады.

Шекспир.

Ұлан-ғайыр мүмкіндіктер баршаға беріледі,
бірақ көп жандар олармен ұшырасқанын сезбейді де.
Даннинг.

Соңғы алты жыл ішінде біз **екі басты стратегиялық мақсатты** көздедік.

Біріншіден, Қазақстан егемен тәуелсіз мемлекет болды. Көптеген адамдар қазір мұны тиісті нәрсе ретінде қабылдауға әзір, бірақ қазақстандықтар, мұның біздің тарихымызда қаншалықты сирек әрі қиындықпен болғанын ұмытпауға тиіс.

Екіншіден, біз *кең ауқымды* әлеуметтік, саяси және экономикалық *реформаларды жүргізе бастадық*. Аталған мақсаттарға әлі жете қойғамыз жоқ, дегенмен жекелеген бағыттарда көзге түсер нәтижелеріміз де бар.

Енді ахуалды терең таразылау, дамуымызды әлемдік тәжірибе тұрғысынан талдау және реформаларымызды іске асыру мен жаңа институттарымыздың қалыптасу дәрежесін үздік әлемдік тәжірибемен салыстыру маңызды. Өзіміздің бекем және босаң тұстарымызды салиқалы тұрғыдан талдап, тек содан кейін ғана дербес төл стратегиямызды талдап жасаудың маңызы бұдан бір де кем емес.

Біздің ішкі *бекем тұстарымыз* бен Қазақстанның қолындағы *сыртқы мүмкіндіктерді, өзімізге тән босаң тұстарымыз бен сыртқы қатерлерді* талдаудан бастайын.

Еліміздің қолында **сегіз артықшылық** бар.

Біріншісі. Біз өзіміздің тәуелсіз, егемен мемлекетіміздің негізін қаладық. Барлық қажетті мемлекеттік институттар қазірдің өзінде бар әрі ай сайын тәжірибесі мен біліктілігін ширата түсуде. Бірақ мемлекетіміздің құрылысы аяқталатын күн әлі алыс.

Екіншісі. Біз жетпіс жыл бойы өзіміз өмір сүрген ескі саяси және экономикалық жүйеден іргемізді **түбегейлі аулақ салдық**. Бүгін мүлде жаңа мемлекет өмір сүріп отыр, мүлде өзге саяси және экономикалық жүйе жұмыс істеуде.

Үшіншісі. Қоғамымыздағы өзгерістер ықпалымен, өзіміз көбіне оны түйсіне де бермей, құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне дағдылана отырып, *өзіміз де түгел өзгердік*. Қысқасы, біз азаттық алдық. Мемлекеттік-ұжымдық дүниетанымның жекешіл дербес дүниетаныммен алмасуы біздің өміріміздің әрбір қырын өзгертті. Әрине, ескі жүйе шақтап болса да неғұрлым сенімді әлеуметтік игіліктер

беріп келді әрі бірсыпыра салаларда жетістіксіз де болған жоқ. Алайда экономикалық тұрғыдан бөсекеге қабілетсіз болғандықтан, ол жүйенің күйреп тозғанын да ұмытпауға тиіспіз. Ол әлеуметтік жағынан да осал болып шықты, өйткені адамдардың көпшілігінің тұрмыс деңгейі шетелдегі адамдардың тұрмыс деңгейінен төмен еді. Ол, сондай-ақ жеке адам хақында да осалдық танытты, өйткені еркіндік бермеді. Нарықтық экономика мен демократиялық тұрғыда таңдап алынған мемлекет Қазақстанға қандай шамада өркендеу мен бостандық әкелерін уақыт өте келе біздің өз тәжірибеміз көрсетуге тиіс. Өтпелі кезең уақытында біздің азаматтарымыздың көпшілігі қилы істі бастан кешірді әрі көп нәрсені құрбан етті. Бірақ біз мұны тек сіздер мен біздің игілігіміз үшін ғана емес, ең алдымен, балаларымыз бен немерелеріміз үшін жасап отырмыз.

Төртіншісі. Біздің басты оң игіліктеріміздің ішінде — *халқымыздың* немесе былайша айтқанда, адам ресурстарының *сапасы тұр.* Біздің ғылыми және шығармашылық әлеуетінің деңгейі жоғары, білім өресі биік халқымыз бар. Көптеген елдерде бұл жоқ, әрі олар осындай сапаға жетуді өздерінің стратегиялық мақсаттарының бірі санайды. Мұның өзі — біздің халқымыз бен бұрынғы жүйенің аса ірі жетістігі. Біз қолымыздағы осындай баға жетпес капиталды жан-жақты дамытуға және оның дамуы үшін барған сайын жаңа әрі неғұрлым өркениетті жағдай туғызуға тиіспіз.

Бесіншісі. Біздің *табиғи ресурстарымыз* — орасан зор байлық. Алайда мұның өзі қаншалықты кереғар көрінгенімен, әлемдік тәжірибе табиғи байлығы бар көптеген елдердің оны дұрыс игере білмегендіктен, ақыры кедейлер қатарынан шыға алмағанын көрсетеді. Алайда Шығыс Азияның неғұрлым серпінді дамыған елдері — табиғи ресурстары жоқ елдер. Осының бәрі *жетекші фактор* — *бұл адамдардың өзі, олардың ерік-жігері, күш-қуаты, табандылығы, білімділігі екенін* тағы да дәлелдей түседі. Бұл — бізге гүлдену мен тәуелсіздік есігін айқара ашуға мүмкіндік беретін нақ сол «алтын қілттің» өзі.

Әлемнің келеңсіз тәжірибесін де үйрену қажет. Ол *даму стратегиясының немесе оларды іске асыру қабілетінің болмауы табиғи байлықтар әлеуетінен басым түсетінін* айқын көрсетіп отыр. Сондықтан бұдан біз шығаратын басты қорытынды — *ойластырылған стратегия жасап, оны барлық қиындықтарға қарамастан жүзеге асыру қажеттігі.* Жер қойнауының

байлығы — барша келер ұрпақтың игілігі. Бұған қарап босаңсымауымыз керек. Керісінше Үкіметті қоса, біздің бәріміз ондай байлық қолымызда болмағандағыдай өмір сүріп, жұмыс істеуге тиіспіз.

Алтыншысы. Біздің *ауқымды алқаптарымыз, ауыл шаруашылығы жерлеріміз* — орасан зор әлеуетіміз. Көптеген өлшемдер бойынша біз Канада мен Аустралияға ұқсаспыз, бізге тек бір нәрсе — олардың өнімділігі мен экспорттық әлеуеті жетіспейді. Бұл жерде де, тағы да, ең бастысы — нақты және тиімді стратегия, адамдар мен капитал.

Біздің *жетінші* бекем тұсымыз — қоғамымыздың *саяси тұрақтылығы* мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, өкінішке қарай көптеген дамушы және кешегі коммунистік елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда тұрақтылықтың, ал топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзіміздің біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы уақытта көп жұмыс тындыруға тура келеді.

Бұл бір-бірімізбен кедейшілік пен жоқшылық жағынан теңесу, теңгерімшіліктің жаңа жүйесін орнату да емес. Сондай-ақ қандай да бір этникалық немесе діни топтарға басқалармен салыстырғанда басымдықтар беру жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық міндетіміз — халықтың көптеген топтарының бірлігі, жекешіл және қоғамдық негіздерді салиқалы үйлестіру, мұның өзі қоғамымыздың жарасымды сатылы дәстүрлерін толықтыра түседі.

Байлардың ат төбеліндей шағын тобы жарлы адамдардың үлкен тобынан едәуір алшақтап кеткен жерде қоғам еш уақытта еңсесін көтеріп, айбаттанып, гүлдене алмайды. Түрлі этникалық және діни топтардың құқықтары өртүрлі болып келетін, біреулерге мүмкіндіктер беріліп, өзгелерге берілмейтін, саяси партиялар мен қозғалыстар тікелей қарама-қарсы тараптарға «бұра тартатын», бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі, либерализм мен демократияның және мемлекет күшінің арасында орасан зор сәйкессіздіктер бар елдің де болашағы жоқ. Біз шектен тыс шығандап кетудің бірін бастан кешірдік, екіншісіне түсіп малтықпасақ игі. Менің ойымша, осы

бір ақылға сыйымды дүниелерді ұғыну қоғамдық санада нық орын тепкен де тәрізді.

Сегізіншісі. Мен қазақстандықтардың байсалдылығы мен төзімділігін, олардың кеңпейілділігі мен ақжарқындығын атап айтқым келеді. Мұны шетелдіктердің баршасы дерлік айтып жүр. Мен өз отандастарымызға өтпелі кезеңнің ауыртпалықтарын түсініп, оған төзіп отырғаны үшін ризамын және осы қасиеттер — біздің табысқа жетуіміздің, қоғамымыздың топтасуының, шетелдік инвестицияларды тартудың және халықаралық қоғамдастықты біздің проблемаларымызды шешуге кірістірудің елеулі кепілі деп санаймын.

Біздің осындай күшті жақтарымызбен бірге сыртқы сипаттағы бірқатар мүмкіндіктеріміз бар. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміз, ең алдымен, еліміздің географиялық, геосаяси және геоэкономикалық жағдайымен айқындалады. *Қазақстанның негізгі үш мүмкіндігін* бөліп айтуға тұрарлық.

Бірінші мүмкіндік, біздің Еуразия аймағындағы жолдардың түйіскен торабында орналасқан географиялық жағдайымыздан туындайды. Әлемдік экономикалық және саяси үдерістердің ауқымдануы осындай түйінділердің қатарына қосады. Біздің бабаларымыз түркі халықтарының біртұтас отбасы құрамында осы маңызды стратегиялық факторды өздері үшін тиімді пайдалана білді. Атақты Жібек жолы бойымен Еуропа және Азия елдері арасында кең ауқымды сауда арнасы ұйымдастырылған болатын. Бүгін біз осы арнаны аймақтағы басқа елдермен ынтымақтаса отырып және әлемдік қоғамдастықтың қолдауымен қалпына келтіре бастадық. Сөз жоқ, келешекте Еуропа мен Азия арасында сауда, қаржы ағысы жүйесі мен адамдардың көші-қоны ұлғая түседі.

Көптеген саяси тұрақтандырушы факторлары туралы айтпағанның өзінде, мен нақ осы себептен Еуразия идеясын ұсындым және оны дамыта бермекпін әрі оның стратегиялық болашағына да сенімім кәміл.

Бізбен шектес кез келген ел тәрізді Қазақстанның жеке өзі де икемді транзиттік әлеуетін іске асыра алмайды. Мұны бірлесе, тығыз әрі өзара тиімді ынтымақпен жасау қажет.

Осындай тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, шекараларымыздың өн бойында *өз өнімімізді өткізудің аса ірі нарықтарының* орасан зор әлеуетіне ие болып отырмыз...

Екіншісі, мемлекет құрылысы мен реформаларды жүргізудің ауыр процестерін *шетелдік мемлекеттер мен донор-*

лық ұйымдар тарапынан қолдау бізге қосымша мүмкіндіктер береді. Бұл тұрғыда көптеген елдердің бізге қарағанда оншалықты жолы болмады. Осы фактор, әсіресе өтпелі кезеңнің бастапқы кезеңдерінде өте маңызды, өйткені бізге сырттың қаржы ресурстары мен білім-білігі қажет.

Үшіншісі, *ауқымдану және ғылыми-техникалық прогресс процесі*, әсіресе жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың дамуы біздің аумақты әрі аз қоныстанған еліміз үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Алайда біздің осы үдерістермен қатар адымдайтынымызға ешкім кепілдік бере алмайды. Демек, осы технологияларды ұғыну, олардың біздің қоғамымызға толық кіруіне қол жеткізу, ғылыми-техникалық кадрларды қолдау маңызды.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БАСЫМ МАҚСАТТАР МЕН ОЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Бұл әлемде ең бастысы — біздің қай жерде тұрғанымыз емес, қандай бағытта жылжып барамыз — міне, сонда.

Холмс

Біздің еліміз мен айтқан перспективаларға қол жеткізуі үшін мынадай ұзақ мерзімді жеті басымдықты іске асыру қажет:

1. Ұлт қауіпсіздігі. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы арттыру, экологиялық ортаны жақсарту.

5. Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың

тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. Кәсіби мемлекет. Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтардың әрқайсысы үшін біз бір жылдық, үш, ал кейіннен бес жылдық жоспарларда белгіленген нақты іс-қимылдарға күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, біз стратегиямызды талдап жасауға және оны дәйекті түрде іске асыруға тиіспіз.

Осы ұзақ мерзімді басымдықтар мемлекет пен біздің азаматтарымыздың күш-жігерін жұмылдыру үшін қызмет етуге, еліміздің бюджеті мен кадр саясатын қалыптастыру кезінде өлшемдер негізіне алынуға тиіс...

Назарбаев Н. «Қазақстан — 2030».
Алматы: Білім, 1998. 12—19, 33-34-бб.

ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫ VIII САММИТІНІҢ АНТАЛИЯ МӘЛІМДЕМЕСІ

Өзірбайжан Республикасының Президенті Ильхам Әлиев, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті Құрманбек Бәкиев және Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезер 2006 жылдың 17 қарашасында Анталияда түркітілдес мемлекет басшыларының VIII саммитінде бас қосты.

Мемлекет басшылары:

— тәуелсіздіктерінің 15 жылдығын атап өтіп жатқан Өзірбайжан, Қазақстан және Қырғызстанның тәуелсіз мемлекеттер ретінде халықаралық қауымдастықта күшейгенін, саяси, экономикалық, әлеуметтік, құқық және басқа да салаларда реформаларды жүзеге асыра отырып, әлеммен ықпалдасу жолында ілгерілегенін растай отырып;

— түркітілдес мемлекеттер арасындағы ортақ тарих, болмыс, мәдениет және тіл біртұтастығы, достық, теңдік

және өзара тиімділік негізіндегі барлық салада қалыптасқан жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтың маңызын көрсете отырып;

— түркітілдес мемлекет басшылары арасында өткізіліп келе жатқан саммиттердің пайдалылығын назарға ала отырып және бұдан бұрынғы саммиттерде қабылдаған Мәлімдемелерді растай отырып;

— түркітілдес елдер арасындағы екіжақты және көпжақты қарым-қатынастарға және қалыптасқан іс-әрекеттестікке серпін беруі Еуразия аймағындағы ынтымақтастық ахуалын күшейтетіні сеніміне ие бола отырып;

— Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсат және қағидаттарына, Хельсинки шешімі мен Еуропалық Қауіпсіздік және Ұнтымақтастық Ұйымының Жарғысы, қағидаттары және міндеттемелеріне адал екендіктерін білдіре отырып, пікір бөліскен мәселелер бойынша төмендегілерді мәлімдеді:

1. Әлемдік және өңірлік бейбітшілік, қауіпсіздік, тұрлаулылық пен гүлденуді қамтамасыз ету бағытында екіжақты және көпжақты іс-қимылдарға деген қолдауларын растай отырып, дағдарыстарды бейбіт жолдармен шешу қағидаларына бейілді екендіктерін атап өтті.

2. Қоғамдық тыныштық пен бейбітшілікті қамтамасыз етпестен, тұрғылықты гүлдену мен тұрақтылық жағдайдың жүзеге аспайтынын түсіне отырып, заңның үстемдігі мен адам құқықтарына құрмет негізінде демократиялық және зайырлы мемлекет жүйесіне адалдықтарын растайды және бұл бағытта барлық бастамаларды қолдайтындарын атап өтті.

3. Еуразия өңірінде лаңкестік, сепаратизм, реакциялық қозғалыстар, жаппай қырып-жою қаруларының тарауы және ең алдымен, есірткі заттар мен қару-жарақ контрабандасы және адам саудасы сияқты барлық ұйымдасқан қылмыстар нәтижесіндегі шекарасыз қауіптерге қарсы ортақ күрестің маңызына баса назар аударады, олармен күресу мақсатында өз араларында және халықаралық ұйымдармен тығыз байланыстар мен ынтымақтастықта болатындарын растады.

4. Еуразия өңіріне де әсер етіп отырған лаңкестіктің барлық адамзат пен барша ортақ құндылықтарға қарсы бағытталғанын түсіне отырып, ғаламдық қатер болып

табылатын лаңкестікке қарсы тойтарыстың ғаламдық деңгейде болуы қажеттігіне тоқталады; лаңкестіктердің қандай да бір дін, ұлт және географиялық аймақпен байланыстырылмайтынын және өзін-өзі ақтайтын ешқандай негіз жоқ екенін білдірді.

5. Түркітілдес елдерге іргелес өңірде жалғасып келе жатқан мәселелер, әсіресе 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғасынан кейінгі, алдымен Ауғанстан, кейін Ирак, Палестина және Ливанда орын алған оқиғаларға назар аударып отырып, тұрлаулы бейбітшілік пен тыныштық жағдайын қалыптастыруға деген үлестің жалғасатынын және бұл шеңберде халықаралық қауымдастық тарапынан жүргізіліп келе жатқан іс-қимылдарға қолдау көрсету қажет екенін атап өтті.

6. Ирактың тәуелсіздігі, аумақтық біртұтастығының сақталуы, Ирак халқының барлық топтарының және олардың бір бөлігін құрайтын түркі тектес халықтың негізгі құқығы және еріктерін кепілдікке алу қажет екеніне назар аударды.

7. Араларындағы ортақ тарих, тіл біртұтастығы және мәдениеттен негіз алған ерекше байланыстарын, бауырластық, ынтымақтастық және өзара іс-әрекеттестік рухын, қолда бар қарым-қатынастарын және ынтымақтастықтарын — тәуелсіздік, егемендік, аумақтық біртұтастықты құрмет тұту, теңдік пен өзара мүдделер негіздеріне жүргізу ниеттерін қуаттады; екіжақты, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықтың нығаюында ортақ ұстанымдар бар екенін; барлық деңгейдегі келіссөздердің жалғасуы және нақты ынтымақтастық мүмкіндіктерін кеңейту мәселесінде табандылықтарын қуаттады.

8. Заманымызда екіжақты және халықаралық қарым-қатынастар мен ынтымақтастықтың ең маңызды бағыты экономикалық және сауда-саттық ынтымақтастық екенін түсіне отырып, түркітілдес елдер арасындағы сауда және экономикалық байланыстардың одан әрі тереңдеуі, әсіресе өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, коммуникация және туризм салаларында екіжақты және көпжақты ортақ жобаларға серпіліс берудің маңызын атап өтті, экономикалық және сауда-саттық саласында ынтымақтастықты дамытуда жеке сектордың үлесіне назар аударды.

9. Әлемдік энергетика нарығында соңғы жайттар мен түркітілдес мемлекеттердің экономикалық дербестігін күшейту қажеттігін назарға ала отырып, энергетикалық

ресурстарды тұтынушы елдерге жеткізу жолдарын әртараптандырудың маңызын тілге тиек етті және энергетикалық салада ынтымақтастықтың арттырылуы аймақтың саяси және экономикалық тұрақтылығына тікелей үлес қосатынын атап өтті.

10. Каспий алабы энергетикалық көздерінің Еуропа энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде артып келе жатқан маңыздылығына назар аудара отырып, Баку — Тбилиси — Жейһун мұнай құбырының іске қосылуы және Баку — Тбилиси — Ерзурум табиғи газ құбыры құрылысы аяқталуының халықаралық стратегиялық маңыздылығын атап өтті. Осыған байланысты Транс-Каспий жобаларының іске асырылуы арқылы аталған құбырларға қосылудың маңыздылығын білдірді.

11. Азия мен Еуропа арасында жүрдек жолаушы және жүк тасымалына байланысты, ең алдымен, Карс-Ахалкалаки — Тбилиси — Баку теміржолы жобасы және Стамбұл — Алматы теміржолы желісіне Бішкектің қосылуын іске асыру Түркия мен түркітілдес мемлекеттерге жаңа мүмкіндіктер алып келетіні және өңірдегі елдер экономикасының дамуына үлес қосатындығын атап өтті.

12. Түркітілдес елдер арасындағы тарих, тіл және мәдени байланыстарға қатысты жұмыстардың және бұл байланыстарды нығайтатын шаралар мен бастамалардың маңыздылығын тілге тиек етті, ТҮРКСОЙ-дың мәдени саладағы онды үлестерін ескерді және бұл бағыттағы қызметтерді ынталандыруды жалғастыру қажеттігін айтты.

13. Ғасырлар тереңіне және араларындағы байланыстарды нығайтатын ортақ мәдени мұраларын қорғау, келешек ұрпақтарға жеткізу және жан-жақты таныту үшін тығыз іс-әрекеттестікте болатындарын атап өтті.

14. Түркітілдес халықтар арасында достықты одан әрі нығайту, бір-біріне одан да жақын ұрпақтар тәрбиелеу және білікті мамандар дайындау мақсатында білім саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын тағы бір рет қуатады.

15. ХХІ ғасырда қоғамдық және экономикалық дамудың негізінде білім және технологиялық ілгерілеу жүріп жатқанына сенім арта отырып, ғылыми құрылымдар мен ғалымдар арасындағы байланыстар және бұл саладағы нақты жобаларды қолдайтындарын білдіреді.

16. Түркітілдес мемлекеттер арасында екіжақты және көптарапты ынтымақтастықты күшейту тұрғысынан бұл мемлекеттердің халықтары арасындағы қоғамдық қатынастарды дамытудың маңыздылығына сенім арта отырып, парламенттер, орталық және жергілікті басқару жүйелері, бұқаралық ақпарат құралдары және кәсіптік палаталар арасындағы қатынастардың дамуына қолдау көрсететінін атап өтті.

17. Араларындағы әр саладағы қатынастардың ең қажетті талаптарының бірі — адами байланыстарды арттыру екенін ескере отырып, азаматтардың бір-бірінің елдеріне жасайтын сапарларын жеңілдету және оны ынталандыру мақсатында виза беру рәсімдерін қарапайымдандыру және жеделдету жолында күш-жігер жұмылдыруға дайын екендерін білдірді.

18. ХХІ ғасырда адамзаттың арасында орын алып отырған жедел даму қарқынының болымсыз әсерлерін назарға ала отырып, қоршаған ортаны қорғау және су ресурстарын тиімді пайдалану тұрғысынан халықаралық ынтымақтастық пен өзара іс-әрекеттерге деген маңыздылықты нақтылады, бұл тұрғыда Арал теңізі алабы мен Қазақстанның Семей өңіріндегі экологиялық ахуалын жақсартуға және Қырғызстандағы радиоактивтік тастанды қалдықтар мәселелерінің шешілуіне байланысты халықаралық қауымдастыққа бағытталған шақыруды тағы да қайталады.

19. Ең алдымен, БҰҰ және бұл ұйымға қарасты түрліше құрылымдар мен ЕҚЫҰ, сондай-ақ мүшесі немесе бақылаушысы болып табылатын халықаралық құрылымдар мен жиындардағы өздеріне тиесілі мәселелерде тығыз ақыл-кеңес пен өзара іс-әрекет орнатудың маңызына тоқталды, сондай-ақ барлық халықаралық ұйымдардағы үміткерліктер мәселесінде мүмкіндігінше өзара әрекеттестікте болу ниеттеріне ие екендіктерін атап өтті.

20. Қазақстанның 2009 жылы ЕҚЫҰ-ның кезеңдік төрағалығы үміткерлігін ықыласпен қабыл алды және ЕҚЫҰ-ның Орталық Азия және Кавказ өңіріндегі ықпалын күшейту мүмкіндігін қамтамасыз ететін бұл үміткерлікті қолдайтындарын мәлімдеді.

21. Түркияның Еуропа Одағы мүшелігі жолындағы ілгерілеуіне орай қуанышты екендері тілге тиек етілді, сондай-ақ Еуразия аумағындағы маңызды мемлекеттердің бірі болып саналатын Түркияның ЕО-ға мүше болуы өңірдің

саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына серпіліс беретінін және өңір мен ЕО арасындағы байланыстарды нығайтатынына сенімдерін білдірді.

22. БҰҰ талаптары және БҰҰ-ның жан-жақты шешім жоспары негізінде Кипр мәселесіне қатысты жан-жақты шешім іздестіруді қолдайтындарын қайталады. Кипр түрік халқына қарсы халықаралық оқшауланудың жедел түрде тоқтатылуы мәселесіне байланысты БҰҰ-ның шақыруларын қолдады.

23. Оңтүстік Кавказдағы тұрлаулы тұрақтылық пен өңірлік ынтымақтастық үшін тосқауылдардың бірі Таулы Қарабақ мәселесін Өзірбайжанның тәуелсіздігі, аумақтық біртұтастығы және шекарасына қолсұқпаушылық шеңберінде бейбіт жолдармен бір шешімге алып келу маңыздылығына тоқталып өтті; Таулы Қарабақ мәселесінің шешімі Еуразия құрлығында бейбітшілік, тұрлаулылық және гүлденуді қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болып табылатыны жөніндегі сенімдерін қуаттады.

24. Азияда өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесінің (АӨСПК) Азияда бейбітшілік пен тұрақтылыққа деген үлесіне сенімдерін қуаттады. Осы шеңберде 2006 жылы 17 маусымда ұйымдастырылған АӨСПК-ке мүше мемлекет және үкімет басшыларының Екінші саммитінде АӨСПК Хатшылығының мәртебесі бойынша құжатқа қол қойылуы, АӨСПК-тің құрылымдық қалыптасуы үшін үлкен қадам ретінде қуанышпен қарсы алды, АӨСПК Сенім арттыру Каталогінің біртұтас және ұйымдасқан түрде жүзеге асырылуы үшін күш-жігерлердің арттырылуы және бұл мақсатта АӨСПК Хатшылығына қажетті қолдауды қамтамасыз етуге деген ниеттерін мәлімдеді.

25. Көпжақты ынтымақтастықты күшейту шеңберінде Ислам конференциясы ұйымы аясындағы ынтымақтастықты бекіту және бұл ұйымның одан әрі пәрменділігін арттыру бағытында бірге жұмыс жасалу қажеттілігін атап өтті.

26. Түркияның 2009—2010 кезеңіндегі, Қазақстанның 2010—2011 кезеңіндегі және Қырғызстанның 2012—2013 кезеңіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне үміткерліктеріне деген қолдауларын растап өтті.

27. Түркітілдес елдер арасында екіжақты және көпжақты қарым-қатынастардың оңды дамып келе жатқанына ризашылық пейілмен айта отырып, Анталия саммитінің араларындағы қарым-қатынастар мен ынтымақтастықты

нығайтатынына, өңірлік бейбітшілік, өрлеу, тұрақтылық, қауіпсіздік және осы елдер халықтарының экономикалық дамуы мен гүлденуіне үлес қосатынына сенімдерін білдірді.

Қонақ делегациялар өздеріне көрсетілген жылы қабылдау мен қонақжайлылық үшін түрік халқына және Түркия Республикасының Президенті Ахмет Неждет Сезер мырзаға ризашылықтарын білдіреді.

2006 жылы 17 қарашада Анталияда әрқайсысы тең дәрежеде бір нұсқадан өзірбайжан, қазақ, қырғыз және түрік тілдеріндегі мәтіндерге қол қойылды.

Өзірбайжан Республикасының
Президенті

Ильхам Әлиев

Қазақстан Республикасының
Президенті

Нұрсұлтан Назарбаев

Қырғызстан Республикасының
Президенті

Құрманбек Бәкиев

Түркия Республикасының
Президенті

Ахмет Неждет Сезер

Егемен Қазақстан. 18 қараша, 2006.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҮРСҰЛТАН
НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 15 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ**

Қазақстан тәуелсіздігінің 15 жылдық салтанатына жиналған құрметті қауым, ханымдар мен мырзалар, қадірменді қонақтар!

Бүгін барша қазақстандықтар еліміздің ең ұлы мерекесі — Тәуелсіздік күнін атап өтуде.

Азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы — ел тәуелсіздігіне тура 15 жыл толды.

Иә, 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң — Еуразия құрлығының жүрек тұсындағы ежелден ұлы дала атанған ұлан-ғайыр өлкеде жаңа мемлекеттің дүниеге келгенін паш етті. Санаулы сағаттардан кейін әлемнің әр тарапындағы алуан мемлекеттерден келіп түскен ежелден азаттық аңсаған қаһарман халықтың тәуелсіздігін таныған қуанышты хабарлар, әлемдік ақпарат құралдары арқылы дүниенің төрт бұрышына түгел тарап жатты.

Біз тәуелсіз еліміздің бүгінгі биігінде тұрып — осы күнді армандаған бабаларымыздың биік мұраттары алдында, жан алысып, жан беріскен алмағайып замандарда азаттық үшін күрескен аталарымыздың өз аманаты алдында, ел бостандығы жолында құрбан болған есіл ерлеріміздің мәңгі өшпес рухы алдында басымызды иіп, тағзым етеміз.

Қазақтар өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында тек патша отаршылдары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы 200-ден астам ұлт-азаттық көтерілістерге шыққан екен. Соның ең соңғысы — тоталитарлық жүйенің темір құрсауын талқандауға арналған қазақ жастарының Желтоқсан қозғалысына да 20 жыл толды. Тәуелсіздік жолындағы мұндай ұмтылыстардың бәрі, ел тарихының ең қастерлі парақтары ретінде әрқашан жадымызда сақталатын болады.

Біз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап туған Қазақстанымыздың қаз тұрып қалыптасуына, оның небір тар жол, тайғақ кешулерден сүрінбей өтіп, бүгінгі шыққан биігі мен қол жеткен жетістіктеріне зор үлес қосқан барша қазақстандықтарға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Тәуелсіздіктің он бес жылы — біздің халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас бөлігі.

Еуразияның жүрегінде, өркениеттер тоғысында талай халықтарды тал бесігінде тербеткен ұлы даланың төсінде дүниеге келген біздің халқымыздың барша тарихы — ұлт пен ұлыс ретінде сақталып қалу жолындағы толассыз күрестерге толы тарих.

Алысқа бармай-ақ, шығыста — Қытай, батыста — Византия сияқты алып империялар арасында қос ғасыр бойы салтанат құрып, еңселіні еңкейтіп, жұлындыны жүгіндірген, аз халықты көп етіп, аш халықты тоқ еткен ұлы мемлекет — Түрік қағанаты ыдырағаннан кейінгі бабалар өткен жол біржолата жоғалып, жұтылып кетпеу үшін жанталасқан күреске толы бұрмасы мен бұқпасы мол жол еді.

Моңғол шапқыншылығы, жоңғар жаугершілігі, батыс пен шығыстағы қос империяның қыспағы, патшалық Ресей отаршылдығы, кеңестік жүйенің озбырлығы — бәрі-бәрі азаттық аңсаған халқымыздың үздіксіз күрес пен тартысқа толы қастерлі тарихындағы бүгінгі ұрпақтың еш уақытта ұмытуына болмайтын бабалар қанымен жазылған қасиетті кезеңдер.

Міне, осылайша Жұбан ақын айтқандай «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы — бабаларымыз ғасырлар бойы арман-

даған тәуелсіздікке ұлт болып қалу-қалмауы қыл үстінде тұрған алмағайып заманда қол жеткізді.

Кеңес одағы құлағанда әлемдік бәсекеге мүлде қабілетсіз, тек ішкі рынокқа ғана негізделген «халық шаруашылығы» деп аталатын ебедейсіз экономикалық жүйе біржолата тұралап қалды. Басым көпшілігі кедейшілік қыспағына түскен қазақстандықтардың болашаққа деген үмітінен гөрі күдігі молайып, ел ішін әлеуметтік келеңсіздіктер жайлады.

Тәуелсіздік рухымызды асқақтатып, болашаққа деген сенімімізді күшейтті. Бабалар жүріп өткен жолдың тарихи тағылымы бізге береке бастауы — ел бірлігінде екендігін айқын көрсетіп берді. «Өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды — әуелі дос көбейтпек», — деп данышпан Абай атамыз айтқандай, біз тағдыр жазуымен қазақ жерінде тоғысқан алуан ұлт пен ұлыстың береке-бірлігі мен достығын өсіп-өркендеуіміздің алтын қазығы ретінде алып, болашаққа қарай нық қадам жасадық. Бұл халқымызды бұрын-соңды шығып көрмеген жаңа биіктерге бастады.

Бәріміз үшін қуаныштар мен қиындықтары қатар келген сол кезеңде, маған әрқашан біздің күшті, қуатты, еркін мемлекетте өмір сүрсек деген ізгі мақсатымыз үнемі күш беріп, қанаттандырып отырды.

Біз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап даму мақсатындағы айқын ұстанымды қабылдадық, бұл ұстаным мемлекет пен қоғамның күш-жігерін біріктіріп, өсу мақсаттарына қол жеткізуге бағыттады.

Бұл ретте біздің еліміз үш кезенді өтті.

Біріншісі (1991—1995 жылдар), бұл кезеңде біз кеңестік жүйені бұзып, мемлекеттің негіздерін құрумен айналыстық.

Екінші кезең (1996—2000 жылдар) экономика мен саяси жүйенің терең құрылымдық өзгерістерін іске асырумен байланысты болды.

Үшінші кезең (2001—2006 жылдар) — экономикалық өсу уақыты.

Осылайша өткен 15 жылда Қазақстанда қоғамды жаңартудың ауқымды жұмыстары жүргізілді.

Біз әсерлі табыстарға қол жеткіздік.

Біріншіден, экономиканы дамыту деңгейі бойынша Қазақстан бүгінде әлемнің барынша серпінді дамып отырған

елдерінің ондығына кіреді, мұны ЖІӨ-нің жылына 9-10% деңгейіндегі экономикалық өсуі бұлтартпастай дәлелдейді...

Мен, ХХІ ғасырда кім болмасын өзгелерден гөрі жылдам өрі терең реформалана алса, сол әрдайым табысқа қол жеткізе алатынына сенімдімін.

Табиғи ресурстарға иек арта отырып, өз «игілік аралын» сақтауға деген әрекет бұған дейін орнықты экономикалық өсу мен халықтың өмір сапасын арттыруға бірде-бір рет қол жеткізе алған жоқ және қол жеткізе де алмайды.

Жаһандық экономикада жаңа технологиялық артта қалушылық еліміз үшін басты қатерге айналатыны қазірдің өзінде белгілі.

Сондықтан да технологиялық инновацияны енгізу және инновациялық көшбасшылыққа қол жеткізу мемлекетіміздің таяудағы 15—20 жылдағы стратегиялық межесіне айналуы тиіс.

Қазақстан мемлекет ретінде шекаралардың өтпелілігі және халықаралық өзара тәуелділік жағдайында өмір сүруге дайын болуы тиіс.

Мемлекет жаһандық экономиканың талаптарына бейімделуі тиіс.

Мемлекет өткір бәсекелестікке және халықаралық бәсекелестіктің күш алуын есепке ала отырып, дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын әзірлеу жөніндегі басты функцияны орындауды қамтамасыз етуге дайын болуы тиіс.

Бейнелеп айтқанда, бүгінгі Қазақстан инновациялық Қазақстанға айналуы тиіс.

Биік белеске шыға тұра, біз таяудағы 15—20 жылда экономиканы, мемлекеттік құрылымдарды, психологияны, инфрақұрылымды қайта құрып үлгеруге тиіспіз.

Ендігі жерде, Қазақстан жаңа әлемге бейімделе ме және технологиялық дамыған, бәсекеге қабілетті елдердің қоғамдастығына кіре ала ма? — деген сұраққа жауап табу тек өзімізге қатысты болмақ.

Егер біз бұл сұраққа лайықты жауап табуға ұмтылсақ, әлемнің ең серпінді экономикаларының барлығын ортақ бір сана біріктіретін, оларда ешқашан қайта құрулар толастамайтынын естен шығармауымыз керек. Біз сондай-ақ бәсекеге қабілетті болу үшін ұдайы дамып, өзгеріп отыруымыз керек.

Егемен Қазақстан. 16 желтоқсан, 2006 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2007—2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА КӨШУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

Елдің орнықты дамуы дегеніміз — қазіргі ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және келер ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне қатер төндірмейтін даму болып табылады.

Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу аса қажеттілік болып табылады. Табиғи ресурстарды пайдалану есебінен экономиканың өсуі тек белгілі бір кезеңде ғана болуы мүмкін. Қазіргі жағдайда өсім мен даму неғұрлым озық тетіктерді талап етеді.

Орнықты даму Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет. Орнықты даму қағидаты Президенттің 2006 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауында жарияланған Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының негізінде де тұжырымдалған.

Қазақстан Республикасының 2007—2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшуінің осы тұжырымдамасы (бұдан әрі — Тұжырымдама) ел өмірінің барлық салаларында орнықтылыққа қол жеткізу қағидаттарының көрінісін, мақсаттарын, міндеттері мен негізгі тетіктерін айқындайды. Ол үшін дамудың экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және саяси факторлары ықпалдасуы және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын аттыруға бағытталған біртұтас процесс ретінде қарастырылуы қажет.

1.1. Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуінің өзектілігі мен алғышарттары

Қазақстан Республикасы әлемдік қоғамдастыққа толыққанды қатысушы ретінде ХХІ ғасырға арналған күн тәртібінде (Рио-де-Жанейро, 1992 жыл) және Мыңжылдық саммиті (Нью-Йорк, 2000 жыл) мен Орнықты даму жөніндегі әлемдік саммит (2002 жыл, Йоханнесбург) Мәлімдемелерінде қойылған міндеттерді орындау жөнінде міндеттемелер қабылдады.

Қазақстан Республикасы орнықты дамуға қол жеткізу бағытында бірқатар шаралар қабылдады.

Қазақстан БҰҰ-ның Орнықты даму жөніндегі комиссиясының, «Еуропа үшін қоршаған орта» және «Азия үшін қоршаған орта мен орнықты даму» процестерінің, орнықты даму үшін Дүниежүзілік кәсіпкерлер кеңесі өңірлік Еуразиялық желісінің мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы, Қазақстан Республикасы дамуының 2010 жылға дейінгі стратегиялық жоспары, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2004—2015 жылдарға дейінгі экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы қабылданды, Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі және «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ құрылды.

Қазақстан Республикасы Еуразия құрлығында экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуде ерекше рөл атқарады. Еуропа мен Азия арасында саяси, мәдени және экономикалық көпір бола отырып, Қазақстан құрлықта ландшафтылар мен экологиялық жүйелердің дамуында осы тектес байланыстырушы қызмет атқарады. Қазақстан аумағының көлемі, климат жағдайларының әртүрлілігі, өңірдің су теңгерімінің ерекшеліктері Еуразияның күллі аумағындағы экологиялық жағдайды Қазақстандағы тұрақтылыққа айтарлықтай тәуелді етеді.

Қазақстандағы саяси ахуал бүкіл әлемге тұрақтылықтың, конфессияаралық келісімнің, еліміздің барлық азаматтарының мүддесінде демократия мен қоғамдық институттарды дамытудың бірегей үлгісін танытып отыр. Қазақстанның орнықты саяси дамуы әлемдік қоғамдастық үшін теңгерімді бастамалардың көзі ретінде еліміздің қалыптасуында маңызды рөл атқара алады және атқаруға тиіс.

Осы орайда Қазақстан өзінің дамуында еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін біршама кедергілерге кезігуде.

Қазақстан Республикасының қазіргі уақытқа дейінгі экономикалық өсуіне, негізінен, әлемдік нарықтағы шикізат бағасының өсуі мен табиғи ресурстардың елеулі бөлігін тұтыну есебінен қол жетіп отыр. Табиғи капиталдың барынша ысырап болуы мен құлдырауы орын алуда. Ішкі жалпы өнімнің өсуі қоршаған ортаға қалдықтардың көп шыға-

рылуымен болуда. Қазіргі бағалау бойынша, ел аумағының 75%-ға жуығы экологиялық тұрақсыздықтың жоғары тәуекеліне ұшыраған. Шөлейттену проблемасы өткір қойылып отыр. «Табиғи ластанулар», қалдықтарды жинаушылар, тұрақты және жылжымалы көздерден бөлінетін улы заттар қалдықтарының өсуі табиғи ортаның жай-күйі мен халықтың денсаулығына қатер төндіреді.

Ел экономикасының тұрақтылығына төнетін ықтимал қатерлер шикізат секторына елеулі тәуелділік, жекелеген салалардың Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруге дайындық деңгейінің төмендігі, сыртқы қарыздың өсуі, «көлеңкелі экономика» проблемалары болып табылады.

Қазақстан өңірлерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайларында айтарлықтай алшақтық бар. Демографиялық жағдай мен халықтың денсаулығының жай-күйінде проблемалар бар, өзiрге оның құқықтық, экономикалық, экологиялық сауаттылық деңгейінің жеткіліксіздігі орын алууда.

Бұл кедергілерді еңсеру Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшу жолындағы басты кезеңдік міндеті болуға тиіс.

1.2. Орнықты дамуға көшу өлшемдеріне талдау және болжам жасау

Қазақстан Республикасының көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларының негізінде елдің ресурстарды өндірумен салыстырғанда, оларды тепе-тең тұтынбау жағдайындағы тарихи қалыптасқан теңгерімсіздік жатыр. Егер елдің негізгі экономикалық көрсеткіштерін энергетикалық пайдалы құндылық — гигаватпен (ГВт) өлшенетін қуатты өлшеу негізінде жалпы өлшем бірлігіне негіздесе, онда қазіргі ысырапты бағалау мүмкін болады.

Сонымен 2005 жылы 29,4 ГВт мөлшерінде өндірілген жиынтық өнімді алу үшін елімізде тұтастай алғанда 94,85 ГВт мөлшерінде ресурстар тұтынылады. Бұл — жыл бойы еліміздің 65,45 ГВт қуатының қоры ысырап болды немесе жеткіліксіз пайдаланылды деген сөз. Бұл Қазақстан Республикасында ресурстарды пайдалану тиімділігі көрсеткіші (РПТ) салыстырмалы түрде төмен екендігін көрсетеді, ол қазіргі кезде 31%-ға тең. Бұл орташа әлемдік деңгейден артық, ол 24%-ға тең, бірақ әлемнің технологиялық жағынан неғұрлым дамыған елдерінен: Жапониядан — 36%, АҚШ-тан — 34%, Германиядан — 33% кем.

Қазақстан Республикасы орнықты дамудың негізгі өлшемі болып табылатын өмір сүру сапасы деңгейі бойынша да, әлемнің неғұрлым дамыған елдерінен артта қалып келеді.

Қазіргі әлемде өмір сүру сапасы негізгі құрамдас бөліктермен: өмір сүрудің ұзақтығымен, әл-ауқатының деңгейімен және қоршаған ортаның жай-күйімен айқындалады.

Қоғам, табиғат және адам халықаралық университетінің (Дубна, Ресей) өмір сүру сапасы индексі бойынша рейтинг көшбасшысы Норвегияның коэффициенті — 3,83, Ресей — 1,57, Қытай — 0,34-ке тең болғанда, Қазақстан — 1,17 коэффициентпен 78-орында тұр.

Қазақстанда халықтың денсаулық жағдайы мен адамдардың өмір сүруінің ұзақтығы басқа елдердің көрсеткіштерімен салыстырғанда елеулі түрде артта қалып отыр. Осылайша халықтың өмір сүруінің орташа ұзақтығы 2005 жылы 65,9 жасты құраса, ал Жапонияда бұл көрсеткіш 80 жасқа жақындайды.

Мемлекеттің әлеуметтік және институционалдық мүмкіндіктері мен халықаралық белсенділігін, халық денсаулығының экологиялық аспектілерін, экологиялық күйзелістерді, экожүйенің жай-күйінің көрсеткіштерін қоса алғанда, 76 параметр есебіне негізделген Йель экологиялық заңнама және саясат жөніндегі орталық (Йель университеті, АҚШ) пен Жер туралы ғылымдар халықаралық ақпараттық желісінің колумбиялық орталығының (Колумбия университеті, АҚШ) экологиялық орнықтылық индексі бойынша Қазақстан Республикасы 63,8 индексмен 70-орында тұр, ал көшбасшы елдер Жаңа Зеландия, Швеция және Финляндияда бұл көрсеткіш 87-88 балға жеткен.

Дүниежүзілік банктің деректері бойынша табиғи капиталдың тозуы мен жойылуын ескеретін шынайы жинақтау индексі Қазақстан Республикасы үшін — 25,5-ті құрайды, ал Ресей Федерациясы үшін — 4,4, Норвегия +14,8, АҚШ +4,4.

Сонымен 2024 жылға дейін Қазақстан Республикасы өмір сүру сапасы деңгейі бойынша әлемдегі барынша бәсекеге қабілетті және дамыған елдердің қатарында орнығу үшін ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру, өмір сүру жасын ұзарту, экологиялық орнықтылық индексінің өсуін қамтамасыз ету қажет.

Жүргізілген есептеулер әлемдегі бәсекеге қабілетті елдердің қатарынан тұрақты орын алу үшін Қазақстан 2013 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде мынадай параметрлерге сәйкес келуге тиіс екенін көрсетеді:

- РПТ — кемінде 43%;
- ресурстарды пайдалану жиынтығы — кемінде 246,86 ГВт;
- өндірілген жылдық жиынтық өнім — кемінде 113,1 ГВт.

Болжамға сәйкес, осы кезеңде дәл осындай өлшемдерге әлемдегі неғұрлым бәсекеге қабілетті елу ел сәйкес келетін болды.

53%-ға тең РПТ кезінде «орнықты даму» траекториясына шығу және жаңартуға келмейтін табиғат байлықтары есебінен емес, неғұрлым тиімді, «озық» технологиялар есебінен экономиканың өсуі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы халқының саны орнықты дамудың маңызды өлшемі болып табылады. Халықтың тығыздығының төмен болуы (шекара айтарлықтай созылған жағдайда) әрдайым мемлекеттің дамуындағы тұрақсыздық факторы болып табылады. Ел аумағының елеулі бөлігі шаруашылыққа игеру үшін қиын және халықты Қазақстанның барлық өңірлеріне бірдей орналастыру міндетін қою мүмкін еместігіне қарамастан, халық санын белгілі бір деңгейде ұстап тұру қажет, сонымен бірге экономикалық мүмкіндіктерді өрістету (ең алдымен, еңбек нарығы проблемасын шеше отырып), қазақстандықтардың көршілес әлем ұлттарының арасында генетикалық және мәдени әлеуетін сақтау, өңірлер арасындағы, атап айтқанда, инфрақұрылымның әлсіздігі мен демографиялық теңсіздікке байланысты жағымсыз саралануды еңсеру қажет.

Халық санының неғұрлым оңтайлы мақсатты деңгейі 2024 жылға қарай 18 млн тұрғынға қол жеткізу болып табылады. Ол үшін табиғи өсім көрсеткішін 1000 адамға шаққанда 12,68-ге (қазіргі кездегі 8,0-ге қарағанда), өмір сүрудің орташа ұзақтығын 73 жасқа дейін жеткізу, туу көрсеткішін 1000 адамға шаққанда өмірге келетін кемінде 22 адам деңгейінде ұстап тұру талап етіледі. Ерлердің және әйелдердің өмір сүруінің орташа ұзақтығындағы алшақтық қазіргі 11 жылдан 7,5 жылға азаюға тиіс.

Экономикалық өсім процесінде экологиялық талаптарды арттыру, қоршаған ортаға антропогендік қысымды азайту қажет. Ол үшін 2024 жылға қарай экологиялық орнықтылық индексі ең кем дегенде, қазіргі ең жақсы көрсеткіш — 88 балға дейін жеткізу қажет.

Сол арқылы өмір сүру сапасының көрсеткіштерін ең жоғары әлемдік көрсеткіштерге жақындатып, айтарлықтай жақсарту қамтамасыз етілетін болады.

1.3. Орнықты дамуға көшу кезендері

Қазақстан Республикасы үшін орнықты дамуға көшу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Ол үшін орнықты дамудың әр кезеңіне арналған белгіленген өлшемдер анықталады (1-кесте).

Дайындық кезеңі (2007—2009 жылдар) — орнықты даму қағидаттарын қоғамдық және саяси қызметтің барлық салаларына енгізу, экономиканы өртараптандыру, технологиялық алға озуды жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Бірінші кезең (2010—2012 жылдар) — Қазақстан Республикасының әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіруін қамтамасыз ету.

Екінші кезең (2013—2018 жылдар) — өмір сүру сапасы деңгейі бойынша әлемдік дамудағы көшбасшылар арасындағы еліміздің жағдайын нығайту, табиғи ресурстарды орынсыз пайдалану салдарынан болатын шығындарды айтарлықтай қысқарту, елдің экологиялық орнықтылығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

Үшінші кезең (2019—2024 жылдар) — орнықты дамудың қабылданған халықаралық өлшемдеріне қол жеткізу.

1-кесте

**Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін
белгіленген өлшемдерге бағалау (2005—2024 жж.)**

Р/с	Интегралды өлшеуіштер	2005 ж.	2009 ж.	2012 ж.	2018 ж.	2024 ж.
1	2	3	4	5	6	7
1.	Халық саны, млн адам	15,05	15,66	16,13	17,13	18,18
2.	Өмір сүрудің орташа ұзақтығы, жыл	65,91	67,87	68,89	70,99	73,14
3.	Өмір сүрудің орташа нормаланған ұзақтығы, жыл	0,66	0,68	0,69	0,70	0,73
4.	Әйел адамның орташа өмір сүру ұзақтығының ер адамның орташа өмір сүру ұзақтығынан асуы, жыл	11,47	10,00	9,3	8,5	7,5

1	2	3	4	5	6	7
5.	Қуатты тұтыну (былтырғы жылы), ГВт	94,85	130,45	154,86	264,86	468,38
6.	Қуатты өндіру (ағымдағы жылы), ГВт	29,40	43,05	57,30	113,10	248,24
7.	Қуаттың ысырабы, ГВт	65,45	87,40	97,56	151,77	220,14
8.	Ресурстарды пайдалану тиімділігі, РПТ	0,31	0,33	0,37	0,43	0,53
9.	Қоршаған табиғи ортаның сапасы	0,91	0,95	0,99	0,93	0,95
10.	Өмір деңгейі, КВт/адам	1,95	2,75	3,55	6,6	13,65
11.	Өмір сапасы, КВт/х адам	1,17	1,78	2,43	4,35	9,49
12.	Экологиялық орнықтылық индексі, балл	63	68	73	75	88

2. Орнықты дамуға көшудің негізгі қағидаттары, басымдықтары, мақсаты мен міндеттері

2.1. Негізгі қағидаттары мен басымдықтары

Қазақстан Республикасында орнықты дамуға көшудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- бүкіл қоғамды орнықты дамуға қол жеткізу процесіне тарту;
- орнықты даму үшін саяси негіз жасау.

2.2. Мақсаты

Тұжырымдаманың мақсаты — өмір сүру сапасын арттырудың және елдің ұзақ мерзімді келешекте бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізі ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық даму аспектілерінің теңгеріміне қол жеткізу болып табылады.

2.3. Міндеттері

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін орнықты даму саласында мынадай міндеттерді іске асыру қажет.

1. РПТ көрсеткішін 2012 жылға қарай 37%-ға, 2018 жылға қарай 43%-ға және 2024 жылға қарай 53%-ға дейін арттыру.

Бірінші міндетті іске асыру:

— экономиканы өртараптандыруға, жоғары технологиялық және шикізаттық емес салалардың, сондай-ақ экологиялық қауіпсіз технологиялардың экономикалық өсімдегі үлесін ұлғайтуға;

— елді дамытудың негізгі микроэкономикалық өлшемдерін реттеудегі мемлекеттің рөлін күшейтуге;

— ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыра, ғылыми және білім беру ұйымдары нысандарының алуан түрлерін кеңейте, зияткер қауымның беделін арттыра, инновацияларды мемлекеттік деңгейде қолдай отырып, оның ішінде экономика салаларын кластерлік дамыту, материалдық-техникалық базаны түбегейлі жаңарту және ғылым-білім беру саласын ресурстық қамтамасыз етуді жақсарту, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру және осының негізінде отандық тауар өндірушілердің бәсекелес тұғырларға қол жеткізуі, елдің экспорттық әлеуетін дамыту аясында ғылым мен білім беруді басымдықпен дамыту есебінен технологиялық озуды қамтамасыз етуге;

— табиғи ресурстарды өндіру мен экспорттау және өзге де салалар арасындағы теңгерімді сақтауға;

— өндіріс пен тұтынудың орнықты үлгілерін енгізуге;

— көліктің орнықты жүйелерін дамытуға;

— елдің тиімді инфрақұрылымын құруға негізделетін болады...

Сыртқы саясат. Қазақстан Республикасының әлемде тұрақтылық пен орнықты даму өңірі ретінде айрықша мәртебеге ие болуы үшін бірегей мүмкіндіктері бар. Қазақстан Республикасының үлгісінде және жағдайында конфессияаралық, ұлтаралық, әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени орнықтылық тепе-теңдік қағидаттары іске асырылатын «болашақтың мемлекеті» моделін жасауға болады.

Бұған мынадай:

- орнықты және теңгерімді сыртқы саясатты жүргізу;

- елде орнықты дамудың халықаралық аймағын құру жөніндегі Қазақстан Республикасының стратегиялық бағдарламасын жария ету;
- Астана қаласында штаб-пәтері бар халықаралық экологиялық ұйым құру;
- орнықты даму мәселелері жөніндегі өз ұстанымын білдіру және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуін қамтамасыз ету;
- Қазақстанның халықаралық ұйымдарға, ықпалдастық бірлестіктеріне және халықаралық форумдарға белсенді қатысуы арқылы қол жеткізілуге тиіс...

3.7. Институционалдық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуін институционалдық қамтамасыз етуді: Орнықты даму жөніндегі кеңес, орнықты даму саласындағы уәкілетті орган, даму институттары, ғылыми ұйымдар, үйлестіру орталықтары және азаматтық қоғамның басқа да институттары жүзеге асыруға тиіс.

Орнықты дамуға көшу саласындағы мемлекеттің міндетін іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі орган орнықты даму қағидаттарын мемлекет және қоғам өмірінің барлық салаларына енгізуге жәрдемдесуге тиіс. Орнықты даму жөніндегі кеңес болып табылады.

Орнықты даму, экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету, ғылыми негізделген демографиялық саясатты әзірлеу мен жүргізу мәселелерінде — барлық мемлекеттік органдар қызметін үйлестіру функцияларын іске асыру үшін орнықты даму саласындағы уәкілетті органды белгілеу туралы мәселе қарастырылуы тиіс.

Даму институттарының қызметі бірыңғай мақсатты көрсеткіштер мен индикаторларға қол жеткізу жөніндегі инновациялық жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға арналған орнықты даму басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

Орнықты даму саласындағы ғылыми-зерттеу және білім беру қызметін үйлестіру үшін орнықты даму мәселелері жөніндегі орталық құрылуға тиіс.

Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттерін оның негізгі бағыттары бойынша іске асыру, қоғамдық және халықаралық ұйымдармен өзара бірлесіп, оның ішінде мемлекеттік

емес үйлестіру орталықтарын құру арқылы да жүзеге асырылатын болады.

4. Күтілетін нәтижелер

Осы Тұжырымдаманы іске асыру:

- өмір сүру сапасын әлемдегі барынша бөсекеге қабілетті және дамыған елдердің деңгейіне дейін арттыруға;
- экономикалық өсудің негізгі тетіктерінің бірі ретінде ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыруға;
- 2024 жылға қарай ел халқының санын 18 млн-ға дейін өсіруге, еңбек ресурстарының сапасын арттыруға;
- антропогендік қысымды азайту мен «тарихи» экологиялық проблемаларды шешу есебінен қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға;
- ел өңірлерінің дамуындағы орнықтылықтың артуына.

Қазақстан Республикасы орнықты даму жөнінде бір-қатар ірі халықаралық форумдар өткізуге ықпал ететін болады.

Егемен Қазақстан. 18 қараша, 2006 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ БАПТАРЫ БОЙЫНША ТҮСІНДІРМЕЛЕРІНЕН

1 - т а р а у

Жалпы ережелер

Осы заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы аядағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін белгілейді және Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқын қамтамасыз етуге бағытталған.

№ және баптардың аты	Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы «Білім туралы» Заңының баптары	Түсіндірмелер
1	2	3
1-бап. Осы заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар	Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: 1) адьюнктура — әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны;	Осы заңда пайдаланылған негізгі ұғымдар мен санаттарды бірыңғай мағынада ұғыну үшін

1	2	3
	<p>2) академия — жоғары кәсіптік білім мен жоғары оқу орнынан кейін кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын; өндірістік ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілі бір саласы үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлауды, қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; ғылымның немесе мәдениеттің, көбінесе бір саласында ғылыми зерттеулерді орындайтын жоғары оқу орны;</p> <p>3) аспирантура, докторантура — оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны;</p> <p>4) білім беру ұйымдарын аттестациялау — тиісті білім беру деңгейінде олар көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім;</p> <p>5) бакалавр, магистр — жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже мен біліктілік;</p> <p>6) гимназия — негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдеп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны;</p> <p>7) мемлекеттік білім беру тапсырысы — мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру; кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орындарынан кейін кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру қызметін сатып алу; конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттары мен несиелерін беру арқылы іске асырылатын, тиісті мемлекеттік органдар белгілейтін білікті</p>	<p>тұңғыш рет заны тұрғыдан анықтамалар беріліп отыр. Осы бап Қазақстан Республикасының «Нормативтік-құқықтық актілері туралы» жаңа Заңының талаптарына сәйкес енгізілген. Занда пайдаланылатын 41 негізгі ұғымға анықтама берілген.</p>

1	2	3
<p>5-бап. Оқыту және тәрбиелеу тілі</p>	<p>жұмысшылар мен мамандар даярлау жоспары; 8) мемлекеттік білім беру кәсіпорны — Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық банкі не жергілікті атқарушы орган құратын ұйым; 9) мемлекеттік білім беру мекемесі — Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын білім беру мекемесі.</p> <p>1. Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты — Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады. 2. Меншік нысандарына қарамастан, барлық оқу орындары әрбір білім деңгейі үшін мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс. 3. Ұлттық топтар үшін олардың ана тілдерін оқып үйренуіне жағдай жасалады, ал олар жинақы тұратын жерлерде өз тілдерінде оқытатын білім беру ұйымдары немесе бөлімшелері (сыныптар, топтар және басқалар) құрылуы мүмкін.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің үш тілділікті (қазақ, орыс және шетел тілдерінің бірін) енгізу жөніндегі тапсырмасы тұңғыш рет заңдастырылып отыр.</p>
<p>6-бап. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары</p>	<p>1. Қазақстан Республикасында әрбір білім беру деңгейі бойынша:</p> <ul style="list-style-type: none"> • білімнің мазмұнына; • оқып және тәрбиеленіп жатқандардың оқу жүктемесінің ең көп көлеміне; • білім сапасын мемлекеттік бақылаудың ережелері мен рәсімдеріне; • білім алушылардың даярлық деңгейіне; • білім алушылардың белгілі бір білім беру бағдарламаларын меңгеруін куәландыратын құжаттардың нысандарына қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары белгіленеді. 	<p>Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының жиынтығы тұңғыш рет заңи тұрғыдан нақтыланды. Үкіметтің 1999 жылғы 2 қыркүйектегі №1290 қаулысымен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стан-</p>

1	2	3
7-бап. Білім беру жүйесі	<p>2. Тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан, барлық білім беру ұйымдары үшін міндетті.</p> <p>3. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібі мен олардың қолданылу мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.</p> <p>Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:</p> <p>1) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарының;</p> <p>2) білім берудің түрлі деңгейлеріне арналған сабақтас білім беру бағдарламалары мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының;</p> <p>3) білім беру бағдарламаларының іске асырылуы мен білім беру жүйесінің дамытылуын қамтамасыз ететін білім беруді басқару органдары мен оларға қарасты ұйымдардың жиынтығы болып табылады.</p>	<p>дарттарын әзірлеудің, бекітудің тәртібі мен қолдану мерзімдері бекітілді.</p> <p>Білім беру жүйесі ұғымы тұңғыш рет заңи тұрғыдан айқындалып, оның құрамдас бөліктері сараланған.</p> <p>Білім берудің мемлекеттік емес секторы елдің бірегей білім жүйесінің жиынтығы ретінде заңдастырылды.</p>
8-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері	<p>1. Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.</p> <p>2. Білім беру жүйесінің басты міндеттері мыналар болып табылады:</p> <p>1) білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;</p> <p>2) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту.</p>	<p>Білім беру жүйесінің басты өрі негізгі міндеттері тұжырымдалған.</p>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 ақпандағы
№ 300 қаулысымен бекітілген.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ЖЕЛІСІНІҢ КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК НОРМАТИВИ

1. Білім беру ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі — Қазақстан Республикасының Конституциясы кепілдік берген азаматтардың тегін орта білім алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында белгіленді.

2. Өрбір ауылдық елді мекенде:

1) төменгі мектеп жасындағы оқушылардың саны 5 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының бастауыш сатысының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

2) төменгі және орта мектеп жасындағы оқушылардың саны 41 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік оқу орнының бастауыш және негізгі сатыларының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі;

3) төменгі, орта және жоғары мектеп жасындағы оқушылардың саны 81 және одан көп болғанда, жалпы білім беретін мемлекеттік орта оқу орнының жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

3. Қалалық жерде тұрғындардың тегін орта білім алуға сұранымын қанағаттандыру үшін 1999 жылдың 1 қыркүйегінде болған мемлекеттік жалпы білім беру орындары желісінің жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

4. Оқуға және мектептің жанындағы интернатта тұруға мұқтаж оқушылардың саны 10 және одан көп болуы шартымен, мемлекеттік мектептің жанындағы интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

5. Оқуға және мектеп-интернатта тұруға мұқтаж оқушылардың контингенті 150 және одан көп болған жағдайда ашылатын, мемлекеттік жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

6. Өрбір облыста:

мемлекеттік санаториялық мектеп-интернаттардың; мемлекеттік арнаулы түзету білім беру ұйымдарының; девианттық мінез-құлықты балаларға арналған арнаулы мемлекеттік мектеп-интернаттардың жұмыс істеуіне кепілдік беріледі.

7. 2-тармақта көрсетілген норматив, білім беру ұйымдары мектеп жасындағы оқушылар тұрақты тұратын елді мекендерден 3 шақырымнан астам қашықтықта болған кезде белгіленеді.

Елді мекендердің арасында табиғи кедергілер (өзендер, көлдер және т.б.) болған жағдайда мұндай білім ұйымдары бір-бірінен аз арақашықтық жағдайында да құрылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 25 ақпандағы
№ 300 қаулысымен бекітілген.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҚАУПСІЗДІК — МЕТАФОРА ЕМЕС

Біз әлемнің демократия ешқашан болмаған бөлігінде оны қалыптастырып отырмыз.

Қазақстандағы тұрақтылық — бұл, ең алдымен, сенімді экономикалық өсу.

Біз кедейшілік өзіміздің жас демократиямызды кемсітпеуі үшін алдымен экономиканы дамыттық.

Барлық 140 этностың және 46 конфессияның төзімділігі, татулығы мен келісімі Қазақстан қоғамының берік іргетасы болды.

Біз бірегей институт — Қазақстан халқы Ассамблеясын құрдық.

Біз батыс құндылықтары мен шығыс дәстүрлерінің жымдасуын жүзеге асыра алдық.

Біздің халқымыз “қырғиқабақ соғыстың” қатал салқынын өз басынан кешті. Бұл, ең алдымен, Семей ядролық полигоны.

Оны жабу туралы менің Жарлығым және ядролық қарудан бас тарту жалпыеуропалық үдеріске Қазақстан қосқан бірінші кезектегі үлес болды.

Бүгін біз, сондай-ақ ЕҚЫҰ бойынша әріптестерімізді Жалпыға ортақ ядролық қарусыз әлем декларациясын қабылдау туралы біздің бастамамызға қолдау білдіруге шақырамыз.

XXI ғасырдың басында Еуропа континетіндегі тұрақтылықтың ең қауіпті қатерлері мен сынақтарының көздері одан тыс жерде қалып отыр.

Ауғанстандағы проблемалық түйінге ЕҚЫҰ-ға қатысушы 43 мемлекет тартылған.

Біз Ауғанстандағы кешенді реттеу стратегиясын әзірлеуді, экономиканы және бейбіт өмірді қалпына келтіруді жақтаймыз.

Қырғызстандағы өткір саяси дағдарыс Орталық Азиядағы жаңа жанжалдардың жеделдеткіші бола алар еді.

Біз АҚШ-тың, Ресейдің және басқа әріптестеріміздің көшбасшыларымен бірге жанжалды ушықтыруға жол бермеу және бұл елдегі тұрақтылық үшін ЕҚЫҰ-ның барлық құралдарын тиімді пайдаландық.

Қазір есірткі транзитінің, жасырын көпі-қонның, адам саудасының, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын тарату қатерінің негізгі көздері Еуропадан тыс орналасқан.

Еуропаның энергетикалық және экономикалық қауіпсіздігінің көптеген қырлары бүгінде дүниенің басқа бөліктеріндегі ахуалға байланысты болып отыр.

Мұны жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс та көрсетіп берді.

Еуразиялық қауіпсіздік — бұл метафора емес, бұл қатал геосаяси факт.

Сондықтан Астанадағы саммит — жаһандық қауіпсіздіктегі ЕҚЫҰ перспективаларын талдау үшін жақсы мүмкіндік.

Ұйымды жаңғырту үдерісі — ұзақ мерзімді перспективаға есептелген біздің ортақ міндетіміз.

Болашақта ЕҚЫҰ-ға жетекшілік ететін барлық елдерді белсенділікті бөсеңсітпеуге шақырамын.

ЕҚЫҰ-да гуманитарлық өлшемдер — демократиялық институттарды, тәуелсіз БАҚ-тарды дамыту, адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау жөнінде көп тәжірибе жинақталған.

Бұл біздің дамуымыздың аса маңызды шарты.

Сонымен қатар осы заманғы сынақтар мен қатерлерге лайықты жауап беру үшін ЕҚЫҰ-ны дамыту үдерісінде мазмұнды да құрылымдық өзгерістер қажет болып көрінеді.

Біз ЕҚЫҰ-ның себеттері мен институттары санын ұлғайтуды ұсынамыз.

Бірінші. Экономикалық прагматизм — ХХІ ғасырдағы қауіпсіздік жүйесінің өзегі.

Осыған байланысты экономиканы тұрақтандыру жөніндегі Еуропа Одағының күш-жігері қолдауға лайық.

Үлкен “сегіздік” пен “жиырмалық” жаһандық қаржы дағдарысын еңсеру проблемаларын талқылауда. Бірақ өзiрге өлемдік экономика мен валюта жүйесінің жаңа сұлбасын іздестіру баяу жүруде.

Екінші. Қарусыздану және таратпау саласында жаңа келісімшарт нормаларын өзірлеу жөніндегі жұмысты жалғастыру маңызды.

Оның нәтижелі болуы үшін ЕҚЫҰ-ның арнаулы форумын құру орынды болып көрінеді.

Қазақстан трансшекаралық қылмысқа, есірткі трафигіне және жасырын көпші-қонға қарсы күресті үйлестіру үшін ЕҚЫҰ елдері министрлері деңгейінде Кеңес қалыптастыруды ұсынады.

Үшінші. Бүгінде ЕҚЫҰ кеңістігінде сенімсіздік “сызаттары”, ең алдымен, жекелеген елдердің ішінде көрініс беруде.

Содан кейін ғана ол өңірлік және жаһандық ахуалға келеңсіз ықпал етеді.

Мұндай деңгейдегі көріністерге діни қасиетті заттар мен орындарды және басқаларын көпшілік алдында масқаралау әрекеттерін жатқызуға болады.

АҚШ-тың төзімділікті нығайту мәселесі бойынша ұстанымы баяндалған Президент Барак Обаманың Каирдағы сөзі ЕҚЫҰ-ның нақты қадамдарында жалғасын тапқаны орынды.

Біз конфессияаралық төзімділікті жеке өлшемге бөліп шығаруды ұсынамыз.

Бүгінде адал да ашық конфессияаралық үнқатысу қажет.

Оны ұйымдастыру үшін ЕҚЫҰ Қазақстанның бастамасы бойынша өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің алаңын пайдалана алар еді.

Христиандық пен ислам, иудаизм мен буддизм жауласу емес, әлемді жарату үшін жерге түскендігіне біз сенеміз.

Сондай-ақ “Жаңа онжылдықтағы төзімділікке” құжатын бірлесе әзірлеуді ұсынғым келеді.

Төртінші. Әлемді тітіренткен жаһандық қаржы дағдарысы, аймақтық жанжалдар мен басқа да сынақтар көп ретте күтпеген жағдайға айналып отыр.

Мұның өзі болашақты көру “оптикасы” кінәратты болғанын білдіреді.

ЕҚЫҰ-да жеке өлшем санатында қауіпсіздіктің түрлі проблемаларын болжау жөніндегі жұмысты жолға қою пайдалы болар еді деп санаймын.

Алғашқы қадам ретінде ЕҚЫҰ-ның Қауіпсіздік институтын белгілеуді ұсынамын, ол Астанада орналаса алар еді.

Бесінші. Сенім мен өзара түсіністікті нығайтуға ЕҚЫҰ-ның құрылымдарын Ұйым жауапкершілігінің бүкіл аймағы бойынша бірқалыпты орналастыру жәрдемдесе алар еді.

Бұл үдерісті түрлі елдердегі, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның азиялық бөлігінде валюта-қаржы, дінаралық және болжау-талдау өлшемдері бойынша жаңа институттарды құрудан

бастауға болар еді. Біз бұл ұсынысты “Корфу үдерісі” аясында талқылауды ұсынамыз.

ЕҚЫҰ-ны іргелі өзгертудің барлық бағыттары ЕҚЫҰ-ның Астана декларациясында көрініс табады деген үміттемін.

Бүгін Еуразияның жүрегінде, байырғы қазақ жерінде мыңжылдықтар бойы адамзат тарихын жасаған ұлы халықтардың үнқатысуы басталады.

Саммитке ұсынылып отырған Астана декларациясы мен іс-жоспарының жобалары Ұйымның барлық мүшелері тарапынан қолдау табады деп сенемін.

Бұл біздің халықтарымыздың қауіпсіздігі мен гүлденуіне қосылған үлкен үлес болар еді.

Алып Еуразия құрлығын сенім, дәстүр, ашықтық және төзімділік сынды жалпы құндылықтарға негізделген ортақ кеңістікке айналдыру өз қолымызда.

Біздің саммиттің тарихи маңызы мен атқарар жүгі де осында деп білемін.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың ЕҚЫҰ саммитінде сөйлеген сөзі. 01.12.2010 жыл.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЖАРҚЫН БЕТІ

Құрметті меймандар! Қымбатты спортшылар! Қадірлі отандастар!

Бүгін Астана мен Алматының арасын спорттық ойынға бөлеген 7-ші Қысқы Азия ойындары өз мәресіне жетті.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерді осы мерейлі сәтпен құттықтаймын!

Әділдік пен шеберлік астасқан дүбірлі дода нағыз мықтыларды анықтап берді.

Азиада барысында достықтың ізгі жалауы желбіреп, құрлық елдерінің әнұрандары шырқалды.

Бұл спорт мерекесі Тәуелсіз Қазақстан тарихының жарқын беттеріне айналады деп сенемін.

Азиаданы жоғары деңгейде өткізуге үлес қосқан барша мамандарға, спортшыларға ризашылығымды білдіремін.

Байрақты бөсекеде Қазақстан намысын қорғаған спортшыларға да айрықша алғыс айтамын.

Біздің атлеттеріміз жоғары жетістіктеріне қол жеткізіп, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығына тамаша тарту жасады.

Астанада жағылған Азиада алауының жылуы әр жүректе ұзақ сақталады деп сенемін.

Баршаңызға Қазақстанға деген ыстық ықыластарыңыз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Келесі қысқы Азиаданы өткізу мәртебесі Жапонияға беріліп отыр.

Азия спортының жұлдызы жарқырай берсін!

Қымбатты ойынға қатысушылар!

Қымбатты қазақстандықтар, шетелдік қонақтар!

7-ші Қысқы Азия ойындарының соңғы күні тарихқа еніп бара жатыр!

Олар халықаралық өмірдің ауқымды оқиғаларына айналды.

Астана мен Алматының спорт алаңдарында жиырма жеті мемлекеттен келген үздік атлеттер әділ күресте бас қосты.

Алғаш рет 69 медальдар жиынтығы сарапқа салынды.

Бұл — қысқы Азиада үшін рекорд.

Командалық есепте біздің спортшылар тамаша нәтижелерге жеткеніне мен қуаныштымын.

Қазақстан осындай жоғары деңгейдегі жарыстарды өткізуге қабілетті құрлықтық державалар қатарына қосылды.

Азиада күштің, өдеміліктің және қайырымдылықтың нағыз салтанатына айналды.

Біз спорт мерекесін бейбітшілік пен достықтың да мерекесіне айналдыра алдық.

Осынау күндерде әр елден келген мыңдаған адам бір-бірімен кездесіп, әңгімелесті, өзара білісті.

Көптеген адамдар Қазақстанда жаңа достар тапты.

Біздің барлығымыз да, әртүрлі халықтардың өкілдері рухани тұрғыда байи түстік, жанымыз жомарттана түсті.

Біз бір-бірімізді жақсырақ тани түстік. Азиаданың ең басты жетістігі деп шын мәнінде осыны айту керектігіне сенімдімін.

Қымбатты достар!

Қазір біз 7-ші Қысқы Азия ойындарымен ризашылықпен қоштасып отырмыз.

Олар бізге керемет те ұмытылмас сәттер сыйлады.

Бұл ерекше ойындар болды.

Ашылуы Астанада, Азиаданың ең солтүстіктегі елордасында өтті.

Біздің қонақтарымыз әлемдегі ең биік таудағы мұз айдыны — “Медеуді” көрді.

Біздің ойындарымызда алғаш рет Қазақстанның 20 қаласын айналып өткен Олимпиялық алау эстафетасы болды.

Азияның Олимпиялық кеңесі эстафетаны жүйелі етуге шешім қабылдады.

Азиаданың қайырымды символы — біздің қазақстандық барыс — жұрттың бөріне жақын әрі бірге туғандай болды.

Барлықтарыңызды 7-ші Қысқы Азия ойындарының аяқталуымен құттықтаймын, мен сіздерге “Жаңа кездесулерге дейін!” деймін.

Қадірлі меймандар!

Қымбатты отандастар!

Осымен 7-ші Қысқы Азия ойындарын салтанатты түрде жабық деп жариялаймын!

(Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 7-ші Қысқы Азия ойындарының жабылу салтанатында сөйлеген сөзі)

Егемен Қазақстан. 8 ақпан, 2011. №41.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3—1-тармағына сәйкес **қаулы етемін:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2011 жылдың 3 сәуіріне тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының өкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев.
Астана, Ақорда, 2011 жылғы 4 ақпан. №1149

Егемен Қазақстан. №36—37. 4 ақпан 2011 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН
ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2011 жылғы 4 ақпан, №16/22, Астана қаласы

2011 жылғы 3 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі сайлау іс-шараларын өткізудің мерзімдері туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына, “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 12-бабының 1) тармақшасына, 51-1, 66-1-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды ұсыну 2011 жылғы 5 ақпаннан басталады және 2011 жылғы 20 ақпанда аяқталады;

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу кандидаттар “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін басталады және 2011 жылғы 2-наурызда аяқталады деп белгіленсін.

2. 2011 жылғы 3 сәуірге тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың қоса беріліп отырған күнтізбелік жоспары (бұдан әрі — Күнтізбелік жоспар) бекітілсін.

3. Күнтізбелік жоспар облыстық, Астана және Алматы қалалық сайлау комиссияларына сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету үшін жіберілсін.

4. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға
Хатшы

Қ.Тұрғанқұлов
Б.Мелдешов

Егемен Қазақстан, №38, 5 ақпан 2011 ж.

МАЗМҰНЫ

I тарау. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күресі	3
II тарау. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы саяси партиялар мен ағымдар	35
III тарау. 1920—1930 жылдардағы Қазақстанның саяси және экономикалық жағдайы	48
IV тарау. 1920—1930 жылдардағы мәдени өмір	68
V тарау. Қазақстанда тұратын өзге этникалық топтар	86
VI тарау. Қазақстандағы партия және комсомол жастар ұйымдары .	98
VII тарау. Қазақ диаспорасы	114
VIII тарау. Қазақ халқының этнографиясы	135
IX тарау. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы (1991—2011 жж.) ...	152

Учебно-методическое издание

Составители

Толеубаева Кульжазира Мейрамовна
Кенжебаев Габит Капезович
Копекбай Алия Масимбайқызы
Жексембекова Гульнар Бекмурзаевна

ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА

Хрестоматия

Учебное пособие для 11 классов общественно-гуманитарного направления общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Второе издание, переработанное, дополненное

Редакторы *А. Тажидаева*
Көркемдеуші редакторы *Д. Болатов*
Техникалық редакторы *А. Сәдуақасова*
Корректоры *Н. Досболова*
Компьютерде беттеген *Ж. Бекбосынова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 2846

Басуға 10.06.11 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік қағаз. Қаріп түрі «Школьная». Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 11,34. Шартты бояулы беттаңбасы 11,76. Есептік баспа табағы 11,24. Таралымы 8 000 қос. дана. Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30., тел.: 8(727) 394-41-76,
394-42-34. E-mail: mektep@mail.ru. Web-site: www.mektep.kz